Жақсыбай САМРАТ




Өмір жолы – тар соқпақ

Бірінші том

Жақсыбай
САМРАТ

Өмір жолы – тар соқпақ

Бірінші том



Қызылжар

2023 жыл

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)
С 19

Самрат Ж.
С 19 ӨМІР ЖОЛЫ – ТАР СОҚПАҚ / Ж. Самрат – Петропавл, 2023. Т1. – 312 бет.

ISBN 978-601-7958-51-0

Жазушы-журналист Жақсыбай Самраттың «Өмір жолы-тар соқпақ» атты бұл кітабы өзінің өмірі туралы жазылған мемуарлық шығарма. Солтүстік Қазақстанның бір түкпірінде туған азаматтың өмір жолы, бастан кешкен қызық та, қиын тағдыры елдегі өзгерістермен үйлесіп оқырманның қызығушылығын тудырары сөзсіз.

569818

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7958-51-0

Северо-Каз... областная библиотека им. С. МУКАНОВА г. Петропавловск

© Самрат Ж., 2023
© Издательство «Северный Казахстан», 2023

Осы еңбегімді сүйікті ұлым Абайға арнадым.
Автор

Алғысөз

Кең жайдым құлашымды дүниеге,
Білдім мен қайғыра да, сүйіне де.
Әйтеуір әрі – сәрі болғаным жоқ,
Ұқтым мен, көңілімнің күйі неде...
Қасым Аманжолов

Қазақ өлімді ауызға алуға, оны әңгімелеуге келіп қалатындай көріп қорқады. Құлағымызға жақпайтын, естігіміз келмейтін сөздің бірі осы. Ал шынында өлім хақ, бүгін тірі жүрген пенденің бәрі де ажал жеткен бір күні жаны шығып, қара жердің астына түседі. Абай данышпанның «өлмек үшін туғансың, ойлан шырақ» дейтіні сол... Сондықтан оның алда тұрғанын үнемі естен шығармасақ сол құрлы саналы, иманды, есті боламыз. Тірліктің бір күндік қызығы мен шыжығына бола шектен шығып қуанбай немесе қатты қаусап торықпай сабыр мен ынсапқа жол береміз. «Адамдар мал, мақтан үшін соғысып, өзі жек көретін өлімге жанын тапсырады» дейді Шәкәрім.

Шәкәрімде тіпті «Кәрілік туралы» деген өлеңінде мынадай жолдар бар:

Туған жан өлмек,
Тағдырға көнбек.
Кімді алмайды бұл өлім.
Шал болмай-ақ өлейік
Алла ісіне көнейік.
Қызусыз тәнің, сезімсіз жаның,
Болады кәрілік белгісі.

Оны да сезбей, үмітін үзбей,
Келмейді шалдың өлгісі.
Алпыстан ары бармаңдар,
Аңдамай шал боп қалмаңдар...

Бірақ Шәкәрімнің осы өлең жолдарын ұлы Абай «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңінде былай деп қатты сынады:

Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
...Бес-алты мисыз мәңгі күлсе мәз боп,
Қинамай қызыл тілді кел, тілді ал, қой!
Өлеңі бар өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге.
Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез,
Қанша қызық болады өзіңізге?

Жасырақ кезінде, романтикалық сарында жүріп жазған ойшыл інісін осылай тиып, Абай түзу жолға салып жіберген екен.

Ғылым мен дін өлім туралы екі түрлі пікірде. Ғылым жолындағылар адамның биологиялық тіршілігі тоқталуымен өмір толығымен аяқталатынын айтады. Ал денесі топыраққа сіңіп, оны құнарландыратын басқа түрлі материяға айналады дейді.

Дін жолындағылар адамның өлмейтінін, ақырзаманда қайтадан тіріліп, өмірдегі істері үшін жауап беретінін, Құдайдың дұрыс жолында болып, иман келтіргендер болса жұмаққа баратынын, ал күнәһар болса тамұққа барып, жаза тартатынын дәлелдеп бағады. Әлемдік діндердің арасында ислам, христиан және т.б. осыны

уағыздайды. Ал ғылым жолындағылар мұндайдың көзге көрінетін, қолмен ұстайтын, тәнмен сезілетін анық дәлелі болмағандықтан мойындамайды. Ғылым тіпті адамның жанын да танымай, тәнін ғана материя деп қабылдайды. Материяның бойындағы маңызды тіршілік көздері қартаюмен тозса я басқа бір себеппен тоқтап қалса немесе сыртқы күштің әсерімен маңызды органдардың бірі функциясын тоқтатса бүкіл ағза өлетінін айтады. Сондықтан өлімді бір материяның екінші материяға айналуы деп бағалайтын ғалымдар көп. Орыстың терең ойшылдарының бірі Г.Плеханов өліп бара жатқанда жанында жылап отырған әйеліне: «Неменеге жылайсың, бір материя екіншісіне айналып бара жатыр, бар болғаны сол», деген екен.

Кейбір индуизм, буддизм, джайнизм, сикхизм сияқты діндер адамның жаны мұрнынан шығып кеткеннен (біздің түсінігімізде солай) кейін ол басқа тәнге қонып, жаңа адамның бойында өмір сүре береді дейді. Мұны ғылым «реинкарнация» деп атайды, латын тілінен аударылғанда «қайтадан іске асу» деген мағынаны береді. Жанның басқа тәнге берілуі өте ерте замандардан бері айтылуда. Оның алғашқы формасы тотемизммен байланысты. Осыны дұрыс деп білетін діни-философиялық ұстанымдағы адамдар, соның ішінде эскимос, еврей, солтүстікамерикалық үндістер және т.б. халықтар жаңа жаралған шаранаға өзінің өлген атасының немесе басқа да бұрынғы өткен тікелей туысының жаны беріледі деп есептеген. Тотемизм дегеннің өзі бір атаның балалары ұстанатын белгі, ардақ тұтатын айырым заты. Тотемге сол топтың, таптың адамдары бас иетін болған.

Егер реинкарнацияны дұрыс деп санасақ 1960 жылғы ақпанның 18-де жарық дүниеге кірген маған Алланың қалауымен берілген жан бұрын бірнеше адамда болған. Бірақ біз мұсылманбыз, Алланың құлымыз,

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың үмбетіміз, Қасиетті кітабымыз – Құран. Біздің дініміз жанның басқа тәнге берілуін жоққа шығарады. Алла берген жан Алланың өзіне ғана қайтады деп жазылған Құранда. Біздің «өлсем жаным жақсы адамға қонсын» дегенді айтпайтынымыз білместік те, өзімнен кейін маған бәрібір деген эгоистік пиғыл да, тіпті Жаратқан өзі білер деген немқұрайлық та емес, тек жанымыздың басқа тәнге көшпейтінін білгенімізден айтылмайды.

Сондықтан, мұсылманның түсінігі бойынша, біздің жанымыз өлмегенімен басқаға беріліп, қайта өмірге келмейді. Ол ақырзаманда өзінің жасаған ісіне қарай тергеліп, тиісті бағасын алады. Ал жаным басқаға ауысып, өмір сүре берермін деген ойды бізді алдарқату үшін ібіліс ойлап тапқан деп есептейміз. Қазақтың данышпаны Абай:

«Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі»,

деген сөзінде жанның өлмейтінін айтса да оның қайтадан қайрылып бұл өмірге келетінін айтпайтыны содан. Тағы бір өлеңінде Абай:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес», – дейді.

Мұнда данышпан тәнді «табиғат» деп, жанды «адам» деп алған. Тәннің өлетінін, ал жан өлмесе де «қайтып келіп ойнап-күлмейтінін» айтады. Адамның туыстары,

жақын-жұрағаты өлгенде жылайтыны, жоқтайтыны тәнге арналғанын білуіміз керек, ал жан өлмей ұшып кетеді. Оны періштелер жеті қат аспанға көтеріп, кітапқа жазып, қайта түсіреді екен.

Данышпан Абай тәннің өліп қалатын материя екенін адамдарға нақты ұқтыру үшін тіпті оны «боққа» теңейді. «Адам бір боқ көтерген боқтың қабы. Боқтан сасық боласың өлсең тағы...», дейді данышпан тікесінен тіке.

Ислам діні бойынша Әзірейіл періште жанды алып кетеді, ал тән өлген (көмілген) соң көрде Мәңкүр мен Мұңкірдің тергеуіне түседі. Өлген адамға арнап дұға оқығанда адамдар «оны көр азабынан сақтай гөр» деп Алладан тілейді. Өйткені періштелер қысып, қатаң сұраққа алады. Өлген адам «мен Алланың құлымын, дінім – Ислам, пайғамбарым – Мұхаммед (с.ғ.с.)» деп жауап беруі керек. Егер күнәсі аз, иманды, тақуа жан болса Алла оған қуат беріп, сұрақтарға дұрыс жауап береді. Осы сәттен ол Алланың қамқорлығына алынады. Ал күнәһар адамдар осы тергеуде жауап бере ала алмай, ақырзаманда жаны мен тәні дозақта азапталады. Ал күнәһар болмаса жаны жәннатта болып, тәні рахатқа батады дейді біздің дініміз.

Абай өсек, өтірік айтпай, ұрлық қылмай, кісі ақысын жемей, қиянат қылмай, Алланы, адамдарды махаббатпен сүюді, әділетті, дұрыс өмір сүруді уағыздап кетті. Осыған байланысты:

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен.
Арттағыға сөзің мен ісің қалса –
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең, – дейді ол.

Ал енді «Өлді деуге бола ма ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» дегені ақылды, дана адамдардың

ісіне сүйсінгеннен айтылған. Ондайлардың қатарына екінің бірі кіре алмайды. Бұл – данышпанның адамның сипатына берілген ең жоғары бағасы.

Осының бәрін ойлай келіп, өзіңнің қалай өмір сүргеніңді, өмірлік жүрген жолыңды, өзіндік көзқарасың мен түйген ойыңды өз аузыңнан таратып, айтып кеткен дұрыс па деп ойладық. Әрине, көп адамның өмір жолы қызық емес, бір сарынды, көп дүрмекке қосылған мимырт, күңгірт тірлік. Ал өмірден көп нәрсені бақылап, ой түйген, сыр алған, тағдырдың қилы-қилы асуларын кешкен адамның жан дүниесі қызық, айтпағы мен көрсетпегі мол болады. Бағзы заманның кейбір қарттарының кеңінен көсіліп, көп толғайтын ұзақ сонар әңгімелерін халықтың сүйсініп тыңдайтыны содан. Мен өзімді ондай ақылмандар қатарына қоспасам да өмірім бірсарынды, қызықсыз, мағынасыз болмаған сияқты деп санаймын. Сондықтан да қолыма қалам алып, алпыс жастан асып, адамзат сапарының келесі белесіне шыққанда біз де ой толғап, өзім туралы жазуға бел будым. Бұл жазба тек өзім жайлы емес, өзім көрген адамдар және олармен қарым-қатынасым жайлы да болмақ. Көп адамдар өздерінің ата-бабасын, ата-аналарын, жақын-жұрағаттарын, тіпті таныс-білістерін тауып жатса – құба-құп. Мен тіршілігімде олармен таныс болып, ағайыншылық, көршілік, ауылдастық, жолдастық, әріптестік қатынаста болып сөйлескенмін, араласқанмын, ұстаздарының алдарынан оқып, ақылын тыңдағанмын, үлгі-өнегесін бойыма сіңіргенмін, берген білімін, тәлім-тәрбиесін алғанмын, бірге қызмет еткендердің тәжірибесі мен кәсіби қабілеттерін танығанмын, адамгершілік қасиеттерін де, пендешілік осалдықтарын да көргенмін. Әрине, тым терең емес, бәрі де өзімнің танымым мен өз жүрегімнің шындығында.

Оның біреуге жағып, біреуге жақпауы да мүмкін. Сөйтіп... өзімнің өмірім, көз көрген адамдар және олармен қарым-қатынасым жайлы жазып, фәниде жүрген жолымды көрсетпекпін.

Автор

Балалық шақ

Баланың бес жастан бергі өмірі есінде қалады деседі. Сол рас болуы керек, саманнан соғылған жаңа қоржын тамда, 5 жасқа тола бастаған күнімнен бергі өмірім есімде сақталған. Үй «ауыз үй», «төр үй» болып үлкен екі бөлмеден тұратын, кіреберісі және «кішкене үй» деп аталған қосалқы бөлмесі тағы бар. Онда ас-су, ыдыстар тұрды. Үлкен пеші қыста қонақ келгенде ғана жағылып, ет пісіріледі, жазда әжем онда бауырсақ пісіріп жататын. Басқа уақытта бұл үй бос тұрады.

Жатын бөлмелер әрі жарық, әрі кең, әрі жылы сияқты көрінетін. Екі үлкен пеші болды, электр жарығы да сол жылдары келіпті. Есіктен төрге дейін алаша, көрпе төселген. Бірақ кілем деген жоқ, ондай дүние өте қат болатынын естіп жүрдім. Мен тумай тұрып біздің үйдің шошаласына күн түсіп, сонда көп дүниеміз күйіп кеткен екен. Егер кілем бұрын болса сонда кетіп қалған сияқты, ал одан беріде дүкенге түспеген соң ондай қат дүние алынған емес. Қолы жеткендер ғана алыс қалалардан, онда да базардан алатын. 1962 жылы салынған біздің сол үйіміз 1990-шы жылдары ғана бұзылып, орнына жаңа үй тұрғызылды.

Осы үйге дейін өте үлкен бір-ақ бөлмелі абажадай балшық үйде тұрыппыз. Кіндігім сонда кесілген. Мен ес білгенде ол есік алдында сарайдың қызметін атқарып, көр-жердің бәрі сонда тұратын. Көшеге қараған екі үлкен терезесі бар-ды, тағы бір, бұрыштан шыққан

терезесі қораның ішіне қарайды. Ал қораның өзі қоршалған, төбесі жабық, бітеу еді, сондықтан бұл терезе қораның ішін ғана көрсетіп, жарық түспейтін.

1962 жылы атам Амандық кейінгі үйді құрылыс жүргізуге жалданып жүретін дағыстандықтарды жалдап, бір жазда салғызыпты. Үй-іші, бала-шағасымен бірге жүріп, тыным алмай қимылдайтын олар бізге жаңа үйімізді бір жазда тұрғызып бергенін кейін әжем үнемі айтып отыратын. «Өздері намаз оқиды, тамақты әйелдері мен жас балалары үлкендерінен кейін бөлек ішеді» деп таңырқап отыратын еді, жарықтық. Іргесі қалың сол үйіміз өте жылы болды, тек қатты аяздарда терезеден ғана болар-болмас суық білінетін.

Мен ес біле бастаған жылдарда осы кең үйдің өзін біздің отбасы толтырып тұратын. Ақсақалы Амандық атам. Бұл кісі менің туған атам Қуандықтың інісі. Қуандық пен кемпірі Зейнеп 1951 жылы қайтыс болғанда олардың балалары Уәзипа мен Баянды қолына алады. Уәзипа (Уәш) апам кешікпей тұрмысқа шығып, бұл үйде Қуандық шаңырағынан Баян ғана қалады. Атам Амандықтың өз кіндігінен қайтыс болған бұрынғы әйелі Мәриямнан Ағыбай, екінші әйелі Балаудан Жолдыбай, Балғабай (Бәкөш) деген ағаларым, Мағрипа деген апайым бар. Бұлардан басқа әжемнің дүниеден өткен бұрынғы күйеулерінен Ебіш деген ағам және Күләш деген апайым да біздің үйге бірге келген екен.

Осы жылдары біздің үйде үлкен өзгерістер болып, Қайыржан анамызға үйленген Ебіш ағам жаңа үй тұрғызып, еншісін алып, бөлек шықты. Мағрипа апамыз, өзіміз Марпа дейтін едік, солармен бірге кетті. 1958 жылы әкем Баян шешем Күлизатқа үйленіп, 1960 жылы мен туғанмын ғой. Менен кейін қарындасым Қымбат туды. Күләш апайым да Көбешке, Әбілтай деген кісінің Серғали деген ұлына тұрмысқа кетті. Есесіне Ағыбай

ағам Сараш деген қызға үйленіп, жаңа келін түсті. Олардан Ерсайын деген бала туды.

Сөйтіп, мен ес біле бастағанда біздің үйде төрт отбасының ұшқыны болып, 11 жан тұрдық... Бәрі бірдей ойлап, бір арнаға құйылатын пейіл мен көңілде емес, әрине. Әркімнің үлкенді-кішілі өз мүддесі бар. Ондайларын екеуара, өзара сыбырласып қана айтып отырады. Үйдегі 4–5 жұмыскердің бәрінің ақшасын атам ұстайды. Қаржы министрі сол. Келіндер одан ақша алғысы келсе келіссөздер әжем Балау арқылы жүргізіледі. Шығынның дәлелді екені расталса атам ақша бөледі, ал дәлелсіз болса жауап берілмейді. Бір күні Сараш жеңгем дүкенге түскен бір затты алғысы келіп әжем арқылы ақша сұратады. Жас әйелдерге қажетті бір зат болуы керек, әжем қолдаған соң атам сұрауды «қанағаттандырып», «мә, тәтеңе бер» деп маған қып-қызыл 10 сомды ұстатты. Дәл сол сәтте жеңгей далада жүрген, мен де бір «тығыз шаруамен» (көрші үйдің баласы ойынға шақырған болуы керек) асығыс далаға шыққанмын ғой. Жолдыбай ағам Ақжардан бір жақсы шана сатып әкелген еді, соның қызығы әлі таусылмаған кез. Шанамды сүйретіп, ойынға кеткен басым 10 сомды беруге ұмытып кетіппін.

Кешке ойыннан келіп, жұртпен бірге ас ішіп отырсам, бір күңкіл әңгімелер шығып жатыр. Бір уақытта әңгіме маған тірелді.

– Атаң берген ақша қайда? – деп шүйілді әжем. Сонда ғана ақша алғаным есіме түсіп, міне, деп көйлегімнің қалтасынан алып бердім... Жұрттың бәрі мені ойнап жүріп жоғалтып алған шығар деп ойлады-ау деймін, ақша шыға келгенде бәрі қуанып қалды. 10 сом ол кезде үлкен ақша еді...

Әжем Балау өзі бастап, үй шаруасына басшылық жасайды. Атам Амандық сырттағы шаруаға ие. Басқа

үйлермен салыстырғанда бізде мал басы көбірек. Хрущевтің жекешенің мал басын қысқартып тастаған заманы болса да үйді бірнеше отбасының атынан көрсетіп, мал басын көбейтіңкіреп алған. Төрт отбасының сілемі болғандықтан қанша шектесе де сол кезде біздің үйде 3–4 сиыр, сонша бұзау, торпақ, құлынды бие, 15–20 қой-ешкі бар. Әкем Баян мен Ағыбай ағам кеңшар жұмысында, Сараш жеңгем сауыншы, Күлизат шешем қырманда жұмыс істейді. Жолдыбай ағам Көбеште мектепте, одан кейін Ақжарда техникумда оқуда болды. Қорадағы малдың бәрін атам мен Балғабай ағам жайлайды. Қонақ арылмайды. Ағайынға, көршілерге келген қонақ болса, бәріне «дәм татырады». Құда түсер, қыз ұзату сияқты тойға арнайы келген қонақтарға да шабылып, «екі үйдің бірі» болып шақырып жатады. Карта ойнаймыз деп келетін қыдырма қонақтар да үйді босатпайды. Оларға да кейде ет асылады, жоқ дегенде шай беріледі. Қысқасы үйден жан арылмайтын.

Осы гүж-гүж қайнап жататын орта Амандық атам 1967 жылдың аяғында қайтыс болған жылдардан сап тиылды. Алдымен менің әке-шешем сол жылы жазда енші алып, отау үй болып кеткен. Одан Ағыбай ағам алғашқы әйелі Сарашпен ажырасып, Дәметкен (Дәкін) шешемізге үйленіп, бөлек үйге кетті. Мен әке-шешеммен бірге барудан бас тартып, ес білгеннен қойнына жатқан әжемнің бауырында қала бердім. Жанға толып, ығы-жығы болып жататын абажадай екі бөлме бос қалды. Жолдыбай ағам оқуда, үйде әжем, Балғабай ағам және мен – үшеуміз ғана қалдық.

Әженің бауырында өскен бала қазақы тәрбиеге бейім, мейірімді, үлкенді сыйлайтын және әңгіме атаулыны жақсы білетін, жақсы тыңдайтын, сөзге шебер болып өседі. Осы күні де әженің бауырында өскен баланы бірден танимын. Неге екенін білмеймін, туған ана өз

баласын көп нәрседен тыйғандықтан баланың бойына қазақы мейірім кемдеу сіңетін сияқты. Ал әжелердің алды кең, мейірімі жетіп артылады, сондықтан құйма құлақ немере болса – көп нәрсені естіп, естімегенін сұрап, біліп алады.

Әжем маған көп әңгімелер айтатын. 1907 жылы туған, 1917–18 жылдары ақ пен қызылдың араласқанын да көрген жан. Ол кезде 10–11-лердегі бала болса да көп нәрсені есіне ұстап қалған. Он төрт жасында күйеуге шығыпты. Алғашқы күйеуі Қалел кеңестік режімге қарсы шығып, күрескен адам. Өзі теңге алу, көкпар (біздің жақта көбіне «серке тарту» дейді), аударыспақ сияқты ат ойындарының шебері болыпты. Оның үстіне балуан, мылтыққа да мерген болған көрінеді. Руы Қойлы Атығай деген сияқты еді.

1928–29 жылдар болса керек. Кәмпескеге ілегіп, мал-мүлкі талан-таражға түскен бір бай ағайыны келіп, Қалелді оңашалап ұзақ сөйлеседі.

– Үйдің көлеңкесінде отырып екеуі күні бойы сөйлесті. Мен жақындай алмаймын, ал ағасы әлденеден ашуланып, өзіне өзі бірдеңелерді айтып күбірлеген дауысы да шығып кетеді, – дейтін әжем.

Екі жігіт кешқұрым әлденеге келісіп, орындарынан тұрып, аттарын ерттей бастайды. Мал жайғап жүрген үлкен ағасы «мынау сені бір бәлеге бастап, азғырып отыр, ешқайда да бармайсың, жаныңды күт» деп ұрсып, атын ерттегелі жатқан інісін тоқтатып тастайды. Бірақ сол түні Қалел келген жігітпен бірге көзден ғайып болады. Тек анда-санда бір келіп, қонып кетіп жүреді. Сөйтіп жүргенде туған ұлының есімін де Жолаушы деп қояды.

Қалел Кеңес өкіметіне қарсы шығып, кооператипті тонап, шолақ белсенділерді ұрдажық қимылдардан тыйып, қорқытып, колхоздардың қора-қопсысын, дүкендерін өрттеп жүрген қарсылық топтарына

қатысушылардың бірі болғанға ұқсайды. Бірде «Қалел ұсталып, түрмеде жатыр екен» деген хабар жетеді. Үй-іші уайымдап, қайғырып отырған күндердің бірінде Қалел сап ете қалады. Сөйтсе, бай орыстың ағаш үйіне қамап қойған жерден жанындағы жолдастарымен бірге пештің мұржасын бұзып, соның тесігінен шығып, қашып кетіпті. Дыбыс шығармас үшін аяғымыздағы мәсіміз-бен қаштық дейді екен... Бірақ шолақ белсенділер үйде тыныш тірлікті бұйыртпай, көрсетіп, түрткілей берген соң қашып кетуге мәжбүр болады. Мұнысы кәдімгі «Тынық Дондағы» Мелеховтың өміріне ұқсайды.

Осыдан кейін де ол ауылға бірнеше рет келіп жүрген. Бірде жанында бір жігітпен келеді. Түннің бір уағында, араларында милициясы бар, көрсетумен келген белсен-діле тобы үйді қоршап алады. Бірақ үйге басып кіруге қорқады. Тек сырттан айғайлап, қоқан-лоқы жасап «шықта-шықтың» астына алып көп тұрады. Таң атып келе жатқан мезгіл екен, үйдің іші алакөлеңке. Қалел-дің жанындағы жігіттің көзі бақырайып, дір-дір етіп қорқып кетеді. Әжемнің де зәресі қалмаған, бесіктегі балаға дейін шырылдап жатады. Сырттағылар аспанға мылтық атып, «қолдарыңды көтеріп шығыңдар, сендер қоршаудасыңдар» деп айғайлайды. Қалел шолақ мыл-тығын кезей ұстап, үйдің қабырғасын жағалап есікке жетеді. Біршама уақыт жүрегін тоқтатып тұрғаннан кейін сып етіп далаға атып шығады. Сырттағылар шу еткенде мылтық даусы да гүрс етеді... «Ойбай, өлдім!» деген дауыспен бірге апыр-топыр, тарс-тұрс мылтық атылып, нешетүрлі дыбыстар қаптап кетеді.

Қалел жып етіп далаға шыққанда алда тұрған, топ-тың басшысы, талайдың түбіне жеткен атақты шолақ белсендіге мылтығын кезеп, тарс еткізген екен. Қорқып кеткен анау ойбайлап ұшып түседі. Бірақ оқ денесіне тимей, тақиясын ұшырып түсіреді. Оқ та соған көзделген

болуы керек. Анау өлген екенмін деп ойбайлап, ал жанындағылар соған үйірілгенде Қалел жанұшырып, Есіл жаққа қашады. Өзеннің бойы қалың тоғай, соны паналап, тығылуды ойлаған сияқты.

Қашқын болып жүрген жігіттер сақтық үшін аттарын өз үйлеріне емес, көрші ағайындарының қорасына байлайды екен. Қалел де атын көрші ағайынның қорасына тығып қойыпты. Иесіне жау келгенін сезген жануар жер тарпып, осқырынып, аласұрады. Үйдің иесі оның жау келгенін сезіп, жұлқынып тұрғанын танып тізгінін түріп қоя береді. Жануар иесінің қай жаққа кеткенін сезіп тұрған екен, шапқан бойы Қалелдің артынан қуып жетеді. Атқа мінген соң жігіт тоғайға тығылмай, Есілді кешіп өтіп, арғы жағалауға бір-ақ шығып, құтылып кетеді. Ал жанындағы сорлы жігітті белсенділер ұстап, шырылдатып ұрып, қол-аяғын байлап арбаларына салып, алып кетеді. Сол кеткеннен әлгі жігіттен ешқандай хабар болмайды. Кеңестік тәртіп бойынша ауылдан шыққан соң атып тастап, бір құдыққа көме салған болуы мүмкін.

Осы әңгімені естіген күннен бастап мен төсекке ойыншық мылтығымды алып жататын едім. Ұзын ұңғысы бар бір қосауыз, бір жалқыауыз екі мылтығым бар еді, әжемді күлдіріп, соларды міндетті түрде төсегіме ұзыннан салып жататынмын. Тағы бірде «Балдырған» журналынан екі «октябряттың» ерлігі туралы оқыдым. Ойнап жүрген екі бала бір жүк машинасының кірпіш ұрлап жатқанын көреді. Ұрыларды милицияға көрсету үшін екі бала нөмірлерін жазып алғысы келеді, бірақ қалталарында қағаз бен қарындаш болмайды. Амал жоқ ұрылардың нөмірін жерге тырнап жазады. Бірақ милицияны шақырып, оларға нөмірді көрсетуге келгенде... соғып тұрған жел жерге тырналған нөмірді тегістеп кеткенін көріп, өкініп қалады... Осыны оқыған

күннен мен көйлегімнің төс қалатасына қарындаш пен қағаз салып жүретін болдым. Егер ондайларым болмаса өмірі далаға да шықпайтынмын...

...Қалел сол кеткеннен мол кетеді. Ешқандай хабар, сыбыс болмайды. Соған қарағанда ел маңынан алыс, Іш жақта бой тасалаған сияқты. Келесі жылдың көктеміндегі көкөзек шақта үйлеріне бір суыт жолаушы келеді. Ол Қалелдің ағасымен ұзақ сөйлесіп, мән-жайға қанықтырады.

Сол қашқаннан Қалел қарсыласқандардың отрядына кіріп, бірнеше дүркін кеңестік кеңселерге, белсенділерге шабуылдар жасайды. Бірнеше қабат ішке кіріп, тайганың ішін паналаған жігіттер үйірімен соғатын қасқыр құсап, елдімекендерге анда-санда бір соғып, шабуылдап жүреді екен. Бәрінің басшысы Қалел болады. Бірақ бірде қоршауда қалып, ұсталады. Келген жігіт те бірге болыпты. Бәрін Қызылжардың түрмесіне қамайды. Бірде, түннің бір уағында күзетшілер кіріп, Қалелге барлық заттарыңды алып, далаға шық деген команда береді. Есіл ер өзін осы жолы құтқармайтынын біліп, барлық жолдастарымен қоштасып, «мені енді ататын шығар, елге сәлем айтыңдар» деп шығып кетеді. Артынан бұлар күзетшілерден оны атып тастағанын біледі. Келген жігіт соны естірткен екен...

21 жасында жесір қалған әжем екінші рет Есілдің арғы бетіндегі біздің елге, Керей ішіндегі Әлдеберлінің Айбас атасынан тарайтын Қуандық деген әйелі өлген жігітке тұрмысқа шығады. Жолаушыны ағайындары қалап, алып қалады. Қанша жерден қимаса да әжем қайнағасының жалына айтқан аталы сөздерінен аса алмайды. Сол Жолаушы артынан, ержеткенде анасын өзі іздеп келді. Ұзақ жылдар араласып, жақын байланысып тұрды.

569818

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА г. Петропавловск

Әжем Қуандықтан Ебіш деген ұл, Орынбасар деген қыз бала көреді. Сонымен бірге Қуандықтың алғашқы әйелінен қалған Ебіней деген баланы да бауырына басады. Артынан ол ауылшаруашылығы техникумында оқып жүрген жерінен соғысқа алынып, қаза тапқан. Әжем марқұм оны үнемі аузына алып отыратын еді. Орынбасар деген қызы да кейін ауыр науқастан шейіт болады.

Бір жылдары ауыл адамдары бұрынғы, патша заманындағы қыстауларға салынған шым үйлерді бұзып, ағашын отын қылуға арбамен тасып алады. Жұрттың бәрі арбаларын толтырып, кетуге айналғанда ауылдан сиыр жеккен арбасымен Қауын деген жалғыз басты, жасы үлкен әйел келе қалады. Әжемнің күйеуі Қуандық ақкөңіл, қайырымды жан екен, «ойбу, жеңешем келіп қалыпты ғой, арбасын толтырып берейік» деп бұзылмай қалған тағы бір үйді бұзбақ болып ортадағы ашасын шаба бастайды. Жұрттың тез шық, астында қаласың деп айғайлағанына қарамай «атып шығамын ғой» деп ортадағы ашаны шаба береді. Сол кезде су өтпеске салынған қалың шымнан тұратын ауыр төбе бірден жалп етіп құлап, Қуандықты басып қалады. Сонша ауыр салмақтың астында қалған Қуандық бірден жан тапсырады. Артында жылап-еңіреп екі жас баласымен әжем қалады.

Сол кездерде отызға жетпеген кезі ғой. Ол кезде жас әйелді жалғыз отырғызбайды. Жас ананың жалғыз өзі балаларын жеткізуі де оңай емес. Содан жамағайындарының бірі, Керейдің Әлдеберлі табының Шүрек атасынан тараған, әйелі өлген Нұрмұқан деген кісіге тұрмысқа шығады. Ол ауылдың сөзге де, іске де пысық, алымды адамдарының бірі Азықан деген кісінің туған інісі болатын. Әжем осы кісімен ұзағырақ өмір сүріп, Абай, Нияз, Жылқыбай, Күләш деген төрт бала

көтереді. Алдыңғы екеуі қызылшадан қайтыс болады, Жылқыбай мен Күләш аман-есен ержетті.

Тағдырдың талқысы әжемді аямаған. Жасы қырыққа айналған шағында үшінші жолдасы Нұрмұқан да қаза болады. Күздің қара суығында қырман күзетіп жатқан ол бірде жіліншігін езіп бара жатқан бірдеңеден шошып оянады. Айтуына қарағанда, көзін ашса көзге түртсе көрінбейтін қараңғылық, аяғын езіп бір қап-қара киімді адам отырады. Бар күшін салып айғайлайын десе дыбысы шықпайды, аяғын тартайын десе анау босатпай, жаныша береді. Тілін кәлимаға келтіріп, есін жинаса әлгі жоқ, бірақ аяғына содан бір кесел жабысады. Сол ауру жанына батып, құлындаған дауысын құраққа ұшыра қинап, ақыры алып тынады...

Қолында жас балалары бар әжем тағы бір жамағайындарының бірі, менің атам Амандыққа тұрмысқа шығады. Бұл шамамен 1947 жылдары болса керек. Қолындағы қызы Күләш және бұрынғы күйеуі Қуандықтан қалған баласы Ебішпен бірге біздің үйге келгенін жоғарыда жаздық. Жылқыбайды Нұрмұқанның ағасы Азықан алып қалып, өсіріп адам қылды.

Әжем аса мейірімді жан еді, ол өз балалары түгіл газеттен оқыған біреудің қайғысына да қапаланып отыратын. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген сөз тура осы менің әжеме айтылғандай еді.

Атам Амандық пен әжемнен Жолдыбай, Балғабай деген екі ағам, Мағрипа деген апайым туғанын, Мағрипаның Ебіш ағам еншісін алғанда бірге кеткенін жаздық, ал қалған екі ағаммен мен осы үйде өстім.

Біздің сәби шағымыз Хрущев дәуірлеп тұрған заманға тап келді. Алайда телевизор болмағандықтан оның түрін көрген емеспіз, тек радиодан біреу сүйкімсіз дауыспен айғайлап сөйлеп, бірдеңеге ұрсып жататын. Бір күні Ағыбай ағам бұрын кеңседе ілулі тұрған оның

портретін үйге алып келді. Бұл 1964 жылдың қазан пленумынан кейін болған оқиға болу керек. Осы пленум оны орнынан алып, қызметтен қуды ғой...

Қап-қара костюм киген, кеудесінде екі-үш жұлдызы бар, басы жалтыр, галстук таққан бір орыстың үлкен портретін мен сүйретіп, ойнап жүретін едім. Тақырбас шал мен үшін қызық көрінетін. Бір күні біздің үйге Самай Зікірия деген кісі келді. Ол Ағыбай ағамның бажасы болғандықтан анда-санда қонақ болып, келіп-кетіп жүретін. Самайда Зікірия көп болды. Оларды бір-бірінен ажырату үшін лақап аттар беретін. Біздің үйге келетінді «төстек Зікірия» дейтін. Сол кісі менің есіме ұмытылмастай әсер қалдырды. Ол мен ойнап жүретін портретті қолына алып, қалтасынан сіреңке алып шағып, «бізге қара нан жегізген ит осы еді» деп ананың көзін шұқып, күйдірді. Мен аң-таң қалып, көп уақыт сол әсерден арыла алмай жүрдім. Алыстағы ауылда Хрущев саясатының орашолақтығына қарсылық осындай көрініс берген еді...

Бұл біздің үйдің жандары әлі бытырамай, тұтас тұрған кездің бір суреті. Сол жылдарда қыстыгүндері үйден шықпайтын едім. Бірақ сырттан күмпілдеген хабарлар келіп жатады. Ондайдың көбін Ағыбай ағам әкеліп, айтып отырады. Жас балаға дауысы әсерлі, назарды бірден аударатын өтімді. Әуелетіп, желдетіп, аспандатып, арасында желпінтіп, күлдіріп сөйлейтін әдеті бар. Бір әңгіме айтып кеткенде ұзағынан шалып, зорға басылады. Қазіргі заман тілімен айтқанда аурасы жақсы, тартымды. Сондықтан оның әңгімелерін үлкендердің өзі тұра қалып тыңдайды. Бірде ауылдасымыз Сейітқастың жүйрік торы биесі қорадан ұрланып, Ағыбай ағам оның досы еді, соны бір топ адам ізбен қуып, ақыры тауып әкелді. Күн көз ашырмайтын қара боран екен. Өздері де адасып кете жаздап, тек электр

линиясының бағандарынан ажырамай отырып, ауылды зорға тапқандарын лекіте отырып әңгімелеп бергені есімде қалды.

Мұндай эмоционалды әңгімелерді естігеннен кейін құймақұлақ жас бала қатты әсерленеді. Түрлі фантазияларды ойлап тауып, көзіне елестетіп, түнімен түс көріп, түрлі шытырман кешіп жүреді. Өзімді қуғыншылардың қатарына қойып, қиыннан қисын табуды ойлап жатамын.

Ауыл тұрғындары күндіз қыстыгүндері де үйде бос отырмайды. Жұмысқа жарайтындар кеңшардың жұмысына таң қараңғысынан кетіп, кешке, күн батқанда бір-ақ келеді. Кешкі астың басында біраз әңгімелер айтылған соң қарттар жатып, жастар ауылдың клубына барып келеді.

Әлі есімде, ол кезде әр үйде қытайдың қымбат, әрі сапалы термосы болады. Шайды суытпай, ұстап тұрады. Бірде кинодан асығып келген Бәкөш (Балғабай) ағам басқалар келгенше шайды тез ішіп алайын деп жанталасып жатқанда термос қолынан түсіп кетіп, сынып қалады. Әжем марқұм соны көп уақыт өкінішпен айтып жүрген еді.

Тағы бірде Ағыбай ағам түлкінің екі баласын ұстап әкелді. Оны қазақ жәудір деп атайды, шынында көздері жәудіреген күшіктер сондай сүйкімді еді. Ағам оларды сарайға байлап қойып асырап, алғашқы қар түскенде дүрдей болып өскен соң қарға аунатып сойып, терісін сыпырып алып, іліп қойғаны есімде. Осындай еміс-еміс еске түсетін оқиғалар көп, олардың бәрін жазу міндет емес, сондықтан өмірдің келесі кезеңін әңгімелемекпін.

Мектепке бардым, ұстазды көрдім

1967 жылы Тауағаш сегізжылдық мектебінің табалдырығын аттадым. Ол кезде ұзыннан-ұзақ салынған ағаш мектеп, оны Шорман бай мен Қосшығұл қажының мешіттерін бұзып әкеліп, салғызған екен. Әр класс бөлмесінде бір-бірден қара пеш тұратын. Соның өзінде аңғарадай мектеп суық болушы еді.

Әліппенің бетін ашқызып, білім әлеміне жол ашқан алғашқы мұғалімім Мәриям Тілеукина. Ол өзі біздің ауылдың кісісі емес, «Еңбек» деген ауылдан сол жылы жолдасы Қабдөш екеуі көшіп келді. Балалары жоқ, екеуі мектептің маңындағы төрт пәтерлі үлкен барак үйдің біреуінде тұрды. Қабдөш ағамыз соғыс мүгедегі, бір аяғынан ақсаңдап жүретін. Олар Тауағашта үш жыл тұрып, біз төртінші класқа көшкенде қайтадан елдеріне көшіп кетті.

Сабаққа құмар болдым, бірден алғыр болып, көзге түстім. Жауапты жұрттан бұрын айтуға, жұмбақ болса алғашқы болып шешуге тырысып отыратын едім. Алдымен мектепке дейін үйінде аға-әпкелерінің көмегімен дайындалып, әліппені танып келгендер, бізден бұрын оқыса да бірінші класта қалып қойып, бізге қосылғандар алға түскенімен артынан біз олардан озып кеттік. Бірінші сыныптан бастап алтыншы сыныпқа дейін кластан класқа кілең беспен көшіп, жыл қорытындысы бойынша грамота алып отырдым. Тек алтыншы сыныпта ғана екі төрт шығып, «үздік» деген

атақтан түсіп қалып, «екпінділер» қатарына қосылдым. Ол кезде «отличник» пен «ударникті» осылай атайтын, қазір өзгертіп жіберген шығар-ау...

Үлкен линейкаларда (оқушылардың апталық жиыны) мектеп директоры сөйлеп, өткен аптаның оқу-тәрбие жұмыстарын қорытындылайды. Сондай жиындардың бірінде, біз алтыншы сыныптың ортасында жүргенде Түменбай Сәрсенбаев ағайдың: «Бес жыл бойы үздік оқып, мектебіміздің даңқын асырып жүрген Самұратов та биыл отличниктен түсіп, ударник болып қалды» – деп күйіне сөйлегені есімде.

Өмірде бірден көзге түсіп, алға шыққан балалар үнемі алда болады ғой. Қазақтың «болар бала бесікте бұлқынар» дейтіні содан сияқты. Ал бұйығы, ұяң болып өскендер көп уақыт солай жүреді де артынан, пысығанда да алға шыға алмай сол орта деңгейде ғана қалады. Осы «формуладан» шығып кететіндер сирек кездеседі.

Мен қашан қаладағы мектеп-интернатқа ауысқанша осы қарқыннан таймай, сыныбымдағы алдыңғы орынды ешкімге бермей жүрдім. Менімен бәсекелесе алатын Әлібекова Қанат пен Жолаушин Серік қана еді. Үшеуміз үшіншіні бітіргенше үнемі алда болдық. Төртіншіде әртүрлі мұғалімдер бергенде Серік қожырады. Ол тіпті «екпінділер» қатарынан да табыла алмай қалды. Ал Әлібекова Қанат менен оза бастады. Сабаққа үнемі дайындалып келіп, қолын селкілдетіп, «мен айтайынмен айтайын» дейді де отырады. Мен оны қызғанып, сол кезде жек көретін едім. Оның үстіне ешқандай себеп болмаса да алыс ағайын екенімізге қарамай екеумізді теңейтін. Ондай бала мен қыз бірін-бірі тіпті жек көре бастайды ғой. Қанат та мені сол себепті жек көретінін байқайтынмын. Сыныптағы ішімнен жақсы көретін қызым Гүлмән. Ол аққөңіл, ақсары, әдемі қыз, екеуміздің әңгіземіз жараса кетуші еді. Кейде «сабаққа

дайындал» деп шешесі ұрысса: «ертең Жақсыбайдан көшіріп аламын ғой» деп құтылады екен...

Балалық шақтағы мектеп кезімнен бір қызық оқиға да есіме түсіп тұр. 1972 жылы бізге жаңа мектеп салынған соң ескі мектебімізге ауылға көшіп келген Қоқан ағамыздың Өмірзақ деген баласы отбасымен тұрды. Тағы бір екі бөлмесі бөлімшенің кеңсесіне айналды. Сол кеңседе телефон тұратын. Есігі жабылмайды. Мен сабақ біткен соң ауылдың аяқ жағындағы үйге тартпай керісінше, ауылдың басындағы конторға тартамын. Сондағы мақсатым -телефонмен сөйлесу. Онымен сөйлескенді керемет қызық көремін. Ар жақтағы адам алса мәз болып қаламын, бірақ сөйлеспей, құлағын қоя саламын. Көп уақыт өзге ешкімге білдірмеген ермегім осы болды. Кейін Өмірзақтың әйелі біліп қалып, ұрысқан соң ғана бармайтын болды.

Оқуда «екпінді» болып, бірқалыптан таймағандар қатарында біздің сыныптан Жәнібеков Аяған, Бостанов Алтай, Қоныспаев Елубай, Шәймергенова Гүлмән, Жақыпова Күләй мен Алма, Қазыбеков Мұхтар болды. Орта деңгейде Асайынов Шәлкен, Рахметов Өмірсерік, Сәрсенбаев Асхат, Жарылғапов Марат пен Сайын, Төлебаева Қаламқас, Дүйсенова Күләй, Көбенова Насиха, Көпеева Бопан, Мәкішев Қайырбай, Қосшығұлова Шолпан, Балғожин Қайырбай мен Жұсыпов Жабай. Соңғы екеуі басқа сабаққа орташа болса да есепке жүйрік, үнемі бірінші болып шығарады. Бізге үшінші сыныптан қосылған Жұсыпова Ләйла да жақсы оқуға тырысып, сабақты жаттап келетін еді.

Сыныбымыз ұйымшыл емес, әрқайсымыз өзімізше түйе айдаймыз, бастарымыз бірікпейді. Негізінен қазан бұзатын Жолаушин Серік. Әкесі ауылдағы бастықтың бірі болған соң бұл бала соған арқаланып әрі ерке, әрі барынша бұзық болды. Төменгі сыныптарда

күрескенде мен оны жеңіп кететін едім, артынан мен өспей қалып, ол керісінше пысып, тез қонданып кетті. Бойы да менен озып, күші де асты. Менің жақсы оқығанымды қызғанды ма, әлде басқа ма, әйтеуір ол маған көп тиісетін. Екеуміз сыныптағы бір-біріне қарсы екі топтың лидеріміз. Серіктің өзі қорқақтау болса да жанындағы Елубай, Марат, Сайын сияқты туыстарын және соларға қосылған Жабайды арқа тұтып, күшейе берді. Мектептен қайтатын жол да соның өз үйі мен әкесінің ағайындарының үйінің ортасынан өтеді, бұл да оған қосымша қуат береді. Осының бәріне арқалана беретін тентек бала тіпті шектен шығып кетуші еді.

Менің туысым Аяған нейтралитет, сонда менің жағымда Алтай мен Қайырбай ғана қалды. Бұрын балалардың сабақта ғана емес, басқа уақыттағы лидері мен болсам енді тек оқуда ғана озық болдым. Шәлкен, Асхат, Мұхтар, Өмірсеріктер біздің тартысымызға араласпай, өздерімен өзі жүреді.

Мұғалімдеріміздің көбі жалпы білімі болғанымен нақты пәнді арнайы оқымағандар. Мысалы, Кенжебай Қазыбеков ағамыз бұрын бастауышқа сабақ беріп жүретін, біз төртіншіге барғанда жоғары сыныптарға тарихтан берді. Бесіншіге барғанда тарихқа ботаниканы қосып оқытты. Серән Сибанбаев ағамыздың да нақты қай пәннің маманы екені белгісіз. Біз төменгі сыныптарда жүргенде ол жоғары кластарға орыс тілін оқытатын, ал бізге географиядан берді. Нақты өз пәндерінің мамандары болған Зейнелғабиден (Зәйкөн) ағайымыз бен Шәмәр Салжігітова тәтеміз. Зәйкөн Рахметов ағамыз Алматының Шел тілдер институтын бітіріп, ағылшын тілінің маманы дипломын алған, ал Шәмәр тәтеміз Семейдің пединститутынан қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. Кейін, интернатта оқығанда Тауағаш ауылының балалары нақ осы пәндерден жүйрік

болдық. Мектеп директоры Түменбай Сәрсенбаев ағамыз алгебра, геометрия, физика сияқты жаратылыстану пәндерін оқытты. Орыс тілі мен әдебиетінен алдымен Заказ Бостанова, артынан Шәрбан Таймуллина оқытты. Алтыншы оқыған жылы Талапкер ауылының Майдан Кенжетаев деген ағай келіп, географияны оқытып және дене тәрбиесінен берді.

Ауыл мектебіне үлкен сын таға алмайсың. Балалар да аса көп құлшынып тұрмайды. Дегенмен ұстаздарымыз өз ісіне адал еді. Облыстағы ең озық – Қызылжардағы қазақ мектебіне барғанда Тауағаш ауылының балалары көштен қалған жоқ, тіпті алдыңғы қатардан көрініп жүргендері де көп болды. Тауағаш ауылының базасының мықтылығын содан біліңіз, өзім білетіндердің арасынан сол жылдарда Баянды Бостанов екеуміз ҚазМУ-ге, Назымбек Оразымбетов ҚарМУ-ге, Бейбіт (Жаңғара) Мұстафин Мәскеудің Бауман атындағы Жоғары техникалық училищесіне түсті. Сондай-ақ, біздің замандастарымыз Абай Жұсыпов, Әсия мен Әлия Мұстафиналар, Нұрбай мен Шәлкен Асайыновтар, Гүлнәз Сәдуова, Айтаңсық Шоқаева, Гүлнәр мен Роза Нұрғалымовалар, Галя Елеусізова, Ербол мен Мұхтар Қазыбековтер, Розка Күрсарина, Монтай Бостанов, Бағыш Мәлібаева, Ерболат Әлібеков, Сейілхан Жәнібеков, Серік Шәймергенов, Гүлмира Сибанбаева, Лаура Рахметова және т.б. жоғары білім алды.

Біздің сыныбымыздың жетекшісі Зәйкөн Рахметов ағайымыз болды. Студент кезінде 1957 жылы Мәскеуде болған Жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестивалыне қатысып, қазақстандық бір өнер ұжымымен бірге би билеген адам. Көргені көп, әңгімелері қызық болатын ұстаз еді. Маған оның әсері, үлгісі мен өнегесі көп тиді. Ол өткір, жұрттың бәрін саңқылдаған даусымен, әділетті сөзімен тұқырта білетін өжет

жан еді. Класының үздік оқушысы болған соң ол мені жақсы көрді. Құрдастарының балаларын ол «өй, мәңгі» деген сияқты қызық сөздермен сойып отыратын. Оның ашықтығы, әділеттігі, өз пәнінің бесаспаптығы ұмытылмайды. Айтқандай ол біз төртінші оқығанда «Әдебиеттік оқу кітабы» деген пәннен де берген еді. Абайдың, Шоқанның әкелерінің аға сұлтан болғандығын, Құрманғазының «Қайран шешем», «Ақсақ құлан» күйлерін қалай шығарғанын, оқиғаларын және т.б. қызық дүниелерді алғаш осы кісінің аузынан естіп едік.

Сол жылдардан сәл кейін, біздің алдымызда бір жыл бұрын мектеп бітіргендерден бастап, Тауағаш 8 жылдық мектебін өте жақсыға бітіргендерді орта мектепке жібермей, Петропавлдағы есеп-экономикалық техникумына жіберу дәстүрі қалыптасты. Соның кесірінен нағыз жоғары білім алуға тиісті Рысты Сәдуова, Қанат Әлібекова, Әлия Жабағина, Қалима Шалабаева және басқа қыздарымыз техникумның шеңберіне кептеліп қалды. Техникум бітіргеннен кейін ар жағында «күйеуге кету» институты есігін ашты, сөйтіп олар орта дәрежедегі кәсіби білімді мамандар ғана болды. Ал бұлар 9–10-ды оқығанда міндетті түрде жоғары білімді маман болатын талапты жастар еді.

Бір қызық дерек, сол жылдарда біздің ауылдарымызда «Серік» деген есім өте кең тарады. Ырымшыл қазақ әкесіне серік болсын немесе ағасына серік болсын деп «Серік» деген атты қоя беретін. Тіпті класс сайын кем дегенде бір-бірден, кейде 2–3-тен «Серік» болатын. Біздің сыныбымызда да екі Серік болды. Бірі Жолаушин, екіншісі Рахметов. Соңғының шын есімі Өмірсерік болса да үйінде Серік дейтін. Ауылымызда тіпті ағасы Өмірсерік, інісі жай Серік болған үйлер де болды. Екеуін ауыстырмас үшін үлкенін «Өмкенай» деп кеткен еді. Бізден кейінгі класта Аяғанов Серік, Шалабаев Серік

деген балалар болды. Басқа кластарда да олар бар еді, қазір еске түспей тұр. Сосынғы көп тараған есім «Абай» болатын. Ол енді класс сайын болмаса да біздің шағын ауылда оншақтысы болды: Кәкөшев, Шоқаев, Жұсыпов, Мәлібаев, Сағитов және т.б.

Тауағаш ауылының тұрғындары сөзшең, сықақшы, ойыншыл қауым. Кейде бір-бірімен қатты ойнап, бөтен сөздер де айтып қалып жатады. Бірақ соған ешқайсы ашуланбайды, ауыр алмайды. Ол түгіл басқа ауылдың адамдары сондайға ашуланып жататынын айтып, өздерінікін дұрысқа санап, сынап та отырады.

Қай бала болса да өзін мақтағанды жақсы көреді. Мен де сондай болдым. Балалық өзімшілдік басқадан артық болсам екен, басқадан озық болсам екен деп тұрады емес пе? Ал мақтау сөз естісе сол өзімшілдігіне дөп келіп, марқайып қалады. Менің күнделіктерім «бестен» тұнып тұратын. Бір күні тіпті алты сабақтан алты бес алып келгенім де бар. Соңғы «бесті» соңғы сабақтан Зәйкөн ағай қойып, «қайтесің мұның бәрін, үйіңе көрсетіп, мақтанайын деп отырсың-ау» деп күлгені бар. Мен интернатта оқып жүргенде, қаладан келген жас жеңгем Күләш қайран сол күнделіктерімнің бәрін от тұтатуға жағып жіберіпті. Ауылда от тұтату да оңай жұмыс емес қой, ондайға қайыңның қабығы мың да бір ем екенін жас келін қайдан білсін, қағаз оңай жанған соң отқа салып жіберген ғой... Сол күнделіктерімді әлі күнге қимаймын, аман болса ғой, қазір балама көрсетіп мақтанатын ем...

Балалық шағымда көпке қосылмай оңаша жүруді қалайтынмын. 5–6 сыныптардан бастап тіпті ойынға да бармайтын болдым. Ұсақ бала кезімде үнемі балалардың лидері болып, ойын бастап жүретін басым өсе келе бойым да, күшім де құрдастарымнан қалып қойды. Содан қорынып балаларға баруды қойдым.

Қыстыгүндері оған қолың да тимейді. Оның үстіне қолымнан көркем әдебиет түспейді. Жатсам-тұрсам қолымда кітап жүретінін кейін көрші үйдегі Сабира жеңгеміз де айтқан еді. «Қашан барсақ сен қолыңа кітап ұстап, өзіңмен өзің отыратынсың» деп еді ол. Өзі Жолдыбай ағамыздың досы, бүкіл ауыл Секен дейтін біздің Серғали деген жамағайынымыздың келіншегі еді. Әрі әнші, әрі спортшы, қасы-көзі қиылып, жігіттің бір саңлағы болған Секен ағамыз 1977 жылы, біз 10-шы оқып жүргенде 27 жасында мерт болды...

Алғашқы оқыған кітабым Әди Шәріповтың «Партизан қызы» деген повесі. Одан кейін Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» деген кітабын оқыдым. Алғашқысы қиындау тиді, ал келесі кітапты оңай оқыдым. Одан әрі нелерді оқығаным есімде жоқ, әйтеуір керемет кітапқұмар болдым.

Балалар болса мені «бұл кітап жазып жатыр» деп мазақтаған болады... Мүмкін солардың сәби ауыздарынан шыққан шатпаққа періште «әумин» деген шығар, әйтеуір оннан артық кітап жазып, артынан жазушы атандық...

1971 жылы Бәкөш (Балғабай) ағам әскерге кеткеннен бастап біздің үйдегі құлынды бие, бұзаулы сиыр, торпақ, 7–8 ұсақ қараны жайлау, суару менің мойнымда ауысты. «Мал жайлау» да оңай шаруа емес, әсіресе сұңгуірмен шөп суыру қиын. Су өтпесін деп әбден тапталып, нығыздалып қалған маядан шөп суыруға үлкен күш керек. Әсіресе, ұзын өлең шөптерді суыру ауыр. Тырбыңдап, намысқа тырысып, тырмысып әйтеуір қойға жететін шөп суыратынмын. Қойдың оттығындағы қырқындыны алып, сиырға саласың. Оның үстіне сабан салып, қара малды алдайсың. Шөбін іздеп, алдына салынған сабанды сүзгілеп отырып, сиыр оны да жеп қояды. Әсіресе, сұлының сабанын жақсы

жейді. Күзде нақ соны үйіп алуға тырысатынбыз. Аса аш болмаса мал бидай мен арпаның сабанын жемейді, тек сұлынықін ғана қалайды. Жылқыға негізінен тек осы сабанды салатынбыз. Арасында бір-бір шелектен жем беріледі. Кейбір суықтарда ғана аузына шөп тиеді. Жылқы жарықтық сонымен күн көреді. Ал қойға тек шөп салынады. «Қырқынды» деген қалдығын сиырға салатынымызды жоғарыда айттым.

Малдың астын жайлау да оңай емес. Әсіресе, сиыр былапыт мал. Тұрып та, жатып та жапасын тастай береді. Онысы қатып қалса жақсы ғой, кейде қора жылы болса қатпаған жапаны басып кетіп аяғыңды былғап алып жатқаның... Жылқы таза мал, оның тезегі көбіне бір жерге түседі және тез қатып, аяғыңды былғамайсың.

Сиырдың астына сабаннан қалың қылып «төсек» саламыз. «Қара мал тұяғынан жүдейді» деген нақыл да жиі айтылатын. Сондықтан асты жылы болсын деп сабанды қалың саламыз. Ертесіне астын түгел тазалап, қораның ортасына үйеміз. Кем дегенде аптасына бір рет қалдықтар ат шанамен ауылдың сыртына төгіледі.

Мектептен келе сала мал жайлауға кірісетінмін. Жолдыбай ағам мен Күләш жеңгем кеңшардың қойында, олардың қолы тимейді. Айтқандай Күләш жеңгем біздің үйге 1971 жылдың күзінде Бәкөш ағам әскерге кеткенде келін болып түсті. Ерлі-зайыптының бірі қойшы, бірі сақманшы болып істейді. Кейде, Жолдыбай ағамның талабымен сақманшы болып істейтін жеңгеме де барып, көмек қыламын. Тіпті сол кездерде де қолымнан кітап түспеуші еді. Әлі есімде, жазушы Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ» кітабын сол сақманда жүріп бас алмай бітірген едім. Детективке аса құштар болдым, қолыма алғаш түскен детектив болған соң бас ала алмағанмын ғой.

Үйдегі жұмыстарға келетін болсам, сабақтан келген соң алдымен тамақ ішіп алып, бие суарып келемін. Кеңшардың қораларында мал суаратын науасы бар, соған тайы мен құлынын ертіп, салт барып биені суарамын. Жылымық күндері жақсы, ыңылдап қойып, биенің үстінде жортып отырасың, ал суық күндері қиын. Бет қаратпайтын аязда жолға қарай алмай, бетіңді бүркеп отырғаның. Ауыл мен мал қораларының арасы бір шақырымдай болатын шығар.

Ең қиын жұмыс – түсте ауылдың басындағы су мұнарасынан шанамен су әкелу. Түскі асқа келген Жолдыбай ағамның ат-шанасына итшанадағы бөшкені тіркеп, көшенің ортасымен ауылдың басына барамын. Су құятын жер көктайғақ әрі дөң болады, оған бөшкелі итшананы сүйреп шығару бір азап. Әйтеуір митыңдап, оған да шығарасың ғой, енді су толы бөшке мұзға қатып қалып, оны зорға жылжытасың. Ауылдас үлкен кісілер келе қалса жақсы, кейбіреулері қолдасып жібереді. Ал өзіміздей балалар келсе қарап тұрады, тіпті митыңдап жатқаныңа күліп, мәз болады. Ес кетті, жан шықты дегенде ат шанаға зорға тіркеп, үйге жүресің. Сол күндер есіме түссе әлі күнге денем түршігіп кетеді. Менің бойым құрдастарымнан аласа, қанша жерден шымыр болсам да дене күшім аз бала болып өстім. Оның үстіне алқынып, дем жетпей қалатын. Менімен оқитын басқа балалар осы жұмысты оңай атқарып жүреді. Соған намыстанып, ешқашан атқарып жатқан жұмысымды қиын деп айтпаймын.

Су әкелген соң шелектеп тасып, тайлы биені, сиырды, торпақты суарамын. Мұздай суды іше алмай, сиыр ұзақ уақыт жалап, тұмсығын тығып көріп, тұрып алады. Тек еті үйренген соң ғана сіміруді бастайды. «Сиыр судан» деген сөз бекер емес, 2–3 шелекті сімірмей тоқтамайтын. Ал қойдың жарасы жеңіл, олардың алдына бір

шелек суды қоя саласың. Өздері қалағанша ішіп, сол бір шелекті де тауыса алмайды. Бөшкеде қалған суды шелектеп үйге тасып, қотарамын.

Сосын жоғарыда айтқан мал жайлауға кірісемін. Алдымен шөп суырамын, қойдың қырқындысын сиырға саламын да олардың науасына жаңа шөп үйемін. Сиыр мен қойға жарты шелектен, жылқыға толық шелектен жем, сабан саламын. Астарын тазалаймын... Әйтеуір кешкі 7–8-дерге дейін бір тынбайсың.

Осындай азаптан мен 1973 жылы қаладағы интернатқа кетіп қана құтылдым.

Интернат наны

Интернатта біздің ауылдан біршама бала бұрыннан оқитын. Соның бірі жамағайынның баласы Кебек. Әке-шешесі қайтыс болған соң оны 1-ші сыныптан интернатқа берген. Каникулға келгенде ол менімен ойнайтын. Нешетүрлі қызықтарды айтып, интернатты мақтап, аузының суы құрып, қызықтырады. «Игральный комнатамыз» бар, сонда ойыншықтар көп, анау да бар, мынау да бар, солармен кілемнің үстінде отырып ойнаймыз дейді. Кейін қаланы қыдырамыз, балмұздақ жейміз, кинотеатрға киноға барамыз дейтін болды. Осындайларды естіген соң шіркін-ай мен де барар ма едім деп армандайтын едім.

1973 жылғы күзде ақыры мен де интернатқа баратын болдым. 7-ші класқа бала толып қалған екен, бірақ сол интернатта география пәнінен сабақ беретін Күлшара тәтем директорға өзі кіріп айтып, мені алдырды. Кластан класқа мақтау грамоталарымен көшіп отырғанмын ғой. Соларды көрсетіп, директорға: «мынадай баланы оқытпағанда кімді оқытасыз» деп турасын айтыпты. Сөйтіп бір кластағы 42-ші бала болып, мектепке алындым.

Тегіс ақшылт көк түспен сырлап тастаған мектептің биік қабырғалары әлі күнге есімде. Күні бүгінге дейін жаңа сыр иісі шығып тұрған ғимарат көрсем сол мектебім еске түседі. Класс бөлмелерінің терезелері үлкен, жарық. Оқушылар үшін ауылдағыдай парта емес, үстелдер қойылыпты, отыратынымыз кәдімгі орындықтар.

Бұл қала мектебінің ауыл мектебінен артықшылығын паш етіп тұр.

Алайда интернат бөлмелерінде мен армандаған, қиялдаған көріністің бірі де жоқ. Қаптаған бала бәрі бір үлкен есіктен кіреді. Оң жаққа қыздар, сол жаққа ұлдар кетеміз. Бөлме араларында есіктер жоқ, бір бөлмеден бір бөлмеге аңғал-саңғал ашық ойықтардан өте бересің. Тек үлкен кластың балалары жататын сыртқа шығатын жерде ғана есік болады, оның өзі дұрыс жабылмайды. Қыстыгүндері ұсақтау балаларға үлкендер «есікті жап» деп зіркілдеп жатқаны. Салдыр-гүлдір етіп әбден кепкен ағаш есік жөндеп жабылмайды. Төменгі қабаттағы жертөледе қысы-жазы борсыған су тұрады. Соны неге сорғызбайтынына осы күні таң қаламын. Борсыған судың иісі де жертөленің есігі ашық қалса мұрынды жарып тұрады. Интернатта ыстық су мүлде жоқ. Етіміз қып-қызыл болып мұздай сумен жуынамыз. Төменгі кластар болмаса бесінші сыныптан бастап өз кірлерімізді де өзіміз жуатын едік. Жылы туалеттер аз уақыт қана істеп, көп уақыт құбырлары бітеліп, жабылып қалады. Сондықтан қысы-жазы даладағы туалетке жүгіреміз.

Әрбір бөлмеде қаптаған кереуеттер. Арасында міндетті түрде бір аяғы сынған, ақсақ орындықтар тұрады. Одан басқа ешнәрсе болмайды. Бір бөлмеде 15–20 баладан жатамыз. Қыстыгүндері алысып-жұлысып, улап-шулап жүріп суықты сезінбейміз. Тек таң ата ұсталғанына 10–15 жыл болған жылуы жоқ, әбден қағырап, ескірген одеалдардың астынан дірілдеп, тоңып оянамыз. Үстімізге пальтоларымызды жамылмасақ тіпті қатып қалардай боламыз. Бірақ оны да ерте ұйықтап қалғандарымыздың үстінен тоңып жатқандар «ұрлап» алып, өздеріне жамылып алады. Таңертең ерте оятуға кезекпен келетін мұғалімдер дірдектетіп, далаға жаттығу

жасауға қуады. Солардың «подъем» деген жағымсыз дауысы әлі күнге құлақта тұр. «Тұрыңдар-тұрыңдар, балалар. Подъем-подъем... Тұр-тұрдан хабар келсе – ұйқыдан маза кетеді» деген сөздер де ұмытылмайды. Интернаттың ауласын екі-үш айналып жүгіріп шығып, түрлі жаттығулар жасаймыз.

Интернатқа келгендегі ең алғашқы көрген қызығым «Ударник» кинотеатрына киноға бару болды. Қайсы екенін білмеймін бір пысықтау бала:

– Ертең мультфильм көруге барайық. Кім барады, 10 тиыннан беріңдер, – деп айғай салды. Мен қызыға қоймап едім, жанымдағы көршім Қайдар:

– Өй, барайық, жақсы болады, – деген соң мен де он тиын бердім.

Ертесіне ұбақ-шұбақ болып бес-алты бала «Ударникке» тарттық. Бір залы жасыл, бір залы қызыл, үлкен кинотеатр екен, маған қатты әсер етті. Оны неге қызыл, жасыл қылып бөлген деп көп баладан сұрай бердім. Ешкім менің ойыма қанықты жауап бере алмады. Ал экраны маған ғажап болып көрінді. Үлкен әрі суреттері анық. Біздің ауылдың клубындағы сияқты ақ известпен майланған қабырғаға түсірген суреттей емес, жайнап тұр. Көргеніміз атақты «Ну, заяц, погоди!» еді. Соның бірнеше сериясын көріп, біршама жаңғырып, дем алып шықтық. Шыққан соң балалар балмұздақ алайық деп үгіттеп, оны да интернатқа келгелі бірінші рет жеп, әбден мәз болған едім...

Интернат шу дегенде малшылардың балалары үшін ашылған екен, артынан жетім балаларды қабылдайтын болған. Сол себепті болса керек, іш киімнен бастап барлық көйлек, костюм-шалбар, пальто, малақайға дейін береді. Бірақ олары кей жылдары ғана жаңа болады, ал басқа уақытта былтыр немесе алдыңғы жылдары басқа баланың үстінен түскен болып шығады. Оқу

жылының аяғында барлық киімді жинап алып, қоймаға үйеді. Келесі оқу жылында сол киімдерді басқа балаларға береді. Мысалы, оқу жылының аяғында 7-ші бітірген барлық баланың қысқы киімін жинап алады да, келесі оқу жылында 7-шіге келген балаларға бөліп береді. Киімдер ешқашан тазаланбайды, қоймада үйіліп жатқан күйінде таратылады. Кейбір пальтолердің жағасы қарақұрым болады, ондайды өзіміз тазалаған боламыз. Әрине, өзіңнің размеріңді табу қиын, тигенін ала бересің.

Интернатта өтек төменгі қабаттағы «бытовойда» ғана бар. Оған барсаң үлкен кезек және оны тек жоғары сыныптың балалары ғана қолданады. Сондықтан біз шалбарды дымдап, төсек жамылғыға түзу етіп орап, матрацтың астына салып жатамыз, ертеңіне ол өтектегеннен артық, сымдай тартылып тұрады. Іш киімдер жуылатын сияқты және прожаркадан өткізіледі, яғни ұсақ микроорганизмдерді күйдіреді. Бірақ ондай жұмыстар шала істелетінін көзіміз көретін...

Екі аптада бір рет моншаға апаратын. Және бұл күн моншаның басқа халықты түсірмейтін демалыс күні. Сондықтан кочегарлар моншаны тым ысытып жақпайды, суы қанжылым ғана. Іші тіпті суық болған соң бәріміз топырлап пардың ішіне кіреміз. Ол да оңып тұрған жоқ, іші ыстық емес, әйтеуір үлкен залына қарағанда жылырақ болатын.

Міне, дамыған социализмнің кезінде қаладағы жалғыз қазақ мектебінің балалары осындай күй кештік. Жоғары кластарға барған соң өзіміз басқа халықпен бірге, 15 тиынға, жексенбі күні қалалық жалпы моншаға түсіп жүрдік.

Моншаның алдындағы ұзаққа созылатын кезек те естен кетпейді. Сондай кезде орыстардың нешетүрлі әңгімелерін естисің. Бір қызығы ол кезде қоғамдық

орында ешкім боғауыз айтпайтын. Қазір ғой екі сөздің бірі боқтыққа айналып кеткені. Қазақ мүлде болмайды, тек кейде бір-екеу кездесіп қалады. Ондайларды жақын тартып, «ағалап» сөйлесіп қаламыз. Өйткені, ауылды, үйді қатты сағынатынбыз. Кешке көп уақыт әңгіме айтып, ұйықтамаймыз, соның ішінде бүгін көрген қазақ туралы пікірлерімізді айтып, әсерімізбен бөлісеміз. Егер жақсы киінген, мәдениетті сөйлескен жан болса мақтап, аузымыздың суы құриды. Ішімізде өзім де сондай болсам ғой деген қиял да жүреді...

Әрине, интернатта жақсы оқып, білім алғысы келетін балаларға мүмкіндік зор. Өйткені түске дейін сабақ оқимыз да, түстен кейін класс бөлмесіне келіп, үш жарым сағат бойы келесі сабаққа дайындаламыз. «Өздік дайындық» деп аталатын бұл сағаттар тәрбиешінің бақылауында өтеді. Бірақ сол мүмкіндікті пайдаланып жатқандар шамалы. Әрбір бала тоқсанның бас кезінде бір баға, аяқталуға жақындағанда тағы бір баға алуды ғана ойлап жүреміз. Өйткені, тоқсандық бағаны шығару үшін кем дегенде екі баға керек.

Химия, биология, физика, география, алгебра, тарих – сияқты оқулықтардың бәрі орыс тілінен аударылған кітаптар. Аударманың сапасы төмен, бетті артық немесе кем қалдырмас үшін аудырмай түсіруге тырысқандықтан тілі жатық емес, ойға қонбайтын күрделі сөздер. Сондықтан көп ойы, Абай айтпақшы, «бойға жұқпайды». Қазір де алыс кеткені шамалы ғой, бұрын тіпті қиын еді. Балалардың көбі сабақты формальды түрде ғана ұғамыз. Мұғалімдеріміз көбіне жақсы оқитындармен ғана жұмыс істейді, миы бәрібір алмайтын мырқымбайларға көңіл аудармайды. Жақсы оқып, үнемі білімге ұмтылып жүретін Назгүл Тіленшина, Бәтима Құсайынова сияқты белсенді қыздарымыз бар. Сол

екеуі және Мәриям Төлентаева деген қызымыз кейін мектепті алтын медальға бітірді.

Әрине ұмтылатын, бірдеңе білуге тырысатын балалар да болады. Олар мұғалімге қайта-қайта сұрақтар беріп, бағдарламаны түсінуге тырысып жатқаны... Қалғанымыз сол, ұйқылы-ояу жүреміз. Түнде уақытында жатпағандықтан ұйқымыз қанбайды. Әсіресе, көктемгі қараөзек шақта терезеден түскен шуаққа маужырап, қалғып-мүлгіп, зорға отырамыз. Сабақтан гөрі біздің көбімізді көркем әдебиет қызықтырады. Сондықтан алдымызда отырған тәрбиешімізді алдап, оқулықты тік қойып, артына көркем әдебиетті тығып отырып оқитынбыз.

Қыздар бізге қарағанда тәртіпті, олар уақытында жатып, уақытында тұрады. Тамақты да үзбей ішетін болса керек, кейде олардың кешкілікке дүкеннен бірдеңе алып келіп, жеп жатқанын байқайтынбыз. Сондықтан да ауылдан келген кезде кейбір қыздар ақ борықтай болып семіреді. Ал балалар ұйқы қанбағанның үстіне өзегі талып, түскі асқа сағат үштерде ғана аузы тиеді.

Интернаттың тамағы жақсы еді дейтіндер көп. Бірақ талғап, шұқып жейтіндерге қол емес. Таңертең бір түйір май мен суға асылған бір ожау түрлі ботқа береді. Оны көбіміз жей алмаймыз, қара шай мен нанды ғана талғажау қыламыз. Сондықтан ғой, түскі асқа жеткенше кейде көзің қарауытады. Бірақ, баспалдақ жағындағы «Посторонним вход воспрещен» деген жазуы бар асүйге есігі ашық қалғанда кіріп кетіп, нан ұрлап шығамыз. Кейде тіпті жаңа піскен, мұрынды жаратын дәмді иісі де болады. Оны бөлмедегі балалар ту-талақай қылып бөліп, жеп аламыз. Осындай нандар көбейіп кеткенде тек сыртқы қыртысын ғана жеп, жарықтықтың іші кеуіп, терезенің жақтауында қалып қоюшы еді. Олар

перденің артында тұрған соң тәрбиешілеріміз көрмей қалып, тек бірнеше күннен кейін ғана жиналатын.

Интернатта осы күнгі «дедовщина» деген сияқтылар да ішінара болып тұратын. Үлкен сыныптың балалары кішілерге қожаңдауға, тіпті қолын салып жіберуге бейім тұрады. Әсіресе, ата-ананың жылы құшағынан жаңа шығып, ауылдан жаңа келген жуас балаларды қорқыту оңай. Өздері де қорқып жүрген ондайларға суық қабақ көрсетіп, ызғармен сөйлеген де жетіп жатыр. Осы әдіспен үлкен сыныптың кейбір қулары оларға шұлығын да жуғызатын оқиғалар болып тұратын... Үнемі түсін суыққа салып, өзінен кішілерді қорқытуға құмар болып жүретін балалар да болады. Бір қызығы ондайлар тек жаман оқитындар арасынан шығады. Жақсы оқитындар керісінше, кішілерге қамқор болуға құштар.

Қатарластарына әлімжеттік жасағысы келетін бұзықтар да аз болмайды. Мен жетіншіге келген жылы Нұрбай деген бала маған соқтыға берді. Денесі менен ірі, кесек, бойы ұзын. Өзі бізден бір жыл қалып қойып, алтыншы сыныпта оқиды екен. Бірде ол маған қол жұмсап, біраз күш көрсетті. Алыса түссем де әлім жетпей, таяқ жеп қалдым. Көзім жасаурап, ренжіп келе жатыр едім, біздің сыныптың балалары кездесіп, кім тиділеп, шынымды айтқызды. Ол кезде біздің балалар керемет ұйымшыл еді, салып ұрып Нұрбайды тауып алдық. «Ал ұр» дейді балалар маған. Қолымды көтергім келмеп еді, бәрі жан-жақтан қаумалап, қорықпа, ұр-ұрдың астына алды. Сосын сол қолымның бар күшімен құлаштап тұрып ауыздан бір соқтым, қара қан бұрқ етті. Төбелесе кетуге кластастарымнан қорқып, тыпыр ете алмады. Сол соққы ем болды, осыдан кейін Нұрбай мені көрген жерде айналып жүретін болды.

Үлкендердің арасынан жаңа келгендер ғана емес, жұрттың бәріне қоқаңдап, күш көрсетуге бейім

жүретіндері болады. Әсіресе бокс, күреспен айналысатындар сондайға әуес. Бокспен айналысатын оныншы кластың бір баласы өзінен екі сынып төмен оқитын сегізінші кластың бойы ұзындау, толықша, алайда болбыр, жуас баласын басынып, жоғарыға алып келіп, төмпештеп ұрып жататын еді. Ананың қолына да қолғап береді, бірақ ол жазған қорғана да, ұра да алмайды, тек таяқ жейді. Талай рет талдырып та тастаған. Бір-екі жылдасын әлгі бала есірік ауруға шалдығып, психиатриалық ауруханаға түсті. Артынан өзіне өзі қол салып, өмірден ерте кетті. Осы қылмысты ешкім ешқайда айтпаған да шығар. Тәрбиешілеріміз білмеді, ал ана соққан мектепті бітіріп кетті...

Кейбір үлкендерден кіші балалар анадайдан ығысып жүреміз. Алайда үлкендерден қорыққанның арқасында тәртіп те болады. Өйткені жас балалар тым еркінсіп, құтырып кетпейді. Алдыңғы ағаларынан ығысып, тәртіпті болуға тырысады.

Біз жетінші оқығанда мектеп бітіретіндер арасында Берік Қапаров деген денелі, көзі өткір, өжет бозбала болды. Күреске де керемет, шебер әрі қарулы еді. Жарыс бола қалса облыс, қала бойынша ол үнемі бірінші орын алатын. Салмағы 70 килограммдар шамасында, мектеп балалары арасындағы атаманы да сол болды. Талай рет оның күресін де қызығып көрдік. Уәлихан Нүркеев деген керемет жаттықтырушыға баратынбыз, соның бір тәсілі «мат» деген болушы еді. «Матқа» тұрған балуан сол күні топтың жаттығуына келген бәрімен күресіп шығады. Беріктің тобындағылар ересек жігіттер, салмақтары 70–80 килограмманан кем емес. Сонда Берік бәрін де жеңіп, шаршағанына қарамай өңкиген орыстардың бәрін доптай домалатушы еді. Қашан көрсең өткір көзі жалындап жүретін бір жас еді, әттең өмірден ерте кетіпті.

Үлкендер арасында қазақы жұмсақтық да жоқ емес. Кейбір үлкендер кішілерге қамқорлық жасап, ақылдарын да айтып жүреді. Біз жетінші оқығанда Айдар деген оныншы сыныптың баласы біздің бөлмемізге келіп, қызық әңгімелер айтып, көңілімізді аулап жүретін. Жалғызсырасақ, үйді сағынып жабырқап жүрсек жұбатып та қоятын. Жоғары кластың кейбір оқушыларын төменгілерге «шеф» етіп белгілеп қоятын да тәртіп болды. Біздің шефіміз Төлеген деген жақсы бозбала еді.

Жалпы, интернат балаларында бір бауырмалдық қасиет те қалыптасады. Бір-біріне болысу, сыртта біреу тиіскендей болса жауға жалғыз тастамау да болып тұрады. Сонымен бірге интернатқа сырттан біреулер келіп, төбелеспек болса бала атаулы тегіс шыға келетін. Тіпті кішкентайлар да қалмайды. Осының өзі бауырмалдық сананы оятатын болса керек. Интернатта оқыған көптеген балалармен көп жылдардан кейін туысынды көргендей, шұрқырасып көрісетін едік.

Интернатқа келген жылы Тоқжігіт деген баламен отырдым. Балалар оны Тоқаш дейтінбіз, фамилиясы Өмірсейітов еді. Марқұм өмірден ерте кетті. Бала кезінде өте мақтаншақ, бір нәрсені артық білсе соны сәдеттеп, есіңді шығаратын. Онымен ешқалай дос бола алмадым, керісінше үнемі жоқ нәрсеге таласып қала беретінбіз. Сабақты жақсы оқыды, мектепті бітірген жылы Алматының политехникалық институтының геологиялық факультетіне түсті. Өзінің де ежелгі арманы геолог болу еді. Бірақ бір геологиялық экспедицияда жүргенде жанындағы біреулермен төбелесіп, басынан зақым алыпты дегенді естідік. Содан арыла алмай, ақыры дүниеден ерте кетті.

Келесі жылы Рыспай деген баламен отырдым. Бұл біздің сыныптағы ең дәу бала еді. Әрі толық, әрі бойы ұзын, көзі шегірейген, түрі қазақтан гөрі орысқа келетін.

Көркем әдебиетке құштар болды, көп оқитын. Екеуміз кітапханадан алған кітабымызды таласып оқитын едік. Бір күні кеш бойы отырып, мектептің жабылғанын да білмей қалыппыз. Интернат үйі бөлек, бірақ бір ауланың ішінде. Интернатқа бару үшін бірінші қабаттың терезесінен шығамыз деп күзетшінің жанында тұрған директорға ұсталып қалдық. Марқұм директорымыз Ғалым Данияруұлы Хамзин деген байсалды, тұлғалы азамат еді. Үйі интернат көшесінің арғы бетінде, жақын. Ағамыз кешкі серуендеуге спорттық киіммен шығып, мектеп пен интернатты бір қарап кететін. Электр жарығының астында, күзетшінің жанында көп уақыт әңгімелесіп тұратынын көруші едік. Екі көзі интернат үйінде болады, қай бөлменің шамы уақытында сөнбесе, балалар жатпаса бақылып тұрып, ертесіне тәрбиешілерімізге ескерту жасайды. Міне, сол ағамыз бізді ұстап алды. Қай терезеден шықтыңдар, көрсетіңдер деп алып барды. Терезенің сырғымасын іштен жапқызып, есіктен шығарып, ертең сағат тоғызда маған келесіңдер деп бізге суық қарап жіберді. Ертесіне қорқа-қорқа сағат тоғызда алдына барғанымызда біраз ұрысты. Үнінде соншалық өшпенділік, қатаң зіркіл болған жоқ, тек ұялтпақ болған тәрбиелік сарын болды. Оның көбін еңгезердей болып тұрған Рыспай естіді. Өйткені ол интернатта бірінші сыныптан оқып келе жатқан кәрі көз, мен болсам биыл ғана келген баламын ғой, соның тасасында тұрдым.

Сол ағамыз марқұм интернаттың шефі – «Союзцелинвод» тресі ғимаратының жоғарғы қабатына көтеріліп бара жатқанда жүрегі қысылып кетіп құлап, 46 жасында ғана мерт болды. Зор денелі, толық адам еді, басы жылыту батареясына тиіпті деп естідік. Тамаша жан еді, жұртты қабағымен ғана ығыстыратын. Өзі келбетті, ер мұрынды, қасы-көзі келіскен, ат жақты жан болатын.

Қабағын көтере қарағанының өзі-ақ мұғалімдердің де, оқушылардың да жым болуына жететін.

Әлі есімде, оның қайтыс болғанын физика сабағы болып жатқанда естідік. Бір әйел адам есікті қаға берді, Шәміл Хасанович салмақты кісі еді, елп етіп атып шыққан жоқ, сабағын түсіндіріп, асықпай отыра берді. Есіктің тықылы қайталана берген соң ғана амалсыз шығып, өңі өрт сөндіргендей болып қайта кірді де: «Сендер естідіңдер ме, Ғалым Даниярович қайтыс болыпты», деді түйеден түскендей. Алдыңғы партада отырған Айдай деген қызымыз шыңғырып жіберді. Шәміл ағай үстіне пальтосын жүре жамылып, жүгіріп шығып кетті...

Ғалым ағаның денесін мектептің акт залынан шығарып, 9 бен 10-ның балалары айналып өтіп, онымен қоштасып қалдық. Әйелі Күлбарам тәтеміз де мектепте тәрбиеші болып істейтін, сол кісі бастаған жылап отырған туыстарының алдынан өттік. Қатты әсер алып, адамды бұл дүниеден шығарып салудың қиынын алғаш рет сонда сезіндім.

Тоғызыншы сыныпта Гүлстан деген қызбен отырдым. Томпиған, өз ісіне берік, тапал бойлы, үлкен дөңгелек көзді, жылы жүзді, сүйкімді қыз еді. Ұзын шашын шашау шығармай, тап-тұйнақтай етіп өріп жүреді. Үнемі қамқорлық қылып, бірдеңемді ұмытып кетсем еске салып отыратын. Осы күні интернатта бірге оқыған қыздардан тек соны ғана сағынып, көргім келеді.

Мектеп бітіретін жылы Абай досыммен отырдым. Абай да өз жұмысына тыңғылықты, тәрбиелі, тәртіпті бала болды. Ұзын бойлы, ұзын мұрынды, ашаң, спорттың допқа қатысты түрлерінің бәріне шебер. Абаймен мектеп бітіргеннен кейін де достығымыз үзілген жоқ. Үнемі қуанып кездесіп, сағынып жүздесіп жүреміз.

Интернаттың тағы бір сүйкімсіз қылығы – кезекшілік болатын. Ол жатын бөлмесінде, класта, мектепте, асханада болады. Жатын бөлмесіндегі кезекшілік төрт баладан болатындықтан жиі келіп тұрады. Таңертең және түсте – екі мезгіл атшаптырым бөлмемізді жуып тұрамыз. Кәдімгідей салмақ. Су суық, швабра жоқ, құр шүберекпен пысыңдап, өзіңе тиген қатардағы кереуеттердің астын жуып, шаңын сүртіп шығу бір азап. Әсіресе, түскі тамақтан тойып шыққаннан кейінгі сәкі жуу ауыр.

Мектептегі кезекшілік екі ай шамасында бір аптадан болады. Класс бөлмелерін әр сыныптың өз кезекшісі жуғанмен ұзын дәліздердің сәкісін кезекші сынып жуамыз, терезелер мен жылыту батареяларының шаңын қалдырмай сүртіп шығамыз. Кезекшілік мұнымен де шектелмейді, есік алдында тұрып, балалардың аяқ киімін тазалап кіруін, галстуктері мен ақ көйлектері болуын да кезекпен бақылып тұрамыз. Жанымызда кезекші мұғалім де жүреді, егер олар тұрмаса жоғары сыныптың оқушылары кезекшілерді қағып-соғып өтіп кетер еді. Мектепке кірген ер баланың ақ көйлегі, галстугы болуымен қатар міндетті түрде комсомолдық значогы болуы қадағаланатын. Не зорлық десеңізші... Болмай қалса жазып алып, апталық линейкада бәлені күні бәленнің значогы болмады деп кезекші кластың командирі айтып тұратын.

Асханадағы кезекшілік те оңай шаруа емес. Өздік дайындықтан ертерек келіп, екі үлкен бәшөкті толтырып картоп аршимыз. Сабақтан да ерте шығып, әрбір үстелге тамақ тасимыз. Толып қалған қоқыс бәшөктерін де далаға шығарып тұрамыз. Ең қиыны, кешке асхананың сәкісін жуу. Тамақ шашырап, май болып қалған сәкі суық суға жібімей, біраз азаптайды. Бұл кезекшіліктің бір жақсы жері – үзіп-жұлып тамақ жеп, әйтеуір күні

бойы қарның тоқ болады. Аспаздардан «дядя Гриша», «тетя Маша», «Мәймүна апай», ыдыс жуушы «тетя Нина» дегендер есімде қалыпты. Тағы бір татар әйелі болған еді, бір күні сол кісімен мектеп директорының орынбасары Жақсылық Мұқажанұлы марқұм: «Исәнмісіз» деп амандасты. Содан бері татарша осылай амандасады екен ғой деп есіме түйіп алған едім...

Класс бөлмесіндегі кезекшілік оқушылар көп болған соң жиі болмайды, бірақ оның да өзіндік ерекшелігі бар. Орындықтарды үстелдердің үстіне шығарып, арасын парталасыңмен бірге жуып шығасың. Осы кезекшіліктерді атқарудың өзі оңай шаруа емес, әбден шаршатады. Мүмкіншілігіміз болғанынша одан қашуға тырысып жүретін едік. Кейбір қулар дәл кезекшіліктің алдында «ауыра қалып», медбикеден жұмыстан босатылатыны туралы анықтама ала қояды. Бірақ ондай қайдан бола берсін, көп болса бір кезекшіліктен босатыларсың...

Кезекшіліктің азабынан мен сегізінші сыныпта оқып жүргенде күтпеген жерден құтылдым. Он беске шыққан бізді жасөспірімдер жасына өтуімізге байланысты бірде барлық медициналық бақылаудан жаппай өткізді. Интернационал көшесінің басындағы жасөспірімдер емханасына апарып, бастан аяқ, оның ішінде ішкі құрылыстарымыздың саулығын тегіс тексерді.

Екі-үш аптадан кейін қорытындысы дайын болып, біздің сыныптағы екі Омаровтан және менен науқасы барлығы туралы күдік шығыпты. Үшеумізді келесі аптада емханаға қайыра шақырды.

Ана екеуі бұған шоши қараған болуы керек, ал мен қуанып қалдым. Өйткені, өзімнің бойымда бір науқастың бар екенін сезетінмін. Тез алқынып қаламын, балалармен алысып-жұлысқанда демім жетпей қалады. Ең қиыны жүгіргенде тез алқынып, балалардың артында қалып қоятынмын. Осыған қарап бір ауруым бар шығар

деп ойлайтын едім, соның рас болып шыққанына «бәсе» деп қуанып қалдым. Өйткені өз ойымша емделіп алсам, ендігі уақытта алқынбаймын деп үміттенгенмін ғой...

Екінші тексеріс ұзаққа созылған жоқ, Есілбай Омаровтан ревматизмге күдік барлығы, ал менің жүрегімде туғаннан ақау бар екені табылды. Үшеуміздің арамыздан Абай Омаров қана сау шықты. Мені қараған қызыл бетті, жастау болса да мойны желкесімен тұтасып кеткен, толық денелі орыс әйелі кеудемді тыңдап жіберіп, бірден ақау бар екендігін айтты. «Сені жазғы каникулда Алматыға жібереміз. Өзіңді және апаратын адамның бару-қайту шығынан облыстық денсаулық сақтау басқармасы төлейтін болады. Жүрегіңе тезірек ота жасамаса, асқынып кетеді», деді ол менің шошынып қалуым мүмкін екеніне пысқырмастан...

Сөйтіп... сол күннен бастап «ауру бала» атанып, интернаттағы барлық қара жұмыстан және дене шынықтыру сабағынан босатылдым. Өзім болсам сап-саумын, еш жерім ауырмайды. Тек қатты жүгірсем алқынып қаламын.

Менің барлық кезекшіліктер мен дене шынықтыру сабағынан босатылуымды интернаттың екі фельдшерінің бірі қатты бақылауға алды. Жаным шығып кететіндей көріп, үнемі «саған жұмыс істеуге болмайды, саған жүгіруге болмайды» деп көрген жерде, барлық адамның көзінше қатты ескертіп, шарылдап жүретін. Соның арқасында жұрт кезекшілікте жүргенде немесе дене шынықтыру сабағында болғанда пысылдап ұйықтап жатамын...

Ер балалардың бойы мен тұрпаты ежелден әртүрлі болады ғой. Оларға қарағанда қыздар біркелкі болатын сияқты. Мен жетінші сыныпқа келгенде біздің кластағы Жолдасқан Жұсыпов, Серік Махметов, Рыспай Балғожин, Әміржан Әубәкіров сияқты төрт бала өзгеміздің

әлдеқайда ұзын әрі ірі болды. Соның ішінде Жолдасқан мен Серік үлкен балалармен бірге мектептің баскетбол командасында ойнады. Әсіресе, Жолдасқан спортқа қатты бейім болды, күреске де қатысып, үнемі жеңімпаз болып жүретін. Ерте есейген осы көркем бозбаланың өмірі ақырында трагедияға айналып, оңалмас дертке шалдығып, өмірден тым ерте өтті.

Біздің сыныптың басқа да барлық балалары шетінен спортшы еді. Жомарт Дәулетов, Алтай Жуанышпаев, Есілбай Омаров, Әмірғали Малжанов, Дәуренбек Зікіряновв, Тоқтарбек Жақсыбаев сияқты алты бала қаладағы балалар және жасөспірімдердің күрес залына барып, жаттығады. Интернатқа келген жылы мен де олармен бірге күреске қатысып жүрдім. Аптасына үш рет жетеуміз ұбақ-шұбақ болып өздік дайындықты тастап, Каманин көшесіндегі ДЮСШ-ға (детско-юношеская спортивная школа) тартатын едік.

Ибрагим Мәжікеев, Серік Махметов, Марат Мәжитов деген балалар «Авангард» стадиондағы бокс секциясына қатысады. Қалғандары да доп ойындарына шебер, баскетбол, волейбол, футбол ойындарының бірінен қалмайды. Әсіресе Абай досым баскетбол мен волейболды, Тоқжігіт футболды керемет ойнайды. Балалар түгіл Шалқыма, Бәтима сияқты қыздардың өзі керемет спортшы, екеуі де баскетболды балалардан артық болмаса кем ойнамайды. Ішінара соларға қызығамын, бірақ ойнап кетейін десең, «әй, мынау ауру емес, өтірік айтады, бізбен бірге ойнады, ендеше кезекші де болуға да жарайды» деп шыға келетін «сатқын» балалардан қорқамын. Бірақ жұртқа қосылмай, ақырын жүгіріп, турникке тартылып қоямын. Бойым да өспей, шарғы болдым, салмағым да жеңіл, алайда шымыр болдым, соның арқасында турникке ең көп тартылатын да мен. Василий Петрович Курилов деген дене шынықтыру

мен әскери істен сабақ беретін мұғаліміміз бар. Менің ауырғаным айрықша соған «батты», көрген жерде спорттан қалма, дәрігерлер айта береді деп қоздырып қояды. Бірде тіпті қала стадионында мектептер арасында болған көпсайыстан жарысқа апарып, мені турникке тартылудың жарысына салып, бірінші орын алған едім... Турникке көп тартылғанның пайдасы шығар, мектеп бітірген жылы бойым әжептәуір өсіп, 164 см жетті.

Біздің сыныбымыз спортқа ғана емес, сабаққа да жақсы болды. Ұйымшылдығы да керемет еді. Бірақ жоғары кластарға барғанда қожырап, бірлігіміз де, бір-бірімізге деген жанашырлығымыз да жайына қалды. Оның себебі Жолдасқан, Рыспай, Есімжан, Құрманғазы, Қайдар сияқты шыншыл балалардың мектептен кетіп қалғанынан шығар деп ойлаймын, әйтеуір бірлігіміз өз-өзінен шашырап кетті. Сыныптың көшбасшылары қатарына күлегеш, біреуді мінегіш, жәркелеш балалар шықты. Бір-бірімізге деген сыйластық, жанашырлық, жолдастық кеміді. Тіпті өз арамыздағы кейбір балаларды мазақ қылу, жүйкесін жұқарту болып тұрды. Қыздарымызбен де арамыз суып қалды. Бізге қарағанда интернатқа келгендеріне көп болмаған «Б» мен «В» сыныптарының бірлігі, бір-біріне деген сыйластығы артық болды. Біздің сынып тек оныншының жартысына келгенде ғана естерін жинады деуге болады, осы кезден бастап қана ертең бір-бірімізді сағынамыз-ау деген сезім бастарымызға кіріп, өзара сыйластығымыз аздап артқандай болды...

Сегізінші класта оқып жүргенде Мұхамеджан Дүзенов деген жазушының «Ант» деген кітабын оқығанбыз. Бір күні балалар өзара келісіп, бір-бірімізді бұзақылықтан, жаман сөздер мен қылықтардан тыю үшін сол «ант» деген сөзді айтатын болайық деп уағдаластық. «Антты»

еске салсақ бәріміз де түзеле қалатын болайық деп келістік. Біраз уақыт сол келісімді сақтап жүрген едік, бірақ тоғызыншыға барғанда ол ұмытылды.

Интернатта нешетүрлі қызықтар да болып тұрады. Бірде... Оқытушыларымыз бен тәрбиешілеріміз мектепте мұғалімдер күнін тойлап жатты. Бұл қазан айында болатын мереке ғой. Бала атаулы далада жүргенбіз. Күн біршама салқын, интернатқа кірейік десек вестюбильді жуып жатқан жоғары сыныптың қыздары айғайлап, кіргізбейді. Жаңа ғана жуған сәкілері кепсін деп алаңдап тұрғандары ғой. Ешкіміміз кіре алмай, қараңғы түскен далада, мектеп пен интернат үйінің ауласындағы спорт алаңында жұқа киіммен бүрсеңдеп, тоңып жүрміз.

Бір кезде айғай-шу шыға қалды. Мектептен тәрбиешілерміз жүгіріп келеді. «Жедел жәрдем, жедел жәрдем!» деген дауыстар да естіледі. Не болып қалды екен деп біз де балық үлестіріп жатқандай интернатқа лап қойдық.

Сөйтсек... барлық «қызықты» бастап жүрген менің досым Абай екен. Ол интернатқа кіргізбеген қыздарға ыза болып, төмендеу сыныптың екі баласына екі қолтығына деметіп, «аяғым сынып қалды» деп өтірік жыламсырап, бір аяғын көтеріп секектеп интернатқа кіріпті. Оны естіген үлкен қыздар шошынып, біздің сыныптың екі қызына барып мектептегі тәрбиешілеріңе айтыңдар деп қуады. Ана екеуі желөкпелеу қыздар еді, қол ұстасып жүгірген бойымен мерекелеп жатқан мұғалімдердің үстіне кіріп келіп, «Абай аяғын сындырып алды» деп айғайлайды ғой. Мұны естіген соң директор, завучтан бастап біздің тәрбиешіміз, аға тәрбиеші және басқа сыныптың тәрбиешілері – бәрі өре түрекеліп, интернатқа жүгіреді. Асыққан біреулері «жедел жәрдемге» хабарлап үлгереді...

Бәрі қаптап келсе Абай өз бөлмесінде, аман-сау, қаннен-қаперсіз өзінің шаруаларымен айналысып жүргенін көреді. Келгендердің бәрі жан-жақтан шулап, оған ұрсып береді. Бір жақтарынан қуанған да шығар, бірақ «мұғалімдер күні» мерекесінің шырқы бұзылып, бәрі үйлеріне қайтқан еді. Осы қызық көп уақыт бойы айтылып, ауыздан түспей жүрді.

Осындай қуақылыққа Абай құштар болатын. Кейін өзі де қырық жылдай мұғалім болған Абай сол қылықтарын жиі еске алатын шығар.

Интернаттың сатыр-сұтыр өмірі, сарт-сұрт тірлігі туған үйді, ананың аялаған құшағын, жылы ұяны қатты аңсататын. Сондықтан каникулға шығуды сағынып жүреміз. Мен мектепке келгенде Тауағаш ауылынан біраз балалар оқыды. Оныншы сыныпта Баянды Бостанов, Мафтуха Есімсейітова, Бақытжан Әлібекова, тоғызыншы сыныпта Балабай Құдайбергенов, Бірлік пен Ербол Қазыбековтер, Галя Елеусізова, Серік Нұғыманов, Райхан Шаяхметова, Раушан Қазыбекова, Гүлнәз Сәдуова, Айтаңсық Шоқаева, жетіншіде мен жалғыз, алтыншыда Кебек Қазыбеков, Ескендір Малдыбаев, Мархаба Сәдуова оқыды. Үйге кетерде бәріміз ақша жинап, үлкендеріміз билетті екі аптадай бұрын алып қояды.

Бірінші каникулға барған күнім әлі күнге есімде. Ол кезде Тауағашқа тура жүретін автобус жоқ, сондықтан ауылға ертерек жетудің қамымен Сергеевкаға бірінші кететін таңғы алтыдағы автобусқа билет алғанбыз. Қысып бара жатқан сағыныштың күшімен таңғы бестен тұрып (ол уақытта қаланың көліктері әлі жүрмейді) ұбақ-шұбақ болып жүктерімізді арқалап вокзалға жаяу бардық. «Лаз» маркалы «Турист» деген автобуспен ауылға қарай зулап келеміз. Жұрт ұйықтап жатыр, ал біздің екі көзіміз терезеде. Таң біліне түскен жарықтан ауылдардың көрінісіне қызыға қараймыз. Жаяу жүрген

адам, қарайып жүрген мал болса да ауылды сағынған басымыз көз алмай шұқшиямыз.

Біздің түсетін жеріміз Николаевка ауылы, ол жерден Тауағашқа жетуге тағы көлік керек. Оны уайымдап жатқан біз жоқ, әйтеуір ауылға жақындауды ғана қалап келеміз. Тіпті сол жерден 25 шақырым жердегі Тауағашқа жаяу баруға бейілміз.

Николаевканың аялдамасына қуана түстік. Далада қар жауған, саф ауа. Онсыз да көтеріліп тұрған көңілімізді көк аспанға бір-ақ заулатты. Ойнап-күліп, қуана сөйлеп, қутыңдап, қуақыланып жатырмыз. Біздің ауылға аудан орталығынан сағат төрт кезінде автобус жүреді, ол Николаевкадан кешкі бестерде өтеді. Соған мінуді ойлаған болуы керек, Баянды бастаған шағын топ Николаевкадағы құдаларының үйіне кетті. Кейбір қыздар да бірігіп таныстарының үйінің есігін тарсылдатуға аттанды. Аялдамада кілең ер балалар ғана қалдық, бізден басқа ешкім жоқ, ойын-қызықпен тұрмыз. Бір уақытта Тауағаш жақтан гүрілдеп келе жатқан сары «К-701» көрінді. Арамыздағы Серік Нұғыманов өте тыңғылықты бала еді, сол «бәлені күні, бәлен сағатта Николаевкаға түсеміз» деп үйіне хат жазып жіберген екен. Трактортшы соны қарсы алуға шыққан ағасы Серғали болып шықты. «К-701» жарықтықтың аздап май иісі бар кең кабинасына барлық ер бала сыйдық та кеттік. Біз үшін жаңағы жұмсақ автобустан мұның іші артық болмаса кем болған жоқ. Әңгімені соғып, ақ шаңқанды алаптарды гүрілдеген дауыспен кесіп өтіп, ауылға қарай қуана тартып келеміз...

Келесі жылдарда интернаттағы Тауағаш балаларының саны тіпті көбейді. Енді тіпті ауылға автобус жалдап баратын болдық. Ондайды бастаған тоғызыншы сыныпқа келген Баянбай Бостанов екеуміз едік. Бұл жылдарда Тауағаш аулынан Баянбайдан басқа Қоянбай Бостанов,

Роза Нұрғалымова, Алтай Бостанов, Аяған Жәнібеков, Мұхтар Қазыбеков, Гүлмән Шәймергенова, бұрыннан оқып келе жатқан Ескендір, Кебек, Мархаба т.б. бар. Ал біз оныншыға барғанда мектепті бітіріп кеткен үшеудің орнына тоғызыншыға Мұқаш Қазыбеков, Теңдік Шоқаева, Ләззат Елеусізова, Тойжан Тасболатова, Қанат Жарылғаповтар келіп, менің бастамаммен ауылға автобуспен бару түгіл қайтуға да автобус жалдайтын болдық. Сақылдаған сары аязда таң атпай сөмкемізді сүйретпей, рейске шығатын ауылдың автобусына сыймай, түрекеліп тұрып сүркілдемей, түскі үшке өзіміздің ауылдан алып кетуге қаланың вокзалынан автобусымызды жалдап қоятынбыз. Бұл өте маңызды прогресс болды, ауыл адамдары да біздің бұл ісімізге риза болып жүрді. Басқа бірде-бір ауылдың балалары мұндайды жасай алған жоқ. Ондайдың мүмкін болатынын маған вокзалға, автобус жалдауға барғанымызда сондағы бір қызметкер айтып еді. Әйтпесе мұндайды біз қайдан білейік... Сөйтіп, арнайы автобусқа қол жеткізген біз де біраз уақыт қоқиыңқырап жүрдік.

Ұстаздарым туралы бәлендей ешнәрсе айта алмаймын. Бәрі өз ісін жақсы білетін білікті мамандар болды. Алайда білім беруден, я ұлттық тәрбиеден айрықша есте қалғаны жоқтың қасы. Балалардың намысын қайрап, өжеттікке, өрлікке, ерлікке ешқайсы үндемейтін. Бұл – ұлттық деген дүниені ауызға алуға болдырмайтын сол кездегі орыстандыру саясатының кесірінен сияқты. Олар керісінше мектепке ұят келтірмеуді, «ұлы орыс» халқын сыйлауды, орыстардың алдында тәртіпті болуды, кітапханаға, киноға барғанда шуламауды көп айтып, балаларды бұқтыра беретін. Сондағы қорқатындары – орыс басшылар жамандап қала ма, солар қабағын шытып қала ма деп жасқанудан туған жалтақтық еді. Алда-жалда бір комиссия келе қалғандай

болса да үнімізді шығартпай, аяғымыздың ұшынан жүргізуге тырыстыратын.

Мұғалімдердің бәрі де өздерінің мойнындағы міндеттерін адал атқаруға тырысты. Бәлки жеке балаларға кейбір мұғалімдердің үлгі-өнегесі қатты әсер еткен шығар, таласым жоқ. Бірақ өзімнің жеке дара сүйікті мұғалімім болды деп айта алмаймын. Орыс тілінің мұғалімдері Флора Сұлтанқызын, Рәмзия Әбдірахманқызын тағы басқа біраз мұғалімдерді сыйлайтынмын, бірақ айрықша құрмет тұтпадым.

Солардың ішінен әуелі интернаттың аға тәрбиешісі, артынан, біз оныншыға барғанда сыныбымыздың тәрбиешісі болған Дәметкен Есләмқызы туралы «Егеменге» шамам жеткенше төгілтіп мақала жаздым. Өзімнің сол мақаламнан үзінді келтіре кетейін: «Күндіз сабақтан шаршап келіп, аш буыныңа түскен түскі астан талықсып, бір мезгіл тынығып алу төменгі сынып оқушыларында болмайды, өйткені екі иығын жұлып жеп жүретін бұзықтар ұйықтаған баланы ата жауындай көріп, жастық жіберіп ұруға құмар-ақ. Сөйтіп, өзі де дем алмайтын, өзгеге де дем алғызбайтындармен бірге алысып – жұлысып, бөлмені басымызға көтеріп жатамыз. Бір кезде: «Дәметкен!» деген айғай оқыс шығып қалады. Бұл қауіп келе жатыр, «атас!»деген сияқты дабыл. Өйткені, Дәметкен Есләмқызы біздің аға тәрбиешіміз. Өте қатал адам. Жаңа ғана шашылып-төгіліп жатқан төсектеріміз тастай болып жиналып, орындықтар орнына барып, жастықтар жарасып тұра қалады. Бірақ көтерілген шаңды, жаңа ғана алысып-жұлысқаннан демігіп тұрған өкпемізді баса алмаймыз. Дәметкен тәтеміз бәрін бірден сезіп қалады. Сондықтан онсыз да қату қабағы тіпті түйіліп, тіл қатпаса да өткір көздерімен суық қарайды. Бәріміз де бүгежіктеп, дауысымызды қаттырақ шығаруға да қорқып, жым болып, жаңа ғана бөлмемізден

шыққымыз, мектептегі дайындыққа барғымыз келмей жатқан басымыз кітап-дәптерлерімізді қолтықтап, зу етіп, жоқ боламыз.

Барлық баланы қабағымен ғана ығыстырып тұратын Дәметкен тәтеміздің сол бейнесі жадымызға жатталып қалған еді. Үнемі осыншалық қатаң, тәкаппар қалпынан айнымай, қаққан қазықтай болып тұратын ол кісінің тал бойының бір міні жоқтай көрінетін. Ұзын бойлы, қыпша бел, ашаң жүзді, қыр мұрынды, атжақты, үлкен қара көзді апайымыз – қазақтың хас сұлуы дерлік болатын. Ол әрқашан да бір қалпынан жаңылмай жүретін. Тіпті, төбесіне түйіп қоятын ұзын шаштарының да бірде-бір рет тарқатылғанын көрмеппіз. Қолдарын кеудесіне айқастырып, арқасына ұзын түбіт шәлісін жамылып тұратын әдеті де ешқашан өзгерген емес.

Баламыз, бала болсақ та бәлеміз. Талай мұғалімнің ішкі сырын, үй-ішін, тыныс-тіршілігін де біліп алғанбыз. Алайда, Дәметкен тәтеміз бізге өзінің ішін ашпады. Тек оның күйеуі жоқ, қолында кәрі шешесі мен жас баласы бар екенін ғана білдік. Оның домбыраның шегіндей тартылып тұратын тәкаппар қалпы өзін ешқашан да мүсіркетпейтін, ол тіпті бізге пендешілік қиыншылықтың бәрін де еңсеріп тастайтын тастан жаралған жандай көрінуші еді. Біз мектеп бітіретін жылы Дәметкен тәтеміз аға тәрбиеші болып жүрген қызметінен шығып, біздің сыныптың тәрбиешісі болып ауысты. Осы жылы ғана оның мінезі біршама жұмсарып, бізге тіпті әзілмен сөйлейтін әдемі қылықтарын да көріп жүрдік. Тіпті, жан-дүниесі бай, сыры мол, сипаты терең жан екенін де аңғарып қалдық. Оның бұл мінездері бізді есейген, бәрін түсінетін адам қатарына санап, санасып жүргені екен. Осы жылы оның әзілге жүйрік, сөзге ұста екендігін де байқап қалғанбыз. Мектептің басшылары біздің сыныптастардың кейбір қылығын шаға бастаса,

Дәметкен тәтеміз әзілге шаптырып, бойға дарытпай, бізді қорғап қалатын. Бір күні қатты жүгіріп келе жатып мектеп директорының орынбасары Жақсылық ағайды соғып кеттім. Ол кісі біздің сыныпқа келіп: «Бүгін мына балаңыз мені соғып, құлатып кете жаздады», деп шағым жасай бастағанда Дәметкен тәтеміз: «Жақсыбай соққанға құласаңыз, Жомарт (ішіміздегі дәуіміз) соқса ұшып кеткендей екенсіз-ау», деп өзінің замандасын ұтымды әзілмен түйреп, сонша әлсіз бе едің дегенге келтіретін күлкімен ұялтып тастаған еді. Ағамыз қызарып кетіп, айтарға сөз таппай, жымиып күлгенді ғана білді. Мұндайда әрине, менің әбес қылығым артта қала берді...

Сөйткен Дәметкен тәтеміздің өмір жолымен енді ғана терең танысып, оның маңдайына жазылған тағдырдың талайын енді ғана тереңдей біліп отырмыз. Дәметкен Есләмқызы текті жердің ұшқыны, аталы ауылдың тумасы екен. Тал бойына бір мін жұқпай жүретіні де содан шығар-ау. Арғы атасы Айтбай қажылық парызын да өтеген жан болып шықты. Ата-қоныстары қазіргі Есіл ауданындағы «Бай Еңбек» деген ауылдың тұсы екен. 1928 жылы ұрдажық өкімет елдің құтпан байларын, елге тұтқа боларлық тұлғаларының бәрін мұрындарынан тізіп, тегіс Көкаралға айдады емес пе? Олар орта дәулетті тұрмысы бар Есләмді да ірі байлардың қатарына енгізіп, мал-мүлкін тәркілейді. Өзі басқа ағайындарымен бірге ішке қашып, бас сауғалауға мәжбүр болады. «Шолақ белсенділер» енді мұнда қалған әйелі мен бала-шағасына да күн көрсетпей, киім-кешектері, көрпе-жастықтарына дейін тартып алады. Мұндай қысастықтарды естіген соң тәуекелге бел буып, Есләм отбасын бір түнде көшіріп әкетеді. Содан, ит тұмсығы батпайтын қалың Тайганың аң болмаса адам аяғы баспаған сазды, батпақты, сорлы жерлерін

кеше отырып, алыс қияндарға сүңги береді. Суық пен аштықтан жолда бірнеше жас баласы өледі. Сондай азаппен Есләмнің отбасы 1930 жылдан 1942 жылға дейін Сібірдің Кемер, Краснояр, Том, Ачин қалаларының дәмін татуға мәжбүр болады. Бір жерге сіңіп, енді отыра бергендерінде «шолақ белсенділердің» қиқуы жете береді, сондықтан жаңа жерге қоныс аударуға тура келеді. 1942 жылы отағасы толассыз қуғынның, азап пен сордың салдарынан айықпас дертке ұшырап, көз жұмады. Отбасының барлық ауыртпалығы аналары Гүлжауһардың мойнында қалады. Сонда ең кішісі Дәметкен 3 жаста ғана екен. Сібірде асыраушысыз өмір сүруге болмайтынына көзі жеткен ана шиеттей бес баласын ертіп, қаншама азапты кеше отырып, елге оралады. Бір ұлы пойыздың ашық-тесік, суық вагонында дертті болып, ол да жан тапсырады. Жалпы саны 11 құрсақ көтерген екен, соның ішінде 5 ұлы мен бір қызын қуғынның құрбаны қылған қайран ана қалған қыздарын адам санатына енгізгенше дамыл таппайды. Соғыс жылдарында елде де жаппай қиыншылық, аштық, нанның нормамен берілетін кезі. Әйтеуір, Қызылжарда тұратын ағасы Зұлқарнай қалаға көшіріп алып, қолынан келген көмегін жасайды. Қанша таршылық, қысастық, ашқұрсақтық болса да жас ана Алладан үмітін үзбей, бес уақыт намазын қаза қылмайды. Соның арқасында шығар, қыздарының бәрі де иманды, тәрбиелі, ел сүйінгендей, дұшпан күйінгендей жақсы азаматтар болды. Жалғыз ананың тапқан мардымсыз жалақысын талғажау қылып, аса қиын тұрмыста өссе де мектепті жақсы бітірген Дәметкен 1957 жылы Петропавл педагогикалық институтының биология факультетіне оқуға түседі.

Үлкен қыздар өмірден орнын тауып, үйлі-баранды болып кеткенде басқа түскен ауыр қиыншылықтардан

сырқат болып қалған анасын аяп, жалғыз тастамаспын, оның бізге сіңірген еңбегін ақтармын дегенді жүрегіне серт етіп ұстайды. Сондықтан да өзіне қырындаған талай боздақтың махаббат жырын бойына дарытпай, тәкаппар сұлу атанып жүреді. 1962 жылы институтты бітірген соң Дәметкенді оқу орны Есіл ауданындағы Бұлақ ауылының мектебіне жібермек болады. Жас қыздың анам ауру еді, бағатын ешкім жоқ, мені қалада қалдыра көріңіздер дегеніне ешкім құлақ аспайды. Ол кезде жіберген жерге бармасаң, дипломыңды жарамсыз деп тануға болатын да заң болған. Алайда, тағдырдың басқа салғанына оп-оңай көне қоятын Дәметкен бе, ол денсаулық сақтау органдарының есігін тоздырып жүріп, сырқат анасын бағатын кісі ретінде ақыры басына еркіндік алады. Сөйтіп, қаладағы өзі оқыған жалғыз қазақ мектебіне тәрбиеші болып орналасады.

Осы жылдардан бастап бойына сіңірген адамгершілік қырларына жол ашқан педагогтік қызметі басталады. Оның ішіндегі ең басты қыры – әлеуметтік әділет пен моральдық-психологиялық жағынан алғанда адамның бойындағы ауыртпалықты жан дүниесімен қабылдайтын сезімталдық еді. Тәрбиешісін жақыннан таныған жастың бәрі оның осы екі қасиетін айрықша бағалайды. Соның арқасында бесінші сыныптан қабылдап алып, мектеп бітірткен ең алғашқы шәкірттері 60-тан асқандарына қарамай, оны әлі күнге ұстазы тұтып, туған аналарындай құрметтейді. Бірақ бұл қасиеттерін ол сыртқа шығарып, әйгілеген емес, тек ісі мен тәлімі арқылы ғана білдіретін. Бәрін де ішінде сақтап, тек педагогикалық талаптарды ғана қатаң талап ететін. Сондықтан «қатал Дәметкеннің» бойындағы көп қырын көптеген оқушылары білмей де қалды.

Әрине, қазақ ұжымында істеп, оның үстіне таныс-білістері де көп болған сұлу қыздың соңынан қалмай,

ғашық болған жандар аз емес-ті. Тіпті, ананды қимасаң қолыңа кіруге дайынмын деген боздақтар да болған. Бірақ есті қыз өз жүрегі қалаған жанды ғана тосады. Ақыры, ондай жан да кездесіп, тағдыры өзімен ұқсас қостанайлық Мирас деген жігітке тұрмысқа шығады. Мұның атасы да репрессияға ұшырап, әкесі балалар үйінде тәрбиеленген екен. Ол атақты Ілияс Омаровты да жақсы білетін білікті адам болады. Сөйтіп, балалық шақтың қызығын көрмесе де өзі қалаған жанға тұрмысқа шығып, шешесін де қолына алып, Дәметкен апайымыздың бағы ашылғандай – ақ екен. Алайда, тағдырдың оған салған сынағы әлі таусылмапты. Бір жылдан сәл артық қана бақытты ғұмыр кешіп, сүйген жары айықпас дерттен көз жұмады. Қолында қалған 11 айлық ұлымен Дәметкен тәтеміз қайтадан Қызылжарға көшіп келеді.

Бұл 1969 жылдың күзі болатын. Мұнда келген соң ол тағдырдың басқа салғанына налып, үйінде отырып қалған жоқ, бірден өзінің ұшқан ұясы – интернатқа қайтадан жұмысқа кіреді. Алайда, бұл жолы оның мойнында бір емес, екі адамды бағу міндеті тұрды. Өйткені, анасы Гүлжауһар Сібірде кешкен қара суық пен ызғардың кесірінен буындары қабынып, аяғын баса алмайтын. Батпандап кірген кесел оны 1963 жылдан бастап 24 жыл бойы дертті қылады. Ал соңғы 11 жылында тіпті төсекке таңылып, өздігінен тұра алмайтын халге жетеді. Балалықты көре алмадым, енді көзім ашылған шығар деп ойлаған апайымыз сөйтіп жастықты да көрген жоқ. Ол барлық өмірін, бал татар қызықты шақтарын осы екі жанды бағуға жұмсады. Бірі жас, бірі кәрі – екі адамды міндетіне алған апайымыз ешқайда мойын бұруға шамасы болмай, өз қызметі мен толып жатқан қоғамдық жұмыстардан босаған бойында, алды-артына қарамай үйіне тартатын. Өйткені, олардың тамағы,

кір-қоңы, дәрі-дәрмегі, баланың сабағы, киім-кешегі – бәр-бәрін сақадай сай қылу керек-ті. Ал ертесіне оны тағдырлары әртүрлі болғандықтан, әрқайсысына ерекше назар аударуды қажет ететін интернат балалары күтіп тұратын. Олардың бәріне бірдей мейірім шуағын төгіп, ерке қылықтарын көтеруге мүмкіншілік те жоқ. Сондықтан да көптеген балалар Дәметкен тәте қатал деп жоритын. Оның кей-кейде дауысы ащырақ шығып, саңқ-саңқ етіп ұрысқанын естісе «қалай қатты еді» деп қорқатын. Дәметкен тәтеміздің өзі қатты емес еді, оның тағдыры қатты болды. Осындай тағдырға қатаң болмасаң, бәлки төтеп те бере алмас едің.

Біраз жыл апайымыз жергілікті билік органдарында да қызмет етті. Бұл жерлерде де ол шашасына шаң жұқтырмай, асыл қалпынан айнымай өтті. «Жалғызілікті ана» деген жеңілдіктің даңқы зор еді ғой бір кезде. Сол жылдары бірге қызмет істеген бір орыстың әйелі мен «жалғызілікті анамын» деп көптеген жеңілдіктер алып, ұжымға сататын қат дүниелерді де бірінші алып, омыраулап жүреді. Бір күні оған Дәметкен тәтеміз: «Е, мен де жалғызілікті анамын» дегенде анау көзі шарасынан шығып: «Как так? По вас не видно!» деп қатты таңғалыпты. Қазақ әйелдеріне тән қайраттылықпен Дәметкен тәтеміз өзінің зар күйін ешқашан да, ешкімге де шаққан емес екен. Ылғи жайнап, жарқырап жүретін оны сондай екен деп ешкім де ойламапты. Әрине, жеке басын бақытты етемін десе, жоғарыда айтқанымыздай, апайымыздың ақылына көркі сай болатын. Күйеуі жоқ сұлу келіншекке сөз салғандар да жоқ емес еді. Алайда, Дәметкен Есләмқызы баласы Бақыттың «сен біреуді есіктен кіргізсең, мен терезеден секіріп кетемін» деген сөзін жүрегіне бек тұтып, барлық көрер қызығын баласы мен анасының жолына сарп етті. Ал мұндай өмірге ер – азаматтардың бірі де шыдай алмас еді. Сондықтан

да мұндай әйелдердің қажыры мен қайратына бас ию керек. Бүгінде Дәметкен апайымыз ақ желекті әже, ақылды ана. Құдайға шүкір, Бақыты үмітін ақтап, жақсы азамат болды. Қазір анасын әлпештеп отыр. Әлихан, Санжар деген екі немересі бар Дәметкен апайымыз енді тым болмаса қарттықтың қызығын көріп, бақыты баянды болып, аман отырса екен дейміз».

Дәметкен апайымызды қатты сыйлағандықтан ол туралы осы мақала жазылған еді. Оқығандардың бәрі разы болды. Ал сыныбымыздың жетекшісі Альбина Абдразакова деген орыс әйелінің келеңсіз қылықтары есімде көбірек қалды. Өзі ағылшын тілінен беретін. Қазақ ортасының жуастығын пайдаланып, еркінсіп, арасында халтура да жасап, жүгенсіз шалықтап, ешкімнен айылын жимай, емін-еркін жүретін. Қалай рұқсат алатынын кім білсін, бір оқу жылында бізді практикантқа тастап, өзі Жерорта теңізіне кememен круиз жасауға аттанды. Келген соң бізге жарытып әңгіме де айтқан жоқ, тек кеңестік идеологияның шатпағын соға берді. Оның айтуынша бұлардың круиз кемесіне мұғалім, дәрігер, жұмысшы сияқты қарапайым адамдардың мінгеніне шетелдіктер қатты таң қалыпты. Олардың ойынша мұндай кемеге тек бай адамдар ғана мінуге тиіс екен. Соны айтып біздің қоғамның әділетті екенін, қарапайым адамдарға қамқорлық жасайтынын әңгімелеуге тырысатын. «Социализм құндылықтарын» асыра бағалағанына қарағанда сол әйелдің өзі де КГБ-ға қатысы болды-ау деймін. Оның үстіне ағылшын тілін білетіндіктен басқа туристердің шетелдіктермен қандай әңгімелері болғанын бақылау туралы тапсырма да алуы мүмкін ғой. Ол кезде сексот (секретный сотрудник) дегендер барлық мекеме-ұжымдарда болатын. Оқу жылының қақ ортасында круиз жасауға рұқсат алуының

да осындай сыры бар ма деймін осы күні. Ал күйеуі Абдразаков деген татар, ұшқыш болатын.

Жаңа сабақ түсіндіру деген ол кісіде мүлде болмайтын, тек балаларды қатты қуып, өзіміздің оқып алғанымызды талап етіп, қысып сұрайтын. Кейбір намысты балалар оның еркінсігеніне бағынбасақ, төменгі баға қоя салып, азаптайтын. Әлі есімде, бізден екі сынып жоғары оқыған, сабақ үлгерімі өте жақсы Төлентаев Нұржанға басқа сабақтан бірде-бір үші болмағанына қарамай тоқсандыққа екі қойып жіберген еді. Бұл барлық мектеп үшін төтенше оқиға болды, бірақ сол әйелге ешкім де ешқандай жаза қолдана алмады... Бірде ол үйінен қою жасыл түсті, қолданудан қалған ескі сырын әкеліп, бізге партамызды сырлатты. Жарқырап, жарықты шағылыстырып тұратын түс емес, оны бойына сіңіретін өңсіз түс болған соң соның кесірінен класымыз күңгірт тартып тұратын еді. Соған да ешкім ләм-мим деп ескерту бермегенін сезіп жүрдік.

Математик Ғиззат Ақбидаев пен физик Шәміл Құсайынов ағайларымыз өзі ісіне әбден берілген мамандар болды. Екеуі де сабақты барын салып түсіндіретін. Бірақ сол екеуіне де мен еліге алмадым, бәлки қабілетімнің жетпегендігінен шығар. Ал ауыл мектебінде жүргенде осы екі сабақтан берген Түменбай Сәрсенбаев ағайымызды жақсы түсініп, кластағы ең үздік бала болған едім.

Ақбидаев марқұм бірде маған практикалық есеп бергені әлі есімде. «Айталық, ауылыңның агрономы саған тапсырма беріп, жаздыкүні құрғап кеткен көлшіктің орнына өскен шөптің көлемін білу үшін ауданын есептеп бер деді. Соны қалай шығарар едің», деді. Мен шеңбердің ауданы PR квадратқа тең екенін айтып, радиусты өлшейтінімді айттым. «Ал, дұрыс, енді радиусты қалай табасың», деп шұқшиды ол. Мен саржанмен шабындықтың ортасына дейін өлшейтінімді

айтып едім, «ал ортасын қалай табасың» деп тықылықтап, жауабыма қанағаттанбай қойды. Ақыры жауабын өзі айтып, көлшіктің суы тартыла-тартыла ортасы саз болып қалатынын, шеңбердің ортасы сол екенін айтып, соны да білмейсің, «сендейді буквоед» дейді деп мені еш кінәсіз бүкіл кластың алдында қатты сөкті. Марқұмның кейде осылай, балаларға басынатын, ұялтуға тырысатын келеңсіз мінездері де болушы еді. Бірде кластас досым Алтай Жуанышпаевты тақтаның алдына сабақ сұрап, дұрыс айтып тұрғанын қайта-қайта жоққа шығарып, қатты ызасына тигенде бала шыдай алмай айғайлап жіберген еді... Тағы бірде Ибрагим Мәжікеевтің де шамына тиетін сөздер айтқаны есімде. Сондай бір қисынсыз жымысқылығы бар еді, жарықтықтың. Өзінің оң қолы кем, бірақ тақтаға сол қолымен жазғанда тағалаған жорғадай зуылдататын.

Шәміл Құсайынов II Дүниежүзілік соғысқа қатысқан, майдангер. Жүзін жылыға салып жүрсе де мінезі ауыр. Көп сөйлемейді. Денесі зор, еңгезердей, түсу суық, ұлты татар. Басы жалтыр, ұзын мұрын, көзі үлкен. Сөйтсек соғыс уақытында ол тұтқынға түсіп, тағдырдың талайын бастан кешкен екен. Тұтқыннан қашып шығып, француздардың қарсылық қозғалысына қатысыпты. Олардан алған «Үлкен крест», «Кіші крест» деген медальдары да болып, оларын музейге тапсырыпты. Бір күні Күлшара тәтемнің үйіне кетіп бара жатып музейге кіргенде алғашқы болып оларды мен көрдім. Балаларға айтып келіп едім, келесі жексенбіде біразы арнайы барып көріпті.

Ағайымыз француздың кейбір сөздерін де айтып қалатын. Бір күні токтың тұйықталуы деген сабақта Есілбай Омаровқа тоқ көзі, реостат, шам және т.б. болатынын айту керек болды. Есекең оларды қайдан есіне сақтасын, жалтақтап сыныпқа қарайды. Балалар

сыбырлап отыр. Ағай реостат бар ма дейді, балалардың сыбырымен Есілбай бар дейді, шам бар ма, тағы да сол. Ток көзі бар ма, «бар» дейді Есілбай жұрттың сыбырын қайталап. Сосын ағай «салдисон» бар ма деп еді, оның не екенін білмесе де бір қулар «бар-бар» деп сыбырлады. Есілбай олардың сөзін тотықұсша қайталап «бар» деді. Сонда Шәміл ағай «міне, саған бар» деп шоқпардай жұдырығын Есілбайға көрсетіп, «отыр, екі» деген еді. Балалар ағайдан салдисонның не екенін сұрап едік, оның французша колбаса екенін айтты...

Кеңес өкіметі деген еш адамға сенбейтін, бір сұмпайы билік болды ғой. Шәміл ағамыз француздармен бірге болғандығы үшін сол жылдарда үнемі бақылауда жүреді екен. Арнайы күндерде КГБ-ға барып, «қашып кетпегенін» көрсетіп, тіркеліп тұратын көрінеді. Біз оның басында осындай трагедия барын қайдан білейік, оның тұнжырап жүрген түрінен жасқанып, қатал адам екен деп ойлайтынбыз.

Қазақ әдебиетінің бесаспап маманы Мәриям Мырзатаева апайымыз біздің тұсымызда белсенділігі аздап төмендеп қалған жан болды. Ол бізге тек оныншы сыныпта ғана келген, оған дейін Гүлмайдан Есполова деген бір тым жуас апайымыз оқытқан еді. Бір сарынды, бір қалыптан айнымайтын, жан толғанысы сезілмейтін апайымызды тыңдауға біз де самарқау едік. Әйтеуір апайымыз біздің әдебиетке деген құлшынысымызды оята алмады.

Біздің әдебиетке деген енжарлығымызға, ағыл-тегіл ұмтылысымыздың жоқтығына Мәриям апайымыз ыза болып, қатты ұрсатын. Ал өзі самарқау болса да әдебиетке деген кең тынысының барлығы сезіліп тұратын. Бірақ сонысын бізге тереңдеп ашпады. «Сендер сияқты мырқымбайлардан не шығар дейсің, әуре болып қайтемін» деген болуы керек. Бірақ, өзінің әріптесі болған,

университетті бір жыл бұрын ғана бітіріп келген жас мұғалім Әлия Малдыбаева тәтемізге мен туралы жақсы пікір білдіріпті. Оны Әлия апайымыздың өзі бір жиында айтты. Жарықтық: «бірдеңе шықса осы сары баладан шығады, басқаларынікі неғайбіл» деген екен... Оған оныншы сыныпты аяқтап келе жатқанда, бірде менің сабаққа жақсы жауап бергенім де себеп болған шығар. Кезекті бір сабағында ол М.Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясындағы жағымды кейіпкерлер образын роман бойынша айтуды сұрады. Жүрегіме жата кеткен романды мен жақсы білетін едім. Ол кездегі жадымыз да жаңғырып тұрған кез ғой. Апайымызға «Абай жолындағы» Абай, Ербол, Тоғжан сияқты жағымды кейіпкерлер туралы айтылған бірнеше бетті сарнатып, жаңылмай айтып бердім. Артымда отыратын қыздардың бірі – Жумина Гүлнәр менің жауабымды эпопеямен салыстырып отырған екен, артынан маған таң қалып, кітаптың бірнеше бетін жаңылмай, жатқа айтып шықтың ғой деген еді.

Мәриям апайымыз оқулықтағы талдауларға, сындарға мән бермейтін, бізден түпнұсқаның өзін сұрайтын. Оған оқушының оригиналды білгені қымбат еді, осы күні соның өзі дұрыс тәсіл ме деп ойлаймын. Кейбір балдыр-батпақ талдаулар мен сындарды оқығанша түпнұсқаны білгеніміз артық қой. Мәриям апай менің жауабымды бөлмей, қосымша сұрақ бермей, аяғына дейін үн-түнсіз тыңдады да: «Міне, емтиханда осылай жауап берсеңдер болады» деп бесін қонжитқан еді...

Оныншы сыныпта «Жалпы биология» деген пән болды. Оны бізге мектеп директорының орынбасары Жақсылық Ғалиев оқытты. Өзі сыпайы, көркем мінезді, кісілікті, текті жан. Бірақ оқушыларға қатал талап қоятын. Чарльз Дарвиннің адамзаттың қалай пайда болғаны туралы шатпағын осы Жақсылық ағамыздың

арқасында басымызға қатты сіңірдік... Адам тектес маймылдың эволюциялық жолмен даму арқылы адамға айналғанын қызыға тыңдайтынбыз. Бірақ бұл теорияның дұрыс емес екенін айтушылар қазір өте көп. Әсіресе, дүниені жаратушы Құдай деп білетін діндарлар оны жоққа шығарады.

Тоғызыншы бітіретін оқу жылының аяғында, мамыр айының басында біздің үш сыныптың ер балаларын алғашқы әскери дайындық пәнінің бағдарламасы бойынша «бескүндік» деп лагерьге апарғаны есімде қалды. Онда мылтық ату, кедергілерден өту, жүгіру, автоматты бұзып-жинау және т.б. әскери тәртіптермен теория емес, іс жүзінде таныстырды. Орысша «подъем», «отбой», «тревога» деген командаларды кезекшілердің қай уақытта, қалай пайдаланатыны да айтылатын. Бірде Василий Петрович Думан деген балаға: таңертең жұртты қандай команда беріп оятасың дегенде қапелімде «подъем» аузына түспей қалған анау: «кончай ночевать!» деп айғайлаймын дегеніне көп уақыт күліп жүрген едік.

Осы «бескүндік» Алтай Жуанышпаев екеумізге рахат болды. Алтай сол жылы соқыршегіне ота жасатып, дене тәрбиесінен босатылған. Екеуміз басқа жұрт тұрып кеткенде әлі ұйықтап жатамыз, сосын тамағымызды ішіп алып, Есілден балық аулайтын едік. Кішкентай шабақтарды бір шелекке салып аспазымыз Мәймүнә апайға алып келеміз. Ол кісі бізге балдай қылып қуырып беретін. Суға түсуге әлі салқын болатын, ал басқа демалысты сол бес күнде молынан кешіп, сабаққа оралған едік. Алтай екеуміз ұзақ уақыт сондағы қызықтарды еске алып жүрдік. Тіпті одан кейін екеуміз де балықты сәтімен аулап көрмеппіз...

Келесі жылы мектепті бітіріп, үлкен өмірге қадам бастық. Содан бері 45 жыл өтіпті. Бозбастығы арылмаған

бозбалалар бүгін алпыстан асқан шал болдық, бір жымиғанымен жанынды қоярға жер таптырмайтын жұтынған сұлу қыздар сарқарын бәйбіше болды. Өмір өтіп барады, тағдыр жетіп келеді. Талай боздақтарымыз бұл өмірден де көшіп кетті. Алдымен класымыздағы ерте есейген, бәрімізден ерте түлеген Жолдасқан Жұсыпов кетті. Сенен қалмаймын дегендей онымен дос болып жүретін Тоқжігіт Өмірсейітов те марқұм болды. Одан кейін Есімжан да бұл жалғанның есігін жапты. Жаны бір жерге тұрақтамай, алысумен ғұмыр кешкен Тоқтарбек досымыз да 45 жасында жалған дәмін тауысты. Осы биыл бізбен аса жақын араласпай, саяқ ғұмыр кешкен Серік Махметов те қайтпас сапарға аттанды. Осы жолдарды жазу барысында Ғарифолла (Қапаш) Құрсақовтың да бұл дүниеден аттанғанын естідік... Марқұмдардың жандары жәннатта болсын! Қалғандарымыз аман болып, жарық дүниенің қызығын молырақ көруге Алла нәсіп етсін.

Осымен интернат жайлы әңгімемді аяқтаймын. Кейбір іншектерім интернат туралы жазсаңшы деп тілек айтып жүреді. Менің осы айтқандарыма олар риза болсын, басқа не айтып езе берейін, өтірік жазуды жүрегім қаламаған соң қаламым жүрмейді...

Алғашқы мамандық

Біз мектепті 1977 жылы бітірдік. Аттестатымда үш болмаса да жоғары оқу орындарының біріне баруға жүрегім дауаламады. Икемім әдебиет жағында болса да ҚазМУ-ден басқа жерде ондай оқу болмағандықтан Алматыға баруға батылым бармайды, өзіме өзім сенімсіз болдым. Әттең Алматыда, сол жылдарда бір білікті тамыр-танысымыз болмады ғой. Егер болса дәл сол жылы филфактың жанынан араб тілі бөлімі ашылғанын айтар еді. Алғаш рет ашылған соң оған сол жылы барушылар да аз болып, мектепті үшпен бітіргендердің өзі де түсіп кетіпті. Егер сол жылы барып, түсіп кеткенде ғой... бәлки қазір араб елдерінің бірінде елші болып жүрер ме едім деп те қиялдап қоямын...

Жоғары оқу орнына барудың жоспарын радикалдық әдіспен шештім. Ауыл баласымын, ауылға керек мамандыққа барайын дедім де Целиноград ауылшаруашылығы институтының экономика факультетіне бардым. Агроном, инженер, зоотехник, веттехник дегендер жұмысшымен бірге жұмысшы болып таң атпай трактористермен, малшылармен бірге жүреді деген сөздер есімде болатын. Одан да оқыған соң кеңседе, таза, жылы орында отыратын экономист немесе бухгалтер болуды дұрыс деп санадым. Оның үстіне денсаулығымда да кінәрат бар, маған керегі тыныш жұмыс қой деп ойладым. Соның ішінде бухгалтер дегенді

әйелдің жұмысы деп аса ұнатпаймыз, ал экономист нағыз қол деп ойлап, осы қызметті қаладым.

Институтқа түсерде бірінші емтихан математикадан ауызша болды. Оны қазақша тапсырып, төрт алдым. Екінші емтихан орыс тілінен диктант еді. Тапсырған он сегіз баланың екеуінен басқасы тегіс құладық. Әдейі құлатты деп айтуға болады. Бір орыстың әйелі мәтінді қасақана жылдам оқып, бір сөзді екінші рет қайталамай – бәрімізді тоңқалаң асырды. Мақсат – қазақша оқығандарды құлатып, ауылына жіберу болса керек. Сол диктанттың тақырыбы да әлі күнге есімде: «Лебединое озеро» деп аталған болатын. Өте қиын мәтін. Ана сұм әйел жіңішкелік белгісі жоқ жерлерді әдейі, қасақана жіңішкерте оқып, ал жуандық белгісі қойылмайтын жерді қатаңдатып өзі де сасып отырған бізді одан әрман шатастырып, әйтеуір мақсатына жетті...

Он алты баланың арасынан бір пысықайлар табылып, кассациялық шағым береміз деп топырлап ректорға бардық. Ол кезде ректоры Гендельман деген бір еврей екен. Хатшысы бүгін қабылдамайды ертең келіңдер деді. Ертесіне келдік пе, келмедік пе, есімде жоқ, әйтеуір түк шығара алмадық.

Ол кезде техникумдардың емтиханы институттан кешірек жүретін. Құжаттарымды құшақтап сол институттың қасындағы қаржы-экономикалық техникумына келдім. Мұнда екінші рет емтихан тапсырып, математикадан төрт, орыс тілінен үш алып техникумға түсіп кеттім. Орысша аббревиатурасы ЦФЭТ (Целиноградский финансово-экономический техникум) деп аталатын сол оқу орнының оныншы сыныптан кейінгі мерзімі бар болғаны 1 жыл 10 ай еді. Оған менен басқа сол жылы мектепті бірге бітірген Бәтес, Күлпән және «В» класынан Жәния деген қыздар түсті. Ал кластастарым Алтай Жуанышпаев пен «Б» класынан Бейбіт

Сағынтаев инженерлік құрылыс институтына, Жомарт Дәулетов, Айдай Әлібаева, «Б» класынан Ардақ Боржабаева және «В» класынан Қайырбек Жолдасбаев ауылшаруашылығы, Зайра Оспанова педагогикалық институтқа, ауылдасым, досым Аяған Жәнібеков құрылыс техникумына түсті. Сөйтіп, интернатты бірге бітірген кластастардың өзі Целиноградта бірғауым ел болдық. Артынан, оқу басталған соң мен қолым боста Алтайға, Аяғанға барып тұратынмын. Кейде жақын жердегі Жомарттың да халын біліп тұрдым. Анда-санда олар да маған келеді.

Қыркүйек айында ауылшаруашылығы жұмыстарына аттандырды. Бұл жерде науқасым туралы медициналық анықтамамды көрсетіп, қалғым келмеді. Сондықтан жұртпен бірге Макин ауданындағы Колоколовка деген жерге картоп жинауға бардым. Арамызда 2–3 орыс пен бір неміс, бір поляк баласы ғана бар, қалғанымыз түгел қаракөздерміз. Картопты трактор қазып кетеді, ал біз қолмен жинаймыз. Осында 31 бала бірге жаттық. Клубтың ғимараты болды-ау деймін, әйтеуір бір кең бөлмелер еді. Біздің артымыздан тағы 11 баланы әкелді. Оларды МТС-тің ішіндегі демалыс бөлмесіне орналастырды. Әрине, жылы су жоқ, бөлмеміз суық, бірақ жастықтың қызуымен аңғармаймыз. Таңертең мұздай суға жуынып, жұмыс киімімізді іле салып, асханаға тартамыз. Қыздар асхана жақтағы бір ғимаратта болды. Күзге қарай күн суытып, лайықты киімдер алмаған басымыз бүрсеңдеп жүретін едік.

Осында маңғыстаулық Бәлібек, ақтөбелік Көпбай және басқа да сол жылы оқу бітіргендермен жолдас болып жүрдік. Әскерден келгендер, тіпті біраз жыл өндірісте істеген ересек жігіттер де көп болды. Олардың көбі еліміздің батыс облыстарынан келгендер еді. Орал, Ақтөбе, Гурьев (қазіргі Атырау), Маңғыстау,

Қостанайдың балалары көп болды. Солтүстіктен мен жалғызбын, Көкшетаудан 2–3, Павлодардан 2–3 бала болды. Оңтүстіктегі Жамбыл, орталықтағы Жезқазған облыстарынан 1–2 баладан болғанымен Семей, Шымкент, Қызылорда, Алматы, Талдықорған жағынан ешкім болған жоқ.

Бәлібек әнші, гитарада да ойнап қояды. Өзі орта бойлы, ашаң, аққұба, сымбатты бала, сондықтан қыздарға да өтімді. Екеуміз үнемі бір қатарды алып жүреміз. Балалығымыз көп, көбіне әңгіме соғып немесе картоп атудан жарысып, отырып қаламыз. Жұмысымыз да өнбей, артта қалып жүрдік. Кейбіреулерге картобы аз қатар кездессе, екеумізге үнемі картобы өнік, әрі үлкені кездесіп, шелегіміз тез толып қала береді. Соған жынымыз келіп, кейде картопты қара топыраққа көміп кетеміз. Жалғыз біз емес, көбі сөйтеді. Артынан біз өткен жерлерді жергілікті тұрғындар қайта жинап, қап-қап картоп жинап алып жатқандарын көрген едік.

«Колоколовкада» қазақ шамалы ғана, кілең басқа ұлт өкілдері тұрады, сол бір айда бір-екі ғана қазақ көрдік. Көбі тың игеру жылдарында келгендер мен солардың ұрпақтары. Түсі сарының бәрін орыс дейміз ғой, сөйтсек арасында мордва, украин, беларустар да бар екен. Әрине, ауылдың жастары бізге қожаңдағысы келеді, қыздарымыздың жатақханасын даториды. Бірде егіс басында үлкен төбелес болды. Ішіп алып тиіскен жергіліктілерге біздің балалар жақсы тойтарыс беріп, жанжақтан картоппен атқыладық, аналар бізді машинамен қуып, қыздарымыз шыңғырып, кең дала у-шу болды. Ертесіне милиция келіп, аналардың біразын ұстады. Осыдан кейін олардың арасынан бізге көз алартқандары болмады.

Аптасына бір рет, жексенбі күні демалыс береді. Ол күні улап-шулап қыздардың жатақханасына барамыз.

Арамызда нелер бір әнші, өнерлі жастар бар, солар кезекпен ән айтады, музыканы қойып билейміз, ойындар ойнаймыз, әйтеуір көңілсіз емес. Қыркүйектің қара суығында картоп жинап, қолымызға 86 сомнан алғашқы еңбекақымызды алып, қазанның онында басталатын оқуға дейін үйге қайттық.

ЦФЭТ-тің әлеуметтік жағдайы біршама жақсы болды. Барлық балаға жатақхана берді. Қыздар жататын үлкен жатақханада жақсы асханасы да бар. Ұл балалар Монин (қазір Есенберлин) көшесіндегі бесқабатты үйдің жайлы пәтерлеріне орналастырылдық. Ескілеу болса да ыстық су, суық суы, ваннасы бар екі бөлмелі жайлы пәтерлерде алты баладан тұрдық. Рахымбаев Қанат, Майбасов Әліқұл, Қасымов Серік, Сапар (фамилиясын ұмыттым), Жаныспаев Қайролла деген балалармен тұрдық. Соның ішінде Серік әскерге әлдеқашан барып келген, бізден 5–6 жас үлкен жігіт еді. Қалғандарымыз сол жылы мектеп бітіргендерміз. Тамақ істеуді де алғаш осында үйрендік. Асүйде газ жанып тұрады, суың қасында, ас істемейтін несі бар?

Оқу қиын емес, бірақ орыс тіліне шорқақ болғандықтан көбін түсінбейміз. Мемлекеттік кірістер, оларды төлеу, жинау, бөлу мәселелерін оқытады. Мемлекеттік бюджетке түсетін салықтар, түрлі алымдар, баж салығы және тағы басқалардың қалай, қанша ұсталатынын үйретеді. Біздің мамандығымыз осы – мемлекеттік кірістерді түгендейтін инспектор болып шығу. Оңай тілмен айтқанда салық инспекторы. Ол кезде салық инспекторы деген сөз халыққа жағымсыз естілетін. Өйткені, сонау қиын-қыстау жылдарда осы қызметтің адамдары халықтың соңғы нәпақасына дейін күшпен тартып алып, халықты қан қақсатқан. Тіпті 60-шы жылдарға дейін салық жинауды өкімет қара күшпен, зорлықпен, тартып алумен атқарғанын құлағымыз шалған. Біздің

тұсымызда сол қызметтің қаһары жуасығанымен халықтың ұнатпайтын әсері өшпеген.

Оқитын пәндеріміздің арасында мемлекеттік кірістерден басқа қаржы-қаражат, қаржылық сараптау, мемлекеттік сақтандыру, есептеу техникасы, саяси экономика, эстетика және тағы басқа сабақтар өтіледі. Саяси экономикадан Вера Михайловна Придаткина деген әйел берді. Ашық, саңқылдаған, өткір әйел. Күйеуінің еврей екеніне, өзінің оған қалай тұрмысқа шыққанына, анасының қалай рұхсат бергеніне дейін айтып берген. Неден екенін кім білсін, әлгінің құты маған түсті. Сабақты жұрттан анда-санда бір сұраса менен тіпті күнде сұрайды деуге болады. Оған алғаш өзімнің әсіребелсенділігім себепкер болған еді.

Оқуға түскен жылы «Капитализмнің саяси экономикасын» өткенбіз. Оқығандар болса білетін шығар, онда тауардың ұңғыл-шұңғылы тегіс ақтарылады. Оны ашқан Карл Маркс, біз соның теориясын оқимыз. Тауарды жасап шығаруға нақты еңбек, абстрактылы еңбек жұмсалады, бұл еңбектің екі түрлілік сипаты (двойственный характер труда) болады деген сияқты дүниелер мені қатты қызықтыратын. Бірде, осы курсты түгел аяқтап болған соң, Вера Михайловна бізден: «Ал, енді осыдан не түсіндіңдер, біз нені оқыдық?» деп сұрақ берді. Ешкім ештеңе айта алмады. Жайшылықтағы белсенділер, орыстың пысықай қыздары да жақ аша алмай бәрі жым-жырт отыр. Барлық аудитория тымтырыс. Сабақты жан-тәнімен түсіндіретін мұғалімімізің өзінің еңбегі еш болғандай бізге көзінің үміт отын сөндіре, өкінішпен қарап қалыпты. Алдыңғы партада отыратын едім, мен шыдай алмай қолымды көтердім. Маған сене қоймаса да «иә, айта ғой» деді. Ол кезде орысшам біраз төселіп қалған. «Мы изучили сущность капитализма» деп тақ еткіздім...

Әлгінде ғана жан-дүниесі жабырқап, жылап жіберудің алды-артына барып тұрған көңілшек мұғалимамыздың көзінің оты жарқ ете қалғаны ғой. Қуаныштан орнынан секіріп кетуге аз-ақ қалғандай болды. Менің бетімнен сүйіп жіберуге де шақ қалып, ал келіп қуанып, мақтап, әбден есі шықты. Аудитория да дүр сілкініп, қуаныштың үндер шығып жатты...

Міне, сол күннен бастап Вера Михайловна менен «түспей» қойды. Әрбір сабағында менен сұрайды да тұрады, жаңа сабақты түсіндірген соң да түсінгенімді айтуды қалайды... Әйтеуір әбден ит қылды. Қайсыбірін біле берейін, сабаққа дайындалуға да желке үнемі жібере қоймайды, сөйтіп Придаткинадан шаршап, кейде оның сабақтарынан қашып кететінді шығардым. Осыдан кейін ғана оның маған деген көңілі суый бастады. Ал үшінші курстағы «Социализмнің саяси экономикасы» деген сабақта көптің біріне айналдым. Осы күні Придаткина менен үлкен үміт күтіп, саяси экономиканың бір білгірі болар деді ме екен, әлде өзінің сабағының талқыланғанын қалады ма екен деп ойлаймын. Қалай десе де, техникумды бітірген соң, екі жыл өткен соң Алланың қалауымен ҚазМУ-дің философия-экономиялық факультетінің саяси экономика бөліміне түстім. Өзімше осы екеуінде тағдырдың бір байланысы бар ғой деп топшылаймын...

Техникумның әлеуметтік қамқорлығы да зор еді деп айттым ғой. Бірде мені кәсіподақ комитетіне шақырыпты. Барсам бір әдемі, пысық орыс қыздары отыр. Атымды да біліп алған, баяғыдан білетін адамша «Жаксыбайлап» сенің жүрегің ауырады екен ғой, ондай студенттерге бізде профилакторий бар, соған жатасың ба деп жабысты. Бірақ онысы техникумнан әжептәуір алыс жерде орналасқан, автобуспен бару керек, ал біздің жатақхана дәл түбінде ғой. Сондықтан рахметімді

айтып, бас тарттым. «Ендеше бір айға тамақтың талонын берейік, біздің асханадан түстік ішіп тұр» деді. Оған көніп, бір ай бойы қыздар жатақханасындағы асханадан тегін тамақ ішіп жүрдім.

Аты-жөнін ұмыттым, фамилиясы Поляков деген түрі түксиген, өзі еңгезердей, кісіге суық қарайтын бір орыс мұғалімі бар еді. Техникумның кәсіподағын сол басқарады. Бірде сол мені өзіне шақыртыпты. Бұл екінші курсты аяқтап келе жатқан шағымыз еді. Жазғытұры, күн тыйшу, бөлмелер ыстық. Оның үстіне кеш жататын балалар ұйқымыз қанбағандықтан сабаққа зорға келіп, шаршап отырамыз. Поляков мені коридордағы бір орындықта отырған қалпында қабылдады.

Сөздің турасына бірден көшкен ол:

– Бізде бір тамаша жолдама (путевка) күйіп бара жатыр. Ол жүрегі ауыратын жасөспірімдерді Қара теңіздің жағасына, Одесса қаласында дем алдыратын путевка, бір бала бармақшы еді, аяқ астынан бас тартты. Сенің жүрегің ауырады екен ғой, соған барасың ба, бағасы тегін, 24 күн бойы рахаттанып, теңізге шомылып, дем алып қайтасың, – деді.

Мұндайды күтпеген басым, қатты сасып, бір жағынан қуанып, бір жағынан жүрегім дауаламай тұрып қалдым. Тек жалғыз барамын ба деп сұрауға ғана шамам келді. Поляков «енді сені кім апарады дейсің, ересек адам емессің бе, өзің барасың, биыл он сегізге толады екенсің ғой» деді.

«Ересек емессің бе» деген сөз намысқой басыма қамшы бола кетті. Бірақ оқу жылы аяқталған жоқ қой, алда емтихандарым бар деп едім, ол мәселенің бәрін шешеміз деді. Сосын мендей кездерінде талай қазақ тіл білмесе де талай жерді шарлаған ғой, оларға қарағанда мен аздап тіл білемін емес пе деп өзімді-өзім қайрап, «барсам барайын» деп Поляковке келісімімді

бердім. Ол да жып еткізіп, үлкен сары қағазға басылған біраз адамның қолынан өтіп, жырым-жырым болған жолдаманы алақаныма сарт еткізді. Енді біздің студенттік емханаға барып, санаторилық-курорттық карта аласың. Ол жерге хабарласып қоямын, тез жазып береді. Ең бастысы билет алып ал, Одессаға бізде тура ұшақ жоқ, сондықтан Мәскеу арқылы ұшасың деді ол.

Сол кезде ғана жолдың тегін емес екенін біліп шошып кеттім. Есімді жиып «менде ақша жоқ» деген едім, Поляков алды-артымды орап, «осында таныстарың, жерлестерің бар шығар, солардан сұрап ал. Бар-жоғы 40 сом ақша ғой, мынадай шансты жіберіп алма», деп одан әрі қайрай түсті.

Салым суға кетіп, жатақханаға келдім. Сол кезде біздің бөлмемізде сырттай оқу бөлімінде оқып жатқан Ақтөбеден келген бір ересек жігіттер бар еді. Болған оқиғаны соларға айттым. «Ой, барып кел, қорықпа, ақша табылады. Мынадай мүмкіндік өмірде бола бермейді», деп олар да қыздырып қойды. Солардың арасынан бір сары жігіт, атын ұмытып қалдым, 10 сом ақша да берді. Басы табылған соң аялдамай Целиноградта тұратын тауағаштық бір-екі танысымның үйіне барып, одан жерлес студенттерімнен, әйтеуір сол күні-ақ 50 сомдай ақша жинап алдым. Ертесіне алдымен билет алып, сосын санаторийлік-курорттық карта толтырып, үшінші күні түнгі сағат 11.00-де Мәскеуге ұштым. Целиноград пен Мәскеудің сағат айырымы үш сағат қой, сол үш сағаттың ішінде Мәскеудің «Домодедово» әуежайына түнгі сағат 11.00-де келіп қонғаным есімде.

Осы күні ойласам балалық қылыппын. Өйткені, Мәскеуге қонғанда қалтамда алты-ақ сом ақшам бар еді. Осы ақшамен Одессаға Мәскеу арқылы ұшып кеткен баладан не сұрарсың.

Қуырдақтың көкесін «Домодедово» әуежайында көрдім. Транзиттік жолаушыға орын Мәскеуден Одессаға ұшатын бірінші ұшақ түгіл екінші күні де емес, тек үшінші күні ғана беріледі екен. Мәссаған... Болды қызық... Алты сом үш күндік тамағыма де жетпейді ғой. Ал Одессаға барған соң мен орналасатын «Большой фонтан» санаторийіне жетудің шығыны да бар емес пе?

Шын састым. Біраз ойланып жүріп, кезекке тұрған кісіден босаған кезінде бағанағы сөйлескен кассирге барып, жағдайымды айттым. Тіпті «сіздің балаңыз да осылай қысылып қалуы мүмкін ғой бір жерде» деген сөзді де қосқаным есімде. Тәңір жарылқағыр, әлгі әйелдің адамгершілігі бар екен, жанындағы әріптесімен ақылдасып отырып, маған Одессаға таңертеңіне бірінші болып ұшатын ұшақтан бір орын тауып берді... Тілім жеткенінше алғысымды айтып, таңертеңгі бірінші рейспен екі сағаттай ұшып шалғыны жап-жасыл, ауа-райы жып-жылы болып тұрған, маңайы жылан жалағандай тап-таза Одессаның әуежайына келіп құлдилап қондық...

Сөйтіп, Қара теңіздің жағасындағы сұлу порттардың бірі, бұрын түріктің Хаджибей деген қаласы болған – Одессаны көріп қайтып едім. Орыстар Хаджибейді түріктерден 1795 жылы тартып алған екен.

Одессаның әуежайынан шыққан кезім де есте қалды. Өйткені тосып тұрған таксистер қайда апарайық деп лап қояды екен. Онда еврейлер мен украиндар көп тұрады, екеуін де қу халық деп естітінбіз. Адресті көрсетсең ойбой, ол алыс жерде, он сомға ғана апара аламын деп соғады. Қалтамда бар-жоғы алты сом болған мен таксиді қайтейін, автобус аялдамасына барып, біреуден сұрап едім, баратын автобусты және нешінші аялдамадан түсетініме дейін айтып берді. Санап

отырып, өзім түсетін «Большой фонтан» санаторийінің аялдамасын оңай таптым.

Сөйтіп, Қара теңіздің суына шомылып, бір айға жуық дем алдым. Осында жүріп мәңгі ұмытылмайтын екі жағдайға тап болдым. Оның бірі -осында бір Татьяна деген орыс қызына ғашық болып қалып, махаббаттың не екенін сезіндім. Оным да жай балалық, киноға барғанда қатар отырамыз, қолынан ұстаймын, көздері тостағандай, жылы жымиып қояды пәтшағар. Соған мәз болып, ғашық болып қалғаным ғой. Жалған ғашықтық өмірде көп болады ғой, сондайдың бірін мен де бастан кештім. Тіпті тамақ та іше алмай қалады екенсің, жүдеп те кеттім. Есі-дертім шығып қалмас па екен деп солардың корпустарына қарайлаймын да жүремін. Кино соларда болады, кешке шыққа қолынан ұстап, қатар отырып киноға қараймыз. Арасында ыстық демін жұтып, құлағына бірдеме айтқан боламын. Алтайдың қызы еді, медициналық училищеде оқитыны есімде. Артынан адресін де жоғалтып алдым, соның өзі дұрыс болды, әйтпесе шалығып, барып та қалар ма едім, кім білсін...

Екінші жағдай тіпті трагедиялық бола жаздады. Бір бөлмеде жататын төрт баланың ермегі төрт түрлі. Ұзын бойлы біреу бар, ол қала аралап кетеді. Барынша арық, үстінен костюмын тастамайтын екінші біреу басқалармен карта я басқа ойындармен алданып жүреді. Ал Беларуссиядан келген бір бала құтты Чеховтың «Человек в футляре» деген әңгімесінің кейіпкері сияқты, жаңбыр жаумай су болып, көрінгеннен үркіп, қашан көрсең үрейленіп жүргені. Ешқашан суға да бармайды, бөлмеден де шықпайды. Тиіп тұрған Қара теңізге қалай бармайын, мен өзім жалғыз барып, рахаттанып суға түсіп, топчанда күнге қыздырынып жатамын. Суға малту дегенді білмеймін, сондықтан шет жағында ғана

«шалшықтағы матрос» болып жүретінмін. Бір күні ет қызуымен жұрт қатарлы тереңдеп кеткенім ғой... Енді бір қарасам аяғым жерге тимейді, батып барамын. Қатты састым, құтқарыңдар деп айғайлайын десем жұрттан ұяламын. Әйтеуір жанталасып, аяқ-қолымды сермелеп, зорға дегенде аяғым жерге тиді-ау... Қатты қорықтым, содан кейін суға түсуді де сиреттім.

Артынан бір өзбек бала келіп, сол маған серік болды. Ол орысшаны тіпті менен әлдеқайда шала біледі, соған қарамай Ташкенттен жалғыз өзі келіпті... Өзбекстанның Янгиюр деген ауданындағы Азатлық деген колхоздан еді...

Осы күні ойласам, ақылға салмай Одессаға кетіп қалғаным батырлық емес, нағыз шалалық, балалық екен. Баланың қалтасында ақшасы бар-жоғына қарамай көз көрмеген, құлақ естімеген жаққа «путевканы» құтқару үшін жалғыз қуған Поляков та бір ит пе деймін. Тым болмаса кәсіподақтан 20–30 теңге алып беруіне болатын еді ғой. Қай күнде адамдарды түрлі қиын жағдайға ұшыратын осындай қаныпезерлер. Егер күтпеген шығын кездесіп қалса мен не болар едім? Кім көмектесіп, кім ара түскендей? Әйтеуір, Құдай қағып, аман барып, сау қайттым.

Келген беттен үйге «Одессадан сәлем» деп хат жазған болатынмын. Ешкім менің Одессаға кеткенімді білмейтін, сондықтан шошып кетіпті. Бірақ хатта мен бәрін толық жазғанмын. Ақшаны да қайда жіберу керектігін көрсеткенмін. Хатым аман жетсе екен, әйтпесе ақшасыз Одессада қаңғырып қаламын ба деп біраз уақыт уайымдап та жүрдім.

Бір он күннен кейін әйтеуір ақша да келе қалды. Ел жаққа билет алу үшін аэровокзалдың картасынан Свердловскіні (қазір Екатеринбург) таңдадым. Өйткені осы қаладан Қазақстанға «Свердловск-Алматы»

деген поезд жүретін. Ұшақпен Свердловскіге жеткен соң ар жағында поезбен Петропавлға бармақпын ғой. Бұл да білместік, өйткені Қорғанды таңдасам Петропавлға тіпті жақын жерден түсетін едім...

Қысқасы, 1978 жылдың маусым айында Одессадан ауылға аман-есен келдім. Алдында ғана екі кіштентай немере іниме сүндет той жасаған екен, соның қалдығына үй-іші тағы бір шағын той жасап жіберді...

Одан әрі техникумға келіп, емтихандарымды тапсырып, үшінші курсқа өттім. Курстастарымды тағы да жазғы жұмыстарға салып қойыпты, ал мен олардан босатылып ауылға тарттым.

Одессаны өмірімде кейін екінші рет көрдім. Түріктің атақты жазушысы, қоғам қайраткері, философы Фетхулла Гүленнің мектептері Украинаның қалаларында да көп екен. Сол мектептердің жергілікті университетпен бірігіп жұмыс істейтін бірі өзінің мерейтойына халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіп, бізден де өкілдер шақырыпты. Шақырудың бірі – Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің проректоры, белгілі ғалым, алаштанушы, кейін «Егеменде» өзімнің бастығым болған Дихан Қамзабекке беріледі. Бірақ оның қолы тимей, бара алмайтын болады да, өзінің орнына бұрыннан таныс болған мені ұсынады. Соның арқасында мен, осы күнгі Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріппен бірге Одессаға екінші рет бардым.

Бірақ бұл жолғы Одесса мен бірінші рет көргенмен салыстырғанда әбден тозып, шашырап, шалдығып кеткен қала екен. Ал бірінші көрген Одессам ғажап еді. Нағыз жаздың басында, қала жасыл желекке малынып, көшелері көкала, қызылала гүлден жайнап тұрған. Ол кезде Целиоградта әлі де қыстың сызы кете қоймаған,

жұрт жұқа, жеңіл пальтомен жүретін. Ал Одесса аса ыстық та емес, ауасы жұмсақ, жанға жайлы жылылыққа бөленген бір мекен еді.

Жағажайдың басында халық қаптап жүреді, бәрі де КСРО-ның түкпір-түкпірінен келген дем алушылар. Бізбен санаторийда болғандардың арасында Балтық бойы республикаларынан, Беларуссиядан, Өзбекстаннан, Сібірден келгендер көп болды. Бірнеше рет бізді Одессаның тарихи жерлеріне, катакомбасына (немістерден қорғанып қазып алған терең үңгір) апарып, Қара теңіздің ішіне кememен қыдыртты. Атақты «Морской вокзалын», «Потемкин баспалдақтарын», «Дерибасовка», «Приморский бульвар» т.б. бәрін көрдік. Табиғаты да, теңізі де, халқы да тамаша еді Одессаның... Кейінгі барғанымда соның бәрінің өзгеріп қалғанын көрдім...

1978 жылдың аяғынан 1979 жылдың сәуіріне дейін бізді практикаға жіберді. Қазақшасы «өндірістік тәжірибеден өту» деп әлдеқайда түсінікті аталады. Оны Мамлют ауданының орталығында өтуге тиісті болдым. Менімен бірге Бәтес Сыздықова деген кластасым және менің тобымда оқитын Анна Эгоф деген өте толық немістің қызы болды. Оларды сол жылы, 1–2 ай бұрын ғана күйеуі өз үйінің жертөлесінде асылып өлген жас әйелдің үйіне тұрғызды. Он тоғыз жасына ғана қарамай толықтықтың кесірінен біздің Аннамыз қырық жастардағы әйелдер сияқты, барынша борбиған, тым семіз, зорға жүреді. Бәтес пысық, мектепте де сабақты жақсы оқыған, техникумда да жақсы оқитындар қатарында екен.

Ол кездегі тәртіп күшті еді ғой, райфо бізге Мамлютқада тұратын пәтерлерді өздері тауып берді. Тіпті ақшасын да сол, аудандық қаржы бөлімі төледі. Мені тұрғызған қисықтау украин кемпірінің үйінде менен басқа

тағы бір Мұстариза деген қазақ жігіті тұрады екен. Екі бөлмелі үйдің кіреберісінде кемпір, төргі бөлмесінде Мұстариза екеуміз жатамыз.

Кемпірдің қисық мінезі көп еді, жарықты жағып, телевизор көруге болмайтын. Тек екеуінің біреуіне ғана шығындалуды қатаң талап ететін. Радиодан қазақша ән тыңдасаң ұнатпай, тыржыңдап қалады. Ал украинның әндері айтылса «самые лучшие песни на земле» деп келіп, өзі дауысын барынша қатайтып қояды...

Кемпіріміз бір мезгіл емін-еркін отырғысы келетін болуы керек, сенбі сайын біздің үйімізге кеткенімізді қалап тұрады. Өз құрсағынан бала жоқ, тек қайтыс болған күйеуінің жасы қырықтарға келген ұлы бар. Төрт ай тұрғанда оны бірде бір рет көрген емеспін, тек келіні анда-санда соғып тұрады. Келген сайын күйеуін жамандап, ішіп жатқанын айтып шағымданады. Келіннің екі қызы бар, үлкені сол кезде тоғызыншыда оқиды. Пісіп қалған неме, екі алмасы көз суырады. Әкесімен көп ұрыссатын сол. Бірде, кезекті ұрыстан соң ол біздің үйге қонып қалды. Кемпір кіре беріс бөлмеде, Мұстариза жоқ еді, төргі бөлмеде қызбен жалғыз жатып шықтым. Есімі Лариса еді, маған әзілдеген болып, тиісетіні де бар. Жанында піскен алмадай қыз жатқанда қалай ұйықтарсың, сол түні жаным қысылып, зорға ұйықтап шығып едім, құрысын...

Маған алпыс шақырым ауылға тура бару азап, өйткені тура жүретін көлік жоқ, одан да Қызылжарды айналып, 170 шақырым жүріп барғаным жеңілірек. Соған қарамай сенбі күні ауылға Қызылжар арқылы емес, Мамлют ауданының Қызыләскер деген селосы арқылы барамын. Бұл аты қазақша болғанымен 4–5 отбасы ғана қазақ, қалғаны түгел орыс тұратын село. Әйтеуір, онда біздің Оспан деген жамағайынымыз тұрады. Жұбайы Күлжиян апамыз менің кіндік шешем.

Біздің ауыл Қызыләскерден 7-ақ шақырым жерде. Алайда қыстың көзі қырауда оған жаяу бару оңай емес, сондықтан Оспан ағам үйіне барамын. Марқұм Оспан ағам бір ер кісі еді, түннің қараңғылығына, суыққа қарамай бір шай ішкен соң атын жегіп жіберіп, мені тұлыпқа орап алып, Тауағаш қайдасың деп тартып беретін...

Сол қыста қардың аса қалың жауғаны да есімде. Мамлюттен шығып бізді әкеле жатқан автобусымыз қарды жарып салған жолдан көрінбей де қалатын. Әйтеуір, ол кезде техника көп, жол болмай қалу деген жоқ, К-701 қандай қалың қар болса да мұз жарғыш кемедей жарып өтіп, жол салатын. Әр ауыл өзінің тұсындағы жолды осылай ашып отырады. Автобус аңғал-саңғал, Кеңестің кенеуі кеткен ескі салдаманы. Іші жылынбайды, күн суықта аяғымыз қатты тоңатын еді.

Үйден ет алып келемін, кемпіріміз үнемі тіл үйіретін украинның қып-қызыл борщын істеп қояды. Әлгі жарықтық әрі дәмді, әрі жұғымды. Сол үйде тұрған төрт айда студенттік ашқұрсақ өмірден келген басым әжептәуір торалдым.

Кемпірдің бір иті, қорасында бір торайы, 4–5 тауығы бар. Шошқаның жемі үшін бидайды суға қайнатып, бұқтырып, ісіндіріп беретінін сонда көрдім. Бір жолы кемпір жол жүретін болып, «кешіксем кабанчикке жем бере саларсың» деп маған тапсырды. Ұнатпай, ытырынып қалсам да амал жоқ келісіп, «жақсы» деп қалғанмын. Бірақ есімнен шығып кетіпті. Кештеу келген кемпір бұрқылдап жүріп қораға өзі барған еді, бір уақытта үйге тұлан тұтып кірді. Сөйтсе... Шошқа деген ашықса ештеңеге қарамайды екен ғой, қоршауын бұзып шығып, тауықтарының аяғын шайнап тастапты... Содан бері кемпіріммен екеуіміздің арамыз суып кетті. Бұрын «Жора, Жора» деп жүретін жазған менімен

сөйлесуден де қалды, бірақ төрт айға шыдап, практика біткенше тұрғызды.

Райфоның бастығы Галина Марченко деген күйеуі жоқ, жастау, көрікті әйел. Ұлты украинка. Бірде райфоға облыстық басқарманың бастығы Дараган келді. Бәрімізді топырлатып, бастықтың кабинетіне жинады. Сөйтсе... баяғыдан бері бюджет бөлімінің бастығы болып жүрген бір кекселеу әйел Марченконың үстінен арыз жазып, соны талқылауға өзі келіпті. Галина бұрын бастықтың хатшысы болып істеген, біздің техникумды сырттай ғана бітірген, кәсібилігі шамалы адам екен. Ал ана әйел өз ісіне берік, әбден тісқаққан, бәрін жақсы білетін пысық кісі сияқты. Екеуінің арасында бұрын бастықтың орнына таласып кикілжің болған көрінеді. Дараган өзі де украиналық болғандықтан Галинаны қолдап, меңгеруші қылғанына бір жылға да жетпеген екен. Ал ана әйел Марченконың бір осал тұсын көрсетіп, арыз жазған ғой.

Сонда В.Дараган сияқты кәрі бастықтың кикілжіңді шешуге қандай шебер екендігіне көзім жетті. Өзі соғысқа қатысқан, тапал бойлы, өткір көзді, айтқыш адам. Ол ұжымды шашау шығармай, шеберлікпен жанастырып, әзіл-қалжыңын да айтып, жақындастырып жіберді. Алдымен арызшыны бір сөзін де бөлмей, барын айтқызып, ішін тегіс ақтарды. Сосын өзі біраз сөзбен қалған жұртты келісімпаздыққа шақыратын дұрыс бағыт сілтеп, бірнеше адамды сөйлетті. Соның ішінде, алдымен Сәду деген бұрыннан істеп келе жатқан, соғысқа қатысып қолына оқ тиген, беделді қазақ ақсақалды сөйлетіп, өзінің сөзін қолдатты. Мұндайда келісімге шақырған адамның сөзі дұрыс болып шығады емес пе, ақсақалдың сөзінен кейін басқалар да осы бағытпен кетті. Марченконың өзі сөз сұрап, ақталғысы келген еді, «орманды шапқан сайын қиындық арта

береді» дегенге саятын орыстың мақалын айтып, аузын ашырмады. Сөйтіп, аз уақытта кикілжіңді реттеп, аттанып кетті. Егер Марченконы сөйлетсе, ана әйел де тағы таласып, сөз ұзап кетер еді. Оны қолдаушылар да табылып қалуы мүмкін-ді... Ал мына жерде Марченкоға сөз бермеу арқылы жазаласа да қорытындысында оған жеңісті оп-оңай алып берді. Орнынан алу туралы ешқандай әңгімеге жол бермеді. Қандай шеберлік десеңші...

Орыс арасында нешетүрлі оғаш қылықтар да бола береді ғой. Артынан сол Марченко өзінің шопыры, Андрей деген зейнет жасындағы кісімен ашыналық байланыста болғандығы әшкере болып, қызметінен кетті деп естідік. Андрейдің әйелі ұстап алған екен. Ол кездегі өкімет партияның нұсқауымен мұндай «моральдық азғындауға» жол бермейтін...

Тағы бірде, Мамлюткаға Қызылжар арқылы бара жаттым. Осы жолы өмірімде ұмытылмайтын бір оқиғаның куәсі болдым. Біз мінген «Икарус» көлігін жеңіл машинадағы сығанның екі жас жігіті қуып жетіп, айдалада тоқтатты. Алдыңғы орындардың бірінде орта жастағы еңгезердей сыған мен басында түбіт шәлісі бар, көзі жалт-жұлт еткен, алтын тістері жылт-жылт еткен әйелі отырған. Жас жігіттің бірі есікте қалып, екіншісі әлгі сығаннан өз тілдерінде бірдеңе сұрап, тұрып алды. Анау бергісі келмей, бір сөздер айтып қояды. Жас сыған бір сөзінен бір сөзін асырып, зіркілдеп кетті. Сөздік қоры мұнша көп болар ма, арасына бірде бір орыс сөзін қоспады. Уақыт өтіп барады, автобус айдалада қаңырап тұр. Бойы ортадан төмендеу, дене тұрқы да шағындау жас жігіттің құдыретті дауысы зірк-зірк етеді. Үнінде біреуден бөтен мінез көрінсе сол арада іреп жіберетіндей өткірлік бар. Жайшылықта «автобусты неге ұстайсың, жібер» деп айғайлайтын

орыс әйелдерінің де, ер адамдарының да бір де біреуі аузын аша алған жоқ. Бәрі тым-тырс. Жігіттің мысы бәрін басып тастаған. Тек шопыр ғана бір-екі рет мыңқылдаған болды. Оған есікте тұрғаны «қазір-қазір» деп қатаңдау дауыспен ескертті. Ал мына жігіт тура жарты сағаттай зіркілдеген шығар... Сөздері түйдек-түйдек, кесек-кесек... Бірінің артынан бірі таусылмай зіркілдеген дауыспен ағылып жатыр. Басқа амалы қалмаған ересек сыған оның қысымына шыдай алмай қалтасындағы қағазды алып берді. Жігіт оны қалтасына салып тұрып, дауысын сәл жұмсартып, тағы бірдеңе деген еді... Сол кезде ғана сығанның қатыны «тіріліп», бірдеңе деп шапылдап шыға келді. Жігіттер оған қарағаң жоқ, автобустан түсіп кетті.

Осы оқиға ұзақ уақыт бойы менің есімнен кетпей жүрді. Батылдық пен жүректілік қосарланғанда зіркілдеп шыққан дауыстың құдыреті кімді де болса ығыстыра алады екен-ау деген ой түйдім...

Мамлютті біздің жақтың халқы татарлардың көп қоныстанған жері деп айтатын. Алғаш татар көпесі көшіп келіп, сулы, нулы жерге қоныс салғанда оны Мәуліт деп атапты-мыс деген аңыз бар. Алайда мен төрт ай практикада болғанда осы селодан бірде-бір татар көрмедім. Керісінше мұнда сығандар мен украиналықтар көп екен.

Практика аяқталғанда есебімізді толық толтырып, кіріс, бюджет, салық сабақтары бойынша үш папка арқалап келдік. Осы есептерді толтыру барысында жазуым да түзеліп, маржандай болып еді. Басқа облыстарға барған кейбір мырқымбайлар түк те әкелмепті. Олардың кейбірі менің есебімді көшіріп алды. Төрт ай практикада болғанда тым болмаса төрт парақ есеп жазбағандар да артынан бізбен бірге диплом алды.

Бізбен түскендердің арасынан кейбір құрдастарым 1978 жылдың мамыр айында, кейбірі сол жылдың күзінде әскерге кеткен. Бір-екі бала 1979 жылдың мамырында да алынды. Оларды шығарып салу біз үшін үлкен мереке. Мен ондайдан босатылғанмын, сондықтан 1979 жылдың мамыр айында техникумды бітіріп, көк дипломымды құшақтап, елге келдім.

Дербес өмірдің деректері

Он тоғыз жастамын, қолымда техникумның күрек-тей көк дипломы бар. Жолдама Солтүстік Қазақстан облыстық қаржы бөліміне берілген. Мамыр айындағы кезекті демалысымды аяқтап, облФБ орналасқан екі қабатты, ескі үйге келдім. Ол кезде облыстық атқару комитеті деген болады да қалған: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, оқу, қаржы, денсаулық сақтау, ішкі істер және т.б. басқармалардың бәрі соның бөлімдері деп аталады. Біздің бөлім «Дом невесты» деп аталатын сән-ді үйге орналасыпты. Бұл ғимарат Петропавлда әлі бар. Патша заманында бір петропавлдық көпестің баласы Санкт-Петербургте оқып, сонда бір қызға ғашық бо-лыпты-мыс. Қыз Петербургтағы дәл біздің үйіміздей үйің болмаса күйеуге шықпаймын деген шарт қойған екен, содан көпестің баласы дәл сондай үй тұрғызып-ты деген аңызы бар бұл үйдің. Архитектурасы әдемі, терезелері ою түрінде салынған, іші биік, тынысы кең, ағаштан салынған осы үй қазір өткен ғасырдың сәулет өнерінің ескерткіші ретінде қорғауға алынған.

Осы үйдің екінші қабатының төрінде қабылдау бөл-месі бар, одан екі есік шығады. Біреуінде облфоның бастығы Дараган, екіншісінде орынбасары Апретов отырады. Хатшы маған ілтипат білдіре қоймады. Бас-тыққа кіріп, біліп шығып, маған алды босаған соң Ап-ретовке кіресің деді.

Тосып отырмын, хатшы екі бастыққа соғылған телефондарды кезек көтереді. Мені кісі деп те қарамайды. Бір кезде оң жақтағы биік былғары есік сарт етіп ашылды да ішінен Дараган шыға келді. Ол да маған қараған жоқ, ұмсынып амандаспақ едім, көзге ілмеді, тек хатшыға «Я в обком» деп бұрылып жүре берді. Кеңестік бастықтар осылай, кісіні көзге ілмейтін, әсіресе қазақтарды менсінбейтін. Қазір соның бәрі ұмытылды, Кеңес кезінде адамдар бір-біріне сый-құрмет қана жасайтын деген сөздер жиі айтылады. Рас, әлеуметтік жағдайы тең, қызметтері қарайлас немесе қандай да бір жағдайлары бірдей адамдар «айлас қатын – мұңдас» дегендей бір-бірін сыйлайтын. Ал қызметтері жоғары, жасы үлкен адамдар өзінен барлық жағы кіші танымайтын адамдарды көзге ілмейтін. Ондайлар әсіресе, орыс өкілдері арасынан қазаққа байланысты көбірек болатын.

Апретов те мені менсінбей қабылдады. Ұзын бойлы, кісіге жоғарыдан төмен қарайтын бір икемсіз, сірескен, жалғыз өзі көк тіреп тұрғандай орыс екен. Мұндайлардың адамгершілігі де кемшін болады. Бірақ «сені күтіп отырмыз» деген сөзі елең еткізді. Сөйтсе, облыстық сақтандыру басқармасында бір бос орын ашылған екен, соған оқу бітіріп келгендер болса жіберерсіздер деген құлаққағыс түскен көрінеді.

Облыстық сақтандыру басқармасының бастығы Сейтенов деген қазақ екен, орналасқан жерлері бұрынғы Киров пен Партизан көшелерінің қиылысындағы кәдімгі ағаш үйлердің бірі. Бұрын бір байдың үйі болса керек, есік терезесі оюланған, бөлмелері көп, іші кең.

Сейтенов те мені жылы қарсы алған жоқ, орынбасарларын шақырып, «міне, көптен күткен адамымыз келді» деп оларға мені кекесінмен көрсетті. Жап-жас түрім, аласа бойым оларға ұнамай қалғанын сезіп

тұрмын. Сақтандыру қызметіне екі иығына екі жігіт мінгендей, еңгезердей адам керек екенін білмеппін... Ақырында маған: «бізге жоғары білімді адам керек еді, сенің білімің жетпейді, біз жоғары білімді шығарсың деп ойлап қалдық» деп сыныққа сылтау айтып шығарып салды. Әрине, өздеріне лайық, жүз граммдарына араласа алатын, дүкенге жіберсе жүгіріп бара алатын, «ыңғайлы адам» іздеген сияқты. (Ал маған ол кезде баласынып арақ та сатпайды). Әйтпесе, сақтандыру жұмысы дегеннің қандай қиындығы болушы еді.

Артынан сол Сейтеновпен тағы кездестім. 1996 жыл ғой деймін, облыстық телевидениеде журналист болып істеп жүрген кезім еді. Сейтенов біздің бастығымыз Мүтәллап Қанғожинмен жақсы таныс екен, екеуі де Атығайдың жігіттері ғой. Сол жылы Сейтенов 60 жылдығын өзінің коттеджінде атап өтті. Мүкең мені оператормен бірге соның тойын видеоға түсіруге жіберді. Әрине, мені Сейтенов танығаң жоқ, келгенімізге қуанып, тойын жүргізіп жатты. Өзі орысшаны таза сөйлемесе де әбден орыстанып, солардың ығына жығылып, «ұлы» деген сандыраққа ұйып қалған адам екені көрініп тұр. Мұндайлар тіпті қазақты жек көреді. Құдасы да орыс екен. Тамадасы Амангелді Маукенов деген бұрын журналист болған жігіт, әлгі орыс құдаға қарап: «қазақша үйренудің қажеті жоқ, тек табақ, пышақ, арақ» деген үш сөзді білсең болды деп күлдіріп жатты...

Сейтенов алмаған соң Апретовке қайтып келдім, ол мені ұмытып үлгеріпті. Ұзақ қарап, «ә, сен бе едің» деді де, кадр бөлімінің бастығын шақырды. Сосын мені сыртқа шығарып жіберіп, екеуі ұзақ ақылдасты. Ақырында мені өзім практикада болған сол, Мамлюткаға сақтандыру инспекторы етіп жіберді. Менің бітіргенім райфода істейтін кірістер жөніндегі инспектор болса

да райгосстрахқа жібергендері мені көзге ілмей, басынғандары ғой деп қабылдадым.

Сол күні Петропавлдан 40 шақырым жердегі Мамлюткаға бардым. Райфо қаланың ортасында, аукомға, ауаткомға, кинотеатрға жақын жерде болушы еді, ал райгосстрах қаланың шетінде, бір сасық көлдің жағасында екен. Оның үстіне бір қабатты барақ үйге орналасыпты, ал райфоның үйі екі қабатты, жұтынып тұрған ғимарат болатын...

Қысқасы әлгі жерге тұрғым келмеді, қайтадан қалаға қайтып кеттім. Ол кезде үш жылдық «отработка» деген бар. Диплом алғаннан кейін қайда жіберсе сонда барып қызмет етуің керек. Оның үстіне 53 сом «подъемный» да беріп қойған. Бұл да ол кезде әжептәуір ақша. Егер жіберген жеріне бармаймын деп бас тартсаң – алдымен 53 сомын қайтарасың, сосын жіберілген жер дипломыңды «жарамсыз» деп тану үшін сотқа шағым беруі де мүмкін...

Не істерімді білмей, ақылдасатын адам таппай, басым қатып паркте отыр едім галстук таққан бір кішкентай қара жігіт тыпыңдап, желдірте басып келе жатыр екен. Қарап жіберсем өзіміздің Карпат Арықбаев. Бұл жазған да жүрегінен ауырып, бір кезде ота жасатып, оқудан қалып қойып, интернатты бізден кейін бітірген. Ал жасы бізбен құрдас. Екеуіміз шұрқыраса кеттік.

Ешқайда оқымағанына, тіпті оныншыны бітірген аттестат та алмағанына қарамай Карпекең облыстық атқару комитетінің курьері екен. Айлығы шайлығына жетпейтін 75 сом болса да бұл қызметтің толып жатқан артықшылықтары бар болып шықты. Алдымен ол облыстық деңгейдегі бастық атаулының бәрін таниды. Менің мәселемді білген соң ол іске шұғыл кірісті. Алдымен облфоның кадр жөніндегі бастығына кіріп шықты. Ол бұйрықты өзгерте алмаймын деп қиқаңдаған екен,

шапқан бойымен Апретовке кірді. Қалай десек те ол кездегі бастықтар өздерінен үлкен жердің адамына елпілдеп тұратын. Өйткені, курьер болса да үлкен бастыққа кіретін бәле бірдеме деп жамандап қоюы мүмкін ғой. Әсіресе, ауыздары босамайтын қасқалар ақаңды тартып отырғанының үстінен шығып, оны облыстық атқару комитетінің төрағасы Ніл Болатбаевқа жеткізіп қойса... көкегі шақырады емес пе... Қайбір білімді, өз ісіне шебер, білікті адам дейсің, қағылған-соғылған, партияның, таныстарының арқасында, соғысқа барғандығын сәдеттеп сатылап өскен қарабайыр бәлелер ғой. Сондықтан ішінен жек көрсе де курьермен санасатын. Карпат «туысым еді» деп қиылып сұрап тұрған соң кадр бөлімінің бастығын шақырып, қаладан бір орын тап деп бұйрық берді...

Сөйтіп, Карпаттың арқасында Қызылжардың Киров ауданы қаржы бөліміне инспектор болып тұрдым. Ол кезде біздің шағын қаламыз Киров және Куйбышев аудандары болып екіге бөлінетін.

Киров аудандық райфоның бастығы Григорий Николаевич Курбеко деген украин жігіті екен. Сол кездерде жасы қырықтарға келген, толық денелі, жүзі шырайлы, еуропалық қыр мұрынды, аққұба, көк көзді көркем мұжық. Ол мені аса жатсынбай қабылдады, бірақ аузы жеңіл, балпылдап көп сөйлейді. Жұмыс жеңіл, жылдың басында әрбір жекеменшік тұрғын үйге құрылыс салығы және жер рентасы туралы төлем хабарламаларын толтырып, оны тезірек таратамыз. Аудан бірнеше участокқа бөлінген. Маған тигені «Жұмысшы кентіндегі» бір участок. Ұзыннан ұзақ 10–15 көше, бәрі де жекеменшік үйлер, соның тұрғындары үйі, сарайы, я басқа құрылысы болса – солардың бағасына, жерінің көлеміне қарай салық төлейді. Шамамен 20–22 сомның көлемі. Бірақ соны да төлей алмайтын адамдар бар.

Келесі жылға қалдырып, бізге недоймке жинатады. «Недоймке» деген бір сор, неше барсаң да оны төлей алмайтын үйлер болады. Көбіне үй иесін ұстай алмай, есігіне «тезірек төле, төлемесең сотқа береміз» деп жазып, қағаз қыстырып кетесің. Бірақ 15–20 сомдық төлемді сотқа беру де оңай емес, ол үшін қаншама уақыт жоғалтасың.

Төлем хабарламаларын тарату үстінде талай үйді көріп, талай адамдармен таныстым. Халықтың қалай тұратынын, тұрмыс-ахуалдарын да әбден көрдім. Үйінде зерігіп отырған кейбір шал-кемпірлер біраз уақыт ұстап, әңгіме сұрап, отырып қаласың. Қазақ жоқтың қасы, бәрі дерлік орыстар, арасында украин, татар, сыған отбасылары кездеседі. Бірде бір финн отбасын да көрдім. Кейбір орыстардың лас, өте салақ, мал сияқты тұратындары да кездесті. Есіктен төрге дейін үйі ағып жатады, аш-жалаңаш жас баласы жүреді, ал өздерінің ауыздары арақтан босамай, қашан барсаң өздеріндей біреулермен ләйліп отырғандары. Әйтеуір ешқайсымен жанжалдаспай, салықты төлеу керек екенін айтып, бастарын изетіп, тайып тұрасың. Және бір үйлер бар: есіктен төрге дейін бұлар да ағып жатады, бірақ сол кезде әлгі үйдің жас әйелі қақаңдап, бөлменің ішінде туфлимен жүреді... Үйлерінің иісі шошқа қорасындай болып жатса да сол үйдің әйелі боянып, таза киініп, сыланып шыға келгенде – таң қаласың...

Тағы бір орыстардың үйінде қырықтар шамасындағы екі әулекі еркекпен бір сыланған жас, кескінді бойжеткен көк түтінді бұрқыратып шылым тартып, арақ ішіп отырғаны есімде. Отырыстары көңілді, біреулері маған арақ та ұсынып жатты. Жас қыз көп болса 16–17-де...

Кейбіреулердің өмірге талпынып, адамша тұрғылары келетіндерін де көрдім. Бірде бір үйге бара қалсам,

айналасының бәрі жылан жалағандай тап-таза, мұқият сырланған. Жалғыз тұратын шал екен, әлгі жазған тоңқандап сәкі жуып жатыр... Сол орыс емес-ау деймін.

Әрине, бай тұратын орыстарды да көрдім. Ол кезде коттедж үй салуға рұқсат берілмейді, бірақ қолы ұзындар бірнеше бөлмелі етіп, үлкен, даңғарадай үйлер тұрғызып алады. Михеев көшесінде сондай үйлі бір орысты көрдім. Әйелі мен сиырдай екі қызы бар екен. Осының үстіне тайыншадай қарала иті, бәрі мен бұрын көрмеген жұмсақ диван, креслоларда жалаңаш сандарын жарқыратып, отырды. Үйдің іші жиналмағанымен жиһаздары ғажап екен, бәрі шетелдерден болуы керек...

Тағы бірде сығандардың үйіне бардым. Красин көшесіндегі сырты үлкен, сары түспен боялған еңселі үй. Үй қымбат, жері көлемді болған соң салығы да көп, әлі есімде 53 сом. Иті жоқ па екен деп алдымен ысқырып алып, ақырын басып кіреберіске өттім. О, Аллай, өз көзіме өзім сенбедім, есік алдында бала сүйрейтін арбада бір жас бөбек жатыр. Өліп қалған ба десем, қозғалады. Дала болса суық, жиырма градустай аяз бар. Баласын ұмытып кеткен шығар деп есікті қағып үйге кірсем, қазақтыкіндей дөңгелек үстелде өздері тамақ ішіп отыр. Жан даусым шығып, «есік алдында балаларыңды ұмытып кетіпсіздер ғой» десем қарқ-қарқ күледі. Сөйтсе, суыққа шынықсын деп әдейі қалдырады екен. Ол кезде памперс те жоқ қой, астын суласа да жата беретін болып тұр. Ондай шыныққаны бар болсын, ауырып қалмай ма деп ойлаймын...

Сол жолы байғұс сығандар әзілдеп, күліп отырып, маған 53 сом недоймкелерін төлеген еді. Ондайды түбіртек беріп, қолма-қол аламыз да ертесіне өзіміздің кассаға өткізетінбіз. Недоймке әкелген инспектор мақталады. Курбеко мені де мақтап, сығандардың өзінен

осынша ақша әкелдің, жарайсың деп көп уақыт аузынан тастамай жүрді.

Алға жүгіріп айта кететін болсақ, осы сығандар үйінің жандарын арада 5–6 жыл өткенде бір қанішерлер түгел қырып кетті. Тұрмысы тәуір, жағдайлары жақсы бұл сығандар алтын саудалайды екен. Соны тартып алмақ болып Петропавлда тұратын төрт қарақшы Свердловскіде тұратын сығандардың бір туыстарының көрсетуімен оларды балта, балға, пышақты қолданып, тегіс өлтіріп, алтындарын алған екен. Сол кезде қалада алыпқашпа әңгімелер қашан қарақшылар ұсталғанша отша лаулап тұрды. Біреулер бұл сыған баронының ісі десті, біреулер Мәскеуден арнайы келген банданың қылығы деді. Тағы біреулер Одессадан арнайы келгендер, сығандардың көбі сонда тұрады деді. Әйтеуір сан-саққа жүгірткен әңгімелер тыншымап еді. Оқиға КСРО қоласты түгіл Американың «Голос Америка» деген радиостансасынан айтылғанын да біреулер естіпті.

Сөйткен қанішерлікті жасаған теміржолда қара жұмыс істейтін жергілікті төрт жендет болып шықты. Төртеуі де орыс, Свердловскіге көшіп кеткен, марқұмдарға күйеу бала болып келетін сыған баласы бұрын бұлармен бірге жұмыс істеген екен, қанішерлер сығандардың бай тұратынын, алтындары барын содан естіп, сол үйді көп уақыт торуылдап жүреді де ақыры бір күні, жас еркектері үйде жоқ болғанда шабуылдарын жасаған екен. Өлгендердің ішінде екеуі ғана ересек еркек, қалғандары әйелдер мен балалар. Барлығы жеті адам. Марқұмдарды жерлегенде КСРО-ның жан-жағынан сығандар қаптап келген еді. Жеті мәйітті «Жұмысшы кентіндегі» христиан зиратына қойды. Қабірлерге қойылған веноктар мен қара ленталарға алтын түсті сырмен жазылып, безендірілген азағұлдер көп уақыт

автобуспен өтіп бара жатқан адамдарға көрініп жататын...

Бұл туралы мен «Егеменге» де жазған едім. Өйткені, бірде облыстық ішкі істер департаментінің музейіне бара қалып едім, «сол сұмдықты жасаған біздер едік» дегендей сығандарды өлтірген балта-пышақтар сөреде жатыр. Денем түршігіп кетті. Құралдардың жазығы болмаса да адамдардың қанын судай ағызған сендерау деп оларға жиіркене қарап, көз ала алмадым. Ақыры сол оқиғаны еске алып, газетке мақала жазған едім...

Осындай ерекше оқиғалар көп болды. Соның бәрі жас санаға қатты әсер етеді ғой. Бұрын «ұлы халық» деп жүретін орыстарды тереңірек білуім де сол кезден қалыптасып еді.

Жоғарыда айтқан райфоның бастығы Григорий Николаевич Курбеконың жақсылығы мен жамандығы бірдей жан, кейде аузынан лақ еткізіп, іріген, шіріген сөздерді төге салады. Боқтық емес, басқа түрін айтады. Өзі нағыз хохол, тілі орысқа илікпеген. Кейде сондай қайырымды, өзіңе мейірі түсіп тұрады. Алайда аяқ астынан іріп шыға келетін ұстамсыз адам. Украинадан бертін келген екен. Бұрын құрылыс техникумын бітіріп, туған жерінде төменгі қызметте істепті. Қазақстанға оны Петропавл қаласында үлкен қызметте істейтін бір туысы шақырып алған-мыс деген әңгіме көп айтылатын. Ол жылдары украиндықтардың еңбекақылары біздікінен төмен болғанға ұқсайды. Осында келген соң жоғары оқу орындарының бірінен экономист мамандығын алып, сатылап райфоның бастығы қызметіне дейін өскен.

Шынында да сол жылдары Петропавлдың көптеген жоғары қызмет орындарында украиндар отыратын. Обкомның бірінші хатшысы болып 1965 жылдан 1981 жылға дейін Василий Петрович Демиденко, қаланың

атқару комитетінің төрағасы болып 1976 жылдан 1988 жылға дейін украин халқының тағы бір өкілі Михаил Ищенко отырды. «Қанына тартпағанның қары сынсын» деген емес пе, қолында тұрғанда украин халқының өкілдері де жайлы жердің, майлы белдің құлақтарын өздерінің туыстарына ұстататын. Айта кету керек, украиндардың көп қылығы, қырсық мінездері орыстардың ықпалымен қазақтарға ұнамайтын. Бірақ қазаққа жақын бастықтар да болды. Соның ішінде Демиденконы қазақтар «Басеке» (Василийден шығарып) десіп, қатты сыйлады. Ол да қолынан келгенше қазақтарды өсіруге ықпал етіпті. Облыста бұрын болмаған оншақты таза қазақ шаруашылықтарын (совхоз) да Демиденко аштырған...

Райфодағы біздің жұмыстың тағы бір түрі – кәсіпорындар мен мекемелерге барып, табыс салығы мен жекебасты және отбасы шағын адамдарға салынатын бойдақтар салығының дұрыс ұсталуын тексеру. Социализмнің кезінде осындай – бойдақтар мен баласы жоқтарға салынатын салық та болған. Оны өзіміз де біраз уақыт, үйленгенше төлеп тұрдық. Ол тек ер адамдарға салынады. Ал үйленгеннен кейін бір жылға тоқтатылады, егер бала тумаса келесі жылдан бастап әйелінен ұсталады...

Біз осы салықтардың соңғы үш айда дұрыс ұсталуын тексереміз. Көбіне жүз шақты адамға дейін жұмыс істейтін шағын мекеме-кәсіпорындарға барамыз. Айналасы 2–3 сағатта жұмысыңды бітіріп, актыге қол қойдырып аласың. Қалған уақытта боссың.

Қызметтік жалақым 140 сом, бір басыңа жетеді, артық уақытың көп, бір рахат жұмыс еді. Мен оны екі-үш айда ғана әбден меңгеріп, бәрін үйреніп алдым. Актыде 20–30 сомның бұзушылығын әкелсең Курбеко мәз болып қалады, ал таза акты әкелсең риза болмай,

дұрыс тексермегенсің деп біраз бұрқылдап қалады. Бірақ қайтымы тез, негізінен қарапайым жан ғой.

Бос уақытымда Карпат екеуміз қыдырып, киноға барамыз, паркте жүреміз, Алматыдан концерттер келсе қалмаймыз. Карпат 75 сом ғана алғанымен барлық дефицит тауарларды алуға мүмкіншілігі бар. Дүкенге түспейтін ет, етті балықтың консервілері, сары май, тауық, үйрек еті, үнді шайы, балықтың уылдырығы, «Қазақстан» сияқты жақсы темекі т.б. азық-түлік, тіпті өнеркәсіп тауарларын обкомның кафесінде өз қызметкерлеріне арнаулы күндері сатады. Сейсенбі обком қызметкерлерінің, сәрсенбі облатком қызметкерлерінің «отоваривать» ететін күндері. Карпат тығып сатылатын соның бәрін ақшасының мүмкіндігіне қарай алып жүреді. Кейде маған да «Қазақстан» темекісін әперіп қояды. Тұрақты тартпасам да «Қонаев тартқан» деген жарнамасы бар сол темекіні анда-санда сорып қоятын едім. Ауылға барарда әжеме үнді шайын ала баратынмын. Ақшасы көп обком, облатком қызметкерлері әрбір адамға шектеулі көлемде ғана босатылатынына қарамай торкөзбен толтырып әкетіп жатады. Алайда мұндағы арзан, қат тауарларды мол алып, базар арқылы қымбатқа сата алмайсың. Өйткені, ондайды біліп қалса жұмыстан ғана емес, партиядан да қуып шығуы мүмкін...

Біздің райфодағы ұжымымыз 19 адамнан тұрды. Басында үйлесе алмай жүрген едім, артынан ұжымға жақсы сіңіп кеттім. Мерекелерде міндетті түрде дастархан жайып, өзімізше тойлайтынбыз. Курбеконың орынбасары Раиса Владимировна Ибрагимова деген татар ма, орыс па, бір әйел болды. Өте мейірімді жан еді, үнемі маған қамқорлық жасап жүретін. Алайда нашар адамдар да болды, Харин деген менің тікелей бастығым сондай еді. Жасы елуден асқан сол жазған

әйтеуір менімен бақас болды. Бірақ мен оған пысқырып та қарамаймын, өзімді емін-еркін ұстаймын. Тіпті... о, дариға, бөлмеде менен басқа бес орыстың отырғанына қарамай қазақша әндер айтылса болды радионы қатайтып қоятын едім. Неге солай батыл болғанымды, ерке болғанымды өзім де білмеймін. Ішкі әлемімде мен «жердің иесімін» деген бір сезім болған шығар. Соны өзім ұқпасам да өзгелерге ұқтырғым келген сияқтымын.

Әсіресе, сол жылдарда жиі айтылатын Кәкімбек Салықов пен Жақсыкелді Сейіловтың «Жез киік» әнін радионың дауысын барынша айғайлатып тыңдаймын. Кейде Раиса Владимировна кіріп, ақырын қойсаңшы деп қалады. Мен: «3–4 минөтке шыдаңыздар, сіздердің әндеріңізді мен сағаттап тыңдаймын ғой», деймін.

Осы жерде қызмет істей берсем өмірім басқа арнамен кетер ме еді, қайтер еді деп артынан жиі ойлайтынмын. Сырттай оқып, жоғары білім алсам, кем дегенде осындағы бір бөлімнің бастығы болар едім.

Бірақ... бірақ мен күннен–күнге өзімнен-өзім бұзыла бердім. Оған тексеріске барған жердегі орыс кемпірлерінің азғырындысы да көп әсер етті. Коммунистік идеологияның шырмауығына шырмалып жүрген жаспыз ғой, бізге ыстық-суыққа қарамай «жаңа заманды жалаң қолымен қалаған» Павел Корчагин сияқты геройлардың ықпалы күшті. «Молодой человек» деп бастайды орыстың кейбір кемпірлері: «Это разве ваша работа. Сен жассың ғой, қаруыңның барында Отанға Корчагин сияқты пайдалы қызмет қылмайсың ба, ал мына жұмыс кемпір-семпірдің ермегі емес пе» деп улайды ондайлар менің санамды...

Осындай азғырындылардан самарқаулыққа салынып, өз міндетіме салғырт қарай бастадым. Жұмысқа кеш келуді де ұлғайттым. Мен ол кезде парктың

маңайындағы Сағындық деген жігіттің үйінде пәтерде тұратынмын. Оны да Карпаттың марқұм шешесі тауып берді, жаны жәннатта болғыр...

Сағындықтың өзі «Петропавл-Жезқазған» бағытында жүретін шабан поездың бригадирі. Әрбір сапарға баруы-қайтуымен 4–5 күн жүріп келеді. Ұзын бойлы, толықша денелі, бидай өңді, жазық маңдайлы келіншегі, бір ұл, бір қызы бар. Келіншегінің жасы 30-дарда, қызы 1,5–2-лерде ғана, сондықтан жұмыс істемейді. Сағындықтың өзі 40-қа айналған қапсағай бойлы, ірі жігіт. Аса қарулы екенін де есіктің алдындағы шараларын істегенде көріп қалатынмын. Қандай отынды болса да балтаны бір қолымен ұстап жарады. Үйіне газ әкелгенде 40 килограмдай үлкен балонды емін-еркін көтереді.

Шешесі екі інісі және бір қарындасымен бөлек үйде тұрады. Бәрі осы қалада туып өскен. Салт-дәстүрде орысқа көп ыңғайланған, сөздерінің көбі орысша. Сағындық рейстен келгенде бұл үйде үлкен мереке бола қалады. Жайшылықта дүкенде бола бермейтін, ет, колбаса, бұқтырылған ет, май, қоюлатылған сүт, жеміс-жидек сияқты дүниелерді Сағындық өзімен ала келеді. Осының бәрін ол поездың ресторанынан алады. Дүкенге түспейтін дүниелерді сонда сататын болса керек. Соның өзін арзандатып, ресторанның бастығы, аспаздармен бірлесіп, есептен шығартып (списать) сатып алатын сияқты, өйткені Сәкең марқұмның бір сапардан әкелетін тамағының өзі үйіне бір аптаға еркін жететін, тіпті шешесінің үйіне де сөмкелеп кетіп жататын.

Ал туған күн немесе тағы басқа мереке бола қалса, арақ, шарап сияқты сусындар да қоса келіп, судай ағылып, тойланады. Мені де шет қалдырмайды, араласып

кетемін. Ертесіне жұмысқа кешігіп, басым қазандай болып отырамын.

Осындай бір дүмпуден ұйқым қанбай, бір күні жұмысқа кешігіңкіреп келсем біздің бірінші қабаттағы кабинетімізде Курбеконың өзі отыр. Оның өз кабинеті екінші қабатта болатын. Курбеко менің кешіккеніме балпылдап ұрса бастады, Харин де қоштап қояды. Бірақ олардан айылымды жиып тұрған мен жоқ. Әсілі, мен кешіге бастағасын Курбеконы біздің кабинетке, өз көзімен көрсін деп қасақана шақырған Хариннің өзі сияқты... Ол мұндай қитұрқылыққа шебер еді. Шолжың тілімен үнемі бір жамандықты шығарып отыратын. Онысын жалғыз маған емес, бөлімдегі Ширкунова, Лапаева, Перова сияқты әйелдерге де жасайтын. Соның ішінде Перова деген күйеуге шықпаған қызды ақыры жұмыстан кетіріп тынды.

Енді маған да шүйлігіп, Курбеконы да қосаққа ала бастапты. Мен алдында пәтерімнің жайсыздығын айтып, жатақхана әперуді сұрап жүретінмін, оған Курбеко аса мән бермейтін. Тек бір рет қана:

– Теміржолшылардың жатақханасынан орын әперер едім, бірақ ол қымбат, айына 30 сомнан төлейсің. Егер келіссең сөйлесейін, – деген.

Әрине, 30 сом ол кезде көп ақша, сондықтан мен бас тартқанмын. Басқа жерден жатақхана әперуге Курбеко асықпай жүрген. Ал шын ниеті болса оған жатақхана табу оп-оңай еді... Өйткені, қалада жатақханалары бар кәсіпорындар өте көп, оларды тексеретін біз. Оның үстіне Курбеко көбінің бастықтарымен жақсы таныс, әмпей-жәмпей...

Жатақхана әперуде Курбекодан мән шықпасын білген соң мен осы оқиғаның алдында облфонның бастығының атына біреудің ақылымен арыз жазған болатынмын. Оның қаралатын уақыты болса да еш хабар

жоқ еді. Бұл кездегі бастық Апретов, Дараган алдында бірдеңемен ұсталып, қызметінен түсіп қалған.

Курбеконың балпылы қоюлана бастаған бір кезде мен ұшып тұрып, бұрышта тұрған телефонға барып, Апретовтың қабылдау бөлмесін тердім. Не істегелі жатыр десе керек, Курбеко үндемей қалды. Бәрі мені бағып қалған. Ұмытпасам Апретовтың аты-жөні Николай Иванович еді, қырсық шалғанда қабылдау бөлмесі емес, телефонның құлағын тура өзі көтергені ғой... Мен амандасуды, өзімді таныстыруды ұмытпадым, сосын менің жатақханамен қамтамасыз етуді сұрап жазған хатыма неге жауап бермейсіз, сіз оған міндеттісіз ғой деп даусымды көтере сөйледім. Анау бізде ешқандай жатақхана жоқ, қамтамасыз етуге міндетті емеспіз деген болуы керек, мен: ендеше маған «открепление» (маманды өзінің ықтиярынан шығару) беріңіз, мен басқа жерге кетейін дедім. Сөзіміздің аяғында не айтқаным есімде жоқ, әйтеуір трубканы тарс етіп қойғанмын. Шынында бұл кезде Сағындықтың үйінде тұру қиындап кеткен, ал облфо мені жолдамамен келгендіктен жататын орынмен қамтамасыз етуге міндетті болатын. Бірақ басында бұл жерге зорға тұрғандықтан мен жатақхананы шу дегеннен талап ете алмағанмын...

Сөзімді аяқтап Курбекоға қарасам ол қызанақ сияқты қызарып кетіпті, дауысы да шықпай қалған сияқты. Бір кезде есін жиып:

– Есің дұрыс па? Ол кісіге сен түгіл мен де тура звондамаймын ғой,-деді.

Бұл кезде әбден жонданып алған мен:

– Фи, подумаешь... Люди раньше даже к Ленину ходили, тут какой-то Апретов...- деп салдым.

Осы сөзімді артынан Григорий Николаевич мені көрген жерде еске алып, шегі қатып күліп, айтып жүретін еді. Өмірдің ағынымен кейін онымен екінші рет

кездесіп, бірге қызмет істедік. Ол туралы төменде айтатын боламын.

Қалай десе де сол сөзім ем болды, Апретов Курбеконы өзіне шақырып, біраз сілкілеген сияқты, осыдан кейін ол шапқылап жүріп маған 2–3 күнде облыстық «Агропромстрой» тресінің жатақханасынан бір орын алып берді.

Осы жатақханада бір жыл тұрғанда тағдыры өте қызық адамдармен кездесіп, кейбірімен жолдас болып, өзімнің өмірді тереңірек тани түсуіме мол мүмкіндік алған едім. Интернационал көшесі 79 үйде, қаланың қақ ортасында орналасқан бес қабатты бұл жатақханада тұрмайтын адам жоқ. Үшінші қабатынан бастап «химиктер» тұрады. Оның кім екенін қазіргі адамдар біле бермейтін шығар, өйткені қазір ондайлар жоқ. Бұрын жеңіл қылмыс жасап, оның үштен бірін, ал орта дәрежелі қылмыс жасағандар толық жазасының жартысын өтегенде қалған мерзімін «халық шаруашылығы құрылыстарында» өтеуге шығарылатын. Бірақ олар еркіндікке толық жіберілмейтін, арнаулы комендатураның қарауында, жатақханада тұрады. Халық оларды «химиктер» деп атайды. Міне, сондайлар біздің жатақханамызда үшінші қабаттан бастап, жоғары тұрды.

Жатақхананың төменгі екі қабатында еркін адамдар тұрдық. Олардың арасында «Агропромстрой» тресінің ғана емес, басқа да әртүрлі кәсіпорындардың өкілдері тұрады. Соның ішінде «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінің фотокорреспонденті Еркебұлан Нұржанов та тұрды. Ол менен бес жас үлкен, Целиноградтың ауылшаруашылығы институтының агрономия факультетін бітірген екен. Жолдама бойынша Тимирязев ауданына агроном болып барғанымен газеттерге үнемі фотолар жіберіп, көзге түскен соң «Ленин туы»

өзіне қызметке шақырып, осы жатақханадан орын алып беріпті.

Сол, 1979 жылдан бері Еркебұлан екеуміз жақсы жолдас болдық. Ол фотографияға жасынан қатты әуестеніп, үнемі шеберлігін арттырып жүреді екен. Ол кезде кәсіби фотографтарды дайындайтын оқу орны болмағандықтан диплом алу үшін ауылшаруашылығы институтына бара салған ғой. Ал фотографтар Қазақстанда тек ҚазМУ-дің журфагында ғана дайындалатын.

Еркебұлан марқұм ақшаны көп табатын. Кеңшар директорларымен келісіп, олардың еңбек озаттарын Құрмет тақтасына түсіріп, негізгі жұмысынан жасырып, қосымша ақша тауып жүрді. Бірақ қанша көп тапса соншалықты сараң, қалтасынан бір тиынды артық шығаруға қимай тұратын нағыз «шық бермес шығайбай» еді, жарықтық. Әкеден жас қалыпты, үш баланы бухгалтер болған шешесі жалғыз жеткізген екен. Мінезіндегі сараңдық, қытымырлық оған жетімдіктің ащы дәмін татқан бала жасынан сіңген сияқты. Өзі ашаң, ат жақты, аққұба, қыр мұрынды, ортадан жоғары бойы бар, төртбақ, көркем жігіт. Қысықтау көкшілт көзінің өзі оның көркем келбетіне көлеңке түсіре алмайтын. Мінезі салмақты, сырт көзге сырдан, сондықтан қыздарға да өтімді. Мен оның атқосшысы болып талай қыздарға бірге бардық. Ол кезде мен әлі бала сияқтымын, оның үстіне Еркебұлан бастықтардың, бай адамдардың кейде өзінен де үлкен кексе қыздарына ғана баратын. Сондықтан мен қызға емес, қызыққа бола баратынмын. Еркебұланның арқасында бай-бақуатты тұратын талай мықты қазақтардың үйінен дәм таттым...

Бертін Еркебұлан біздің Солтүстік Қазақстаннан Қостанайға, «Қазақпараттың» фотокоры болып ауысып кеткен. Одан премьер-министрдің көзіне түсіп, оның жеке фотографы болды. Бірнеше премьер ауысса

да Еркебұлан ауыспай осы жерде қалып, қызмет істеді. Бұл ұқсата білген адамға өте табысты қызмет. Премьер-министрмен бірге түскен фотоларын сұраушы әкімқаралар, бизнесмендер көп болады. Соларға Ерекең фотоларды 100 доллардан шытырлатып сататын... Бұл уақытта ол өте жалпайып, қатты семіріп кеткен. Содан ауырып, жаман дертке шалдығып, Швейцарияда операция жасатып қана тәуір болды.

Тағдырдың жазуымен, ұзақ жылдардан кейін, Еркебұлан Нұржанов екеуміз Астанада қайта жолықтық. Бұл кезде Нұржанов қайтадан «Қазақпаратта», мен «Егемен Қазақстанда» қызмет істеп жүрдім. Қызмет бойынша жиі жолығысып, әңгімелесетінбіз. Бірде ол маған өзінің қалай Швейцарияға барып емделгенін айтты.

– Оған барып емделетін ақша менде болған жоқ. Әйелім коттеджді сатайық деп еді, көнбедім, балама да бірдеңе қалдыруым керек қой дедім. Бірде есіме американдық миллиардер Билл Гейтс түсті. Мен онымен Бүкіләлемдік Давос экономикалық форумына премьер-министрмен барғанда жолығып, бірге фотоға түскен едім. Біздің байлардай сіреспеген емес, барынша қарапайым адам екен. Бір қарасақ жалғыз өзі келе жатыр... Жанымда ағылшын тілін білетін бір жігіт бар, екеуміз сізбен бірге фотоға түсуге бола ма деп жабыса кеттік. Жымиған күйінде, әрине болады деп қасымызға тұра қалды. Сосын маған фото жіберерсіз деп визиткасын берді. Ауру жаныма батқанда сол визитка есіме түскені ғой. «Суға кеткен тал қармайды» дегендей визитканы тауып алып, оның адресіне өзімнің науқасымды ағылшынша жаздырып, фотоны салып, қаржылай көмек қыла көріңіз деген хат жібердім. Арада бір апта өткенде қалтафоныма біреу хабарласып, сізбен жолығуға бола ма дейді. Шықсам орысша сөйлейтін бір жас жігіт

екен, ол өзін Билл Гейтстің өкілімін деп таныстырды. Сосын менің куәлігімді сұрап, жіті қарады. Одан әрі ешқандай артық сөз айтпастан мынау сізге Билл Гейтстің сәлемі деп толық конвертті портфелінен алып ұстата салды да, қоштасып жүре берді. Міне, сол ақшаға Швейцарияға барып ота жасатып, емделдім ғой, деген еді марқұм.

Мен қанша сұрасам да ол көлемін айтпады. Тек өзімнің ұзақ уақыт емделуіме, сол уақытта әйелімнің қонақүйде жатуына және балама машина сатып әперуіме еркін жетті деген еді. Осының бәрін есептесек Билл қазақстандық жігітке кем дегенде 100 мың доллар немесе еуро ұстатқан сияқты. Ол кезде қызық оқиғаларды жариялайтын «Етжеңді Егемен» шығып тұратын. Мен соған осы оқиғаны жазып шығардым. Содан... маған еліміздің түкпір-түкпірінен телефондаушылар, хат жазушылар көбейсін. Бәрі Еркебұланның нөмірін сұрайды. Қысылған жандардың бәрі де Биллге жазғысы келді-ау деймін. Мен бәріне де Еркебұланның нөмірін бердім. Ал оның қандай жауап бергенін білмеймін.

50 жылдығын ол бірнеше қалада таныс әкімдердің көмегімен көрмелер ұйымдастырып, тиімді өткізді. Түсірген фотолары да кәсіби жағынан сапалы болып шығатын еді. Табиғат көріністері, еңбек процесстері, адамдардың кейбір қуанышты, күлкілі немесе жабырқау сәттері, фотоэтюдтер оның объективінен тыс қалмайтын. Шақырған қалалардың бәрі де қомақты қаражат ұсынғанын естідік.

Емнен кейін Еркебұлан көп уақыт аман-сау жүрді де бірде, күрт ауырып қалды. Оған қатты күтіну керектігі айтылған екен, бірақ ақша табудың жолына көзді жұмып түсетін басы қандай ауыр жұмыстан да бас тартпай, бара беретін. 2005 жылы Н.Назарбаев президенттікке қайтадан сайланып, Ақордада инаугурациясын

өткізген. Сол күні далада сақылдаған сары аяз тұрды. Ақмоланың аязын терісінен соққан суық жел күшейте түсіп, күндізгі суығы 45 градустан кем болмағанын артынан газеттер жазған.

Инаугурацияның бағдарламасы бойынша Назарбаев жалғыз өзі далада әскери парадты қабылдады. Оны фото-видеооператорлар далаға шығып түсірді. Ішінде Еркебұлан да бар. Міне, сол жолы өзі де дімкәстеніп жүрген оған қатты суық тиіп, содан оңалмады. Елуден енді ғана асқан жасында жалған дәмі таусылды...

Жатақханада тағы бір, Алғиса деген қызық тағдырлы егде қазақ тұрды. Сол кезде оның жасы 59-да еді, оны білетінім аузынан келесі жылы пенсияға шығамын деген сөз түспейтін. Қызығы сол, Алғиса марқұм кезінде үлкен қызметтер істеген, одан әйелімен ажырасып, партия оны жоғары қызметтерден қуған. Кейін де аудан көлемінде жақсы жұмыстар атқарғанымен, тағы бір былықтары болып, төмендеп қалған. Осыдан кейін ол «Живсырьенің» агент-дайындаушысы болып істепті. Дайындаушы деген – ауылдардан малдың терісін, жүнін жинайды. Оны ақшаға емес, үнді шайы сияқты өте өтімді тауарға айырбастап алады. Осы жұмысты атқарғандар өте бай, ақшалары қалтасына сыймай жүретін және ол қызметті тек пысық адамдар атқаратын.

Алғиса ағамыз қазақ-орыс тілінде бірдей сөйлейтін еді. Тіпті орысшасын орыстардың өзінен артық сақылдататын. Оның «Чихал я все на свете!» деген сөздері есіме жиі түседі. Және бұл сөзге ол ерекше екпін түсіріп, қызық қылып айтады. Жалпиған бет-әлпеті, қолағаштай домалақ мұрыны, жыртық көзі, күлгенде жайылып кететін жүзі оны нағыз бір комедиялық жанрдың артисі сияқты көрсететін. Қандай байсалды әңгімелерінің өзінен юмор саулап, екі езуіңді жиғызбайтын.

Өзінің айтуына қарағанда соғыстан аман келіп, райкомнан қызмет сұраған. Соғыс кезінда партияға өтіп алдым, артынан мені ешкім оған өткізбесін білдім дейтін еді өзі.

– Бұтымда галифе, үстімде сталинская форма, аяғымда немістің хром етігі, райкомның табалдырығын тесіп жіберердей тарсылдатып, бірінші хатшыға кірдім. Орысша тақылдатып қандай әскери бөлімде болып, қашан демобилизацияланғанымды айтып, енді бір шаруашылық қызметке тұру үшін партия мүшесі ретінде келгенімді баяндадым. Аукомның хатшысы ақылды кісі екен, сөзімді бөлмей тыңдады да: «Орыс-шаң жақсы екен, тағы қандай өнерің бар?» дегені ғой таза қазақша.

Оспадар болып тұрған басым маңдайымнан осып жібергендей орындыққа отыра кеттім. Маңдайымнан тер де бұрқ ете түсті, қатты ұялып қалдым, – дейді өзі.

Содан мұны ауатком төрағасының орынбасары етіп тағайындапты. Біраз уақыт өткен соң басқармалардың курсын бітіріп, онда да пысықтығымен көзге түскен соң 25 жасында Конюхов деген ауданның бірінші хатшысы етіп жіберген екен. Өзі есерлеу еді, «мені қазір обкомның бірінші хатшысы қылып қойса да атқарып жүре берер едім» дейтін. Өтірік-шынын араластырып бірінші хатшы болып жүргендегі қызықтарын саулатады. Алғашқы әйелі қайтыс болып, осы хатшы болып жүргенде бір сұлу қызды алғанын да қыздырып әңгімелейді. Бұл әйелін мақтамайды, біраз уақыт тұрған соң жас баласымен бірге қуып шыққанын, партиядан да қуылып, қызметтен де кеткенін жасырмай айта береді. «Неге өйттіңіз» десем арақты көп іштім, орыстың қатындарына көп бардым, анау сорлы қызғана берді дейді өзіне шаң жұқтырмай тек әйелін жазғырып.

Кейде мені бір авантюраларға да ұрындырып қояды. «Жүр, екеуіміз Есілбайдың үйіне қонаққа барып келейік» – дейді бірде маған. Есілбай Қазыбеков деген кісі біздің елдікі, маған ағайын болып келеді. Беделі зор, үлкен қызметтер атқарған, соғыста да барлаушылар ротасының командирі болып, бірнеше ордендер алған, бір аяғынан жараланып, мүгедектік алған адам. Оның үйіне жайдан-жай бару маған ұят. Алғекең оны да жақсы біледі екен, мені біраз азғырып, көндіре алмаған соң өзі кетеді. Өзі де сырбаз, жап-жаңа қара костюмін киіп, ақ көйлекке галстук тағып сықап алады.

Біраз жыл ауылда жүрсе де, «Живсырьенің» агенті ғана болса да Алғиса ағамыз осы жатақханада бір қыс қана тұрып, келесі жылы қаланың қақ орталығындағы майдангерлерге арналып салынған жақсы үйлердің бірінен бір бөлмелі жайлы пәтер алды. Ондайға да өнер керек. Бірде қаңғалақтап жүріп, оған сәлем беріп шыққанмын. Андағұл деген ауылда тұрған қарындасының осындағы мектептердің бірінде оқитын жас қызын қолына алып, үйінде сол екеуі ғана тұрады екен.

«Агропромстройда» не қызмет істейтінін айтпайтын, тек айына 170 сом аламын деп мақтанатын. Жалғыз баласы сол кезде Петропавлдың пединститутында мұғалім болып істейтін. Бірақ әкесі оған бара қоймайтын. Қалай десек те Алғекең өте пысық, алғыр, өтімді адам еді. Тек бағы ғана кемшін болған сияқты, оған ағамыздың мінезіндегі ұстамсыздық, мақтаншақтық кесірін тигізді-ау деп ойлаймын. Оның мінезінен маған көп нәрсе жұқты. Әсіресе, «чихал я все на свете» дегенді айтып періп кететін жағымсыз қылығы ішінара маған да мінез болды...

Біздің Тауағаш ауылы бөлімшесі болып табылатын Николаевка деген кеңшардың орталығындағы ауруханада ұзақ жылдар дәрігер болған бір орыс шалы

да біздің жатақханада тұрды. Қартайғанда жалғыз қалған басы ауылда тұра алмай қалаға келген екен. Жасы сол кезде 76-да еді. Біздің ауылдың біраз кісілерін біледі, соларды еске алып қоятын. Өзі Украинадан Тың көтеру жылдарында келіпті. Ол кезде Украинадағы денсаулық сақтау орындарының бірінде басшы қызметте болыпты. Бірде оған Тыңға жіберетіндерді жасақтау міндеті қоса жүктеледі. Адам саны азайып, бірде белгіленген адам саны жетпей қалады, бастығы болса «онда өзің де бар» деп мұны да қоя беріпті. Сөйтіп, ауылды жерде ұзақ жыл дәрігер болып істейді, енді кемпірі өліп, жалғыз қалған соң қаладан жайлы пәтер алуға келген сияқты. Өзі жуас адам, ешкіммен қақ-соқтығы жоқ. Үнемі жай басып, торкөзіне салған нанын әкеле жатады. Орыс-қазақтан онымен сөйлесетін адам жоқ, тек менімен ғана біраз сөйлесіп қалады. «Өлуге жақындадым, бірақ өлгім келмейді» дейтін еді жарықтық. Неге екенін білмеймін, Алғиса онымен бақас, үнемі сөзбен түйреп, тиісіп жүреді.

Үшінші қабатта тұратын қылмыскерлер арасында үнемі қақтығыстар болып тұрады. Бірде екі дәуі қатты төбелесіп, олардың гүрсілінен жатақханамыз теңселіп кеткендей болып еді. Төменде вахтада отырған милиционер барып, оларды айыруға батылы жетпеді...

Біз жатақхананың 110-шы бөлмесінде тұрдық. Ол екі қуыстан тұратын пәтер типті бөлме. Үлкенінде үш адам, кішісінде бір адам тұрамыз. Санузел ортақ. Интернационал көшесіндегі осы бөлмеде қазақ, армян, неміс, грузин болып әр ұлттың өкілдері интернациол болып тұрдық. Армянымыз – Юрик Чобанян, сәл мақтаншақтау, ұзын мұрын, қарасұр жігіт. Жігітшілігі жақсы, сөзінде тұрады, трестің бір зауытында бетоншы болып істейді, өте қарулы, дене бітімі спортшыларға тән сымбатты. Бөлмемізде 24 килограмдық екі гир

болды, Юрик олармен циркачтар секілді үйіріп, ойнайды. Өзі вахтада отыратын татар әйелдің мектепте оқитын қызымен жүреді. Үріп ауызға салғандай аппақ, әдемі қыз үнемі қап-қара армянмен қолтықтасып жүргені. Шешесі өнді, аққұба әйел, тек ерте толған, болбиған бәйбіше. Ол қызының армянмен жүретінін біледі, тіпті Юрикті өзіне жақын тартып қояды. Жалпы, Юрик жақсы жігіт еді, еш жамандығын көрсеткен емес. Анда-санда оған қаладағы армян жастары келіп-кетіп жүретін.

Неміс Эрих деген аласа бойлы жігіт. Бойының шарғылығына қарамай нығыз, спортпен айналысқан, мығым жігіт. Трестің бір мекемесінде жүргізуші болып істеді. Ол маған әсіресе жақын, көп әңгімелер айтады, көп оқиғаларды біледі. Қайырымды жігіт, бір көмек керек болса – алдымен содан сұрайтын едім.

Бір кісілікте жалғыз тұратын Георгий Надирашвили деген сол кезде жасы отыздан асқан ересек, грузин жігіті. Біз оны Гоги дейміз. Ол трестің өзінде бір бөлімнің бастығы. Жоғары білімді Новосибирскінің бір институтында алыпты. Жолдастары көп, арасында прокурор да, инженер де, дәрігер де, басқалар да бар. Бұлардан басқа қаладағы грузиндер де келіп, анда-санда Гогидің қонағы болып кетеді. Әсіресе, Гоги Грузияға барып келгенде бұлардың жиналуы жиілейді. Гүж-гүж, гүр-гүр етіп отырған грузиндер Гогидің тері қоржынға құйып әкелген чача шарабын тамсана отырып ішеді. Өздері мақтаншақтау келеді, чачаны керемет мақтайды... Өз тілдерінде Грузиядағы жағдайды, Шеварднадзенің іс-әрекетін де талқылап отырады. Әрине, не айтатынын түсінбейсің, бірақ Шеварднадзенің атын жиі айтқанынан әңгіме сол туралы екенін аңғарасың...

Гогидің өзі ұзын бойлы, сымбатты жігіт. Нағыз кавказдықтарға тән үлкен қыр мұрынды, атжақты, қой

көзді. Сонымен бірге спортпен де айналысқаны дене бітімінен білініп тұратын. Сол кезде жасы 33-те. Кейде екеуміз ұзақ әңгімелесетінбіз. Мен ол кезде кітапханадан кітаптар алып, оқып тұрамын. Гоги менен оның мазмұнын сұрайды. Осы Гогиге білдіру үшін мен «Абай жолының» 3-ші, 4-ші томдарын орысша оқығаным есімде. Барлық жатақханаға ортақ бір-ақ телевизор бар. Ол біздің жанымыздағы «Қызыл бұрышта». Оған жоғары қабаттағы зэктер де қаптап келеді, адам толып отырады. Сондықтан біз оған бара бермейміз. Бос уақытымызда менің оқитын кітаптарымды әңгіме қылатынбыз. Гогидің өзі де көп әңгімелер айтады. Саяси тақырыптарға да жиі соғып тұрамыз. СССР-дағы шовинистік саясаттың шоғын үрлеп, қыздырып отырған Суслов (ЦК-ның идеология жағын қадағалайтын Брежневтан кейінгі хатшысы) дегенді ол жиі айтатын. Орыстарды «қандай ақымақ халық, өз тарихтарының ақиқатын білмейді, өтірікке сеніп тек кеуделерін қаға береді», дейтін еді Гоги.

Оның көптеген пікіріне қосыламын. Гоги грузин болса да «тек орысқа қызмет етті» деп Сталинді жақсы көрмейді. Репрессия жылдарында грузиннің мыңдаған ақылды адамдарының көзін жойғанын да осы Георгий Карамановичтен естіген едім. Бірақ басқа жұрттың көзінше, әсіресе орыстардың көзінше оны мақтап та қояды. Сол, 1979 жылы Сталиннің 100 жылдығы болған еді. Соның құрметіне барлық жерде оның портреттері сатылатын, барлық жеңіл машиналар оны артқы терезелеріне қойып жүретін. Тіпті осыған байланысты бір анекдоттар да айтылатын. «Бірде», – делінеді онда, «бір ерлі-зайыпты кісілер Кавказ тауларын басып, машиналарымен Волгоградқа бара жатады. Жолда оларды ұлты грузин ГАИ қызметкері тоқтатады. Жүргізушінің куәлігін тексерген гаишник олардың қайда бара жатқанын

сұрайды. Анау Волградқа бара жатырмыз дейді. Гаишник екінші рет сұрайды, екінші рет те сол жауапты естиді. Үшінші рет сұрап, сол жауапты естігенде гаишник қалтасынан куәлік тесетінін алып, байғұстың куәлігін «Сталингрд! Сталинград! Сталинград!» деп үш рет айғайлап, үш тесіп беріпті...», делінетін онда. Ол кезде жол тәртібін бұзсаң куәлікті тесіп беретін.

Сталиннің бір суретін мен де әкеліп, төсегімнің үстіне іліп қойған едім. Үйге келген қонақтар сол суретке көзі түскенде әңгіме бастайтын. Тағы бірде Гогиге келген бір егде қонақ ішіп отырып: «грузиндердің Сталиннен басқа еркектері әйелдеріне қарағанда ақылсыз болады» деп соқты. Әзілге баланған бұл сөзге Гоги ашуланған жоқ, қайта күліп қабылдады. Шынында сол жылдары шахматтан Грузияның Майя Чибурданидзе, Нона Гаприандашвили, Нана Иоселианилер сияқты қыздары әлемдік тәжді ешкімге бермей, шахматтан чемпион болып жүретін. Гогиға келген грузин қонақтар футболдағы «Динамо Тбилиси» командасын да көп айтып, көп күпситін. Айтса айтқандай сол жылдары бұл команда үнемі КСРО чемпионатының жүлдегерлері қатарында жүретін. Соның ішінде 2 рет чемпион, 13 рет қола медаль алған. Ал 1981 жылы осы команда КСРО-да «Динамо Киевтен» кейін екінші болып Еуролиганың «Кубтарының кубогын» жеңіп алып, айды аспанға бір-ақ шығарды. Сондықтан, өздері де мақтан құмар грузиндер мұндай командамен жақтары талғанша мақтанатын...

Әрине, Гогиді тек қана интеллектуалдық қызықтарға құштар жан деп айтпайсың. Ол өте жан-жақты, кейде өзінің экономикалық, техникалық мәселелерін де келген қонақтарымен талқылап кететін. Өзінің негізгі жұмысына қосымша әрекет етіп, жазға қарай бригада жинап, оны құрылыстарға (калымға) апарып,

көп ақша табатын. Қыс бойы қайда бару керектігін кеңшар директорларымен келісіп жүреді, сонымен бірге «халтураға» (калымға) апаратын орыстарын да жинап жүреді. Оларды алдап-сулап, арасында арақ алатын ақша да беріп қояды.

Әйелдерге де өтімді болды. Бірақ кез келген әйелге бармайды, қалком, қалатком сияқты жерлерде істейтін пәтерлері бар, жалғыз тұратын бойдақ әйелдерге ғана барып қайтады. Өзінің айтуына қарағанда олары өте сұлу, жас, мүсінді болады...

Гогиді паналап Грузиядан Тамаз, Нукзар деген таныс, туыс жас жігіттер де келді. Тамаз қарапайым, балдырлап сөйлей беретін, ауылдық жердің баласы. Өзі дембелше, орта бойлы, кеспелтек жігіт. Нукзар Тбилисидің өзінен келді. Бұл Гогидің бір туысының ұлы. Әкесі жоқ, шешесінің мойнында жалғыз өсіпті, сондықтан еркелеу. Келгеніне бір ай болмай жатып анасынан посылка келді. Біздің темекілерді тартпайды, шешесі қорап-қорап қылып өздерінің шылымдарын жібереді. Бір магнитофоны бар, соны қойып, күні бойы тыңдаудан жалықпайды. Әсіресе, сол жылдарда модада болған ГФР-дің «Шыңғысхан» ансамблінің Мәскеу Олимпиадасына қатысты шығарған атақты әнін қойып, қашан көрсең тыңдайды да тұрады. «Мәскөу-Мәскөу» деген қайырмасына қосылып қояды. Георгий Караманович екеуіне де жатақханадан орын әперді, екеуін де жұмысқа кіргізді.

Мен Гогиден көп нәрсе үйрендім. Ол ешқашан ұсақталып отырмайтын, кеңінен толған, мол пішіп, дүниені биіктен бағалап отыратын. Мен орысқа ешқашан үйленбеймін дейтін ол. Олар әйел болып жарытпайды, мен Грузияға барған соң өзімнің айтқанымнан шықпайтын, балаларымды күтетін грузин қызына ғана үйленемін дейтін еді. Ақыры, Свердловскідегі сырттан

оқытатын бүкілодақтық заң институтын бітіріп, Грузияға барып, ішкі істер органдарына қызметке кіріпті деп естідім. Жоспары орындалып, Георгий Караманович өзінің қалаған қызына үйленгеніне сенімдімін.

Осы жылдан мен де жігіт болып, қыздарға қырындап, көп қыдыратын болдым. Ауылдан Жабай деген досым келіп тұратын. Екеуміз мектепте бірге оқыдық. 1978-ші жылдың күзінде ол әскерге кетіп, Мәскеудің түбінде құрылыс батальонында болды. Жабайға әскерге кеткенше бір науқас жабысып, басынан жапа шегіп жүретін, соған қарамай оны әскерге алыпты. 1980-ші жылдың басында оны денсаулығына байланысты екі жылға толмайтын мерзімде әскерден босатты. Әскери госпиталь оны емдей алмапты. Білетіндер Жабайды халық емшісіне апару керектігін айтыпты. Ол жылдарда емшілер аз, бірақ Қызылжарда Салық молда деген кітап көтеріп емдейтін бір көріпкел адам болды. Бірде Жабай соған апаршы деп маған келіпті.

Екеуміз «Бензострой» ауданының шетінде, жекеменшік үйде тұратын Салық молдаға бардық. Ол кісі алдымен өзінің кітабына Жабайды жазды, сосын, неге екенін кім білсін, әкесінің емес, шешесінің атын жазды. Сосын кітап көтеріп ұзақ отырып, үйінен қаздың еті мен май алып келуді тапсырды. Осыларды алып келесі жолы барғанымызда оларды үшкіріп, қалай жеу керек екенін айтты. Міне, осы емнен кейін Жабай тәуір болып кетті. Салық молданың емі осылай көп адамға шипа болғанын естіген едік. Кеңестік идеология қанша сендірмесе де сол жылдардың өзінде оны алыстан іздеп келіп, ем алатын адамдар көп болған. Солардың бәрі кеңестік ауруханада сарылып көп емделіп, тәуір болып кете алмаған жандар.

Жабай жігіттің қыз қызығатын көркемі еді. Әдемі мұрты бар, қой көзді, аққұба жігіт болатын. Маған жиі

келеді, екеуміз таныс қыздарға, ауылдың балаларына барып, өмірді қызықтап, күліп-ойнап жүріп жаттық. Бірде қаланың кірпіш зауытына біздің ауылдың 15–20 жігітін әкелді. Олар осында жұмыс істегені үшін совхозға кірпіш беретін болған. Ал сол кірпішке салынған үйлер осы жігіттерге берілмек-ті. Жабай екеуміз қаңғалақтап, соларға да барып жүрдік.

1980-шы жылдың маусым айының аяғында, бір жыл қызмет істеген соң мен райфодан тиісті еңбек демалысымды алдым. Бірақ енді қайтып келмейтін болып, жатақханадан да шығып кеттім. Жұмыс орныма айтқан жоқпын, тек қайтып келмейтінімді өзім ғана біліп ауылға аттандым.

Туған жердің төсінде

Жұмыстан түпкілікті шықпай кеткенімде бір сыр бар. Демалысым біткен соң Алматыға барып, жүрегіме операция жасатпақпын. Бұл мәселенің қайта көтерілгенінің де өз қызығы бар. Сол, 1980 жылы жазға қарай әскери комиссариатқа мені әскерге алуларыңызды өтінемін, менің ешқандай ауруым жоқ деп арыз жаздым. Бұл бір жағынан жұмыстан кетудің қулығы, екінші жағынан ауруханаға жатып тексеріліп, Алматыға жолдама алудың айласы еді. Әйтпесе, мені әскерге алмайтындарын жай да білемін ғой. Ауруханаға жатып, одан Алматыға жолдансам, ол жақта да біраз уақыт жатсам менің аурулық туралы ақылы қағазым жалғаса береді... Осыны ойлағанмын ғой... Ішімнен ауруханаға жатып, ота жасатқанда өмірден өтіп те кетуім мүмкін ғой деген қаупім де жоқ емес.

Әскери комиссар мені шақырып алып, «мынаны не үшін жазып жүрсің, сен денсаулығыңа байланысты саптан босатылғансың ғой, немене, солдат болмасаң өмір сүре алмайсың ба, саған бірдеңе кедергі жасады ма», деп ұрысты. Мен болсам: «жоқ, менің денсаулығым жарамды, солдаттыққа жараймын» деп қоймаймын. Амалы жоқ, әскери комиссар мені қалалық ауруханаға тексерілуге жолдама берді. Екі аптадай осы ауруханада жатып, Алматыға ота жасатуға жолдама алып шықтым. Жұмысқа айтып едім, олардың бәрі алаңдап, аяп жатыр. Осыдан кейін бұрын қол қоймай жүрген еңбек

демалысына да рұқсат берді. Демалысым аяқталған соң Алматыға тартпақпын...

Ауылға келіп сол жылы, жігіттік дәуренді әбден бастан кештім. Мектеп бітірген бір қызбен қыдырыстап, махаббат күйін шерттік. Томпиған, толықша, әдемі қыз еді. Сол күндердегі тәтті сезімдер есімде мәңгі қалды. Ауылда біз қатарлы жігіттердің бәрі әскерде, жалғыз Жабай екеуміз ғана кешке клубтан шықпаймыз. Бөтен қыз қонаққа келсе де біздікі. Қыдырыстап, аудан орталығына, көлік табылса көрші ауылдарға да барып келеміз. Сөйтіп жүргенде Жабайларға ауылшаруашылығы техникумына түсу үшін дайындайтын курсқа жолдама алудың сәті түсе кетті. Ол сонда кеткен соң да қызық таусылған жоқ. Қызбен бірге түні бойы қыдырыстап, күні бойы ұйықтаймын. Жастық емес пе, кейде басқа қыздарға да барып қоямын. Арасында үйдің кейбір жұмыстарына қолғабыс тигіземін. Түннің бір уағына дейін қыдырыстап келгенде әжемнің шайы дайын тұратын еді. Өзің ішіп, жата бермедің бе десем, бейне бір үйде жалғыз қалған жандай «сенсіз қалай ішемін» деп қояды. Сонда жанында өзінің туған немерелері толып жүреді. Әжем солардан тығып, алып қойған тәтті, дәмділері болса менің аузыма тосатын еді, жарықтық.

Алтай, Асқар деген інішектерім бар. Олардан кейін де бірнешеуі туды. Бәрін де мен жақсы көремін. Оқудан келерде олар мені тосып, күтіп жүретін. Тіпті шешелерімен ұрыссып, «бүгін келеді деп едің ғой, неге келмеді» деп таласатын көрінеді. Мен де құр қол келмеймін, бәріне әртүрлі сыйлықтар әкелемін. Ал мен келгенде Алтай мен Асқар соңымнан қалмайды, кірсем кіреді, шықсам шығады. Қолымды жусам екеуі жарысып орамал әперіп, отырсам екеуі екі жақтан орындық ұсынып бәйек болып жүргендері. Әжем де «әтайларыңа орын беріңдер, шәшкесін әперіңдер, өйтіңдер, бүйтіңдер»

деп өздері де құрақ ұшып жүргендерді одан сайын жүгіртіп қояды. Осы екеуін мен әсіресе қатты жақсы көрдім. Олар да мені жақсы көрді. Көрші үйдегі Ағыбай ағамның жалғыз ұлы Амангелді де біздің үйден шықпайды. Оны да мен жақсы көремін. Аллаға шүкір, әлі күнге бір-бірімізді қатты сыйлаймыз.

Алайда, сол жылы бәрібір мен әжемнің рұқсатымен, көзін сыққызып, өзім де қимай-қимай әке-шешемнің үйіне көштім... Өйткені, Күләш жеңгем бірнеше балалы болып, олардың кейбірі әжемнің бауырына, біз жататын шағын бөлмеге ауыса бастады. Түні бойы қыдыратын маған ұйқы бермей, бөбектер шулай береді. Сосын амал жоқ, әке-шешемнің тыныш үйін қаладым. Олар өздері ғана тұратын, жалғыз қарындасым Қымбат ол кезде интернатта оқиды.

Демалысым аяқталған соң Қызылжарға келдім. Осында оқып жатқан Жабай мені автобустан қарсы алды. Екеуміз ойнап-күліп, алдымен менің жүктерімді Күлшә тәтемнің үйіне апарып тастадық, сосын әуежайға келіп, ертеңгі ұшаққа Алматыға билет алдық.

Сол күні көп қыдырдық. Ең соңында педагогикалық институттың жатақханасына келдік. Мұнда Жабаймен оқып жүрген біраз жігіттерді кездестірдік, арасында біздің ауылдан Қазыбеков Ернар да бар. Кіргізе қоймайтын жатақханаға да бір қулықпен кіріп кеттік. Осы жерде бір себеппен Жабай екеуміз бөлініп қалдық. Мен өзімнің кластасым Әбдіқасымова Шалқымаға соғуға кеттім, ал ол жанындағы жігіттермен басқа біреулерге кетіп еді.

Сол айрылысқаннан біз – Жабай досым екеуміз мәңгіге айрылыстық. Шалқыманың бөлмесінің нөмірін ұмытып қалыппын, оны көп іздеп таба алмаған соң Жабайларды іздеуге кірістім. Олар да зым-зия болып, қайда кіріп кеткенін білмей қалдым. Күні бойы

қаңғырып, шаршаған басым ертең кездесерміз, ол менің ұшағымның нешеде екенін біледі ғой, аэропортқа келер деген үмітпен Күлшә тәтемнің үйіне кеттім.

Ертесіне ол аэропортқа келмеді. Келмеуі мүмкін емес деп терезеге қанша үңілсем де есіл досымды көре алмадым. Оған сол түні бірдеңе болды...

Мен кеткен соң 3 күннен кейін үйіне техникумнан іздеу келіп, балаларың сабаққа неге келмейді, келмесе оқудан шығарамыз деген хабар келеді. Әкесі марқұм құлағы кемдеу, оқымаған адам еді, ал әкесінің ағасы Рысбай бөлімшенің меңгерушісі болған, белгілі адам. Сол кезде оның Целиноградта, институтта оқитын баласы Абай да үйінде екен. Үйлерінде машина да бар, бәрі салып ұрып техникумға келеді, сұрастырады, милицияға береді. Жабай зым-зия, еш жерден табылмапты. Екеуміздің достығымызды білетіндер, «е, ол Жақсыбаймен бірге Алматыға кеткен шығар» деп өздерін жұбатады.

Сондай алаң көңіл далаң болып жүрген күндердің бірінде Есіл өзенінен бір адамның мәйіті табылады. Милиция Жабайдың үйіне хабарласып, оның кім екенін тануға шақырады. Оған әкесі Құнанбай, оның ағасы Рысбай және Абай барып, денесі ісініп кеткен мәйітті Жабай емес деп танымай келеді. Артынан шешесі Бибінұр «қорқасың деп мені апармады, мен танитын едім, суда жатқан соң адамның денесі ісінеді ғой, сол Жабайым шығар» деп жылап отыратын еді. Егер сол Жабай болса менің жан досыма топырақ та бұйырмай, көмілмей қалды...

Мен бұл кезде қаннен-қапersіз Алматының Сызғанов атындағы клинико-экспериментальдық хирургия институтында жүріп жаттым. Еш жерім ауырмайды, ешқандай ем де алмаймын, тек диагнозымды анықтап, түрлі аппараттарға түсіреді, тамырларымнан сарапқа

қан беремін. Өзім қатарлы жігіттермен карта ойнаймыз, қыз-келіншектермен әзіл-қалжыңымыз таусылмайды.

Алматыда тауағаштық Ғайнижамал деген бір апайымыз тұрды. Соғыстан кейінгі жылдары Мәскеудің оқу орындарына түсетін адам аз болып, олар одақтас республиканың жастарын шақырған ғой. Сол шақырумен жүздеген қазақ жасы Мәскеудің түрлі оқу орындарына түсіп кеткен. Ғайнижамал тәтеміз де сол дүрмекпен Мәскеудің химия-технологиялық институтына түсіп, геология институтында оқитын Зейнолла Нұрбаевпен көңіл қосып, тұрмысқа шыққан соң екеуі Алматыға келген екен. Екі ұл, екі қыздары бар. Үлкен ұлы Қайнар ересек жігіт, сол жылдары бөлек үй болып кеткен. Ал Қамбары 7–8 сыныптың бірінде оқитын сүйкімді бала. Зейнолла жездеміз геология ғылымдарының кандидаты, бірнеше ғылыми еңбектері бар. Қазақ-совет энциклопедиясына да өзінің мамандығы бойынша мақалалар жазып, бір авторы атанған.

Ғайнижамал апай мейірімді, бауырмал адам. Ол күндіз маған Қамбардан тамақ беріп жібереді. Үйлері ауруханаға алыс емес. Кейде вахтада орыстың бір ұнамсыз кемпірі отырады. Нағыз бір оңбаған адам еді, ол кезекші болған күні жұдырықтай баламен салғыласып, Қамбарды жолатпайды. Нанын жеп отырса да қу мыстанның қазақтарды жек көретіні көрініп тұратын еді. Сондықтан өзім алтыншы қабаттан төменге түсіп, оны қосалқы есіктен қарсы алатынмын.

Бірде Қамбар орталық есікке келе қалыпты, оны жоғарыдан түсіп келе жатқан мен көріп, сол жерге түскенмін. Менің орталық есікке келгенімді және тамақ алғанымды көріп әлгі кемпір айғай-шу шығарды. Сол екі арада мен өзіміздің қабатқа кете қалған едім, кемпір институт директорының орынбасары, қап-қара, түксиген бір қазақты ертіп келді. Ол кәдімгі Мұхтар

Әлиев еді. Артынан Назарбаевтың құдасы болып біраз шалқақтады ғой. Нағыз қанықпезер екен, орыстың жаман кемпірінің сөзіне басын шұлғып тұрса да, менің өзімді қорғаған бір сөзімді де тыңдағысы келмеді. Бөлімшенің меңгерушісін шақыртып алып, мені дереу ауруханадан шығарып жіберу туралы бұйрық берді. Осындай сатқындар қазақ арасында әлі де көп қой. Олар орысқа жағымпаздану үшін өзінің халқын түрегелтіп қойып бауыздауға бар... Бірақ, бәрібір Алла ондайлардың жазасын мықтап береді. Мынаның да жазасын берді ғой, қара жер хабар бермесін...

Сөйтіп, ота жасатуға барған басым сопайып ауылға бос қайтып келдім. Бәлки осының өзі дұрыс болған шығар.

Автобустан түскен бойы жұрттың бәрі менен Жабайды сұрайды. Мен оның Қызылжарда қалғанын айтамын. «Біз сенімен кетіп қалған шығар деп ойладық» деп бәрі маған біртүрлі күдікпен қарайтындар да болды. Бұл уақытта немере ағасы Абай талай жерді шарлап, талай орындарға барып оны іздеген екен. Мен өзімнің онымен педиститутттың жатақханасында адасып қалғанымды айтып, бірге жүргендерден де сұрадық. Олар да Жабайдан көз жазып қалғанын жеткізді. Жоғарыда айттым ғой, Жабай қыздарға өте өтімді еді. Сол күні ол таныс па, бейтаныс па бір қызда болған болуы керек деп шамалаймын. Ар жағын не деп ойларымды білмеймін... Әйтеуір, арыстай азамат айдың-күннің аманында, бейбіт заманда ұшты-күйлі жоғалып кетті.

Дәл сол, 1980 жылы, алақандай Тауағаш ауылынан бірнеше адам қаза болды. Еркін Қасенов деген ағамыз бар еді, аудан орталығы Явленка селосында перзентханада босанып жатқан әйеліне барғанда сол кісіні де біреулер өлтіріп кетті. Ебіш деген ағамыз да сол жылы 52 жасында ауыр науқастан көз жұмды. Есенбай

деген атамыз, менің әжем Балау 73 жасында және т.б. кісілер осы жылы өмірден өтті...

Менің ендігі мақсатым – Алматыға кетіп, сонда жұмысқа тұру. Сосын, мүмкіндігі болса бір жоғары оқу орнына түсу. Техникумды өзімше әбден тәрк еттім, не де болса жоғары білім алуым керек деген мақсатты алдыма қойды.

Ауылда әр нәрсенің басын бір шалып жүрген едім, бір күні бөлімше басқарушысы Балтабек Мұстафин ағай шақыртып, егін орағы кезінде, 2–3 айға созылатын есепшінің көмекшісі деген штат болатынын, сол жұмысқа кіріссейші деген ұсыныс жасады. Бұл маған дәс бола кетті. Үйге сыймай жүрген басым, сөйтіп есепшінің көмекшісі бола қалдым...

Мен 1973 жылы интернатқа кеткеннен ауыл адамдарымен жақыннан араласа алмай, сыртқары жүрген едім. Ауылға каникулға барғанда ағам Жолдыбай мен Балғабайдың қасында қой бағысып, мал шаруашылығына біршама жақын жүрсем де трактор-егіс бригадасының маңына жолаған емеспін. Қойдың қысы-жазғы бағу, қозы алу науқаны, сахманшылық, жазғы қырықтық, одан қайшы кескен, жара түскен жерлері құрттамасын деп карболинге түсіру сияқты процесстерін жақсы білдім. Жолдыбай мен Балғабай ағаларымның алдарындағы 800-дей саулыққа қатысты барлық жұмыстарға белшеден қатысқанмын. Ал трактор-егіс бригадасының жұмысын алыстан көріп жүрсем де маған таныс емес еді. Енді сол жұмыстың бел ортасына түстім.

Тауағаштың егіс даласы орасан мол, парға қалдырған жерді шығарып тастағанның өзінде 10 мың гектардай жерге бидай, арпа, сұлы, жүгері сияқты дақылдар егіледі. Мая-мая шөп үйгізетін екпе шөбі тағы бар. Оларды бірі жинап жатқанда, тағы бір топ механизаторлар сүдігер жыртып жатады. Осының бәрін атқаратын 50–60

адамнан тұратын үлкен трактор-егіс бригадасының мүшелері. Олардың күнделікті еңбекақысын қорыту менің міндетім.

Қызық жұмыс еді. Есепші Зұлқарнай Төлебаев ағамыз. Ол комбайнердің қанша гектар жердің егінін шапқанын, қанша тонна астық соққанын, сүдігер жыртқан тракторшылардың қанша гектар айырғанын маған жазып береді. Ал мен тарифке және механизатордың класына сәйкес ақша қорытамын. Жер жыртып жүрген трактористерге де сондай әдіспен еңбекақы қорытылады. Оның бәрін Шолпан бухгалтер тексереді. Ал аға бухгалтер Сұлтан ағамыз қол қояды.

Мен үшін бұл жұмыс бір қызық дүние, бұрын механизаторларға еңбекақының қалай қорытылатынын білмейтін едім, енді бәрін өз қолыммен жасайтын болдым. Ауылдың аяғында далалық үш қызыл вагоннан құралған асхана бар. Соның үлкен тақта ілінген қабырғасына кімнің қанша ақша тапқанын күніге жазып тұрамын. Бұл механизаторларға жақсы болды, өзінің не алатынын бұрын айдың аяғында бір-ақ білетін олар енді күндегісін күнде көріп тұрады. Өздері соған мәз болып жүретін. Күні бүгінге дейін сол әдісті ризашылықпен еске алатындар бар.

Еңбекақылары аз болып қалса механизаторлар есепшіге шүйіледі. «Кеше пәлен гектар жер жырттым, дұрыс жазбапсың» деп кейбір қызбалар оған тап-тап беруге әзір. Ондайда Зұлқайнар ағам марқұм қып-қызыл болып, үндемейді, ешкіммен дауласпайды. Тек оқта-санда ғана біреулердің гектарын үлкейтіп, біреулердікін сәл азайтуға маған команда береді. Ал маған ешкім еңбегімді дұрыс жазбапсың деп ұрыспайды, өйткені мен бәрін Зұлқарнай ағайдың беруімен есептеймін, бәрі көз алдарында тұрады...

Мен жұмысқа кіргенге дейін трактор-егіс бригадасының бригадирі Қалқаман Қазыбеков еді. Дәл егін орағы басталарда кеңшар директоры Қайырбай Сәдуақасов онымен бір нәрсеге келіспей қалып, қызметінен алып тастап, орнына Сафуан Тастановты қойды. Бұған дейін ол мал бригадирі болып істейтін. Мына қызмет ол үшін жоғарылау еді. Өйткені, мал бригадирінің оклады 135 сом, трактор-егіс бригадирінің оклады – 165 сом болатын. Айта кететін болсақ, сол кезде агроном мен зоотехник – 160 сом, бөлімше меңгерушісі – 190 сом, директор – 230 сом еңбекақы алатын. Осының үстіне бәрінің үйінде жобамен бір жылқы, екі сиыр, 10–15 қойдан қосалқы шаруашылықтары бар. Оларды әйелдері мен балалары күтеді.

Сафуан Тастанов бұрын, ұзақ жылдар бойы, мектепте қызмет істеген, бір кезде тіпті директордың орынбасары да болды. Өзі сырттан оқып екі техникум бітірген, біреуі бойынша зоотехник, екіншісімен агроном мамандықтарын алған. Педагогикалық білімі болмағандықтан ол өзі сұранып алғашында тракторға отырды. Жұрттың бәрі бұл іске таңданыспен қараған еді. Директор оның өз ісіне тиянақты, ұқыпты екенін ескерген болуы керек, көп ұзамай мал шаруашылығының бригадирі етіп қойған.

Сафуан ағамыз нағыз коммунистік идеологияның өнімі еді. Ол партияның талабына барынша адал болғысы келіп жүретін. Жаңа түскен келіншекке, кешегі өзінің оқушысына, басына орамал таққаны үшін қатты ұрсып, ешқашан ондайыңды көрсетпе деген жігіт. Ескінің бәрін, халықтың ата дәстүрін жарадай көріп, ал коммунистік сандырақты жүрегімен қабылдаған адасқан жандардың бірі болды.

Мал шаруашылығының бригадирлігін ол мүлтіксіз атқарып, кеңшардың директорының ойынан шыққан

болуы керек, енді ауылдағы басқарушыдан кейінгі ең маңызды қызметті атқару да осы кісіге жүктелді. Бұл жұмысты кезінде Тауағашта ғана емес, облыста атақты болған Шәкең – Шаяхмет Жолаушин атқарған. Ол халықпен барынша жақын болып, сөйлескенде, ұрысқанда өзін бастық емес солардың қатарындағы адам деп сезінген. Шәкеңнің боқтағанына да ешкім өкпелемеген, ұрысқанына да ешкім қарсы шығып, мән бермеген, өйткені ол тек орнымен ұрсады. Тіпті ет қызуымен артықтау кетсе қазір ұрысқан адамынан бір айналып келіп шылым сұрайды екен. Бәрі оны Шәкеңнің кешірім сұрағаны деп ұққан. Араларында ешқандай кектесу, өштесу деген болмайды, керісінше Шәкеңнің кешірімділігіне, кішілігіне орай халық та оны жақсы көрген. Осы кеңдіктен болса керек, бір кезде Шәкеңнің бағы аспанға ұшып, ол КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына да сайланды. Кей жылдары орақ науқаны бітпей жатып басталатын сессияларға барып, әбден шаршап жүрген басы дем алып, тыңайып қайтады екен. Бір жылы сессия қазан айында басталып, Шәкең орақ аяқталмай сессияға жүріп кетеді. Артынан обкомның телеграммасы жетіп, оның бригадасының орақ науқанын абыроймен аяқтап шыққанын айтып, Шәкеңді құттықтапты. Бірақ сол жылы ауа райының қолайсыздығынан астық жинау қараша айына дейін созылады. Шәкең сессиядан тыңайып келсе жұрт әлі далада, қар суымен астық жинауда екен, сонда Шәкеңнің өзі таң қалып, маған орақ аяқталды деп құттықтап еді ғой деп күледі екен...

Осы Шәкең марқұмның трагедиялық тағдыры биыл есіме түсіп, ол туралы естелік мақала жазған едім. «Солтүстік Қазақстан» газетіне шыққан сол мақаланы да сала кетуді жөн көрдім:

Шағын ауылдың шамырқау оқиғасы

«Біздің Тауағаш ауылының түбірін нықтаған бір азаматының трагедиялық тағдыры туралы да толғай кетуді жөн көрдім. Қолыма қалам алдырған да сол себеп еді. Ол адамның есімі – Шаяхмет Құрманұлы Жолаушин. Тұлғасы мен тұрпаты келіскен, ұзын бойлы, кең жауырынды, атжақты, ер мұрынды, қой көзді азамат еді ол. Сыйымды мінезімен, адал көңілімен жұмыс істеп, бұл дүниеден өткенше халыққа жағымды трактор-егіс бригадасының бригадирі болды. Бөлімше басқарушысы Балтабек Мұстафин ағамыз екеуі елге шын жанашырлықпен қызмет еткенін осы күні көзі көрген, білген жұрттың бәрі айтады. Жұрттың аузында есімі тек «Балта-ағаң» деп қана құрметпен аталған Балтабек Мұстафин туралы арнайы жазармыз, бұл жолы Шәкеңнің тағдыры туралы ғана айтқымыз келіп отыр.

Тауағашқа көршілес Қызыләскер деген ауыл бар. Атауы қазақша болғанымен оның тұрғындарының 90 пайызы орыстар. Олар да тыпырлаған еңбекқор халық, мотоцилінің «люлкасымен» шөп тасып, адал малына бір мая шөп үйіп алады. Міне, сол «тыпырлақтардың» өзі: «мына тауағаштықтар жынданған шығар, күні бойы кеңшарға жұмыс істейді, түні бойы тракторын дырылдатып, өзіне жұмыс істейді. Бұлар қай уақытта дем алады» деп таң қалады екен... Шынында солай, ағаларымыз күндізгі, кеңшар жұмысына мінетін тракторларын дырылдатып, соның жарығымен түні бойы ауласына шөп үйіп, болмаса отынын жеткізіп, турап жататын...

Бұл да сол Шәкең мен Бәкеңнің кеңдігінің арқасы ғой. Әйтпесе, кейбір ауылдардың шолақ белсенділері кешкі жұмыс біткен соң тракторларды қатарға қойдырып, түнде жүргізбейтін... Ал біздің бастық ағаларымыз тракторлардың жекеменшік шаруаға жегіліп жатқанын

көретін, көрсе де көрмеген болып, «шөбін үйіп алсын», «отынын жеткізіп алсын» деп үндемей жүре беретін... Сондықтан да халық оларға разы болып, алғыстарын да айтып жүретін. Түнімен өзіне жұмыс істегендер таң атпай кеңшардың жұмысына шығудан да жалықпайтын. Құдайдың бересі шығар, сол бір жылдары бригаданың даңқы аспанға көтеріліп, астықтың түсімі, оны жинап алу бойынша елдің алдына шықты. Талай адамның төсінде орден-медальдар да жарқырады.

Халықтың адал көңілі, ақ тілегі болар Шаяхмет Жолаушиннің өзі 1974 жылы КСРО Жоғарғы кеңесіне депутат болып сайланды. Ол кезде бұл атақты партияның облыстық комитеті бекітетін. Осы орган ұйғарса болды, халық жаппай дауыс бере салады. Сол, 1974–78 жылдардағы тоғызыншы сайланымға бүкіл КСРО бойынша 1500 адам сайланған екен, соның бірі біздің – Тауағаштың Шәкеңі болды.

Сол-сол-ақ екен, облыстық деңгейдегі барлық баспасөзден оның есімі түспейтін болды. Теледидар Тауағаштың ой-қырын тегіс көрсетіп шықты, радио ештеңесін қалдырмай айтып отырды. Ол кезде интернатта оқитын біздер облыстық газетті оқысақ нөмір сайын ауылымызды іздейтін болдық. Алда-жалда шықпай қалса үйреніп қалған басымыз «не болып қалды» деп тіпті шошынатын болдық. Туысы таққа мінсе өзі атқа мінетін қазақ емеспіз бе, Шәкеңнің арқасында шаруашылықтың басқа салалары да мақталып жатты, мектепте, ФАП та, әлеуметтік саланың басқа да дүниелері ауыздан түспейтін болды. Тамаша клуб үйі де тұрғызылды. Орден-медаль алғандар, машина я басқа көлік мінгендер де көбейді. Шәкең туралы «Дихан жолы» деген кітап та жазылды, деректі фильм де түсірілді.

Атағы осылай аспандап жүрсе де Шәкеңнің өзі қарапайымдылығынан жаңылмады. Қашан да күліп, әзіл

айтып, жұмыскерлерімен бірге тұра қалып темекісін шегіп, көрген қызықтарымен бөлісіп баяғы сол «біздің Шәкең» қалпымен жүре берді. Оның бригадасындағы белді механизаторлардың бірі болған менің ағайым Ағыбай Самұратов бірде, Мәскеудегі кезекті сессиядан оралған Шәкең жоғарыда айтылған өкіметтің көзбояшылығы туралы былай депті: «Қазан айының басында сессия басталды. 2–3 күннен кейін маған облыстан жеделхат келіп, бригадамның орақ науқанын табыспен аяқтағанымен құттықтады. Ал мында сендер әлі астық жинап жүрсіңдер. Неткен көзбояушылық еді», деп күлген екен. Сол жылғы науқан ауа-райының қолайсыздығынан шынында Шәкең сессиядан оралған қараша айында да жалғасыпты.

Біз әңгіме еткелі отырған оқиға 1978 жылы болған. Бұл уақытта Шәкең әлі депутат, сондықтан наурыз айында Қырымдағы демалыс үйлерінің біріне оған тегін жолдама беріледі. Сол уақытта інісі Сүлеймен қатты сырқат екен, ағасы соған қарайлағанда «жолдарыңнан қалма, сендер келгенше аман боламын» деп аға-жеңгесіне рұқсатын береді.

Сүлеймен ағамыз Шаяхметтің атасы Жолаушының ағасы Тортайдан тарайды. Тортайдың Өстемір деген баласы молда болып, 37-нің лаңымен айдалып кеткен. Артында қалған Шәмшит пен Сүлеймен деген ұлдары Жолаушының баласы Құрманның шаңырағында Шаяхметпен бірге өскен. Шәмшит ерте күнде опат болып, Сүлеймен Шаяхметтің ығында ер жетіп, үйленген соң бөлек отау болып шыққан.

«Адамның айтқаны болмай, Алланың қалауы болып» Шаяхмет ағамыз бен Ұлпа анамыз дем алып жатқанда, 18 наурызда Сүлеймен фәниден бақиға аттанады. Қырымға жеткен жеделхат Ұлпа анамыздың қолына тиеді... Өмір-бойы бірге тұрып, іш-шәй деспеген сүйікті

қайнысының ажалы анамыздың қан қысымын көтеріп жіберіпті. Соңынан келген жұбайына жеделхатты ұсынған ол «жалғыз қалдың-ау» деген бір ауыз сөзді ғана айтып үлгеріп, құлаған бойымен көз жұмады...

Сөйтіп, айдың-күннің аманында бір үйден екі адам бір күнде өмірден өтеді. Біреуі өзінің отбасында ауыр сырқаттан кетсе, екіншісі елден жырақ, күтпеген қайғыны көтере алмай жүрек талмасынан кетеді. Осының бәрі Шәкеңе жеңіл болмағаны хақ. Бірақ құдай берген бақ құсы басында, Шәкең өмірлік жарын Қырымнан Қызылжарға арнайы ұшақпен жеткізеді. Мында келген соң ел-жұрты алқалап, алақанға салып, Ұлпа анамызды елге әкеліп, арулап қояды...

Бұл 1978 жылдың наурыз айында болған оқиға. 1927 жылы өмірге келген Шәкең ердің жасы елуден енді ғана асқан кезі. Осы жылы ол міндетін абыроймен атқарып, депутаттығын тапсырып, мойны босайды. Ел көрген, жер көрген абыройлы азаматты қолдаушылар мен қорғаушылар да көп. Ұлпа анамыздың жыл асын берген соң 1979 жылдың сәуір айында Шәкең екінші рет үйленеді. Ресейдің Мәкөшін ауданынан әкелген жаңа жары әрі жас, әрі білікті, көрікті жан болады. Алайда... алайда Шәкең екінші әйелімен 12 күн ғана отасып, кенеттен болған қан қысымынан 52 жасында өмірден өтеді.

Бір жылдың ішінде бір отбасыдан осындай жағдайлармен 3 бірдей жанның өмірден өткені тағдырдың бір тылсымы сияқты көрінеді маған. Тіл, көз деген бәлелер де адамзатқа үнемі бір жамандық шақырады ғой. Ондайды елемеген боламыз, ал шынында ондай көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін жауыз ниеттер адамның қадамын аңдып жүретін болса керек...

Құдайға шүкір, өздері ерте кеткенімен Шәкеңнің оты өшкен жоқ, қазір орнында келіні Шолпан, немересі

Әсет отбасымен түтінін түтетіп отыр. Алла оларға ұзақ өмір бергей...»

Сафуан ағамыздың басқару стилі Шәкеңнен мүлде басқа болды. Ол кімге қалай сөйлеуді, қалай ұрсуды және қай жерінен осал табуды біліп алған және сөзін көп шығын қылмайды, барынша дөп сөйлеуге тырысады. Бірақ қыза келе шектен де шығып кетеді. Өзі мен халықтың арасына көрінбейтін шекара қойып, өзінің жоғары орнын анықтап алған. Шәкең сияқты жұрттың ұрлығын, арақ ішкенін, жұмыстан қалуын кешіре салмайды. Сондықтан да халық Сафекеңнен қорқатын, оның көзіне түспеуге тырысатын.

Мен есепшінің көмекшісі болғандықтан ол мені көп нәрсеге жұмсайды. Кейде ойынан шығамын, кейде айтқанын орындай алмай қаламын. Бірақ Сафуан ағам маған тіл тигізіп, ешқашан қатты ұрысқан емес, кекетумен ғана шектеліп, жалқау екенсің деп бетіме басатын.

Осы бригадирлік жүйкеге ауыр тиетін күрделі қызмет болған сияқты. Өйткені оны ұзақ жылдар бойы атқарған Шаяхмет Жолаушин – 51 жасында, Сафуаннан кейін бригадир болған Рүстем Қазыбеков – 54 жасында өмірден ерте кетті. Сафуан Тастанов ағамыз да бір қол, бір аяғынан сал болып қалып, 52 жасында өмірден өтті.

Ауылдың бұрынғы басшысы, біздің көршіміз Рысбай ағамыз агроном болды. Өзі менің Жабай досымның әкесі Құланбайдың туған ағасы. Ол кісінің бір әдеті үнемі мысқылдап, кекетіп сөйлеуге құмар еді. Сафуан екеуі жұмыс барысында көп тартысып қалады. Рысбай ағамыз Сафуанның тәжірибесі аз екенін бетіне басып, таласта жігерін құм қылып жеңіп кетеді. Таластың бәрі бөлімше басқарушысы Балтабек ағайдың алдында болады. Ол кісі екіжақты үнсіз тыңдайды, таласушылар болса қайсымызды қолдар екен деп оған үнемі жалтақ-жалтақ

қараумен болады. Ашуланып қалғанда Балтабек аға да бет қаратпай кетеді. Сондықтан жұрт оның ашуына тимеуге тырысып жүреді. Бірақ бұл кісі кеңпейіл, халыққа жақсылық жасауды ғана ойлап жүретін абзал жан. Білімі де, білігі де қоластындағы мамандардан көп озық, саясатты да дөп басып айырып отырады. Сол жылы жұрттың бәрінің аузында КСРО-ның Ауғанстанға басып кіруі көп айтылатын еді, Балтабек ағай осының өзі дұрыс емес екенін, одан біздің елдің абырой ала алмасын айтып жүрді. Өзі жасында күреске қатысқан, балуан болғанын да естіп едім. Тіпті кейін, жігіт ағасы болған шағының өзінде ол кейбір бұзақылық қылған жігіттерді бұрап тастайтын. Жұрт оның атын атамай, тек «Бәке» деп құрметпен сөйлейтін. Бірде ол менің тікелей бастығым Зұлқарнайға қатты ұрысты. «В конце концов біз коммунистпіз емеспіз бе, қалай сен осындайға барасың» деп оны әбден бұқтырып тастаған еді...

Сол жылы ауылдың пысық жігіттерімен, еңбекті жапырып істейтін ағаларыммен жақсы таныстым. Комбайнерлер арасында менің Ағыбай ағам, Төлебаев Тоғай, Бостанов Нұрмағанбет, Ырсаев Төлеген, Тастеміров Елімжан мен Есімжан, Жоламанов Нияз, Некібаев Жамбыл, Шоқаев Бақытжан мен Серік, Сәбитов Еркебай, Сағитов Абай, жастар арасынан Малдыбаев Жұмагелді, Сағындықов Жаңабай, Балғожин Боранбай, сүдігер жыртушы – К-701-де және «Қазақстан» ДТ, «Беларусь» тракторларын жүргізушілер арасында Тасболатов Сансызбай, Жұсыпов Қамбар, Мусин Қайыржан, Нұғыманов Қажығали, Жоламанов Мағзұм, Шәймергенов Бексұлтан, Мәлібаев Мүсәйіп, Асайынов Нұрлан, Балға (фамилиясын ұмыттым), Қазыбеков Еркеұлан, Жолаушин Ерсайын, Күрсарин Аманжол, Атаманов Жаңбырбай мен Рыскелді, жүгерішілер Қазыбеков Рүстем, Сәбитов Тоқжігіт, Әбілмәжінов Сайлау, Оразымбетов

Талғат керемет жұмыс істейтін. Наладчиктер Күрсарин Қайролла мен Қазыбеков Қалқаман да күндіз-түні егіс басында болып, сынып қалған, жүрмей қалғандар болса дереу іске қосып беретін. Механиктер Омаров Жақсыбай мен Сәбитов Мұқаш сырттан қосалқы бөлшектер жеткізуде жаңылмайтын. Бригаданың жұмысшыларын таситын, тамағын жеткізетін тағы басқа да шаруаларға жүретін төрт автомашинаның шопырлары Күрсарин Серікбай, Төлебаев Біржан, Мырзанов Есім және Қаратаев Ерғали еді. Осы жерлестерімнің бәрімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, еңбекақыларын қорытып отырдым. Ешқайсынан айғай-ұйғай, ұрыс-керіс түгілі өкпе-наз естіген емеспін. Бәрі де менің еңбекақыны дұрыс қорытқаныма ризашылығын білдіріп тұрды. Әсіресе, асхананың тақтасына кімнің қанша тапқанын көрсетіп отырған «жаңалығыма» риза болып еді. Сол жылғы күз де әрі жайлы, әрі егіні шығымды болып, табыс та жақсы болды.

Ауылдағы екінші сала – мал шаруашылығы ғой, онда кімдердің істегенін мен «Тауағаш деген ел едік...» деген кітабымда толық жазған болатынмын. Оны бұл жерде қайталамаймын. Трактор-егіс бригадасы туралы жазып жатқан себебім – өзім осы салада істеп, еңбекақыларын қорытқаннан кейін еске алып жатырмын.

Орақ науқаны аяқталған соң менің қызметім қысқартылып, жұмыссыз қалдым. Маған керегі де сол еді, 1980 жылдың 18 қарашасында арман мен үмітімді арқалап Алматыға бет алдым. Таңғы автобусқа шыққанда әжеме барып қоштастым, марқұм ұйықтамай, мені тосып отыр екен, көңілі босап, көзіне жас алып, қатты құшып еді... Асыл анаммен соңғы кездесуім, соңғы құшақтасуым да сол екен, менің Алматыда жүргеніме 15–20 күн болғанда бұл дүниеден өтіп, кете барды...

Алматыны алуым...

Аңсаған Алматыға да жеттім. Қарашаның іші, күн май тоңғысыз. Бұл уақытта біздің Солтүстікте қар жатқан, ал мында қар түгіл қыстың иісі де сезілмейді. Неге асыққанымды білмеймін, мен Алматыға ұшақпен келдім.

Аттың басын Ғайнижамал апайымыздың үйіне бұрдым. Сол кезде ол ауруханада жатыр екен. Әйел болмағасын ба, үйде бір берекесіздік сезілді. Сол үйге бір түнеп, алып келген тұтас қаздың етін тапсырып, АЗВИ-де (Алматинский зооветеринарный институт) оқитын жерлесім Кебекті іздеп кеттім.

Өздерін іздеп келген адамға аш-құрсақ студенттер қуанып қалады. Кебек те қуанып, екеуміз әңгімемізді асханада жалғастырдық. Біраз күн осы Кебектердің жанында болдым. Ешқандай жер мені жұмысқа алғысы жоқ. Өйткені, прописка (тіркелім) деген пәле керек екен, ондайды табу қиын. Алайда біреулердің ақылымен құрылысқа пропискасыз тұруға болады дегенді естідім. СМУ, ПМК деген сияқты құрылыс кәсіпорындары өздерінің жатақханаларына уақытша прописка жасап, жұмысқа тұрғыза береді екен. Басқа амалым болмаған соң құрылысқа тұрмақ болдым. Бірақ оған тұруға менің алдымнан тағы бір кедергі шыға келді.

Құрылыс орындары денсаулығыңды тексертіп, ешқандай кінараты жоқ деген медициналық анықтамасы бар жандарды ғана жұмысқа алады. Ал мен тексерілсем

жүрегімнің ауыратыны алдымнан шыға келеді ғой, сосын мені құрылысқа ала ма? Тіпті денім сау деп айтқанның өзінде айнаға түскен қағазым бәрін көрсетіп береді. Осыны ойлап біраз уайымдап қалдым.

Бір жігіттер флюрографиядан орныңа басқа біреуді өткіз деді. Дәрігерлер ешкімнің құжатын ашып қарамайды, басқа біреу менің фамилиямды айтып өте беруіне болатынын айтты. Бұл табылған ақыл екен. Бірақ енді орныма өтетін адам таба алмай қиналдым. Кебек 2–3 ай бұрын ғана өтіпті, маған қайта-қайта өту зиян деді. Содан басқа жерлестерді іздеуге тура келді.

Осы АЗВИ-дің ветеринария факультетінде Монтай Бостанов деген жерлесім де оқитын, көп іздеп соны тауып алдым. Ол жатақханада емес, бір құда баласының үйінде пәтерде тұрады екен.

Монтай сөз де айтқан жоқ, менің орныма медициналық тексерістен өтіп, денсаулығы жақсы деген анықтама алып берді. Өзі біреуге кіріптар болып, бір бөлмелі үйде жатқанына қарамай, мені де сонда алып барып, оның пәтеріне де 2–3 күн қондым. Құда баласы Жанболат деген жігіт еді, ЖОО-лардың бірінде сабақ береді. Түбі біздің Көбештікі. Бұрынғы әйелімен ажырасып, қазір басқа әйелмен тұрады. Ішімдікке осал, күнде дерлік ауызы құрғамайды. Әке-шешесі ерке қылып өсірген соң мақтаншақтығы да, есерлігі де бар, бірақ аққөңіл. Менің жерлес екенімді білгенде елжіреп қоя берді.

«Алматыпромстрой» деген трестің СМУ-22 деген құрылыс кәсіпорнына жұмысқа орналастым. Құрылыс басқармасының қарамағында 10–15 бригада бар екен, соның ішінде Владимир Пельц деген неміс жігіт басқаратын біреуіне бетонщик етіп жіберді. Жатақханадан бірден орын берді, үстіме құрылыс киімдерін, каска, етік алдым. Айта кетерлігі сол, осы СМУ-22-ден 1981 жылдың аяғында Қадырсызов Дәулет пен Гүлнәзия деген

құрылысшылардың отбасында Алматының Бауыржан есімді миллионшы тұрғыны дүниеге келген... Бұл мен СМУ-дан кеткеніме 5 айдай болған уақыт еді. Дәулет пен Гүлнәзияның қай бригадада істегенін білмеймін, таныстығым болған жоқ.

Сөйтіп, үстел басында ғана отыратын таза қызметті тастап, үсті-басына лай, құм шашырап, кейде тіпті сауыс-сауыс болып жүретін құрылысшы атандым. Бұрын құрылыс маңынан ытырынып, үстіме шаң тиіп кетпесін, батпағына түсіп кетпейін деп сақтанып жүретін басым енді сол лайдың ортасына топ еттім. Осыны ойлағанда алғашқы күндері қорланып, қайда келдім деп өкініп жүрген едім. Артынан етім үйреніп, «адам үш күннен кейін көрге де үйренедінің» кері келіп, құрылыс басында көңілді жүретін болдым.

Мектепте сәкі жууға болмайды деген басым мұнда небір ауыр жұмыстарды жұрт қатарлы атқарып кеттім. Денем де күннен-күнге ширап, шымырлана түсті. Бұлшық етім де сол құрылыста істеген сегіз айда әбден толықты. Өзімнің дене күшімнің мүмкіндігі туралы айтатын болсам, ең күшті болған кезім сол құрылыста жүрген айлар еді. ЗИЛ-130 машинасымен әкелінетін 4–5 куб бетонды 2–3 жігіт жарты сағатта-ақ лақтырып тастайтынбыз. Лайды да солай игеріп тастаймыз. Екі адам зембілмен кірпіш, бетон, лай тасимыз. Кірпіш қалауды үйренгім келсе де соған зауқым соқпады. Иван Гребенюк деген дәнекерлеуші болды, кейде соған қолдасып, көмектесіп жүріп, дәнекерлеуді де үйрендім.

Осында жұмысқа кіріп, жарты айдай істегенімде Қызылжарда жұмыс істейтін немере қарындасым Әлиядан хат алып, әжемнің қайтыс болғанын естідім. Алғаш көрген қазам ғой және өзім үшін ең жақын, ең қимас адамым, қатты күйзеліп, көп жыладым. Мені жұмысқа жаңа кіріп жатыр ғой деп шақыртпапты. Тым

болмаса естіртпегендеріне қатты налып жүрдім, өзім бәрін тастап барып келейін десем, сол кезде ақшам да болмады.

Сөйтіп, әлемдегі өзім үшін ең ыстық, ең жақын адамымнан айрылдым. Мен әке-шешемнен гөрі бауырында өскен соң әжемді көбірек жақсы көретін едім.

Әжемнің өзімде бар суретін үлкейтіп, кереуетімнің басына іліп қойдым. Ал енді мына қызыққа қараңыз... Егер мен жұмысқа кешігіп, қатты ұйықтап жатсам, әжемнің суреті сарт етіп түсіп кетіп, оятып жіберетін. Осындай оқиға бірнеше рет болды. Оны немен түсіндіруге болатынын білмеймін, әйтеуір бір тылсым күштің бары анық. Әлде әжемнің жаны шырқырап, үнемі мені қолдап жүрді ме екен?

Арада 2–3 ай өткенде Жолдыбай ағамның төрт ұлдан кейін көрген жалғыз қызы, екі жасар Индираның да қайтыс болғанын естідім. Көзі тостағандай, әп-әдемі балапан еді, мені «көкә» дейтін. Сол үйге барғанымда маған талпынып, көтергенімді қалап тұрушы еді. Көтерсем күлімдеп, қуанып, басқа балаларға мақтана қарап, менсінбей қалатын. Өмірі тым қысқа болды, сәбидің...

Бригадамызда жиырма шақты адам бар. Бригадиріміз Володя жәйлі жігіт, өзі еңгезердей, әрі ұзын бойлы, әрі етжеңді. Ешкімге тиісіп, теріс сөйлеуді білмейді, тек жұмыстың жөнін ғана айтады. Түскі үзілісте доминоны сартылдатамыз. Осында болғанда оны ойнаудың қиын емес сырын әбден меңгеріп алдым. Қазақ жігіттері көп. Кеңес деген Қызылорданың жігіті болды. Өзі қапсағай бойлы, қалың қара бұйра шашты, өткір қара көздері тостағандай, қыр мұрынды, көркем жігіт. Ұжымның формальды емес лидері сол. Шектен шыққандай болса кейбір орыстарға әзіл-шыны аралас тиісіп, орындарына қойып жүреді. Өзіне ешкім қарсы келе алмайды, бәрі де сипақтап, одан жанай өтуге тырысады. Володяға

«әй, неміс» деп ойнайды, анау оның сөздеріне тек күлуді біледі.

Кеңестің Жора деген құрдасы бар, Оралдікі. Өзі намыскер, ісіне берік, жақсы жігіт, осында дәнекерлеушінің оқуын бітіріп алған. Менің досым Өмірбек деген биыл мектеп бітіріп, оқуға түсе алмай қалған шымкенттік жас бала да болды. Екеуміз тамаққа бірге барып, жұмыста да зембілге бірге қолдасып жүреміз. Он сегізге толған соң оны әскерге алып кетті.

Екатерина, Нина деген қырықтар шамасындағы екі әйел бар. Екеуі де кірпіш қалаудың хас шеберлері. Соларға қарап кірпіш қалаудың әдісін де үйрендім, бірақ қолыма алып, кіріспедім. Алдымен бұрышын шығарып, сосын екі бұрыштан жіп тартып, өре береді екен. Сәл қисайып кетсе қаланған кірпішті бұзып тастайды. Мұндайға әсіресе Катя үйір, сәл ғана қисық кетсе болды, әрі қарай түзетіп әкетпейді, қалаған 4–5 жолын бір-ақ шашып тастайды. Менің міндетім «подсобник» қой, оның қалауына күрекпен лай әперіп тұрамын, кірпіштерді жақындатып тұрамын. Ал қалақпен кірпіштерді өзі қалайды.

Осы екі әйел бір-бірімен бірде араз, бірде тату. Араз болғанда шымылдықпен қоршалған шешінетін жерлерін бөліп алады, әрқайсысы өздерінің айналарына ғана қарайды. Тату болғанда екеуі күліп-ойнап, әйелдік құпияларымен бөлісіп, жарасып қалады. Жұмыстан қалмаған соң, жұмсаса ерініп тұрмай, жүгіре басып жүрген соң, арақ ішіп ләйліп кетпеген соң екі әйел де мені жақсы көреді. Елжіреп тұрмаса да қолдан келген көмектерін жасағысы келіп жүреді. Бірде Катя үйінен өңі түссе де әлі жаңа, әрі ықшам, бүтін, жап-жақсы ботинка әкеліп берді. Бұл етікке қарағанда әлдеқайда ыңғайлы еді. Үлкендеу болған соң табанына шөп салып, киіп алдым.

Алдымен бір балабақшаның құрылысына қатыстым. Сол жерде құрылыстағы кеңестік кеңкелестік тәртіпті көзіммен көріп, алғаш рет таң қалдым. Шап-шағын, екі қабатты ғимаратқа біздің 19–20 адамдық кешенді бригадамызды, сонша адамдық сылақшылар бригадасын, сантехниктер мен электриктер бригадасын т.б. төгіп, 100-ден артық адамды бір жерге иіріп, бірінің өкшесін біріне бастырып, сапырылыстырып қойған. Осыдан тиімді жұмыс бола ма? Жаңа ғана сантехниктердің қалап кеткен құбырларын ауыр материал апара жатып біз немесе басқа бригада қағып кетіп, қопарып кетеді. Соны ана жазғандар қайта істейді. Сылақшылардың әдемілеп, өңдеп, тіпті сырлап қойған қабырғасын электриктер келіп, дырылдатып тесе бастайды т.с.с. Міне, осылай өз жұмысын ғана білетін бригадалар өзіне қатыстыны бұзып-жарып істейді, қатыссызды қағып-соғып жүре береді... Одан да барлық мамандық бір бригадаға жүктелсе әлдеқайда тиімді болмас па еді?

Құрылысына қатысқан екінші нысаным Әл-Фараби мен Фурмановтың қиылысындағы поштаның бір ғимараты. Бір қызығы осында біздің бригада ғана болды. Ар жағы алма бағы, қарын ашқанда тегін алмаға тойып алатынбыз. Бұл құрылыста материалдарды мұнаралық кранмен көтертетінбіз. «Вира», «майна» деген командаларды айғайлап жүреміз. Осында бізге техника қауіпсіздігінің инженері келіп, сабақ өткізіп, қолымызға кранмен жұмыс істей алады деген куәлік берді. Осы нысанда Кеңес одағы әскерінің күнін, сосын Халықаралық әйелдер күнін атап өткеніміз есімде. Әркім өз үйінен тіскебасар бірдеңелер әкеледі, біз сияқтылар ақшамызды қосамыз. Әйтеуір ол жылдары дүкендерде сапасыз болса да балық консервілері, тұздалған қияр, нан, маргарин, көкөністің уылдырығы еркін болатын. Бұқтырылған ет, шұжық дегендер бола

қоймайды. Әйелдер үйлерінен картоп пісіріп әкеледі, қалғанының бәрі сусын, соның ішінде қаптаған арақ шынылары тұрады. Соңымен мерекені атап өтеміз. Көңілді отырып, әндер айтамыз. Айтқандай бригадамызға соңғы кездері Гриша деген бір неміс те келген, ол көңілді жігіт. Жұмысты жапырып істейді. Бірақ жасы қырыққа таяп қалса да үйі, отбасы жоқ, кейбір әйелдерге барып, уақытша тұрып жүреді.

Көктемге қарай бізді қаланың ауыз суын тазалайтын, ауласы жабық нысанды жөндеуге жіберді. Мұның да ауласында алма бағы бар екен. Жұмыс таңертеңгі 8-де басталады, сондықтан таңғы 6-дан тұруға тура келеді. Алтыдан тұрған бойдақ тамақты қайдан ішсін, жүгіре басып, жұмысқа жетемін. Ал түске дейін шегің шұрылдаса алма жеп, аш қарынды жұбатып, тәбетті басатын едік.

Бригадамыз шағын әрі тату, ұйымшыл едік. Оған бригадіріміздің ықпалы күшті. Ол ешқашан бізді алаламайтын, бәрімізге бір кісідей қарап, өзі де жұмысты өндіре істейтін, әділ жігіт еді. Күндігімізді 9–10 сомнан жабатын, еңбек өтілі көптер, разряды жоғарылар көптеу алады. Біз сияқтылар да 160–170 сомнан алып жүрдік.

Бос уақытымда осындағы милиция мектебіне түскен Мұхтар Қазыбеков деген жерлесіме барып тұрамын. Ол менің құрдасым, мектепте де бірге оқығанбыз. Өз ісіне тыңғылықты, артық-ауыс істерге бармайтын, біртоға жан. Кейде ол маған келеді. Ұзақ уақыт бойы мен бір бөлмеде жалғыз тұрдым. Кейін Олег Масольд деген неміс пе, орыс па біреуді бірге тұрғызды.

Сол жылы қыста оқуға түсуге дайындайтын Алматының Халық шаруашылығы институтының кешкілік, ақылы дайындық курсына жазылдым. Әлі есімде, оған 35 сом төлеп, алты айдай дайындалдық. Нақты емтихан тапсыратын сабақтарымыз ғана оқытылды.

Мектептердің қосалқы ақша тапқысы келетін мұғалімдері ғой, бізге соншалық күш-қуатын жұмсап жатқан жоқ, бірақ бәрібір мектептің бағдарламасын еске түсіріп, қарайып қалған басымызды қайта жаңғыртты. Алгебрадан бір жас мұғалім берді. Түрлі формулаларды еске түсіріп, есепке әбден беріліп жүрдік. Ағайымыздың өзі бізбен бірге есеп шығарып, ұмытыңқырап қалған әдістерін қиыншылықпен еске түсіріп жүретін. Бір қиын есепті екеуміз екі күн айналдырып шығара алмадық. Ақыры сол есепті мен түсімде шығарып кеттім. Мұндайға біреу сенер, біреу сенбес, бірақ шыны солай болған еді. Сол жігіттің есімін ұмытып қалдым, әйтеуір ниеті адал, ісіне берік жан еді. Орыс тілінен берген апайымыз да біршама тырысып жүрді. Есесіне тарихтан бірген бір шал нағыз халтущик еді. Бізге сабақ берудің орнына әңгіме айтып, әйтеуір уақытты өткізетін. Географиядан кім бергені есімде де қалмапты. Әлде ондай сабақ өтілмеді ме екен, әйтеуір ұмыттым.

Осы курста мен үнемі алда болдым. Маған қарағанда басқалардың сабаққа ынтасы да төмен, қабілеті де нашарлау. Сондықтан көбі салғырт, әйтеуір амалы жоқтан келетін сияқты. Мені оқуға қызықтырған сабақтарға деген ынтам ғана емес, сұлу қыздардың көптігі. Ташкенттен келген Венера, Қарақалпақстаннан келген Тазагүл, Семейдің қызы Рыскүл, Талдықорғанның қызы Ардақ... Бәріне де мен бей-жай емеспін, бірақ біреуіне жіп тағып, таңдай алмадым. Өйткені ойыма үйленіп, үй болу деген деген сияқты қиял түнеген жоқ, барлық мақсат оқуға түсу. Тек бәрімен де жылы қатынастамын, ойнап-күлемін, алысып-жұлысып та қаламыз. Ыстық құшақтары, жалынды жас денелері, сұлу мүшелері магнитше тартады. Қыз деген бәле қызық қой, көбін көргім келіп тұрады. Қыздар да кетәрі емес, сабақты жақсы оқитын, белсенді жас оларға да қызғылықты

болса керек. Біраз уақыт Шолпан деген қыз да келіп жүрді. Бір мерекеде соның үйінде бас қостық. Күйеуге тимеген кекселеу қыздың сол кездің өзінде үш бөлмелі жайлы пәтері бар. Өзі бір дүкенде сатушы болып істейді. Оның тереңдегі ойы – қолына бір жас жігітті кіргізіп алу сияқты көрінді, сондықтан онымен қарым-қатынасты тезірек үзуге тура келді...

Сабаққа белсене қатыссаң оның да адамға берер қызығы көп қой. Сондықтан жұмыстан шаршап келгеніме қарамай курсқа жүгіретінмін. Мен үшінші мөлтекаудандағы жатақханада тұрдым, ал нархоз «Правда» көшесінде. Арасы 5–6 квартал жер. Сол жерге кейде жаяулатып, жүгіре басып жетемін, кейде сол жаққа баратын автобусқа мінемін.

Алматының дымды ауалы, сызды кештері. Жұқа киінсең ызғары өтіп, бүрсеңдеп қаласың, қалың киінсең терлеп қоя бересің. Әйтеуір бабын таба алмайсың. Күндіз қандай жайлы ауа тұрса, кешіне соншалықты жайсыздықты төге салады.

Сабаққа біздің жатақханадан Рашит деген Көкшетаудың бір жігіті де келіп жүрді. Бірақ ол сирек келеді, өзі ұзын бойлы, арық. Ұзақ отыруға жамбасым шыдамайды, тақтай батады деп күледі. Шынында да солай сияқты. Ашық, ақжарқын, қоңқиған қыр мұрынды, көкшіл көзді, гүрілдеген жуан дауысты жігіт. Артынан екеуміз дос болып кеттік. Рашит көпшіл, оның бөлмесіне нешетүрлі жігіттер жиналады. Ақмолалық Амантай деген әскерде бірге болған жігітпен тұрды. Алматыда оқуда жүрген ауылдастары да көп келеді. Қайдан ақша тауып, қайдан сатып алатынын білмейсің, Рашитте гитара да, велосипед те, доп та, бәрі де табылатын. Өзі Көкшетау облысының бұрынғы Володар, кейін Айыртау атанған ауданындағы Қаратал деген ауылдан. Бұл ауылдың жері Солтүстік Қазақстанға жапсарлас, қалың

Қарауылдың жері. Сондықтан Рашит мені «зема» дейді. Онысы орыстың «земляк» дегені.

Рашит құрылыста істеп жүріп бір «домхозда» электрик, тағы біреуінде сантехник болып істеп қосымша еңбекақы да табады. Бәріне велосипедімен барып, үлгереді. Туған күн, я басқа мерекелерді құр өткізбей, тойлап та жатады. Әйтеуір оның бөлмесі жұрттың бәрі жиналатын, бас қосатын жері.

Сол жатақханада менің Солтүстік Қазақстаннан екенімді білген жандардың бәрі «О, талтақ Болаттың жерлесі екенсің ғой» десіп қалады. Оны және бәрі айтады, соған қарағанда Болат бір беделді жігіт болған сияқты. Алайда мен жатақханада тұрған қыста сол Болатты көре де алмай, таныса да алмай кеттім...

Жазға қарай оқуымыз аяқталып, қолымызға ақылы дайындық курсынан өтті деген сертификат берді. Оның оқуға түсуге еш пайдасы жоқ, тек әйтеуір құр кетпесін деген болулары керек, мөр басылған сондай қағазды бәріміздің қолымызға ұстатты. Содан кейін сол курста оқыған қыздардың бірін де көрген емеспін, Алматының құжынаған ортасына бәріміз жұтылдық та кеттік...

Ол кезде оқуға түсемін десең жұмыс орның ұстамайды, ақысыз демалыс береді. Мен құжаттарымды «Нархоздың» қаржы-экономикалық факультетіне тапсырмақ едім, алмады. Өйткені менің қаржы-экономикалық техникумды бітіргенім, одан кейін мамандығым бойынша үш жыл жұмыс істемегенім (отработка) еңбек кітапшамда көрсетіліп тұр. Қатты састым, жоғарғы оқу орнында оқу көзімнен бұл-бұл ұшты. Бірақ сол кезде басыма бір ой сап ете қалып, көшірмесін жасаймын деп еңбек кітапшамды кадр бөлімінен қайта сұрап алып, техникум бітірген дегенді көрсетпей, осы уақытқа дейін ауылда, сосын құрылыста істеген деп жазып, «копия верна» деген сөзбен кадр бөліміне қол қойдырып, мөр

бастырып алдым. Кадр бөліміндегі кексе әйел менің қулығымды сезген жоқ.

Алайда бұл құжатпен қайтадан «Нархозға» баруға болмайды, өйткені оның қабылдау бөліміндегі қыздар менің құжатымның дұрыс емес екенін біліп қалды ғой. Бүкіл КСРО бойынша қандай жоғары оқу орындары, олардың қандай факультеттері бар екенін көрсеткен қалың анықтамық кітап сатып алғанмын. Соған қарап жіберсем ҚазМУ-де философия-экономикалық факультет бар екен. Онда философтар мен политэкономистерді дайындайды. Баяғы В.Придаткинадан политэкономияның не екенін жақсы білемін, емтихандары да дәл біз дайындалған сабақтар екен, іздегенге сұраған бола кетіп, құжаттарымды соған өткізбек болдым. Мұндағы қыздар еш қинамай, құжаттарымды бірден қабылдады.

Бұл факультет университеттегі ең престиждісі екенін мен білген де жоқпын. Басқа факультеттердің бәрі стипендияны 45 сомнан алғанда бізге 55 сомнан төлейтін. Өйткені, бұл оқу орны идеологиялық деп саналып, оны бітіргендер кем дегенде ЖОО оқытушылары, партия қызметкерлері болмақ. Кеңес одағының идеологияны қалай жоғары бағалағанын сонан біле беруге болады. Сондықтан мұнда кілең бастықтардың, партия функционерлерінің балалары оқиды екен. Біз оқыған жылдары республикалық КГБ төрағасы Зақаш Камалиденовтың қызы да оқыды. Ал аудандық, қалалық, облыстық парткомдардың хатшылары, министрліктер немесе басқа қызметтерде істейтін шенеуніктердің, доцент, профессорлардың балалары толып жүретін. Жыл сайын факультеттің екі бөліміне 25 адамнан алады. Оның ішінде бесеуі Қырғызстанның квотасы (өздерінде мұндай оқу жоқ), бесеуі дайындық курсынан түседі. Күндізгі бөлімге түсетін қалған 15 орынға жыл сайын 100-ге жуық адам таласады екен. Оның ішінде

жеңілдік алатын медалистер, әскерден келгендер және еңбек өтілі барлар да бар.

Біз түсетін жылы 100 шақты адам құжат тапсырыпты. Бұл бір орынға кем дегенде алты-жеті адам таласып тұр деген сөз. Оның үстіне бұлардың бәрі дерлік мектепте жақсы оқығандар, ішінде медалистер де көп. Ал осындай жерге түсіп көр.

«Шешінген судан тайынбас» дегендей жүректі тоқтатып, күндіз-түні емтиханға дайындалып кеттім. Алғашқы емтихан математикадан жазбаша болды. Өте қиын есептер келді. Дайындық курсында оқымаған болсам оларға маңайлай да алмас едім. Барлық күш-қуатымды, ақыл-ойымды сарқып үш есепті шығардым, ал төртіншісінің жартысына ғана жеттім. Бесінші есепке уақыт та жетпей қалды.

Емтихан бергендердің бәрі ертесіне бағалар ілінетін алаңда жүрміз. Сеңдей соғылысамыз, бәрі дерлік қаланың балалары, қазақша сөйлейтіндер мүлде жоқ деуге болады, бәрі орысша шүлдірлейді. Осылар өздерінің қазақ екендерін де білмейтін шығар деп ойлап қоямын ішімнен.

Көп тосқанда уақыт та өтпей қояды емес пе, бәріміз де тағатсызданып, сағатымызға қайта-қайта қараймыз. Бір уақытта шықты-ау біз тосқан қыз. Ол қолындағы тізімді шынылы тақтаның астына ілді. Бұлар тек екі алып, құлағандар екен, солардың ғана тізімін ілетін көрінеді. Бәріміз лап қойып, ішінде өзіміздің болмағанымызды қалап жатырмыз. 40-тан артық адамның тізімін басынан аяғына дейін екі рет қарап шықтым... Мен жоқпын... Сол жерде «ух» деп бір-ақ дем алдым. Рашиттер де бірге барған, олар да менің жоқ болғаныма әрі таң болып, әрі қуанып қалды.

Бір қыздар жылап жатыр, бір балалар боқтанып жүр, біреулердің ата-аналары айғайлап, әділетсіздік,

кассация береміз деп шулауда... Менің ешкімге қарауға шамам жоқ, ертесіне болатын екінші емтиханға дайындалуға аттандым. Жатақханама жетуге асыққаным сондай, ол кезде кептелісі болмайтын автобусқа да қарамай таксилетіп жеттім.

Екінші емтихан географиядан еді. Алтыншы сыныптан басталатын барлық оқулықтарды жинап алған болатынмын, соларды қарап, түнімен отырдым. Алланың бересі ғой, билетте сол күні таңертең оқып алған тақырып келе қалды. Бірақ бойлары тапал, тоштаңдаған екі қазақ маған жақсы баға қойғылары жоқ. Билеттің сұрақтарына толық жауап берсем де қосымша сұрақтарды жаудырып, көп қинады. Конкурсқа дейін көп адамды құлату туралы тапсырма алған сияқты. Карта бойынша біліміңді тексерейік деп кез келген географиялық атауды сұрап қалады, жанталасып көрсетуің керек. Біразын жаңылмай көрсеттім, «Шилка» деді бір кезде сап етіп, оның не өзен, не тау екені есіме түспеді. Таба алмадым. Сол үшін зорға дегенде үш алып, шықтым-ау. Өзім де сау сиырдың жапасы емеспін, сол жерде отырған емтихан комиссиясының төрағасына барып, билеттің сұрақтарына жауап берсем де әдейі құлатқылары келгенін айтып шағым беріп үлгердім. Ол бір нарқасқа екен, университеттің талабы осындай болады, ештеңе етпейді, өтіпсің ғой деп сылап-сипап шығарып салды...

Үшінші емтихан тарихтан еді. Мұнда да жақсы білетін тақырыбым келді. Үш сұрақты да сарнатып, айтып бердім. Емтихан алып отырған келіншек:

– Бәрін жақсы біліп тұрсыз, шпаргалкаңыз бар сияқты ғой, – деді ойын-шын аралас. Міне, ештеңем жоқ деп костюмімді ағытып көрсетіп жатырмын.

– Жо, жоқ, мен әзілдеп жатырмын, өзіңіз қайдан келдіңіз? – деп сұрады. Мен өзімнің Солтүстіктен екенімді

айтып едім, жоқ мен ауылды жерден бе, әлде қаладан келдіңіз бе деп сұраған едім деп жалтарып кетті. Шын мәнінде ол менің қай жерден екенімді білгісі келді ғой деймін. Ол кезде қай жердің өкілі болғаныңның маңызы өте зор болатын, жершілдікке қоса рушылдық та қылаң беріп қалатын. Трайбализм деген жегі құрт қазақтың алға басуына қатерлі дерт еді.

Емтихан алушым бесті өзі қоя да алмайды екен, жанында орысша алып жатқан орыс әйелін шақырып, «өте жақсы» баға қоюға тура келіп тұр деді. Ана әйел де бір құдайға қараған жан екен, иә-иә, мен де бұл жігіттің жауабын естіп отырдым, өте жақсы жауап бергенін көрдім деп қостай кетті. Сөйтіп, тарихтан бес алып шықтым.

Соңғы емтихан қазақ тілінен шығарма жазу. Оған аса көп саспадым, өйткені бұл кездерде шығармашылыққа ебім оянып, тілім де жетіліп келе жатқан. Үш тақырыптың бірі «еркін тақырып» болатынын естігенбіз, соны қаузармын деген сенімім бар.

Тарихтан шыққан соң Рашиттермен бірге сыраханаға кіріп, тойғанша жудық. Екі досым мені құттықтап, «КазГУ-дің студентімен ішіп тұрмыз» деп құтыртып қояды.

Сенім алдамады, соңғы емтиханда қазақ тілінен жазатын жалғыз өзім болдым. Қалғандардың бәрі орыстілдестер екен. Мұндайда намысы бар қазақ өзінің ана тілінде емтихан ұстаған жалғыз жанды шамасы келгенше қолдауы керек қой. Емтихан алған үш ағайым да сондай жандар екен, шу дегеннен маған ілтипатпен қарады. «Қазақша оқығандардың бірі де жете алмай қалғаны ма» деп намыстанып отыр едік, әйтеуір біреу жеткен екен дескен өзара әңгімелерін де естіп қалдым.

Шығармалардың тақырыптары салынған конвертті де өзім аштым. Ерікті тақырып ана туралы екен, көзіме жарқ етті. Сол жылы анамнан айрылып, қайғырып

қалған басым, ішкі дүниемді ағыл-тегіл ақтаруыма мүмкіндік туды. Содан емтиханға тиесілі төрт сағат бойы жабысып отырып, ана туралы шығармамды жазып шығып орнымнан бір-ақ тұрдым. Далада, сырттай қарап жүрген Рашит маған тым болмаса орныңнан бір рет көтерілмей, тым болмаса туалетке де шықпай жабысып жаздың да отырдың ғой деп артынан таң қалады.

Шығармамды қолдарына бергенде ортада отырған зор денелі, ақ көйлекті ағам: сен кетпе, қазір тексеріп, бағаңды бірден айтып жібереміз, деді. Шынында 30–40 минөт тоскан соң маған кірсін деген хабар келді. Комиссияның төрағасы, бағанағы ағай маған:

– Шығармаңды мына ағаң тексеріп, бес те бес деген баға қойды. Ағаңа рахметіңді айт, – деді. Тексерген ағамның есімін де атап еді, ұмытып қалдым. Тек есім шығып, рахметімді жаудырып жатырмын. Жалпы, сол кісілердің аты-жөндерін жақсылап біліп алуым керек еді, олар қазаққа, ұлтыма болсын деген абзал жандар екені көрініп тұрған еді. Артынан солар кім еді деп филфактың ұстаздарына үңіле қарап жүрсем де ақыры кездестіре алмадым. Бес алғаныма мәз болып, олардың аты-жөндерін анықтап сұрап алмаппын.

Айтқандай сол жерде олар менің басқа пәндерден не алғанымды, жұмыс өтілімнің бар-жоғын сұрап алды да, «о, құтты болсын, сен түсіп тұрсың», деп алғашқы болып құттықтаған еді.

Қайран, қазақы ағалар-ай, қазір ондайлар қалды ма екен? Олар менің, қазақша сөйлейтін, қазақ мектебін бітіріп келген жас бола тұрып анадай престижді оқу орнына түсіп кеткеніме қуанып еді-ау...

Қуаныш қойынға сыймай кеттік сол жерден... Қайда? Әрине сыраханаға, басқаға қолымыз батпайды. Дәл сол күні менен бақытты адам болған жоқ шығар. Ақын Қадыр Мырза Әлінің «Үлгермейміз түсініп те, Байқап

та Кейбір сәттің нағыз бақыт екенін!» дегені рас-ау, сол күнгі көңіл-күйім күні бүгінгідей есімде... Содан бері дәл сондай сәтті басымнан кештім деп айта алмас едім...

Мен сол күні жатақханаға қалай келгенімді еміс-еміс қана білемін. Есім шығып қуанғандыкі ғой, күрең сыраның да 12–13 тостағаны кетіп қалған сияқты...

Бір күннен соң Рашиттың емтиханына келдік. Ол «Нархоздың» сырттай бөліміне берген. Оның да бірінші емтиханы математикадан жазбаша болды. Емтихан «Нархоздың» бір корпусының бесінші қабатында болып жатыр. Рашит терезеге жақын орынға отырып, оны шалқасынан ашып алған. Таңғы мезгіл ғой, мұндайда Алматы ғимараттарының терезесі жабылмайды. Біз төменнен қарап тосып жүрміз... Бір уақытта домаланған қағаз алдымызға топ ете қалды. Рашит төрт есептің де берілгенін жазып жіберіпті. «Принято» деп айғайладық. Ағаштың бауырындағы көлеңкеге отыра қалып, барлық есепті бір-екі сағат шамасында шығардым. Қолымда алгебра оқулығы, ұмытып қалған формулаларды содан тауып отырамын. Амантай байғұстың міндеті маған жақын маңдағы дүкендерден сусын әкеліп тұру...

Есеп дайын болған соң ысқырып қалдық. Бесінші қабаттан бір шеті Рашиттің қолында қалған жіптің түйіршегі секіріп-секіріп, жанымызға түсті. Шығарылған есепті жақсылап түйіп, түйіршектің өзін алып қалып, «вира» деп айғайладық. Рашит қолына жіпті жыпылдатып орап, көтере берді... Сөйтіп, емтиханды аман-есен беріп шықты. Ертесіне тізімді қарасақ, «төрт» алыпты...

Басқа емтихандарды қалай бергені есімде жоқ, олар да осы жолмен атқарылды-ау деймін, әйтеуір сол жылы ол «Нархоздың» сырттай оқу бөліміне түсті.

Ал мен 4–5 күннен кейін қабылдау комиссиясының жиналысына келдім. Комиссия мүшелері қаз-қатар

отыр, ең төргі орында ректор Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков жалғыз. Өзі де арыстан сияқты, басы үлкен, қалың қара шашы үлкен басын тіпті күдірейтіп жіберген. Біз бәрін сыртқа қойылған монитордан көріп отырмыз. ФЭФ-тің кезегі келгенде алдымен философия бөліміне кімдердің түскені айтылды. Айналасы 15 адам ғой, тез бітті. Екінші политэкономияға кезек келді. Біз де бірнеше топ екенбіз, менікі бірінші топ-тын. Ең алдымен менің фамилиям оқылды. Емтиханнан алған баллдары мынадай, жұмыс өтілі бар деп мына жақтан қабылдау комиссиясының мүшесі ме, біреу баяндап тұрды. «Ендеше өтті», деді ректордың өзі. «Біз сізді студент атануыңызбан құттықтаймыз», деді марқұм Өмірбек Жолдасбеков сөзін жалғап. Одан кейін кезек келесі адамға ауысты. Менің басқа ешкімде шаруам жоқ, түскеніме қуанып тұрмын. Барлық студентке қабылдау аяқталған соң әр факультеттің декандары алдымызға шығып сөйлеп, қашан, қайда жиналу керектігін жариялады.

Біздің деканымыз Нұролла Сәрсенбаев деген профессор екен, Шымкенттікі. Өзі де, сөзі де, есімі де қызық біреу. Нағыз профессорларға тән ақ түсті жеңіл матадан костюм-шалбар кигеніне қарап, мен оны бір дана адам екен деп ойлағанмын. Кешікпей-ақ ол ойымнан айнуға тура келді.

Ол кезде оқуға түскен студенттерді бірден университеттің жөндеу жұмыстарына салады. Ешқандай ақы да төлемейді. Оқуға түсіп, қуанып жүргендер өздерін тірідей қанағанға қарсы болмай, айтқандарын істеп, жүре береді. «Стройотрядтың» осындай сыры бар екенін білген соң мен дайындықтың ығырынан шаршаған басым баяғы ауруымды сылтауратып, оқу жылы басталғанша ауылға барып келмек болдым. Ол үшін студенттер емханасына барып, өзімнің ауыратыным

жөніндегі медициналық құжаттарымды көрсетіп, құрылыс жұмыстарынан босататын анықтама сұрадым. Олар сөзсіз жазып беріп, қолдарын қойып, мөрлерін басты. Енді сол анықтаманы деканатқа әкеліп, құрылыс жұмыстарынан босатылмақпын ғой. Сөйтсем, Сәрсембаев ештеңені тыңдағысы жоқ, балдыр-батпақ, шалдыр-шатпағын боратып кетті дерсің... Алғашқы көргендегі ғұлама, оқымысты шығар деген ойымнан түк те қалдырмады. Тынымсыз да, тиюсыз бос мылжың екеніне артынан көзім жете түсті. Сөзі сөз емес, «сен халтурщиксің, бәленсің, түгенсің, оқуға қалай түскенсің, мен сені қабылдаған бұйрықты өзгерттіремін...» дейді. Мен де шырылдап жатырмын. Бірақ анау менің сөзіме құлақ асар түрі жоқ, соны білген соң есік алдындағы хатшыға анықтамамды тастап, жүре бердім.

Ол кезде заң бар еді ғой. Әгәрки, анау сыныққа сылтау тауып мені оқудан шығартып жіберсе өзімнің құқымды сот арқылы қорғайтынына сенімді болдым. Қаржы бөлімінде инспектор болып істеп, заңның орындалуын қалай талап етуді біршама көрген едім. Сол шағын тәжірибем тегін кетпеді. Сәрсенбаевтыкі құр қоқан-лоқы екенін жас та болсам сездім. Бәлки ол мені қорқытып шығарып жіберіп, орныма конкурстан өтпей қалған біреуін тықпақ та болған шығар...

Бұл оқиға менің көтеріңкі көңіліме кірбің ұялата алмады. Алматы – Қызылжар поезымен елге жүріп кеттім. Алдында, мамыр айында бір келіп кеткенмін, сондықтан мені ешкім сағына қоймағанын біліп келемін. Үйге келсем университеттің хаты менен бұрын жетіпті. Хатты ашқан көршіміз Қапез үнсіз оқып: «ұстаңдар ана, Сұңқардың қолын, баласы университетке түсіпті» деп басын бір-ақ көтеріпті. (Шешемді «Сұңқар» дейтін едім, жұрт та солай атап кеткен). Бәрі мәз болып, көршілер шешемді құттықтап үлгерген екен...

Бұл менің өмірімнің нағыз бір бақытты кезеңдері еді. Табысым да керемет, денсаулығым да күшті, нағыз жігіт болып толыққан шағым болатын. Құрылыста істеп шыныққан басым, сол жылдары дене қуатым да ерекше қайратты еді.

Студенттік жылдар

Қазіргі замандағы адам өмірінің ең қызық кезеңі – студенттік жылдар ғой. Оны талай мықтылар айтқан, талай мыңдар мойындаған. Маған да сол жылдар қызық болды.

Нұролла Сәрсембаевтыкі әшейін қоқан-лоқылық екен, оқуға келгенімде ол басқа амалы жоқ болған соң қыртиып тұрса да жатақханадан бірден орын берді, стипендияға да кіргізді.

Бірінші жылы біз геофактың жатақханасына жаттық. Жоғарыдағы екі қабат біздің ФЭФ-ке беріледі екен. Өзіміздің № 13 жатақхананың ол жылдары құрылысы аяқталмаған еді. Маған 501 бөлмеге баруға рұқсат қағаз берді. Бөлмеміз 3 және 2 кісіліктен тұратын отбасылық типте салынған, санузел ортасында, душ кабинасы да бар. Тамақты ортақ асүйде немесе әр бөлме өзінің плиткасына пісіреді.

Бізге орын үш кісіліктен тиген. Мен келгенде жанымдағы жігіттер әлі жоқ еді, есікке дүкеннен құлып әкеліп орнатып, бір күн жалғыз түнеп шықтым. Екінші күні көзі көк, бойы ортадан жоғары, денелілеу сары жігіт келді. Бір қызығы ыржиып күле береді екен. Көкшіл көзі тостағандай, келбетті, ашаң, басқа жұрттың қаны араласқан бір жан сияқты. Екеуміз таныса кеттік. Есімі Өсербай екен, Шымкенттің баласы. Оқуға бір жыл дайындық курсында оқып, түсіпті. Әскерге барып келген, сол кездің көзімен қарағанда салиқалы жігіт. Сары

шашын сол кездің модасымен еш жағына қайырмай тура жіберіп, қысқартып отыратын көрінеді.

Көп кешікпей үшінші тұрғын да келді. Олар, Өсербай екеуі, бір-бірімен құшақтасып амандасып жатыр. Екеуі дайындық курсында бірге оқыпты, сондықтан бір-бірін жақсы біледі. Тілеуберді Бабланов деген бұл жігіт Семейдің тумасы, бойы Өсербай шамалас, бұл да әскерге барып келген, салмақты, салиқалы жігіт. Өңі қараторығa жатады, жалпақ беттеу, қыр мұрынды, бұл да шашын еркін жіберетін модник. Көзілдірік таққанына қарағанда көп оқитын, тоқығаны да мол жігіт сияқты.

Үшеуміз де оқуды аңсап келген жандар едік. Күндіз кітапханадан шықпай, түні бойы бөлмемізде отырып, берілген тапсырманы орындайтынбыз. Ең басты конспект жасайтын еңбегіміз К.Маркстың «Капиталы». Одан бірнеше тарауды оқуға және конспектілеуге тапсырма береді. Төрт том деп саналса да қалың-қалың жеті кітаптан тұратын бұл еңбектер тауардың не үшін жасалып, қалай қалыптасып, қалай сатылып, қалай тұтынылатынына дейін зерттеп, сараптаған ұлы еңбек. Сонымен бірге ол тауарды жасауға сіңірілген еңбекте, пайданың қалай алынуында, сауда мен бөліністің қалай дамуында жұмысшы мен капиталистің, адамдар мен адамдар, адамдар мен билік арасындағы экономикалық қарым-қатынастың бәрін қалдырмай зерттеген.

Ұлты еврей Карл Маркс Германияда 1818 жылы туып, Англияда еңбек етіп, Лондонда 1883 жылы 65 жасында өмірден өткен, кітаптарын неміс тілінде жазған. Оның осы және басқа да еңбектері XIX ғасырдағы Еуропаның саяси және философиялық ақыл-ойының дамуына керемет ықпал еткен. Әрине, қазір оның адам қоғамының дамуы таптар күресінің нәтижесінде болады деген идеясын жоққа шығарушылар көп. Соның ішінде капитализмде еңбек құралдарының иесімен оның

жалдаған жұмыскерлері арасында бітіспес күрес болып, ақыры төңкеріске ұласады дегені де бекерге шығып отыр. Өйткені, ақысын дұрыс төлеген, әлеуметтік жағдайларын жасаған капиталистке жұмысшы ешқашан қарсы шықпайды екен. Ондай тек капитализм өзінің жоғары дамыған формасына жете алмай келе жатқан біздің Қазақстан сияқты елдерде ғана болуы мүмкін. Ал жұмысшысына барлық жағдайды орнатып, еңбекақысын лайықты төлеп, демалыс сағаттарын да ұтымды ұйымдастырып, кәсіпорынның ішінде барлық қызмет көрсететін сервистерді жасап қойған Жапония сияқты елдердің жұмысшылары неге көтерілсін?

Карл Маркс бар күш-қуатын, білімін қоғамды өзгерту ісіне арнаған. 17 жасында ол былай деп жазған екен: «Егер адам өзі үшін ғана еңбек етсе ол атақты ғалым, ұлы ойшыл, ғұлама, керемет ақын болар, бірақ нағыз жан-жағы жетілген ұлы адам бола алмайды».

Қазақ арасында «дүние жүзі пролетарларының көсемі» деп танылған Маркстың есімі мен еңбегі кеңінен танылды. Қай күнде «жақсыдан шапағат» деген ырымға үйір қазекең қыздарына жаппай Маркстың қыздарының есімдерін қойды. Соның ішінде әсіресе Лаура деген есімді қазақ өзіне жақын тартты. Бұрын бір ауылда кем дегенде бір Лаура деген қыз болушы еді. Бәлкім ол Ләйла деген қазақ есіміне жақын болғандықтан шығар...

«Капитал» Карл Маркстың ең басты және ұлы еңбегі. Оны жазуда Маркс философияның диалектикалық-материализм әдісін қолданған. Бір қызығы К.Маркс «Капиталды» «қосымша құн» теориясын зерттеген үшінші бөлімінен бастап жазған. Мұны естігенде «Көшпенділер» трилогиясын үшінші кітабы – «Қаһардан» бастап жазған Ілияс Есенберлин еске түседі.

«Қосымша құнның» теориясын жазғанда Маркс өзіне дейінгі экономист ғалымдар Адам Смит пен Давид

Рикардоның идеяларына сүйеніп, оларды дамытқан. Күні бүгінге дейін Карл Маркстың теориясы өзінің маңызын жойған жоқ. 2008 жылы әлемдік экономикалық дағдарыс басталғанда барлық экономистер оның теориясының дұрыстығына көз жеткізген.

Осы күнгі жастар XIX ғасырда «Еуропаны елес кезіп жүр, ол – коммунизм елесі» деген сөзді білмейді, ал кезінде ол «ұлы сәуегейлік» деп бағаланған. Оны өздерінің «Коммунистік партияның манифесті» деген еңбегінде Карл Маркс пен оның өмірлік досы Фридрих Энгельс айтқан. Екеуінің достығын біздің мектептерімізде «ұлы достық» деп дәріптейтін. Немістің экономикалық алпауытының отбасында дүниеге келген Энгельс Маркспен бірге пролетариаттың жоғын жоқтап, барлық өмірін оның тұрмыстық ахуалын жақсарту жолына арнады. Ал досы Карл өлгенде оның шашылған еңбектерін жинақтап, «Капиталдың» екінші, үшінші томдарын бастырған және оның отбасын асыраған. Сонымен қатар оның өзі де терең ғалым, ғұлама философ. Біз оның «Отбасының, жекеменшіктің және мемлекеттің пайда болуы» деген еңбегін және «Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры» деген еңбектерін конспектілеген едік. Бізге Марксе қарағанда Энгельстің еңбектері түсініктірек әрі жеңілірек болған еді. Осы екеуінің және Лениннің теориялық еңбектерін біз қолымыздан түсірмей, күндіз-түні құшақтап жүріп оқыдық.

Маркс, Энгельс, Лениннен есте қалған афоризмдер көп, уақыт өте келе ұмытылды. Мысалы, Маркс жарықтық былай деген еді: «Существо нового материализма состоит в том, что не созерцательной деятельностью человек формирует картину мира, а чувственной, субъективной, практической, преобразующей мир». Мұның қазақшасы: «Жаңа материализмнің сипаты сонда,

мұнда адам әлемнің картинасын сырттан қарап отырып емес, тек сезіммен, тәжірбиемен әлемді өзгертіп қана таниды». Немесе оның: «В науке нет широкой столбовой дороги, и только тот может достигнуть её сияющих вершин, кто, не страшась усталости, карабкается по её каменистым тропам» деген сияқты сөздерін жарыса айтып жүретінбіз. Философтар да бізден қалыспай, Гетенің, Гейненің, Гегельдің керемет сөздерін айтатын. Мысалы, Гетенің: «Всякий, кто удаляется от идеи, в конце концов остается при одних ощущениях» деген сияқты сөздерін солардың аузынан естігенбіз. Әсіресе, Қырғызстаннан келген Жоомарт деген студент осындай фразаларды көп айтушы еді.

Университетке түсу қиын болғанымен оқу сондай ауыр болған жоқ. Атағы жер жарған оқу болса да оған аузың қайсы десе мұрнын көрсететін нешетүрлі иісалмастар да түсе береді екен. Ондайлар енді таза «блатпен» түскендер екені білініп тұратын. Деканымыз Сәрсенбаевтың бір туысы да жүрді. Сабаққа бармайды, барса 1–2 парда болады да қайтып кетеді. Мектепті зорға бітіргенін өзі айтады. Бірақ ілегіп-салағып оқыған болып жүрді. Сабаққа дайындалу деген оның татпаған дәмі, көркем әдебиет оқумен уақытын өткізеді. Сонысымен қоймай қолына ақша түскенде сырадан да, ақаңнан да тартынбайды. Бір айда, ай жарымда үйінен 200 сомдай ақша алып тұрады. Біз ондайды түсімізде де көрмейміз. Өзі де қу, ақшасына алдымен бір киім сатып алады, бір рет тіпті екі пар костюм-шалбар алғанын білемін. Қалғанын соларын «жуып», ішіп, жеумен кетіреді... Ондайда жанына серіктестер де табыла кетеді.

Оқудың жеңіл болатын тағы бір себебі бар. Ол – Ауғанстаннан, Кубадан, Лаостан студенттердің болуы. Өзіміз жетісіп тұрғандай «қайырымдымыз, көмектесіп

жатырмыз» деген үлкен саясат үшін сондай елдердің жастарын оқытады. Сабақтың бәрі тек орыс тілінде оқытылады ғой, ал олар орыс тілін шала біледі, шет тілі ретінде оларға орыс тілі оқытылады, алайда оларға тер төгіп, бастарына білімді сіңіремін деп жатқан ұстаздар жоқ. Талап жеңіл. Сол талап бізге де тарайды, сондықтан сабақ қайдан қиын болсын. Бірақ оқуға шөліркеп келген жоғарыдағы үшеуміз және Еділ деген тағы бір жігіт төртеуміз сабақтан бас алмаймыз. Қашан көрсең қолымыздан кітап-дәптер салынған папкамыз түспей кітапханаға бара жатамыз немесе сол жерден келе жатамыз. Еділ Нұрпейісов Ауған соғысына қатысып, оң қолына минаның жарықшағы тиіп, екі саусағы жарадар болған жігіт. Бойы талдырмаш, жұқалтаң жігіт. Өзі кейде ызақор болып, қатты кетеді. Оның үстіне жетім өскен екен. Бойы да, дене бітімі де менімен шамалас, көзі мөлдіреген, атжақты бір бозым. Кейде мақтаныңқырап кететіні де бар. Ол да дайындық тобынан түскен.

Жалпы, сол жылы саяси экономия бөліміне оқуға түскен жұмыс өтілі бар бесеу едік, оның бірі Боранқұл Нұрпейісов. Бұл жігіт ерекше тоқталуды қажет ететін тұлға. Ол менің студенттік жылдардағы ең жақын досым болды. Бойы аласа, жүзі көркем, қыр мұрынды, аққұба, қара мұртты сымбатты жігіт. Өзі Қарағанды өңірінен. Сол жақтың кейбір жігіттерінде Сәкен Сейфуллинге ұқсайтын бір көркем, қой көз болады. Боранқұлдың көзі де сондай.

Боранқұлдың тал бойындағы үлкен өнері – бокс. Ол жай ғана боксер емес, КСРО-ның спорт шебері. Қазақстанның атынан бірнеше рет КСРО чемпионатына қатысып, жақсы өнер көрсеткен. Бір рет чемпионаттың қола жүлдесін жеңіп алған. Сонымен бірге ол Бүкілодақтық «Буревестник» студент жастар қоғамының бірнеше дүркін чемпионы. Қазақстанның, республикалық

Спартакиаданың чемпионы. Бірнеше халықаралық, одақтық, республикалық жарыстардың жеңімпазы. Шетелдерге де шығып, жарыстарға қатысқан.

Осынау жарыстарға жиі кетіп, дайындық сапында жүретін ол айлап сабаққа келмейді. Кейбір қырсық мұғалімдер сессияда оған баға қоймаймын, маған сынақ тапсырсын деп талап етіп жатады. Сондайда Боранқұлдың жыртысын жыртып, кейде тіпті оның орнына сынақ та тапсырып жіберіп мен жүремін. Жоғары математикадан беретін Рауза Әлімжанова деген тамаша ұстазымыз болды. «Сен немене, Нұрпейісовке прямо горой стоишь, ол кімің сенің, туысың ба» дейді бір күні сырттай сынақ қойдырып ала қояйын деп барсам. «Ойбай апай, ол біздің еліміздің намысын қорғап халықаралық жарыстарда жүрген жоқ па, оны қолдау керек қой деп мен де сынақ қойғызу үшін жалынып қоймаймын. Сөйтіп, қолымнан келгенше мен оны оқуда сүйредім. Еңбегім қайтып, артынан ол да мені сүйреді. Оның қалай болғаны келесі тарауларда айтылады.

Боранқұлмен дос болып кеткен себебім, өзім спортшы болмасам да спортшыларды қатты сыйлайтындығымнан еді. Алғаш танысқан сәттен мен оны қолымнан келгенше қолдап бақтым. Ол да менің ілтипатыма риза болып, екеуміз бірден дос болып кеттік.

Боранқұл көпшіл жігіт, бүкіл Қарағандыдан келген басқа ЖОО-ларда оқитын студенттер оны іздеп келеді. Кейбірімен туысындай араласып кеткен. Ол кезде әр облыстан келген жастардың кездесу кеші болады. Боранқұл сондайдың жуан ортасында жүреді. Мені де қалдырмай, сондай кештердің қонағы болып жүрдім. Боранқұлдың арқасында филфакта оқитын оның таныс қыздарымен тығыз араласып кеттік. Қолымыз қалт еткенде соларға барамыз. Солардың ішінде Пәкизат Қарағандының, Дина Ақтөбенің, Бейнегүл Көкшетаудың қызы. Тағы бір

қыз Талдықорғаннан болып еді, оның есімін ұмытып қалдым. Геофакта да бірнеше дос қыздарымыз болды. Олар біздің дайындық курсында оқығандармен бірге болыпты. Сондықтан жақын араласып жүрдік.

Екінші курста бізге Болат деген Ақтөбенің жігіті қосылды. Ол бізден бұрын түскен екен, бірақ әскерге алып кетіп, келген соң бізді толықтырды. Әдебиетке, поэзияға икемі бар, ақын-жазушыларды жақсы көретін. Тұрпаты біздей, тұнық қара көзді, қараторы жігіт еді.

Мектепті сол жылы бітіріп келгендер арасынан Әли Әбішев, Уәлихан Көшімбаев деген жігіттер есімде. Бұлар шын мәнінде оқуда озық, алғыр жігіттер болды. Ұмытпасам екеуі де медалист болды-ау деймін. Әли артынан докторлық диссертация қорғап, «Нархоздың», одан кейін тағы бір университеттің ректоры болды. Уәлихан да жерде қалған жоқ, кандидаттық диссертация қорғап, бизнеспен айналысып кетті.

Боранқұл спорт шебері болғандықтан Спорт комитеттен 125 сом ақша алып тұрды. Оның үстіне күніне 4 сомның тамағын алуға болатын талон береді. Тамақты стадиондағы асханадан ғана ішуге болады. Бірақ Бөкең оның бәрін тамаққа салмайды. Бір жылпостарға талонын жарты бағасына сатып жіберіп, қолына 120 теңгенің орнына 60 сом алады. Оның үстіне менің 55 сомдық стипендиям бар, осынша ақша екеуміздің бір ай бойы еркін жүріп тұруымызға жетеді. Сондықтан қыздарға ешқашан құр қол бармаймыз. Дипломатымыздың ішінде шампан шарабы мен бір қорап кәмпитіміз жүреді.

Біздің факультетте Солтүстіктен үш адам оқыдық. Сол кездегі Сергеев ауданынан саяси экономикада бізден бір курс жоғары Берік Құсайынов, Ленин ауданындағы Қарағаш ауылынан философия бөлімінде бізбен қатар Дәурен Құсайынов деген жігіттер оқыды. Екеуі де пысық, алымды жігіттер еді. Берік біздің факультеттегі ОКД-ның

(оперативная комсомольская дружина) бастығы. Бұл ішкі милиция. Берік оның қатарына бізді де тартып, кезекшілігіне шығып жүрдік. Дәурен теңіз флотында, оның ішінде сүңгуір қайықта үш жыл қызмет еткен әбден өткеріліп, ысылған жігіт. Іске де, сөзге де алдырмайды. Әскерге дейін мен секілді ауылшаруашылығы техникумын да бітіріпті. Өзі компартияның қатарына өткен. Ол кезде бұл да үлкен мәртебе.

Келесі оқу жылында біздің 13-ші жатақханамыздың құрылысы аяқталып, жаңа жерге көштік. Мұнда біз тегіс ФЭФ-тің студенттері ғана тұрдық. Сол жылы Вьетнамнан да студенттер келді. Өздері арық-тұрақ, оның үстіне қызуқанды. Тегіс Америкамен соғыс жылдарында туғандар екен. Бір жаман жері жатақханада сәкі жуғылары, өздерінен кейін жинауды білмейді, ластау...

Мен Боранқұлдан көп нәрсе үйрендім. Соның ішінде палау жасауды да үйренген едім. Басқаға білмеймін әйтеуір өзіміз жасаған палауымыз өзімізге тіл үйіретіндей еді. Картоп қуыру, сорпа істеу, ет асу, шұжық қуырып, үстіне макарон салу сияқты тамақ түрлерін өзіміз жасай беретінбіз. Боранқұл қай тамақ істеуге болсын кірісіп кететін. Жаздың күндерінде тауға барып, кәуап та пісіретінбіз. Қаланы тасқыннан қорғайтын биік арандарды күзететін Еркін Қойшыбаев деген Боранқұлдың жерлесі болды. Милиционер болып есептелетін осы жігіт те бір керемет, дархан азамат еді. Өзі сол жерге тұрғызылған бір қабатты үйде тұрды. Кейбір демалыстарымызда соның үйіне барып, сайранды салатынбыз. Кәуапты да осында пісіретін едік. Бұл жер Медеудің сырты. Осы жерден Алатауды бөктерлеп Қырғызстанға автожол кетеді. Табиғаты керемет, сурет секілді болатын. Көлік көп емес, анда-санда бір автобус кетіп бара жатқанын көретінбіз.

Бірінші және екінші курстарда менен тек бір немесе екі төрттен ғана шығып жүрді, қалғаны бес. Саяси экономикадан басқа философия, КПСС тарихы, сызбалы алгебра, жоғары математика, экономикалық география, шет елдер экономикасының тарихы, логика, диамат, истмат, экономикалық статистика, ғылыми атеизм және т.б. сабақтар оқылатын. Солардың ішінде маған ең қиыны ағылшын тілі болды. Қазақ мектебін бітірген біздер шет тілін 8 сыныптың деңгейінде ғана оқығандармыз. Орысша оқығандар 10 жылдықтың көлемінде оқып, бізден озық болды. Оның үстіне бізді, жоғарыда айтқанымдай, интернатта бір халтурщик орыс әйелі оқытып, көп білім берген жоқ. Сондықтан ағылшын тілі маған ауыр тиді. Университеттігі ұстазымыз Роза Мәжікенқызы Бутина атақты қазақ, тамақ өнеркәсібі министрі болған, экономикадан докторлық диссертация қорғаған Мәжікен Есенұлы Бутиннің қызы. Арғы атасын орыстар шоқындырып, «Бутин» деген орыс фамилиясын берген екен деген сыбысты естітінбіз. Бізге сабақ берген қызы қалада өскен, барынша тікбақай әйел еді. Өзі университеттің шетел тілі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымының кандидаты. Бізді қаққанда қанымызды, сыққанда сөлімізді алардай сығып сұрайтын. Бірақ соның арқасында ағылшын тілін нан сұрап жерлік дәрежеде үйрендім. Артынан шетелдерге барғанда ешқандай жерде адасқан емеспін. Бірде, Стамбулдың әуежайында үш адам тобымыздан адасып қалып, көп қаңғалақтағанбыз. 10 млн. тұрғыны бар қаланың әуежайы да бір қала сияқты. Біз жөн сұраған түріктер тек ағылшын тілін біледі екен, адасқан үшеуміздің ішінде мен ғана оны ептеп қағатын болғандықтан бір сағаттай адасып, тобымызды зорға тапқан едік. Ағылшын тілін Тауағаштағы Зәйкөн ағай мен Роза Бутинаның үйретуімен үйренген басым сол

жолы ішімнен осы екеуіне алғыс айтып едім... Ол туралы төменде де көбірек айтып, жазатын боламын.

Университеттің оқу деңгейі жоғары, ой-өрісіміз, біліміміз өсіп, көңіл көкжиегіміз барынша кеңіді. Өз ара дискуссиямыз да көп болатын. Ұстаздардың арасында Орталық партия комитетінен келіп дәріс оқитындар да болды. Олар практикалық тұрғыдан біздің алған білімдерімізді бекітетін. Факультетіміздің атағы бүкіл қаланың көзі қарақты адамына таныс екенін байқап жүрдік. «ФЭФ-те оқимыз» дегенде ондайлар таңырқап, бірден құрмет көрсете бастайтын.

Бірінші курсты бітірген жылы Алматы облысының Нарынқол ауданындағы Текес деген ауылға құрылыс отрядымен бардық. Ар жағында Абай атындағы кеңшар бар, ол Қытаймен шекаралас. Бер жақтағылар қытайларды, ар жағында қытайлар біздің халықты көріп отырады. Сарыжаз деген ауылдың тұсында шекаралық әскердің бекеті бар. Автобусты тоқтатқан шекарашылар сол жерден әрі өтушілерді тексеріп өткізеді.

Құрылыс отрядында саманнан қора соғып, таң қараңғысынан күн батқанша жұмыс істедік. Отрядымыздың командирі А.Метелев дейтін орыс болды. Өзі бізде сабақ беретін жас мұғалім. Күрестен спорт шеберлігі нормативін орындаған. Комиссарымыз өзіміздің Дәурен Құсайынов. Бізбен қосылып, ақша табуға бір құрылысшы жігіттер де барды. Біреуі біздің Солтүстіктен еді, қазір аты-жөнін ұмыттым.

Құрылыста жүріп сол елдің салт-дәстүрін де қарап жүрдік. Қазақы кеңпейілдігі біздің жақтарға қарағанда жоғары екен. Тұрмыстары аса мәз емес, соған қарамай кейбір апалар үйлерінен ыстық нан, шыныға құйылған сүт әкеліп беріп, бізге «дәм татырады». Ондайда рахметімізді айтып, соғып аламыз.

Кейбір ауыл тұрғындарының үй жұмысына да көмектесетін едік. Кеңшардың бухгалтері болып істейтін бір жесір әйелдің моншасын салып бердік. Күйеуі жастай дүниеден өткен, қолында жасамыс енесі мен екі-үш жас баласы бар жас әйелдің трагедиясы да сол кезде санаға салқын әсерін тигізіп еді... Завхоз болып істейтін бір пысықай ағамыз бізге үйінің картобын қаздырып алды. Тағы бір байқағаным, тамақ ішкеннен кейін бет сипауды бұлар ұмытқан екен. Біз бетімізді сипасақ үлкендері «әне, нағыз қазақ жерінен келгендер өстеді» деп риза болып жатады. Тағы бір қызық жайт, мұнда қойды сойып тастау түк емес. Біз осында бірнеше қойдың басын мүжідік. Ал біздің жақта қой сою тек аса үлкен, сыйлы қонақтарға ғана бұйыратын.

Нарынқолдың өзінде бір кезде басқа ұлт өкілдері көп тұрыпты. Сондықтан үй құрылыстары тиянақты, аулалары қоршалып, сырланған. Бірақ Қытаймен екі ортадағы кикілжің басталған сәттен басқа халықтардың өкілдері елдің ішкергі аймақтарына қотарыла көшіп кетіпті. Содан кілең қазақтар ғана қалған екен.

Осы Нарынқолда мен бір рет солтүстікқазақстандық жерлесімді кездестіріп, таң-тамаша қалған едім. Алғашқы жылғы ССО-дан ертерек кеткім келді. Ол үшін Нарынқолдағы штабымыздың бастығы шығу қағазыма қол қоюы керек. Ол қоймаса шекаралық бекет әрі жібермейді. Соны қойдырайын деп Нарынқолға бардым. Штабымыз ауылдың бір шетінде екен, Алматыдағы жекеменшік машиналарды тоқтатып, міне салатын әдет бойынша қол көтеріп едім, өтіп бара жатқан қызыл «Москвич» тұра қалды. Шопыры бір құдайға қараған жігіт екен, жасы менен біраз үлкен. Екеуміз әңгімелесе кеттік... Сөйтсем Солтүстік Қазақстанның жігіті болып шықты... Мәссаған. Не жұмыспен жүргені есімде жоқ, әйтеуір бұған екеуміз де қатты таң қалдық әрі қуандық.

Екінші курсты бітірген жылы да дәл сол кеңшарға құрылысқа бардық. Бірінші курсты бітірген жылы ауылға келгенде Нарынқолда болдым деп айтқан едім, сол әңгіме құлағына тиген Зейнұр деген апамыз біздің үйге келіпті. Сөйтсек, апамыздың ҚазПИ-де оқыған Айтаңсық деген қызы Текестің ар жағындағы Тегістік деген ауылға тұрмысқа шыққан екен. Айтаңсықты мен білемін, интернатта бізден екі сынып жоғары оқыған. Апамыз сол қызын қатты сағынады екен, маған кездейсоқ кездесіп қалмадың ба деп сұрап, амандығын білмек болады. Арнайы бармаған соң қайдан кездестірейін, екі ауылдың арасы 15–20 шақырымдай жер ғой. Ендігі жылы барсам соға келейін деп жездеміздің аты-жөнін жазып алған едім. Сол, 1982 жылы Қызылжарда тұратын Күлшара апамыз да Нарынқолдың өзінде 1951–56 жылдары ҚызПИ-де бірге оқыған дос қызы тұратынын айтып, бара қалсаң соға келші деп тапсырған.

– Бір хат жазғанда күйеуім мал дәрігері болып істейді деген, сұрастырсаң тауып аларсың,- деді Күлшара тәтем. Өзі студент болып жүргенде бір демалыста құрбысының үйіне барған да екен. Екеуі араларынан қыл өтпейтін дос болыпты.

Сөйтіп, Текеске келесі жылы барғанда мен бір демалыста қасымдағы бірнеше жігітпен алдымен Нарынқолға барып, Күлшара тәтеміздің досын таптым. Күйеуі кеңшардың бас мал дәрігері болып істейді екен, бір қойды жайратып салып, бізді қонақ қылды. Тұрмыстары мығым, үй-жайлары кең, әл-қуаты нығыз отбасы көрінді. Арадағы ыстық қатынас көп жылдан кейін үзіліп кеткен ғой, іздеп барған апайымыз сағынышын жасыра алмай Күлшара тәтемнің барлық жаңалығын менен қайта-қайта сұрап, көп әңгіме білген еді.

Өздері Мұқағали Мақатаевпен көрші тұрған екен, «міне, мынау үй сонікі» деп көрсетті. Ол кезде

де әдебиетке құштарлығым зор еді, бәріміз Мұқаңның тұрған үйін көріп, қолының табы қалған есік-тұтқаларды ұстадық. Әттең сол кезде қолымызда фотоаппарат болмады. Жалпы, Нарынқол ауданы таланттардың тұнып тұрған жері ғой. Мұқағали Мақатаевтан басқа жазушы Бердібек Соқпақбаев, Сағат Әшімбаев, Еркін Ібітанов, Оразақын Асқар сияқты ақын-жазушылардың бәрі осы шағын ауданның тумалары.

Жексенбі сайын берілетін бір демалыста тағы сол бес-алты жігітпен Тегістікке тарттым. Айтаңсық пен күйеуі (есімін ұмытып қалдым) мектепте мұғалім екен. Жездеміз онжылдық мектептің директорының орынбасары. Өздері ол кезде біздің жақта болмайтын қос қабатты коттеджде тұрады, тұрмыстары да күйлі көрінді. Олар да бір қойдың басын көрсетіп, бізді қуанышпен қарсы алды. Дана қазақ «жау жерінде бір үйің болсын» дегенді тегін айтпаған ғой, сөйтіп жауым емес жақыным болса да алыста жатқан Албан ата жерінде де маған таныс үйлер табылды.

Қайран жастық-ай, үнемі қыдырғымыз, жүргіміз, шарлағымыз келетін де тұратын. Тағы бірде, 1982 жылы, алғашқы жылы барғанымызда біздің арамызға қосылып, ақша тапқан сол елдің Айдын деген жігітін де іздеп бардық. Ол да Тегістікте тұрады екен. Бізбен бірге жұмыс істеп, жақсы ақша алған соң үйленген де екен. Бізге сыныққа сылтау керек, үйленгенін естіп «әйда, барып Айдынды құттықтап келейік» деп тағы да сол Тегістікке тарттық.

Жүк мәшинесінің ашық қорабында бара жатырмыз, мен кабинаның ішіндемін. Қол көтергенде тоқтай қалған шопырымыз удай мас. Мен қорқып отырмын, мәшине жолдың шоқалақтарына қарамай, жосылтып келеді. Жолдың шетінде екі қыз жаяу кетіп бара жатыр еді, соларға бұрамын деп кюветке де кете жаздадық.

Ақырын жүрейік деген сайын құтыртады. Қораптағылар оған қарар емес, көңілді, ән салып отыр. Алдында бір-екі жартыны төңкеріп, көңілденіп алғанбыз ғой, ештеңе ойламайды. Тегістіктің шетіне іліккенде машинаны тоқтатқызып, бәрін түсірдім. «Өй, Айдынның үйіне тура апарсын, жаяу жүреміз бе» деп біреулер шулайды. Мен олардың ауыздарын ашырмай, аман келгеніміздің өзі олжа деп тегіс түсіріп алып, Айдынның үйін жаяу іздеп таптық.

Біздің келгенімізге қуанған Айдын да бес-алты жігітке бір қойды жайратып салды. Тек шешесі қытымырлау жан екен, әкесі қайтыс болыпты. Айдынның өзі ақкөңіл, ата-әжесінің қолында өскен, шешесін жеңгедей көретін қазақтың бірі көрінеді, ол анасының бізді ұнатыңқырамағанына қараған жоқ, келіншегімен екеуі жайылып жастық, иіліп төсек болып күтті. Айдын екеуміз әсіресе жақындау едік, өйткені бригадіріміз екеумізге арнайы тапсырманы көп беретін. Сол оқиғаларды еске алып, әйтеуір оның үйінде де жақсы дем алдық.

«Құрылысшылар күні» делінетін 8-ші тамызды да гүжілдетіп атап өтетінбіз. Бірнеше қой сойылып, ашық аспанның астында, таудың баурайында, кеңшардың басшыларын да қосып алып, мәз-мәйрам, шат күлкі, түрлі ойындармен, ән-күймен керемет тойлайтын едік. Бір тойымызда кеңшардың бас агрономы домбырамен:

«Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң
Ен жайлау құлазиды ел кеткен соң-ау...
Жолыққанша
Аман бол, амал қанша...»

деп басталатын тамаша әнді айтқаны есімде... Бұрын естігенде көңіл бөлмейтін сол «Бекзатым» деген әнді артынан құмартып тыңдайтын болдым.

Әркімнің өмірінде еске алғысы келмейтін бір сәттер болатын шығар. Сондай сәт маған үшінші курсты аяқтап жүрген күндерде туып, басыма қара аспан төнді. Айдың-күннің аманында албырттықпен біреуге ара түсемін деп жаламен іске ілектім, оқудан шығып қалдым. Ақыры бір жылдан соң ақталдым. Осы оқиғаны еске алу жүрекке салмақ түсіретін болғандықтан айтқым келмеді. Ол үшін оқырмандарым маған кешіріммен қарар деген үміттемін.

Сөйтіп, тамаша жалғасып келе жатқан студенттік өмірім ортасынан шорт үзіліп кетті. Шешем марқұм тым ырымшыл жан еді. Біздің ауылда ешкім оқымаған оқуда екенімді сыбырлап айтып, «тіл тиіп кетпесін, көзге түспе» деп үнемі сақтандырып жүретін. Оның үстіне мен екінші курс бітірген жылы әкем біреудің орнына қой бағуға шығып, сол күні дәріленген шөпке малды түсіріп алып, бірнеше қойды қырып алған еді. Кеңшар соны сот арқылы төлетіп, қыста соғым алатын ақша қалмағанын ойлап, стройотрядтан алған сегіз жүз сомның жартысын «соғым аларсыңдар» деп үйге салып жіберген едім. Оны пошташы әйел жұртқа әйгілеп, көп адамның көзінше шешеме айтып беріп, талайдың ішін тарттырыпты. «Баянның баласы әрі оқып, әрі көп ақша тауып жатыр екен» деген қаңқу да біраз жерге жеткен сияқты. Шешем «содан саған тіл тиді» деп жүретін еді, марқұм... Бәлки, оның сөзінде де шындық бар шығар.

...Бала кезімде бірінші сыныпқа баратын жылы да тұлабойым күп болып ісіп, әсіресе бетім күмпиіп, әбден әлсіреткен бір аурудан зорға тірі қалып едім. Ауруханаға апарған ауылдың «хозяйкасының» шопыры Сансызбай деген ағамыз да «ойбай-ай, Жақсыбайым-ай, саған не болған» деп айғайлап жіберген еді. Өзі Ағыбай ағаммен дос, біздің үйге жиі келетін. Ол жылдары жұрттың бәрімен сөйлесіп, ата-тегімді ғана айтпай,

сұраған нәрсенің бәріне жауап беріп көзге түскен 5–6 жастағы баламын ғой. Жұрттың бәрінің аузында менің атым жүретін. Үйге адамдар көп келеді, соның бәрі тықылдаған, сүйкімді баланы қызық көріп сөйлетеді, тауып айтқан сөзіме мәз болады. Содан тіл ме, көз бе тиюі де мүмкін ғой. Өйткені, жас баланың аурасы әлсіз болатын көрінеді. Сол жолы да шешем саған көз тиді деген. Николаевка селосындағы ауруханада жарты айдай жатып, зорға тәуір болған едім. «Көз тиді» дегенді қайдан білсін дәрігерлер суық тидіге балап, арқамды күйдіріп, жиі-жиі ыстық «горчица» салатын...

Бірақ мен сол, соңғы трагедияны көз ғана емес өзімнің артын ойламаған аңғырттығымнан көріп, еске түссе өмір-бойы өкініп келемін...

Ал тіл, көз тию дегенді шешем өте жиі айтып, өзі де қатты сақтанатын еді, жарықтық. Шынымен сол ма, басқа ма, әйтеуір біздің үйдің тұрмысы түзеліп, алға түсе бастаса болды, бір жамандық дайын тұратын. Шешемнің өзі де жиі ауырып қалатын.

Қызылжарға қайтуым

«Тағы да Алматыдамыз. Қайда жүрсем де, Алматы мен үшін өз үйім, үлкен үйім секілді. Тап осы келгенде өзімді ұзатылып кетіп, жайым болмай, төркініне қайта қайтып келген қыз секілді сезінемін», деп жазған еді түстікке қызметке жіберіліп, сыйыса алмай Алматыға қайтып келген менің сүйікті жазушым Бердібек Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романының бас кейіпкері Еркін. Сол құсап мен де өзімнің үйімдей болған Қызылжарға қайтып оралдым. Көздері тұздай, мұрындары біздей, мінездері тік болып келетін басқа халықтардың өкілдері басып тұрса да Қызылжар бәрібір өзімізге ыстық.

«Тұрғының, үйің, көшең – бәрі қымбат,
Жеткенше тіл бояуы сені сырлап,
Қызылжар, қымбат қалам, – біткенше өмір,
Ең ыстық махаббатпен жүрем жырлап»,

деп Сәбит Мұқанов та жырлаған өзіміздің Қызылжарымыз ғой. Қызылжар туралы жазылған өлеңдер де, әндер де көп, бірақ соның бәрі бір жерге жинақталып, құрастырылмай келеді...

Қызылжарда жұмысқа тұруға да тіркелім керек. Қаланың бір үйіне тіркелмеген болсаң ешкім маңына да жолатпайды. Ағыбай ағамның қыз-күйеуі Әлия мен Алтайға барып, көмек сұрадым. Олар алдында бір

жалпылық жатақханада тұрып, артынан отбасылық жатақханаға ауысқан. Бұрынғы жатақхананың комендантты бір құдайға қараған қазақ әйелі екен, соған айтып еді, қанша бергенім есімде жоқ, әйтеуір шағын ақыға тіркелім жасап берді.

Содан көп уақыт бойы жұмыс іздеумен болдым. Алдымен облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетіне бардым. Ауылда болғанымда Кенжебай Қазыбеков ағамның үйі бір құрмалдық беріп, қалада тұратын туған інісі Есілбай соған келе алмай қалған екен, Жамал анамыз қайнысына сол құрмалдықтан бір сыбаға беріп жіберді. Есілбай Қазыбеков ағамыз беделді адам еді, бір кезде газетте істегендігі де бар. Өзі майдангер, барлаушылар ротасының командирі болып, Кеңес Одағының батыры атағын да ала жаздапты, соғыстан қос балдақпен, кеудесі орден-медальға толып оралған. «Барлаушы жазбалары» деген шағын, көркем кітабы да бар, «Ленин туы» газетіне де әңгімелері, очерктері, эсселері, ұзақ өлеңдері жиі шығып тұратын. Енді «ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтеді» дегендей сол ағайымның беделімен газетке тұрмақ жаман ойым бар.

Ағайым менің жөнімді білген соң газеттің сол кездегі жауапты хатшысы Серік деген кісіге телефон шалып, «егер орын болып жатса аларсыңдар, әйтпесе зорлық жоқ» деген сыңайда менің көзімше сүйкей салды өтініш жасады.

Көңілім екіұдай болып редакцияға келдім. Онда корректорлық орын бар екен, мектепті қазақша бітірген менің білімім оған жетіп тұр. Серік ағай мені (фамилиясын ұмыттым), «Есекең жіберген бала осы» деп редколлегияға таныстырды. Олар менің құжаттарыма жіті қарап, бір жыл бойы қайда болдың, еңбек кітапшаңда үзіліс бар екен деп шұқшиды. Мен өзімнің қайда

болғанымды айта алмай, ауырып қалдым деген едім, сенімсіздік көрсетті. Сөйтіп, редакцияға өте алмадым.

Тағы да бірнеше жерге бас сұғып едім, ешқайсынан «келе ғой» деген көңіл көрмедім. Техникум бітірген дипломым, оның үстіне университеттің үш курсын күндіз оқып, төртіншісіне сырттан оқуға ауысқан қағазым болған соң кез келген орынның экономика жағына орналасуға білімім жетіп тұр. Бірақ барлық жерде орын болмай қалыпты.

Көп ұйымдарға кіріп жүріп бір күні жолаушылар тасымалдау басқармасына соқтым. Кадр бөлімінің бастығы Фролов Борис Александрович деген орта жастағы кісі екен, менің өтінішімді тыңдап, құжаттарымды көрген соң «бізде ревизорлық бір орын бар, бастықпен сөйлесіп көрейін, келіссе алып қалармыз, ертең кел», деді.

Борис Александрович сол кездегі таза, орыстың әділетті адамдардың бірі болды. Ешқандай қылтың-сылтың, тісінен сыздықтату дегенді білмейтін, тек тура жолмен жүретін адам еді. Тал бойындағы жалғыз міні – темекіні көп тартатын. Оның өзін арнаулы жерге барып емес, кабинетінде отырып шеге береді. Сондықтан оның есігі қысы-жазы үнемі ашық тұрады. Ал жанындағы қызметкер әйел ешқашан бұл іске қарсы болмайды, екеуі үйлескен адамдар еді. Ол өзі біздің Көбештікі, маған жерлестігі де бар болатын.

Көңілім күпті болып ертесіне келсем Фролов менің болашақ бастығымды ревизияда жүрген жерінен алдырып, үшеуміз басқарманың бастығы Юрий Александрович Шинкаревке кірдік. Ол бір сырбаз, сыпайы жан екен, жұмыста үстіндегі ақ көйлегімен ғана отыр. Есік алдында хатшысы, кабинетінің есігі қос қабат, аңғарадай кең алап. Басқа бір жұмыстарға шұқшиып отырған ол маған бірер ғана сұрақ берді де, «қабылдаңдар» деп қолын бір-ақ сілтеді.

Ол кездегі орыс ағайындар өздерінің маңызды, сұңғыла, діңгегі берік, үстем екендіктерін ашық көрсететін. Соның бір түрі жоғарыда айтылған Апретов секілді білімі төмендер болса, Ю.Шинкарев сияқты көп оқығандар тіпті кекірт еді. Соның өзі оны салғыртсып, ұзақ тергеп, тексермегендіктен маған пайдалы болды. Жалпы, Ю.Шинкаревтің бойында бір табиғи бекзадалық та бар-тын, ол ешқашан ұсақ болған емес, тегі князь, дворяндар сияқты ақсүйектердің біздің жаққа қаңғалақтап келіп қалған бір бұтасының сынығы сияқты еді...

Көктен іздегенім жерден табылып, қарамағында оншақты кәсіпорны бар үлкен басқарманың білдей бір аға бухгалтер-ревизоры болып шыға келдім. Қуанышта шек жоқ. Бөлісетін адамым қарындасым Қымбат қана, ол поштада қызмет істейтін, алдымен соған айтып, қатты қуанттым.

Қымбат бір кезде теміржол техникумына түсіп, әжептәуір оқып жүрген. Бірақ кейін денсаулығында ақау табылып, оны басқа оқу орнына ауыстыру керек болды. Сөйтіп, өзім басы-қасында жүріп педагогикалық училищеге кіргізген едім, ол оқуды ұнатпай тастап кеткен. Содан поштада істеп жүрген еді.

Ол кезде Қайырбек деген жігіттің үйінде тұрамын. Ол осы кітаптың бірінші тарауында айтылған әжемнің бірінші күйеуі Қалелден туған Жолаушының қызы Дәмештің бөлесі екен. Қарға тамырлы қазақ емеспіз бе, мен Қызылжарға келгенде алдымен Дәмешті тапқанмын. Ол ет комбинатында жұмыс істейді, беделді, әрі сондағы белсенділердің бірі. Мен оған сол комбинаттың жатақханасындағы бір бөлмеден орын алып берер деп барғанмын ғой, бірақ ол Дәмештің қолынан келмеді. Есесіне Қайырбек деген туысынан өтініп, соның үйіне тұратын болдым.

Қызығы мол студенттік жылдар



ЦФЭТ



ҚазМУ



ҚарМУ



Бауырында өскен Балау
әжем



Әке-шешем Баян мен Күлизат



Тауағаш 8 жылдық мектебінің Құрмет тақтасында тұрған 1 сыныптағы суретім



Орталық ауылына қонаққа барғанда жиендерім Сәлкен және Төлегенмен түскен сурет



Манар екеуіміз. Артта қалған жастық шақ



Отбасымызбен. Ұлым Абай, жұбайым Манар



Амангелді інім екеуіміз



Інілерім Алтай мен Амангелді



Балғабай ағаммен бірге



Жолдыбай ағам және інім Асқармен бірге



1980 жылы жоғалып кеткен досым Жабай



Досым, туысым Аяған



Қарындасым Қымбат



Қымбаттың отбасында әке-шешемізбен бірге



Қайын-жұртта қонақта



Рәшит досым мен Амантай



Сағындық досым және басқалар



Студент достарым: отырған Боранқұл және мен, түрегеп тұрғандар: Тілеуберді, Еділ, Өсербай



Курстасым Еділ Нұрпейісов және мен



Досым Боранқұл Нұрпейісов, ҚарМУ-дың доценті, спорт шебері



ҚазМУ, ФЭФ пен Филфактың студенттері



Ауылдас, сынып-тастарым, Мұхтар мен Елубай



Сыныптастарым. Отырғандар: мен, Әміржан, Алтай, түрегеп тұрғандар: Абай, Дәуренбек, Ибрагим



Солтүстік өңірден «Азат» қозғалысына қатысушылар. Солдан оңға қарай: Қажыбай Қабылов, ... Аманжол Күзембаев. Екінші қатарда Жылқыбай, Оразай Ғайса, мен. Үшінші қатардағылардың есімдерін ұмыттым.



Сыныптастар кездескенде. Отырғандар: Меңсұлу, Шалқыма, Гүлстан. Түрегеп тұрғандар: Алтай, Тоқтарбек, Бақытжан, Нияз және мен



ҚДП-ның Көкшетаудағы жиыны. Бірінші қатарда, шетте тұрған Жанат Қасым, ортада тұрған Сәбетқазы Ақатай, оның жанында Мақаш Тәтімов.



«Бітеу жараны» М.Жұмабаев атындағы педколледже ұлықтау. Алғашқы қолтаңба.



Қоғам қайраткері Марат Сәрсембаевтың «Бітеу жараны» ұлықтауы.

Қайырбек қалада туып, орысша өскен жас жігіт. Жасы менен 2–3 жас кішілігі бар. Оның сол кездегі қазақ үшін қол жетпес байлығы – бір бөлмелі жайлы пәтері бар. Әке-шешесінің жекеменшік үйін сүргенде екі ағасы мен бір апасы – бәрі бір-бір пәтерден алыпты. Ол кезде әке-шешесі дүниеден өткен екен, бірақ үлкен ағасы Жәнібек пен апасы қуынып жүріп, әрқайсына бір-бірден үй алуға қол жеткізіпті. Әйтеуір ол кезде заңды талап орындалатын еді ғой, соның арқасында жетім балалар бір-бірден жайлы пәтер алған екен. Әрине, қабаты «қазақский», ең жоғарғы – бесінші, бірақ соның өзі де көп қазаққа арман еді ғой...

Қайырбектің өзі жалқау, тұрақты жұмыс істемейді, ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруге дағдыланған. Ағалары мен апасы көмек беріп тұрады. Ауладағы орыс, армян, украин балаларының бәрінің лидері Қайырбек. Оны бәрі Коля дейді. Өзінен екі есе ірі жолдастарына Коля команда беріп жүреді, карта, домино ойнаса да ол лидер. Тек жазғанның өмірі қысқа болды, әбден арақтың соңына да түсіп кетті-ау деймін, мен оның үйінен кеткеннен кейінгі келесі жылы жүректен қайтыс болды...

Қайырбектің үйіне мен уақытша тұруға ғана келіскенмін, сондықтан басқа жерден орын іздеп, ақыры «Бухгалтерлер мектебі» деген оқу орнының айына 16 сом төлейтін жатақханасынан орын алдым.

Менің оқыған қаржы саласының оқуы бюджетке салықтар мен алымдарға ғана қатысты еді, сондықтан бухгалтерлікке жанама түрде ғана қатысады. Бірақ техникумда бухгалтериядан арнайы курс жүргізілген. Дегенмен маған бухгалтерияны тексеру басында оңай болған жоқ.

Бөлімде үш адам болдық. Бастығымыз Булаев қаласындағы автотранспорттық кәсіпорында бірнеше жыл бас бухгалтер болған Тамара Шаврина. Егер бір

сандар кем, не артық болып, баланс ұрмай тұрса сол санды басқа счеттардан бөлшектеп алып немесе бөліп лақтыра салуды алғаш осы кісіден көрген едім. Үшінші адам Сапар Ақпантаев деген қазақ. Бұл кісі бір кезде біздің кеңшарда бас бухгалтер болып істеген еді, мен оны сырттай білетінмін, бірақ жақын танысқан емеспіз. Түрі қап-қара, мыжырайған, бір көзі қисық бұл кісінің іші де соншалықты тар, жамандығы мен мұндалап тұратын жан еді. Мен шу дегенде оны жақын тартып, аға көріп бір нәрселер сұрасам айтудың орнына ол мені сөгіп: «сен мұнда неге келдің, сен бұл жұмысты істей алмайсың ғой, тұк те білмейсің» деп ұрсып тастайтын. Сондықтан мен оған ешқашан ішімді ашып, ештеңе сұрап, жақын тартқан емеспін. Оған қарағанда мейірімі андыздап тұрмаса да Тамара Ивановна адам.

Алғашқы екі аптадай мен бұрынғы актілерді қарап, нені тексеру керектігін зерттеп отырдым. Бірте-бірте құжаттарға көзім де үйреніп келе жатты, оқығандарымды да еске түсірдім. Екі аптадан кейін Тамара Ивановна маған Булаевқа ревизияға барамыз деп бірақ бұйырды. Ол қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданының орталығы, облыстағы үш қаланың бірі, үлкен елдімекен. Екеумізге 24 күнге бұйрық шығып, іссапардың ақшасын да қалтаға салып алдық.

Булаевта екеумізді жақсы қарсы алды, жеке кабинет бөліп қойды, түскілікке апаратын машина да белгіледі. Сөйтіп жуан-жуан бухгалтерлік папкелердің шаңын көтеріп отыра қалдық. Арада бір апта өтпей жатып Шавринаны басқармаға шақыртты. Оған мен алаңдаған жоқпын, өз жұмысымды біліп отыра бердім. Бірақ ертесіне Шаврина мені телефонға шақырды. Даусында бір алаңдаушылық, тіпті діріл бар.

– Жаксыбай, все там оставь и срочно приезжай в город,- деді. Сол кезде мен де шошып кеттім. Есіме

Ақпантаев түсті, ол менің үстімнен бірдеңе жазып, жұмыстан шығартайын деді ме екен деген ой да сап ете қалды. Бірақ ол алдында басқа жерге ревизияға кеткен болатын... Әйтеуір жүрегім күпті болып ертесіне басқармаға келдім. Сөйтсем... әңгіме мен үшін қызық арнаға түсіпті. Т.Шавринаны Алматыға командировкаға келуге шақырады. Өйткені, сол кезде Қазақ КСР автотранспорт министрі Анатолий Караваев деген көп ақшаны жеп ұсталып, шуы бүкіл елімізге естілген. Тіпті оны «Америка дауысы» радиосы да берген еді. Мұндай сенсациялық оқиға ол кезде КСРО-да өте сирек болатын. Тіпті болғанымен ол айтылмайтын. Мына оқиға Горбачевтің жариялылық кезінде болғандықтан ашық айтылған еді.

Енді соның барлық ісін тексеруге республиканың түкпір-түкпірінен ревизорлар шақыртылады. Біздің Шаврина Алматыға барғысы келмей, орнына мені жұмсайды. Ал мен Алматыға баруға құштармын, ішімнен қуанып қалдым. Жалпы, біздің орекеңдер Алматыға баруға құлшынып тұрмайтын, ол жақта өздерінің қарымқабілеті шамалы екені ашылып қалар деп қаймығатын.

Ал А.Караваев деген министр болғанға дейін Қарағандының жолаушы тасымалдау басқармасында бастық болып істеп, билет тексеруші контолерлер арқылы автобустың шоферларынан ақша жинатып, мафия құрады. Сол көп ақшаның арқасында министр болып та тағайындалған екен. Ал Алматыға барғанда оның құрған мафиялық жүйесі жұмысын жалғастырып, министрге кесек-кесек ақша жіберіп тұрады. Ревизорлар мен тергеушілердің анықтауына қарағанда бес жыл жұмыс істеген мафия 11 млн. сомдай (сол кездегі ресми курспен алғанда 14 млн. доллардай) ақшаны өкіметке бермей, қалталарына басып кеткен екен. Сол кездегі өлшем бойынша бұл орасан зор ақша. Бұл іспен бірнеше

адам сотталды, соның ішінде Караваевтың өзі 13 жыл алды.

Міне, осы мафияны тексеруге мен де қатыстым. Басында түк білмеймін ғой, қиын тапсырма берсе не істеймін деп қорқа-қорқа барып едім, артынан түк қиындығы болған жоқ. Барлық облыстардан келген кәрі-жасы аралас қыз-жігіттермен бірге рахаттанып, дем алып жүрдік. Қонақүйіміз министрліктің арнаулы, басшы қызметкерлеріне салынған жатақханасы. Бір нөмірде бір-бірден тұрдық. Бос уақытымыз көп, Алматыны аралап жүреміз. Әуелдегі дүрмекпен барлық облыстардан ревизорларды шақырыңдар, солар тексерсін деген болуы керек, артынан біздің бәрімізді жұмыспен қамтамасыз ете алмай, болар-болмас бірденелерді тексертіп, әйтеуір дем алдырды...

Тұрған жеріміз ҚазМУ қалашығына жақын, Боранқұлға және басқаларға да соғып, оларды қонақ қылып жібердім. Бәрі менің жетістігіме әрі таңырқап, әрі қуанып жатыр. Сол кезде менің курстастарым диплом қорғауға шыққан. Дұшпандарымның іші де күйген шығар. Ондайлар болмай қалмайды ғой, кейбіреулер менің сабақтағы, өзіміздің ортамыздағы жетістіктерімді қызғанып та жүретін... Сөйтіп, тағдыр мені дұшпанға таба қылмай, олардың алдында биік қылып жіберді, Аллаға шүкір. Бір ай бойы тойтаңдап, сағынып қалған Алматыны әбден аралап, елге оралдым.

Тамара Ивановна Шаврина көзі көк, түсі ақ, қыр мұрынды орыстың көркем әйелдерінің сойына жататын. Өзінде адамды баурап алатын бір қасиет болды. Күйеуі жоқ, Булаевта бас бухгалтер болып жүрген жерінен басқарманың сол кездегі бастығы Болатхан Сәрсембинов марқұмға ұнап, оны жоғарылатып, қалаға алып келген екен. Мұнда бірден үш бөлмелі коопертивті пәтер алудың кезегіне қойыпты.

Болатхан Сәрсембинов марқұм мен келердің алдында жарты жыл ғана бұрын көршілес, жүк тасымалдау басқармасының бастығы қызметіне ауысып кеткен екен. Ол басқарманың қарамағында 23 кәсіпорын бар және өндірісі, ақша айналымы бізден бірнеше есе артық. Өйткені, жүк тасымалы табысты, ал жолаушы тасымалы дотациямен отырады. Жол жүру билетінің бағасын қымбаттатуға болмайды, өйткені «халықтың қамын ойлайтын» елміз ғой, сондықтан өкімет дотация береді. Осы тұрғыдан Сәрсембиновтың басқа басқармаға ауысқанын жоғарылаған деп ұғу керек.

Өзін тікелей білмесем де осы кісі туралы мен көп әңгіме естідім, соның бәрі бірінен-бірі асырып Болатхан Мұқашұлын мақтайтын. Өйткені өте іскер, алымды, айтқыш, өткір азамат болған екен. Автокөлік саласындағы қаптаған қалың орыстың ортасында алдымен сол көзге түсетін. Ол барынша артта қалған Преснов АТК-сын екі-үш жылда облыстағы көлік саласының ең алдына шығарып, үздік кәсіпорынға айналдырыпты. Сосын оны бірден облыстық басқарманың бастығы қызметіне көтереді. Өзі Ресейде туған қазақ, соған қарағанда ата-бабасы текті тұқым болып, қиын-қыстау жылдарда сол жаққа қоныс аударған сияқты. Осы арада көптен істеген бір кәртаң орыс әйелінің әңгімесін де келтіре кетейін. «Преснов АТК-сы ол жылдарда шығыннан көз ашпады. Басқармадағы ең артта қалған кәсіпорын сол болды. Бірнеше бастығын ауыстырса да еш нәтиже шықпады. Жұрттың бәрі Преснов АТК-сы десе қолды бір-ақ сілтейтін. Бірде басқармада аласа бойлы, жұқалтаң, қызыл көйлек киген бір қазақты көріп қалдым. Білетіндер оны Преснов АТК-сының жаңа бастығы деп айтып жатты. Е, АТК-ны тіпті құртуға айналған екен ғой, мынау не бітірер дейсің деп ойлап қалдық. Содан... ептеп-ептеп Преснов АТК-сы жұрттың аузына ілеге бастады. Анда

да пресновкалықтар, мында да пресновкалықтар... Социалистік жарыста да жеңіп жатқан солар, жоспарды асыра орындап жатқан да солар. Айналасы бір жылдың ішінде Булатхан Мукашевич ең артта қалған кәсіпорынды ең алдына шығарды ғой... Не деген іскерлік деп таң қалмаған жан жоқ», деген еді аса көп сөйлемейтін, сөйлесе дөп сөйлейтін бір бөлімнің бастығы болып отырған сол жасамыс әйел. (Есімін ұмытып қалдым).

Ал енді облыста көлік саласы туралы әңгіме көтерілсе Болатхан, республикадан комиссия келсе Болатхан, обкомда мәселе қаралса Болатхан, БАҚ-та көлік проблемасын айту керек болса Болатхан... Көлік бойынша облыстағы барлық мәселе соған тірелетін және соның бәріне ағамыз жауап табатын. Керемет алғыр еді.

Автокөліктің жолаушы тасымалы басқармасында 120-дай, жүк тасымалы басқармасында 200-дей адам қызмет етті. Соның ішінде қазағы ең көп дегенде 7–8 пайыз ғана. Қалғанының бәрі қалың орыс. Сол қалың орыстың бірде біреуі ауырмай бейдауа кесел қазақтың жарқыраған жалғыз жұлдызы Болатхан Сәрсембиновке жабысқанына не дерсің?.. Ол 2–3 ай ғана ауырып, 1986 жылдың күзінде 46 жасында өмірден өтті. Қандай өкініш болды десеңізші... Осындайда тіл-көз тимеді деп қалай айтпассың... Өзі алдында ғана министрдің бірінші орынбасары болуға Алматыға барып, әңгімелесуден өтіп келген еді. Жұрттың бәрі «әрине, оны жоғарыға әкетеді» деп жүрген. Міне, сондай жағдайда ағамызды ажал жұлып түсірді.

Ол қайтыс болғанда Қызылжар мен Бескөлдің арасындағы он шақырымдай жер қаралы колоннамен толды. Зираты Бескөлдің ар жағындағы Элитное селосында, қазір ол жерге Бәйтерек ауылы қоныс тепкен. Барлық таксистер, автобустар сол күні осы колоннаға тұрды. Қаладан шығарда бәрі де жарықтарын жағып,

дабылдарын безілдетіп басты. Көрген жанның бәрі тұра қалып қызықтап, сол күні «Сәрсембинов» деген есім барлық жұрттың аузында болды. Адамды соңғы сапарға шығарып салу Қызылжарда бұрын-соңды осылай болмаған шығар... Қазақ өзіміз ғой, ал бірақ барлық орыстың құрметіне бөленіп, жүрегіне жол тапқан мұндай адам сирек.

Жалпы, біз білетін Қызылжардың өндіріс саласында аты шыққан 2-ақ қазақ болды. Біреуі Болатхан Сәрсембинов болса, екіншісі Қаттай Кеншінбаев еді. Соңғы ағамыз біздің шағын қалада ашылған «Союзцелинвод» тресін бүкіл КСРО алабына мәшһүр етіп, одақтық су жүргізу басқармасына айналдыра білген, бүкілодақ бойынша 17 мың шақырым жерге таза су тартқызып, өзі құрған тресті 25 жыл бойы абыроймен басқарған жан. Оның кәсіпорнының жұмыс нәтижесі Гиннестің рекордтар кітабына да енді. Ол кісі жайлы мен кезінде «Егеменге» жазғанмын.

Тамара Шавринамен екеуміз артынан өзара жақсы қарым-қатынас орнаттық. Ол қарапайым, өзінің жұмысына ғана жетік, білімі шектеулі, білігі де шамалы, өзінің орнын білетін әйел. Мен оған көп информациялар беріп, әдебиеттен, мәдениеттен, саясаттан әңгімелер айтатынмын. Ондайдан хабары жоқ болған соң Тамара таласпайды, ой бөліспейді, бірақ тыңдағанды ұнатады. Кейде таңырқап, «соның бәрін қайдан білесің» дейтіні болады. Тіпті «кеше әдейі телевизор көрдім, сен бірдеңені сұрап қаларсың деп ағынан жарылатын. Менің жазған актілеріме де ол бірден қол қояды, мынауың дұрыс емес екен деген бір сөз айтпайды. Әйтеуір, екеуміз барынша тату болдық.

Уақыт өте келе Сапар Ақпантаевпен де қатынасымыз түзелді. Мені құртқысы келген мақсатынан ол артынан

айныған сияқты. Тек бір қырсықтықтары ғана оқтатекте көрініп тұратын.

Екі-үш жылдан кейін өзімізге қараған барлық кәсіпорындарда болып, бас бухгалтерлермен жақсы танысып алдым. Кейде, керек болып қалса, олардан көлік те ала қоятынмын. Сондай кәсіпорынның бірі таксопарк еді. Бірақ бұл жерге басбух құтаймай қойды. Келгендер көп болса 7–8 ай істеп шығып кетеді. Оның үстіне бұл кәсіпорынның ахуалы қиын. Мыңнан артық адам жұмыс істейді, таксистердің бәрі пысықай, еңбекақысы дұрыс есептелмесе үлкен дау тудырады. Қатардағы бухгалтерлері, кассирлері бір-бірімен көбінесе ит пен мысықтай болып жүреді. Мұнда бірнеше кассир болады, өйткені таксилердің күндізгі және түнгі ауысымда әкелген ақшаларын жәшіктен қабылдап алуға көп кісі керек. Әкелген ақшаларын таксистер аузы жабылатын қалташаға салып, жолдамасымен (путевка) бірге, көлемін көрсетіп, тесігі тар үлкен урнаға салып кетеді. Ертесіне үш кассир келіп, урнаны бір-бірінің көзінше ашып, қалташалардағы ақшаны санап алып, үлкен кассаға өткізеді. Бірде, түнде отыратын диспетчерлердің бірі осы урнаға түскені бар. Ол ұзын сымнан қармақ жасап алып, ешкім жоқта қалташаны жоғарыдағы тесіктен іліп алады екен де, ішіндегі ақшаның біраз бөлігін жымқырып, «путевкаға» қалғанын ғана көрсетіп салып қояды екен. Күнбе-күнгі арпалыста оған ешкім көңіл аударmайды. Қазіргідей бейнекамера деген жоқ. Осы әдіспен ол бірнеше мыңды қолды қылған көрінеді. Бірақ «шөлмек мың күн сынбай бір күн сынады» дейді ғой, суық қолды әйел де бірде ұсталып қалады... Бұл үлкен шу тудырып, қылмысты іс қозғалып, үлкен тексеріс тудырған еді.

Бір күні біздің бастықтар Сапар ағамызға сол жерге басбух болып барсаң қайтеді депті. Алдында сол

кәсіпорынға мен ревизия жасап келгенмін, ұсақ бірдеңелер болмаса үлкен қателіктер таба алған жоқпын. Бірақ есеп жұмысының әбден салақсырап кеткенін көргенмін. Сапар ағамыз менен соны сұрап, өзіне осындай ұсыныс түсіп жатқанын айтты. Мен сол жерде пендешілік қылып, бухгалтериясын мақтап, сіздің қолыңыздан бұл жұмыс мықтап келеді, ұжымы жақсы деп жалған айттым. Менің мақсатым оны бізден кетіру ғой. Әйтпесе, бірде болмаса бірде ол маған жаманшылық қылатындай көрінетін. Менің сөзіме алданған, өзі де соны қалаған Сәкең сөйтіп таксопаркке басбух болып кетіп, мен де «ух» дедім. Бірақ андағы арсылдаған әйелдер оны 3–4 ай ғана шыдатып, қуып шықты. Директоры В. Трикачев оны қолдаған жоқ. Өйткені, алдын ала өзімен келіспей басқарманың жібергеніне бола келіп отыра салған қазақты қорғап қайтсын. Сөйтіп, Сапекеңнен бәріміз де құтылдық...

1989 жылдың басында көлік саласының екі басқармасы қайтадан біріктіріліп, енді «Облыстық көлік бірлестігі» деген атау алды. Бұрын да бірге болған ғой, бірақ жоғарыдағы бір «ақылды» бастықсымақ мамандандыруды тереңдету дегенді ойлап тауып, бір басқарманы екіге бөлгізген екен. Ондай ауыс-түйістер кеңестік жүйеде жиі болып тұратын. Енді қайтадан біріктірілдік. Бірлестіктің бастығы біздің Ю.Шинкарев болды. Бұған біз қуанып қалып едік, бірақ ол өзінің кадрларын қорғай алмай біздің бөлімнің бастығы болып ана басқарманың тексеру-бақылау бөлімінің бастығы Тамара Запорощенко деген украин әйел тағайындалды. Т.Шаврина бұл әйелмен бірге жұмыс істеуден бірден бас тартып, кәсіпорындарымыздың біріне бухгалтер болып кетті.

Запорощенко біздің Тамарамызға тұп-тура антипод болып шықты. Білімі жоғары, көп нәрседен хабары бар

және кіріспейтін жұмысы жоқ, әсіребелсенді, тынымсыз адам. Сонысымен көп адамға сүйкімсіздеу де екен. Мінезі де қырсық, ұстанған нәрсесіне жабысып қалатын бір пәле. Жолаушылар тасымалы басқармасының тексеріс бөлімінен оның қарамағына мен жалғыз келіп, бұрыннан қалған үш адамға қосылдым. Ол мені келгеннен үйретіп, ақыл беруге тырысты. Бірақ бұл кезде жұмысты игеріп қалған мен оның тәлімін бойыма таратпай, қысымына да төтеп бердім. Кейде жоқ нәрсені талап ете бастаса мен тіпті асылық сөйлеп, бағынбай кететінмін. Менің дандайсуыма ол еш қайран қыла алмай, жігері құм болып қалатын, бірақ ішінен тісін қайрап жүрген сияқты.

Айта кетерлігі, осы бөлімде Манар деген «Нархозды» бітіріп келген бір қыз істеген. Ол қыз маған ұнайтын, бірақ оның өркөкіректеу қиялы мен арманына өзімнің төтеп бере алмасымды сезіп жүретінмін. Сондықтан соңынан шам алып түскен емеспін, тек уақыт өткізу үшін барып тұратынмын. Біздің екі басқарма қосылған уақытта ол қыз Жамбыл ауданының бір жігітіне тұрмысқа шығып кеткен.

Запорощенконың бөлімінде бізбен бірге жасы сол кездің өзінде 73-ке келген Сауытбек есімді бір қазақ ақсақал да қызмет етті. Өзі біраз жыл осындағы «Комсомолка» деген зәулім тігін фабрикасында бас бухгалтер болыпты. Қазақтың қарапайым шалы, орысшасы да ағып тұрған жоқ, бірақ өз ісіне берік болған соң үлкен кәсіпорынның есеп-қисабының басында болған екен. Әйелі орыс еді, марқұмның. Орысқа тиген бір қызы болды. Бір жұмыспен үйіне барғанда ақсақалдың бақуатты тұратынын көрдім, есіктен төрге дейін қымбат қалы кілемдер төселіпті. Ол кезде мұндай дүние барынша қат болатын.

Осы ақсақалдың аузынан алғаш рет Мағжанның қызылжарлық екенін естідім. Ал алдында ақынның есімін алғаш Алматыға барған іссапарда бір әдеби жыйналысқа қатысып, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің аузынан естіген едім. Енді сол Мағжанның басқа емес біздің жерлесіміз, қызылжарлық болғанына қатты қуанып, таңырқадым.

Сауытбек ақсақал екеуміз АТК-2 деген кәсіпорында ревизияда едік. Ерте көктемнің кезі болатын, газеттер Мағжанның ақталатындығы туралы жазып жатқан. Бірде, екеуара қысыр әңгіме арасында ақсақал Мағжанды еске алып, оның осындағы мектептердің бірінде орыс тілінен сабақ бергендігін және оны өзі көріп жүргенін айтты. Ол кезде журналист емеспін, жаңа дүниеге аса әуестігім жоқ, жай біліп қана қойдым... Осы күні Сауытбек ағадан Мағжанды қалай көргенін, бәлкім басқа әңгімелерін сұрап алсам ғой, халыққа қуанышпен жеткізер едім деп ойлап қоямын. Жалпы, жаңалық атаулыны халыққа жеткізетін, өзі де біліп, өзгені де хабардар еткізіп, жарғақ құлағы жастыққа тимейтін журналистер ғой. Журналистер болмаса бәрі де ұмытылып қала береді екен.

Кейін, аудандардың бірінде ревизияда жүргенде осы Сауытбек ақсақалдың әйелі қайтыс болды. Мындағылар шала шабылып, оған телефон соғып, қайғылы хабарды жеткізіп, машина жіберейік пе, әлде андағы кәсіпорынның бастығына айтайық па деп ақсақалға қамқорлық білдіріп, жанашырлық көрсетіп жатты. Бірақ ақсақал асыққан жоқ, әйелі орыс зиратына қойылып қойғаннан кейін 2–3 күндесін бір-ақ келді. Сондықтан отбасылық өмірі тату-тәтті болған шығар деп айта алмаймыз. Артынан Сәкең «внушка» («внучка») деген сөзді жиі айтатын болды. Онысы қолына жиен қызын алып, бағып

жатқанын айтқаны. Ақыры, қайтыс болғанда барлық дүниесіне сол жиені ие болып қалды.

Бізбен бір-екі жыл істеген соң Тамара Запорощенко кетіп, құлағымыз тыншыды. Білгішсіне берген қай бастыққа жағушы еді, Шинкарев те оның бізден кеткеніне қарсы болмаған сияқты. Оның орнына Виктор деген менен бес-алты жас үлкен, орта бойлы, арық, дөңгеленген жирен сақалы бар, бет-аузы бір уыс жігіт тұрды. Ол жазғанның ешнәрсемен жұмысы жоқ, ақаң болса тартып жіберіп, болмаса қайдан табылып қалар екен деп елеңдеумен жүретін. Алғашқы әйелі өзінен он бес жас үлкен екен, кейінгісі өзінен он бес жас кіші болды. Ол арақ аузына тисе тамақты да, басқаны да ұмытып, тек мылжыңдай беретін орыстардың типінен еді. Әйтеуір еш зияны жоқ, қай тақырыпты бастасаң соны біліп шыққан болып, өтірік-шынды андыздата береді. Ұзамай оның кейбір қылықтары бастықтарға жақпай, орнына мені қойды. Кадр бөлімінде Нестеренко деген бір сұм болған, нағыз жексұрын адам. 1937–38 жылдардағы сатқындардың сарқыншағы сияқты еді, кез келген адамның соңына түсіп, досье жинайтын. Сол Виктордың да соңына түсіп, жұмысқа кешігетінін, ішіп қоятынын жоғары бастықтарға жеткізе берген ғой. Ақыры оны қызметінен түсіртті. Бұған назаланып, Виктор жұмыстан мүлде кетіп қалды.

Нестеренко менің де соңыма түсті. Бірде Пресновқа ревизияға барсам кадр бөлімінің бастығы болып істейтін әйел құлағыма сыбырлап, «Нестеренко сіздің жұмысқа қашан келіп, қашан кететініңізді аңдып, маған жазып беріп отыр деді» деп ескертті. Бұл мені қатты шамдандырып, Шинкаревке: «Нестеренко жоғары орындағы қызметкердің беделін төменгі орынның алдында түсіріп отыр» деп шағым жаздым. Қазір ондай нұсқама бар ма екен, әлде жоқ па білмеймін, ал кеңестік тәртіпте

осындай талап болатын. Жоғары орын қызметкерінің беделін сақтау үшін оны төменгі орын қызметкерінің алдында сынауға, ұрсуға, сөгуге болмайтын. Өйткені, бұдан жоғары орынның өзінің және қызметкерінің беделі түсіп, төменгілер сыйламай, тыңдамай кетеді деп саналатын. Осыны нұсқаулықтан біліп алған мен Нестеренконың өзіне қарсы шабуылға шықтым. Сол сауап болды, Шинкарев бір жиналыста шағымды жариялап, Нестеренкоға ескерту жасады. Соған қарағанда Шинкаревтың өзі де оны ұнатпайтын болса керек.

Осы бір оқиғадан кейін Нестеренко мені айналып жүретін болды, ал оның тісі батқан кейбір әріптестерім маған риза болып қалды. Нестеренко өзінің ойланбай қателік жіберіп қойғанын артынан түсінген сияқты. Мұндай қателіктің өзі қузай түссе оның біліктілігіне де сын болар еді. Бірақ мен оны қудалап қайтейін, алайда сол жерден кетер-кеткенше онымен аман-даспайтынмын. Егер мен қалалық немесе облыстық партия комитетіне шағым жазып, басқарманың кадр бөлімінің бастығы өзінің міндетін дұрыс атқара алмайды, жоғары орынның қызметкерін төменгі орынның қызметкеріне аңдытып қойып, жоғары орынның және оның қызметкерінің беделін түсірді, сол үшін ескерту де алды. Бірақ ол бұл қызметке лайық еместігін көрсетті, сондықтан жеке басының мәселесін қарауды өтінемін деп төндірсем ол бізден кетіп тынар еді. Оның үстіне біраз адамдар менің жағыма шығып, оны сыртынан жамандауға да әуес-ті. Кеңес заманында арызшылар қас көрген адамының артына осындай фактылермен де түскен ғой. Бірақ біз ондайды қайтейік...

Менің қарамағыма ауылдан қалаға жаңа көшіп келген бір әйел келді. Мұның аты-жөнін ұмыттым, ал дүниеге құмарлығына, сараңдығына, тынышсыздығына қарағанда еврей сияқты еді. Қолы қалт етсе жанын жеп

дүкендерге шапқылайды да жүреді. Сонда алатын да сапалы ештеңе жоқ қой, бірақ мына әйел әйтеуір бірдеңе сатып әкеліп, қашанда бусанып отырғанын көресің...

Жасы елулерге келген етжеңді әйел дүкен кезіп зырылдағанда жас адамдардан озып кететін. Бұрын ауылдық жерлердің біріндегі астық қабылдау бекетінде бухгалтер болып істеген екен, үй сатып алып, қалаға келіп, бұрынғы үйішілік жұмыстардан құтылып, әйтеуір қаланың дүкендеріне шапқылауға «рахаттанып» жүрді. Осы кісінің парықсыздығы есіме түскенде күлкім келеді.

1991 жылдардан Көлік бірлестігінің жұмысы қожырай бастады. Өйткені, қарамағындағы кәсіпорындар өз алдына отау тігіп, жекешеленіп кетті. Олардың кейбірі шу дегенде жақсы табыстар тауып, тіпті шетелдерде де тасымал жұмыстарын жүргізіп, валюталық қаражат тауып жүрді. Соның бірі «Трансагенство» деген қаларалық контейнерлер тасымалын жүргізетін кәсіпорын еді. Оның бастығы шетелге жиі шығып, бір көргенде шетелдік сапалы тері тонмен жүргенін де көрген едім. Ұзамай сол жазған елге шабаданмен доллар әкеле жатқанда біреулердің өлтіріп кеткені туралы хабар дүңк ете қалды. Ол кезде рэкет деген бәле енді шығып жатқан... Сөйтіп, халықаралық тасымалмен айналысу да жанбай жатып сөнді. Артынан жекешеленген кәсіпорындардың бәрі дерлік банкротқа ұшырады. Бұл кез біздің елдің жабайы капитализмнің жолына түсе бастаған кезі еді. Ақырында қарамағындағы кәсіпорындарсыз қалған бірлестіктің өзі де тарап, балансындағы бірнеше машинаны: КамАЗ көлігін, жеңіл автомобильдер мен автобустарды қарамағында қалған 10–15 адамға таратып беріп, өзі де тарады. Мен 1993 жылы облыстық ТВ-ға ауысып кетіп, бұл бөлістен де ештеңе ала алмадым.

Серілік құрған сертшіл жылдар

Осы көлік басқармасында қызмет істеген сегіз жыл менің өмірімдегі бір қызық кезең болды. Қаланың қақ ортасындағы басқарманың жатақханасынан өзіме бір бөлме алдым. Жалғыз тұратын бойдақтың дос-жарандары көп, келмейтін адам жоқ. Менің бөлмем қазақ жастарының бас қосатын штабы тәріздес. Ол жылдарда жастардың көңіл көтеретін орындары жоқтың қасы. Ленин атындағы зауыттың мәдениет үйі деген болған, сонда «казвечер» (казахский вечер» дегендері) деген ойын-сауық, би кеші болып тұрады. Бірақ оған бізден гөрі жас қазақтар жиналады. Көбіне студент жастар, колледж оқушылары барады.

Ал біз кафе, ресторандарды құрғатпаймыз. Сосын қала кәсіпорындарының қазақ қыздары тұратын жатақханаларының есігін босатпайтынбыз. Зауыттар, тігін фабрикалары, темір жол, нан өнімдері, дәрігерлер, сауда саласының барлық жатақханаларында қазақ қыздары бар. Солардың бәрін сүзіп жүреміз.

Қала түгіл аудан орталықтарында тұратын менің таныстарым, достарым жиі келіп тұрады. Кейде бәрі менің аядай бөлмеме қонып та қалады. Өзіміз де қалада отбасымен тұратын достарымыздың үйлеріне жиі қонақ боламыз.

Біздің жатақханамыздың қарсы алдындағы жәйлі үйлердің бір пәтерінде облыстың жерге орналастыру бөлімінің бірнеше жігіті тұрды. Асқар, Серік деген

достарымыз соның ішінде. Кейде соларға барып, думандатып жүретінбіз. Мерекелер, туған күн дегендер құр өтпейді, міндетті түрде тойлаймыз. Қайрат досым үйленіп, барақ үйдің бірінде тұрды. Оның үйі де біздің жиі бас қосатын орталығымыз. Аудандарда тұратын Алтай, Марс деген достарым маған келіп, солармен бірге жатақханалар мен таныс жігіттеріміздің пәтерлерін кеземіз. Өзім де пәтер алудың кезегіне тұрып алдым, бірақ № 24 дегеннен жоғары жылжығын жоқпын. Өйткені алдымыздан бастықтарға, олардың шопырларына, тағы біреулерге үйлер беріліп, біз сияқтылар сол орыннан жылжымайтын. Қазақстанның бірінші басшылығына Колбин тұрып, 1991 жылға дейін үй алуға өтініш бергендердің бәрі үй алады деп шулатқан еді бір кезде. «Тұрғын үй-91» деген сол бағдарламаны Колбин өзіне бедел жинау үшін барынша шулатты. Бірақ одан бізге ешқандай пайда болған жоқ.

Айта кететін жайт, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын мен осы жатақханада қарсы алдым. Бірақ ол кезде мен жалғыз емес, бір поляк, бір неміспен бірге тұрдым. Сол күні бөлмеге келсем поляк досым «Сенің братың Қонаевты орнынан алып тастады ғой, естідің бе?» дейді.

– Е, алса алсын, давно пора, орнына кімді қойыпты?,- десем Ульянов облысынан бір орысты қойыпты дейді.

– Как, – деп қаным басыма шапшып кетті. – Неужели орысты қойған, жынды ма?

Анау «шын, шын» деп қарғанып жатыр. Сол кеште ұрынарға қара таппадым. Горбачевті түгінен түк қалдырмай боқтап жүрмін. «Козел, чмо, тупица» деген сөздердің неше атасы кетті. «Неге өйтеді, Қазақстанды басқаратын қазақ таба алмап па? Басынуын қара» деп боқтанамын. «Бұл ұлырыстық шовинизмнің шырқау шегіне жеткені, қазақты көзге ілмеудің, санаспаудың әбден асқынғаны» деп өзімше баға бердім. Менің

көзімде Горбачев «саяси өлік» болды. «Нағыз ақылсыз, топас, ұшқалақ, мылжың» деген бағаларым да аққан судай тасыды.

Ертесіне жастардың көтеріліп, бұған қарсылық білдіргенін естіп, қатты қуандым. «Міне, нағыз ерлер, міне, нағыз азаматтар» деп танитын қазақтарға ашық айтып жүрдім.

Сол күннен бастап қазақтар бас қоссақ, ең бірінші тосты «за лучшие сыны и дочери казахского народа» деп көтертетін болған едім... Біздің желтоқсандықтарды қолдағанымыз сол болды. Қалың орыстың ортасында басқа не істей алушы едік?.. 2000-шы жылы Желтоқсан көтерілісі туралы «Бітеу жара. Желтоқсан – 86» атты романым шықты. Ол біршама насихатталды, әсіресе облыс көлемінде оны көп адамдар оқыды, теледидардан Жарасбай Сүлейменов жүргізген «Ой толқын» деген 10–15 адам қатысқан хабар болып, кітапты әбден талдады. Республикалық, облыстық газет-журналдарға шықты. Соның ішінде «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттеріне ол туралы мақалалар жарияланды. Республикалық «Жұлдыз» журналына толық жарияланып, бүкіл Қазақ даласына таралды. 2007 жылы Астана қаласында екінші рет басылып шықты. Түркияда Бану Нақышбек деген қызылордалық қыз «Бітеу жара» бойынша Ардаһан қаласында магистрлік диссертация қорғады. Мұның бәрі әрине, кейін болған оқиғалар.

Айтқандай, Қазақстан өзінің Тәуелсіздігін жариялаған тарихи хабарды да осы жатақханаңың радиосынан естіген едім. Бұл уақытта бізден басқа республикалардың бәрі өздерінің Тәуелсіздігін жариялаған. Тіпті, Ресей де өзгеден қалмай КСРО-дан бөлінгенін айтып, өзін тәуелсіз елміз деп жариялады. Көшкен елдің жұртында күшіктей қыңсылап біз ғана қалдық.

Бірақ біздің жайды түсінуге болады. Сыныққа сылтау іздеген шовинист орыстар бір сойқанды салып жібере ме, біз де бөлінеміз деп құтыра ма деп әбден басылып қалған басымыз Назарбаевтың неге қорқа-соққанын ұғып жүрміз, бірақ әйтеуір бір жарияланатынына сенімдіміз.

Бірақ... Қазақстанның Тәуелсіздігі біз күткендегіден де солғын, біз күткендегіден де сүмпиген қалыпта жарияланды. Ғасырлар бойы аңсаған қуанышты хабарды радионың дикторы: «Бүгін Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаттары «Қазақстанның тәуелсіздігі туралы» заң қабылдады» де-еп қана жеткізді. Ешқандай салтанатты, қуанышты, көтеріңкі дауыс та болған жоқ. Құтты «бүгін біздің елімізде мақта жинау науқаны аяқталды» деген сияқты барынша елеусіз, көп хабардың қатарында айтыла салды... Осының өзінен-ақ көп дүниені аңғаруға болады. Ол кезде біз метрапольдің әбден басып, үнін шығаруға да қорқытып, езіп тастаған колониясы болатынбыз... Өзімізді екінші сорттыға балап, орыс болмаса өз қолымыздан түк келмейді дегенге әбден сенгенбіз. Ондайға тіпті қазір де сенетіндер бар. Өзімізбен тең қылып, Алла екі аяқ, екі қол, бірдей бас, бірдей жүрек, бірдей бауырдан жаратқан орысты өзімізден артық көріп, соған мойын ұсындық. Бұл колониалдық саясаттың насихаттық күшінен еді. Елдің басы делініп, халқымыздың сөзін ұстаған азаматтарымыздың өзі осыған сенді. Алдымен «Азат» қозғалысын жасауға қатысқан, кейін «Қазақстанның демократиялық партиясын» (ҚДП) құрып, артынан оның атын «Алашқа» өзгерткен оппозицияның дардай өкілі, белгілі философ, саясаткер Сәбетқазы Ақатай ағамыздың өзі «біз орыстар кетсе жарығымыздың лампочкасын да өзіміз бұрай алмаймыз» деп сөйлегені халықтың «орыссыз күн

көре алмаймыз» деп әбден тобанаяқ болғандығының көрінісі еді. Осыны ешқашан ұмытпауымыз керек.

Сол жылдардағы жолдастарым мен достарыма да тоқтала кетейін. Сауырбаев Асқар мен Қонаев Серік деген жігіттер жерге орналастыру кеңсесінде қызмет істеді дедім ғой. Жаз бойы олар жер бөлу жұмыстарымен ауылды жерлерде іссапарда болатын. Жерді бөліп, өлшеп, аласа бағандарды орнататын, оларға тиісті жазуларды қондыратын осылар. Қыс бойы бірге болып, қызық-қуаныштарымыз бір болады да бұларды жаз маусымында қалада көрмейсің.

Алтай Жуанышбаев, Жанаш Кеңпейілов, Тоқтарбек Жақсыбаев деген достарыммен мектепте бірге оқыдым. Алғашқы екеуі Жамбыл ауданының орталығы Жекекөл ауылында, ал Тоқтарбек отбасымен қаланың «Жұмысшылар кенті» деп аталатын бөлігінде тұрды. Алтай Целиноградтың инженер-құрылыс институтын бітірген, өз ісіне берік, жұмысқа адал, Жекекөлдегі ПМК-76 деген кәсіпорында учаске бастығы болды. Өзі қарасұрдың көркемі, шашы бұйра, спортқа шебер, біраз жыл күреспен айналысқан жігіт. Сырға да берік, көп сөйлемейді, сенімді. Кейін ол қала маңындағы Соколовка селосына ауыстырылып, осындағы ПМК-ға алдымен бас инженер, артынан бастық болып көтерілді.

Жанаш екеуміз де басында арамыздан қыл өтпестей дос едік, артынан өмірдің түрлі талқысымен суысып кеттік. Достарымды мен сыйлас достар, сырлас достар деп бөлетінмін. Жанаш менің сырлас досым еді. Бірақ тағдыр тәлкегімен әлгіндей болып ажырап кеттік. Үйленген жылдары мен сәті түсіп, біреулердің төрт бөлмелі үйін алдым. Өзімнің бір бөлмемді беріп, үстіне ақша қосуым керек болған. Соған ақшам жетпей Жанаштан 50 мың теңге қарыз алған едім. Ол кезде бұл әжептәуір ақша. Соны дәл уақытында қайтара алмай, қысылып

қалдым. Кешіктіріп бергеніме Жанаш әдейі қылғандай ренжіп, содан арамыз суыған еді.

Тоқтарбек жазған ерекше тоқталуды қажет ететін бір жігіт. Өзіміз «сары», «қазанбас» дейтін едік. Ол ешқашан қолындағысын аямайтын, жомарт еді. Бірақ кейде ұсақ нәрсеге айырбасталып кететін. Жарықтық ешқандай жауапкершілік дегенді білмейтін, нағыз салдыр салақтың өзі. Егер біреумен кездесуге сағат бәленде келіссе ол тек екінші күні барып, жолығатын. Соны өзі еш мін санамайды, тосқан адам ренжіп жатса айылын да жимайтын. Біз оның үйіне жиі баратынбыз. Кейде көмектесіп, үйіне отын түсіріп берген, басқа да заттарды жеткізіп берген, тіпті дүниенің бәрі талонмен берілгенде қалалық тіркелімі болмай, бәрінен құр қалған оның отбасына талондар тауып берген күндерім де болды...

Жабайы рыноктық қатынастарға ол көзді жұмып, барлық елден бұрын қойып кетті. Қаланың шетіндегі жер үйінің маңына оңтүстіктен жеміс, көкөніс әкелген КамАЗ машиналарын тоқтатып, адамдарын үйіне жатқызып, солардың өнімін сатып, кейбірін алдап, кейімен бөлісіп, әйтеуір қалтасында уыс-уыс ақша жүрген күндері жиі болып тұрды. Тіпті Алматы, Шымкентке барып, ол жаққа көкөніс апарып, ал олардан жеміс-көкөніс тасып, сауданы да қыздырып жүрді. Артынан астық саудасымен де айналысты.

Көліктің де неше түрін алды, жігітшілікті де жасады. Әйелімен бірде тату, бірде араз болып жүрді. Өзі көп ағайынды еді, інілеріне де аздап көмектесетін. Арақтан да тосылмайтын еді. Ақыры ажалын да ерте тапты, бар болғаны 45 жасында қайғылы жағдайда қаза болды. «Менің өмірім туралы кітап жазшы, бәрін айтып берейін» дейтін еді, марқұм.

Ол тұрған «Совхозная 12» деген көшесі де есімде, бір жаман үй еді. Сол үйде Жанаш, Алтай, мен, өзімен

төртеуміз бір күні әбден тойғанша арақ ішіп, артынан Тоқтарбектің шағын бөшкедегі сатуға қойған шарабын да таң атқанша ішіппіз ғой. Таңертең інісі келсе бәріміз әр жерде тырайып жатқан көрінеміз. Құдай сақтап араққа күйіп кетпей аман қалғанбыз...

Кейде ауылдан Абай Омаров досым да келіп тұрады. Ол келгенде маған бір мереке, әбден сырласып, әңгімені ақтарамыз. Абай біртоға, салмақты, сенімді жігіт. Ешқашан шектен шықпайды, барынша сабырлы. Екеуміз мектеп кезіндегі, кейінгі ересек шағымыздағы қызықтарымызды еске алып, әңгімеміз таусылмайды. Абай керемет патриот, туған ауылының барлық адамдарын, малдарын, тіпті иттеріне дейін мақтап, әңгіме қылады.

Қайрат Әкпаров, Манарбек Сағдиев деген Мағжан ауданының жігіттері де достарым, жиі келіп тұратын. Артынан Манарбек те біздің жатақханадан орын алды. Қайрат екеуміз тіпті жақын дос болдық. Ол үйленгенде де мен барып тұратынмын. Келіншегі Жанат екеуі қатты қуанып, барын үстелдеріне қойып, шала шабылып қалады. Бір-екі рет Марс екеуміз университеттің мұғалімдері болып істейтін Гүлнәр, Гүлфайруз деген таныс қыздарымызды да апарып, сол үйде мерекелегеніміз есімде. Төрт пәтерлік барак болса да Қайраттың бөлмесі кең еді, ең бастысы көңілдері дархан, бізге керегі де сол ғой. Сол жылдарда тіпті жақынындай болып, жиі араласқан едік.

Марстың жасы бізден сәл кішірек, интернаттың түлегі, ол да менің досым. Өзі Алматының мал дәрігерлік институтын бітірсе де сол жылдары кеңшарлар мен ұжымшарлар тарап, мал қалмаған соң теміржолға жұмысқа ауысқан. Оның да жиі тоқтайтын стансасы менің бөлмем. Екеуміз бір жылы оның Афонькино деген стансада тұратын ағасының үйіне барып, бір қыздармен бірге жаңа жылды қарсы алғанымыз есімде.

Тағы бір досым – ұшып-қонған Нияз Белгібаев. Барынша ақкөңіл, шашылып-төгіліп жүретін салдырсалақ, бір бейқам жан. Мамандығы орман шаруашылығының қызметкері болса да ол салада істемеген, тиіп-қашып құрылыста істеді. Мінезі жеңіл, дөңгелек көзді, қыр мұрын, ат жақты, үнемі жылы жымиып жүретін көңілді жігіт. Мұндайлар қыздарға да өтімді болады ғой. Ресейдің Солтүстігіне барып, кілең орыстардың ортасында жалғыз жұмыс істеп келген. Сонда ма, әлде одан бұрын ба, әйтеуір ол Шығыстың Науаи, Физули, Фердауси сияқты ақындарының өлеңдерін орысша жатқа айтады, ал қазақ ақындарын шамалы оқиды. Орыстың қыздарына қатты қызығатын, бір орыс қыз көрсе болды, балға қонған арадай жабысатын. Сонда пайдасын көруі де шамалы, тек анамен орысша әзіл-қалжың айтқанда жаны кіретін. Солардың бірі дуа салды ма, кім білсін, әйтеуір қандай тамаша жігіт үйленбей қалды.

Бірде кешқұрым, қала көшелерінің бірінде екеуміз қыдырып келе жатқанбыз. Мезгіл кеш болса да дала әлі жарық. Алдымыздан бір орыстың жас жігіттері шығып, бізге тиісе кетті. Бойлары ұзындау болғанымен дене тұрпаттары аса ірі емес, ішіп алған, еріккен жастар. Алдымен Нияздың киіміне жармасты. Екіншісі маған келе беріп еді, құлақ-шекесіне бір қойып, екіншісіне ұмтылдым. Ол қашып берді, артынан қумақ болып едім, арт жағында тағы 3–4 келеді екен. Нияз «ойбай қашайық, аналардың бәрі бізге жабылады», деді. Не құдырет екенін білмеймін, мен қашпадым. Ақырын басып тура жүре бердім, арттағылардың арасында қыздары да бар екен, ешкімі маған тиген жоқ. Ал Нияз басқа көшеге қашып кетті. Әрине, өзімді батырмын демеймін, бірақ кейде қолымды салып жіберуге дайын тұратынмын. Қолымды да керемет күшті деп айта алмас едім, бірақ

қорықпай ұрғанда кейде құлатып жіберетінмін. Сол есіме түсті ме, әлде алдында ішкен 1–2 жүз граммның күші ме, әйтеуір бойыма бір батырлық келген еді сол жолы. Тіпті қашып кеткені үшін Ниязды да кінәлаған жоқпын, ақырын басып жатақханама жеттім.

Түннің бір уақытында дәлізді тарсылдата басып, екпіндетіп келе жатқан бір дауыс шықты. Сөйтсем Нияз «батыр» екен. Мені таяқ жеп қалды-ау, аман ба екен деп білгелі келіпті... Менің айтқан өткір сөздеріме, ұрысқаныма ол пысқырған да жоқ, ыржың-ыржың етіп, шай қойып, есік алдындағы дүңгіршіктердің біріне де жүгіріп барып келіп, әйтеуір көңілімді тапты. Сені уайымдап, ұйықтай алмаған соң келдім дейді. Өзі әжептәуір алыста тұратын, таксимен жеткен екен... Ниязның аққөңілдігі сондай.

Автокөлік басқармасының жатақханасында менімен Қуандық Оспанов деген бір жігіт те басында бірге тұрды. Менен 4–5 жас кіші, бірақ ол екеуміз жақын дос бола алмадық, үнемі керілдесіп қалатынбыз. Ақырында ол Қиялы селосының бір құрылыс кәсіпорнына бас инженер болып кетті. Содан бері бөлмеге басқа ешкімді кіргізбей, жалғыз тұрдым.

Тағы бір досым Бақыт Тоқбаев еді. Ол менен 5–6 жас үлкен, өзі менің немере әпкеме үйленген, жездем. Балалары жоқ, сосын ба, басқа ма, әйтеуір Бақыт жігітшілікті көп жасайтын, көп қыдыратын. Өзі автобустың шофері болды. Автопарктердің автобустарын кәсіпорындар жұмысшыларын тасуға жалдайды, Бақыт сондай автобуста еді. Таңертең жұмысшыларды бір жинап әкеледі де түске дейін бос. Түстен кешке дейін тағы бос болатын. Не қасиеті барын білмеймін, ол да әйел қауымына өтімді болды. Орыста «әйел құлағымен сүйеді» деген сөз бар ғой, Бақыт қыздардың

құлағына жағатын өтірігі аралас жылы сөздерді жаздың жылымық жаңбырындай саулататын...

Осы жылдарда әбден қалыптасып, жігітшіліктің бар қызығын бастан кештік. Бірақ көп уақыт үйленбей жүрдім. Өйткені, үйленуге лайықты қыз таба алмадым. Табиғатымнан қыздар жағына өтімділігім де жоқ. Бойым да аласа, кескін-келбетім де қыз қызығарлық көркем емес-ау деймін. Бірақ әңгімені аңыратып, қыздардың іші-бауырына кіріп кететінмін. Қандай асау қыздармен ортақ тіл тауып, үйіріп алатын едім. Алайда мен ұнатқан қыздар мені менсіне қоймады, ал мені ұнатқан қыздарға мен қарамадым. Сөйтіп, уақыт өте берді. Ауылға барған сайын шешем марқұм үйленбейсің бе деп құлағымның етін жейтін. Сөйтіп жүргенде, отыздан аса бергенде, өмірлік серігім болатын жанды таптым-ау, әйтеуір. «Ананың ақ сүтін емген қызды ал» деп Оразай Ғайса деген аға досым бірде бата берген еді, соған періште әумин десе керек, Манар көрікті, қазақы, биязы жан. Онымен Кәмилә мен Толымбектің үйінде таныстық. Менің алғашқы «Бітеу жара» романымдағы Гүлшаттың мінез-құлқын суреттегенде осы Манар бейнеленген. Өзі Қарағанды университетінің филология факультетін бітірген. Оның алдында, сегізінші сыныптан кейін медициналық училищені де аяқтап, бірер жыл ауруханада қызмет еткендігі де бар. Сондықтан ет пен терінің арасындағы жеңіл-желпі науқастарды да өзі емдеп береді. Құдайға шүкір, отбасылық өміріме ризамын. Жалғыз ұлым Абай біз үйленгеннен кейін көп жылдардан соң туды. Оған дейін Манар екеуміз көп уақыт дәрігерге қаралдық. Құдайға шүкір, Абайым ақылды, бауырмал бала болып өсіп келеді. Домбыраға ебі болған соң өнерлі балалар мектебіне бергенбіз, қазір қазақ композиторларының біраз күйлерін орындайды.

Жалпы, Аллаға шүкір деп айтайын, маған өмірімде жақсы туыстар кездесті. Өзім әке-шешемнен бөлек, әжем Балаудың бауырында өскенімді жоғарыда айттым. Осы үйде үлкен ағам Жолдыбайдың тәлім-тәрбиесін алып өстім. Мені әдебиетке баулыған да сол. Жәй отырғанда қолынан кітап, газет-журнал түспейтін. Соған қарап мен де жай отыра алмайтынмын, үнемі бірдеңе оқып отыруға дағдыланған едім. Өзі еңбекқор еді, түртінектеп бірдеңе істемесе жүре алмайтын. Кіші ағам Балғабай ақкөңіл, мінезі жұмсақ еді. Оған қатты еркелейтінмін. Марқұм бетімнен бір қақпайтын. Қызы Махаббат өз талабымен оқып, түрлі қызметтер атқарып жүрген мақтанышымыз. Жеңгелерім Күләш пен Нағима да жақсы жандар болды. Екеуі араларынан қыл өтпеген дос еді, өмірден де бір жылы өтті. Үйлеріне барғанда екеуі де асты-үстіме түсіп, барын алдыма қоятын.

Бірге туған жалғыз қарындасым Қымбат та өткір жан, кейде тіпті той жүргізіп кететін де өнері бар. Әнді де біршама жақсы айтады. Күйеуі Нұржан жазған жиырма жылдай сал болып, қиындық көрді. Қазір ептеп түзеліп келеді. Өкінішке орай ұлы Ринат әлі үйленбей жүр. Қызы күйеуде, құдайға шүкір балалы-шағалы.

Амандық атамның үлкені Ағыбай ағам көрші үйде тұрды. Ол елдің көзіне түсетін, топжарған, кез келген жиынның гүлі болып отыратын ерекше адам-тын. Кескін-келбеті де көрнекі, әңгімені де желдей зулап, әзіл-күлкісін де араластырып, әсерлі айтатын. Жұрттың бәрінің құлағы оның әңгімесінде болатын. Дәкін шешеміз еңбек торысы болды, меніңше ол жай отырса шаршайтын, еңбек етсе ғана дем алатын адам сияқты көрінетін еді. Тіпті бөтен үйлерге барғанда да оның қолынан тоқып жүрген шәлісі, қолғабы, байпағы түспейтін. Тынымсыз еңбекқор жан, өкінішке қарай, алпысқа енді ғана келген жасында ауыр кеселден Ағыбай

ағамды жалғыз тастап, өмірден ертерек кетіп қалды. Үш ағамның балалары да, құдайға шүкір, қазір бір-бір шаңырақ иелері, бәрі де көрген жерде құрақ ұшып, сыйлап жүреді. Әсіресе, Амангелді мен Асқар інілерім тынысым, қайда жұмсасам да жүгіріп тұрады. Жолдыбай ағамның Асылбек пен Нұрсұлтан деген балалары да полицияның шенді қызметкерлері, мақтанышым, арқа сүйерлерім. Амангелдінің ұлы Арман да елпілдеп тұрған сүйкімді жас, келіншегімен екеуін кейде шаруаларымызға жұмсап тұрамыз.

Апайым Уәзипаның (Уәш) күйеуі, жалғыз жездем Жақсылық – атына заты сай адам еді. Уәш апам екеуі мен үшін қолындағысын ешқашан іркіп көрген емес. Жездемнің табыскерлігінің, апамның ұқсата білгендігінің арқасында өздері өмір-бақи бақуат тұрды. Жиендерім Сәлкен, Жарқын, Төлеген де дүниеге пысық, алымды жігіттер. Қыздары Балжан, Шолпан, Райхан, Айдын дүниеге ерте күннен епті болып өсіп, отбастарын ұжмақтай қылып отыр. Әттең екі күйеу баламыз өмірден ертерек кетіп қалды. Маған, әсіресе Шолпанның күйеуі Аманжол жақын еді, жасымыз құралыптас болған соң әзілдесіп, қатты ойнайтынбыз.

Менде нағашы деген болған жоқ. Әжемнің де, шешемнің де туған-туыстары менің жас кезімде өмірден өтіп, бәсіре аттарын мінгізе алмай кетті.

Қайын жұртыма да ризамын. Олар мені бірден бауырларына тартып, өздерінің жақын жандарындай қабылдады. Ешқашан күйеусің деп сынап, мінеп көрген емес. Қайын атам – Жәмет ел адамы еді, ұзақ жылдар бойы өз ауылының басқарушысы болған, көргенді жан. Кісілігінің, кішілігінің арқасында алыс-жақынға, орыс-қазаққа бірдей жұғымды, сыйлы жан болды. Қайын енем Қымбат қолы берекелі, дастарханы жиылмаған, қандай қонақ келсе де молдықпен, барлықпен қарсы

алған берекелі жан. Қайнағаларым Жеңіс пен Жеміс те көргенді жігіттер. Екеуі де байсалды, кезінде ел билеген, өмір көріп, ысылған жігіттер. Қайынбикелерім Зәуреш пен Қарлығаш та қолы берекелі, өз ісіне берік жандар. Екеуі де тамаша отбасының иелері, балалары да тәрбиелі, ынтымақты отбасы болып отыр. Жемістің Айнұр деген қызы Еуропа елдерінде білім алып, Польшада докторантурада оқып жүр.

Бажаларым да тамаша жандар. Үлкеніміз Ескендір мен Гаухар Оңтүстік Қазақстанда, Жетісай өлкесінде тұрады, үйлі-баранды. Өкініштісі сол, Есекең өмірден ертерек кетіп қалды. Көкірек көзі ояу, ақын-жазушылардың шығармаларын айтып жүретін ақынжанды азамат еді. Одан кейінгі бажам Ерғали. Қызылжар қаласында туып-өскен жігіт болса да қазақылықты жақсы білетін, қонақты сыйлап, адамды бағалап, тамаша күте алатын көргенді жан. Қайынбикем Шекер жан теңгермейтін туыс десе болады. Аңқылдаған, ақжүрек, мол қол, қай уақытта барсаң да мол дастарханы жайнап тұратын бір ерекше адам. Өмір бойы оны сынаған сөзді естіген емеспін, араласқан жандардың бәрі аузының суы құрып мақтайды. Балдыздарым Меруерт, Жанар, Самалдар да сондай тәрбиелі, сыпайы, әрқашан кісіні сыйлап тұратын тамаша жандар. Бәрі де жоғары білімді, соның ішіндегі сүйікті балдызым Самал тіпті филология ғылымдарының кандидаты. Бажаларым Жеңіс, Мейрам, Алтайлар да ел мақтаған жақсы жігіттер. Жеңіс Алтайдың ар жағынан келген азамат болса да бізбен тонның ішкі бауындай араласып, мінезінің жұғымдылығымен жақын туысымыз болып кетті.

Қоғам өміріндегі күрестер

Сол жылдарда қоғамдық өмірде де аса белсенді болдым. «Қазақ тілі» қоғамының белді мүшесімін, оның жиындарында, үнемі сөйлеп, ана тіліміздің құлдырап бара жатқандығын батыл айтып, батыл жазып жүрдім. Журналист Өмір Есқали «Қызылжар» деген газет шығарып тұрды. Соған және облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетіне, ТВ-ға ұлттың, тілдің мәселесі туралы жастар арасынан жиі жазатын, айтатындардың бірі мен. Ал үлкендер арасынан облыстық «Қазақ тілі» қоғамының алғашқы және кейінгі төрағалары Мүтәллап Қанғожин, Қосыл Әбдірахманов, зейнеткер, майдангерлер Қабдөш Қалиев, Қилаж Мағазов, Рәшит Бәдірленов ақсақалдар. Ал орта буындағы күрескерлердің басында Мәлік Мұқанов ағамыз жүрді. Одан басқа ақын, журналист, жазушы Зейнолла Әкімжанов, Жарасбай Сүлейменов, Өмір Есқали, Қошан Қалиев және тағы басқалар осы проблемаларды үзбей жазып, жариялап тұрдық. Үлкен қызметтерде болған Ніл Болатбаев, Жақсылық Ысқақов, Мәжкен Ғаббасов, Сапар Дүйсенов, Шәмәт Мүрсәлімов, Болат Сағындықов сияқты ағаларымыз ақсақалдар алқасын құрып, тілдің, ділдің, діннің мәселелеріне жанашырлық білдіріп, бізге де, жергілікті өкіметке де ақыл-кеңестер беріп тұратын. Оған қызметте жүрген Газет Әбішев, Қайролла Мұқанов, Қарақан Сейітов, Тілек Әбдірахманов сияқты ағаларымыз бен Кенжебек Әбішев, Сұлтан Мұхамеджанов сияқты ақсақалдар

да қосылып, айғайшы болып жүретін. Билік пен БАҚ тарапынан Қайырбек Галеев, Асхат Сағындықов, Орынбай Нұрмұқанов, Мұратбек Тәліпов, Сағындық Ізғұтдин, Мәдина Мақанова, Меңсұлу Бейсенова сияқты жігіттер мен қыздар «Қазақ тілі» қоғамының жұмысына белсене қатысып жүрді. Мұғалімдер арасынан Назымбек Оразымбетов, Сабыр Сеңкібаевтар белсенді көмек көрсетті.

Сол жылдары Солтүстікті Қазақстаннан бөліп алғысы келген сепаратистік топ та бас көтерді. Оған казактар қауымдастығы қосылды. Супрунюк деген бір сұмырай сыңарезулеп, жұрттың бәрін жинап алып алып, «Приишимье» деген республика құруға ұмтылыс жасады. Олардың адамдары көшеде айғайлап тұрмас үшін бұрынғы комсомолдардың облыстық комитетінің үйін беріп қойды. Осы жерде «әдеби кештер өткіземіз» деген өтірік сылтаумен Супрунюк, Любушин деген шовинистер өздерінің жақтастарын жинап, оларды қоздырып, тіпті күреске шығуға қыздырып жүрді. Міне, біз осылардың әрекеттеріне қарсы да күрестік. Қазақ, орыс тілдеріндегі газеттерде, ТВ-да олардың сепаратистік жосықсыздықтарын, айтқан сөздерінің өтіріктігін, жазған мақалаларының жалғандығын әшкерелеуге тырыстық. Сонымен бірге жерді бөлеміз десе қантөгіс болатынын, ал оның екі халыққа да керек еместігін де жұртқа жеткізіп жүрдік. Сол жылдарда үкімет Петропавлда ішкі істер министрлігінің институтын ашты, оған алынған курсанттардың көбі өзіміздің жастар. Кейде топталып, көшеде кезекшілік атқарып жүретіндерін де көреміз, осының өзі кейбіреулердің кеудесін басуға ықпал етті. Осы оқиғалардың біразы менің «Өзгеленді бұл ғалам» романымда айтылды. Супрунюк дегеннің өзі қызба, психикасында ауытқушылығы бар әумесер еді, ол қазақтарға қарсы қорлау, кемсіту сөздерін де айтып қалып жатты. Сол сөздері

үшін Мәлік Мұқанов ағамыз бен Майра Қанафина деген облыс әкімінің орынбасары болған апамыз оны сотқа да беріп, екі жылдай мерзімге қаматты.

Мәлік Мұқанов ағамыз шын мәнінде батыр жүректі адам еді. Ол шындық үшін ешнәрседен де таймайтын. Мен де оны, ол да мені қатты сыйладық. Биыл марқұмның дүниеден өткеніне 20 жыл болды. Осыған орай «Егемен Қазақстан» газетіне «Ұмытпаңдар мені» айдарымен шыққан мақаламды тұтасымен салып отырмын:

Намыстан жаралған қаһарман

«2003 жылдың 18 ақпанында, осыдан тура 20 жыл бұрын Мәлік Мұқанов ағамыздың буырқана соғып, гүрілдеп, дүрілдеп жататын күрескер жүрегі қалт тоқтаған еді. «Аңдыған жау алмай қоймайды» екен, бір жылдай айналдырған бейдауа кесел ақыры оны бұл жалғаннан жұлып тынды. Тура келген ажалға адам қарсы тұра алмайтынын қазекең «жайшылықта көк бием теппейтұғын, аларында Құдекемептейтұғын» демекші, қанша күрессе де 59 жасында таусылған жалған дәмі арыстан жүректі ағамызды бүкіл терістік қана емес жалпы елімізді өкінтіп арамыздан алып кетті...

Мәлік Мұқанов қаламы өткір, ойы ұшқыр, білімі ұшан-теңіз журналист болған еді. Жұрт біле бермейді, ол үнемі ізденіс үстінде жүретін. Қысыр кеңес, бөгде әңгіме дегенді ол керек қылмайтын. Өзінің ойын анық қылып, басқа адамның санасына ойып тұрып, орын теуіп қондыра алатын. Шыншылдықты шұрайлылықпен жеткізе алатын шын шеберге тән өнері зор еді.

Қолына бір газет немесе кітап ұстап ол жұрттан шеттеп, өзімен өзі, өзінің ойына шомып бөлек отыратын. Сондайда оны үнемі намыс буып, ұлтының қамына қарадай қамығып отыратынын сезетінбіз. Әсіресе, ел тоналып, Есіл бүлініп, дүниенің бәрі жекешеленіп,

байлықтың бәрі дүниенің құлағын ұстап отырған бөгделердің қамсауында кеткеніне күйінетін...

Сондықтан Мәкеңді ауызға алғанда алдымен оның күрескерлігі еске түседі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиямпұрыс әрекеттерді қазір ұмыта бастадық. Сепаратистік пиғылдың от берсе лап ете қалатындай көрініс бергенін естен шығардық. Қоластындағы елдердің жеке мемлекет болып, өз алдына ту тігіп, іргесін бүтіндей бастағаны ақыл-ойы, санасы империалистік, шовинистік саясатпен уланған жандарға жарадай көрінді. Қолындағы ұшы-қиырсыз жерді ұқсата алмай жатса да өзгелерден жер қамтып қалу дегенді арғы ата-бабасынан бері бастарына сіңіргендер қолтықтан кетіп, ел болып жатқан республикалардан тым болмаса бір қомақты кесекті алып қалуға жанталасты. Алдымен алақандай Молдовияға ауыз салып, Днестр өзенінің бойынан «Приднестровье» деген квазимемлекеттік құрылым жасап, бөліп алды. Келесі кезекте ұшан-теңіз Қазақстанның бойынан біраз жерін сылып алмақ ойлары болғанын жасыруға болмайды. Сол пиғылын XXI ғасырда да жалғастырып келе жатқанын көріп отырмыз. Сыртқы күштер ішкі сепаратистерді қолдап, олардың газеттерін шығарып беріп, ауыздарына келгенін айтқанын жөптеп, түрлі шығындарын мойындарына алып, арандату шаралары ағыл-тегіл жүріп жатты. Супрунюк деген бір сұмпайының сөздері мәскеулік жәдігөй Жириновскийден аумайтын...

Сол кездегі Қазақстан билігі қанша жерден арандатушылар мол болғанымен текетіреске ерік бермей, Ресей басшылығымен барынша келісімді саясат ұстанғаны елдің тұтастығын бір жағынан сақтаса, жергілікті шовинистердің әрекеттерін әшкерелеген, олардың не көздейтінін көрсетіп, халықтың көзін ашқан бір топ күрескер азаматтардың да еңбегі орасан. Сол күрестің

басында қазақ, орыс тілдеріне бірдей жүйрік, біліктілікпен айта да, жаза да білетін Мәлік Мұқанов ағамыз жүрді. Қалғанымыз соның төңірегіне жиналып, қолымыздан келгенінше сепаратистердің жүген-құрықсыз жосуына тосқауыл жасауға тырыстық. Республикалық, облыстық БАҚ-тар арқылы жалпақ елімізге біздегі әрекеттер толық жетіп жатты. Жаңатастан екі вагон жастың Қызылжарға жетуі де сол тұс, Мәкеңнің казактардың «кругын» өткізуге қарсы шығып, іліп қойған туларын жұлып алып, жерге тастағаны да осы кез...

Елімізге танымал талай тұлғалар, қайраткерлер де Мәкеңнің күрескерлік қырларына тәнті болғанын айтып, еске алып отырады. Бірде, сенатор қызметінде жүрген Қуаныш Сұлтанов ағамыз да өзінің сондай бір әңгімесін айтып еді. «Петропавлдағы сепаратистік өрекпулер толқып тұрған күндердің бірінде Ақпарат министрі ретінде мені де облыстың белсенділерімен кездесуге жіберді. Экономикалық дағдарысты сылтау қылғандар шу дегеннен Қазақстанның болашағы жоқ деген сарында сайрап берді. Ешбір қарсы пікір, дәлелді құлаққа ілгісі жоқ. Біз жоғары жерден келген адамдар болған соң олардың пиғылына дейін төменшіктеп, сөз таластыра алмадық. Сол кезде Мәкең аналардың дәлелдерін тас-талқан қылып, шашып тастаған еді», деп риза болғанын ұмыта алмайтынын айтып еді...

«Алуа – менің айдыным» атты Мәкеңді еске алу кітабы құрастырылғанда қазақтың тағы бір қайсар азаматы, сол кезде облыс әкімінің орынбасары болған Қуат Есімханов былай деп жазыпты: «Бір-бірімізге тасада тұрып тас атпасақ, өз сыбағамызды, басқаға асатпаймыз» дегенді жиі айтатын, жерлестерінің бетке ұстаса беделі бар, арқаға ұстаса панасы болар азамат еді, деп ол да адалын жазыпты.

Мәкең облыстық мәслихаттың депутаты да болған еді, соның мінберін пайдаланып, орыс-қазаққа сепаратистердің қанды қасапқа бастап жүргенін ашық айтып, дәлелін келтіріп, арандатушылыққа ұрынып қалмауға шақыратын. Ал арандатушылардың басшыларымен арыстандай арпалысты. Ақыры ол Супрунюктің сепаратистік сөздері Қазақстанның тұтастығын бөлшектеуге шақыратынын дәлелдеп сотқа беріп, оны екі жылға бас бостандығын айыруға қол жеткізген...

Ол мәслихаттың депутаты болып жүргенде түрлі саланың бастықтары да өздерінің бюджеттік шығыстарын қорғауға қатты дайындалатын. Өйткені, Мәкең олардың ақшаны бос шығынға бөлдіретінін бұлтартпай ұстайтын. Сол жылдары Жекешелендіру комитетінде істеп жүрген біз ондайды өзіміздің бастығымыздың қылығынан талай рет көргенбіз. Ол басқа депутаттардың бірінен де ықпайды, айтатыны тек: «әлгі Мұқанов придиратся етіп жүрмесін мынаған» деп пысықтап жататын еді...

Мәлік Мұқановтың журналистік шеберлігі де ерекше еді. Ол аз сөзбен, нақты дәлелдермен үлкен ойларды, соның ішінде орасан дауларды шешетін түйінді сөздерді тауып айта алатын. Республикалық «Халық Кеңесі» газетінде халыққа әбден танылған ол елдің басты басылымы «Егемен Қазақстанның» Солтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі болған жылдары шеберліктің шыңына жеткен ақмылтық журналистің өзі болды. «Егеменнің» басшылары Мәкеңнің журналистік өнерін басқаларға үнемі үлгі етіп отыратын. Осында ол Журналистер одағының сыйлығын да алды.

«Дарынды адам – барлық қырынан да дарынды болады» деген сөз бар ғой, Мәкең қалам қамшылаған өнердің барлық қырына да дарынды еді. Оның сыршыл, психологиялық портреттері айқын, жұтынған

жұп-жұмыр, көркем әңгімелері «Жалын», «Жұлдыз», «Мәдениет және тұрмыс» журналдарына жиі шығып тұрды. Мысалы, айырылысқан жастардың арасындағы бала тағдыры, оның психологиялық қалыпты дамуы ауыр соққыдан қалай бұзылуын лирикалық көркемдікпен бере білген «Жанат пен көкесі» атты әңгімесі «Мәдениет және тұрмыс» журналына басылып, республиканың түкпір-түпкірінен өкінішке толы хаттар алғанын айтушы еді. Бұдан басқа «Қоңыр бұзау», «Көршілер», «Үш тал гүл», «Демалыс», «Ескі домбыра» және т.б. әңгімелерінің эстетикалық-талғамдық қуаты жоғары, адам жанының терең, психологиялық қырларына бойлайтын көркемдік шеберліктің үлгілері.

Бұлт өтті көлеңкесі көлбең етіп,
Көңілім бір сілкінді елең етіп.
Самал жел маңдайыңнан сипағанда
Лебіне қала берді белдер елтіп.

Күн зергер көк майсаға гүлін екті,
Ақ бұлақ тал түбінде күбір етті.
Аспанда қиқу салған тырна дауысы
Жердегі жүректерді дүбірлетті.

Көз алдыңызға көктем суреті айна-қатесіз келіп, көңіл-күйіңіз бір көтеріліп қалмай ма? Бұл Мәкеңнің «Көктем» деген өлеңінен үзінді. Оның осындай лирикалық жырлары көп. Егер соңына түссе ол ірі ақын болары даусыз еді. Бірақ Мәкең қоғам мен адамға пайдасы көбірек тиетін публицистиканы, өмірдің бүгінгі күресін қалап, үлкен поэзияға өздігінен бармаған.

Мәкеңнің деректі көркем әдебиеттегі образын да жасауға тырысқанбыз. «Өзгеленді бұл ғалам» атты романымыздағы Батыр Мұқанов деген кейіпкердің

прототипі Мәлік Мұқанов екенін жұрттың бәрі білді. Жергілікті ақын-жазушылардың бәрі оған арнап өлеңдер, естеліктер жазды. Мәселен, Жазушылар одағының мүшесі, ақын Зейнолла Әкімжанов марқұм:

Заманға талайлар жүр қолын сермеп,
Жан едің ойың – отты, көңілің сергек.
Арманың: «Шың басынан көрінсем тек,
Ұлтым үшін құрбан боп көмілсем тек!» деп...

Осы жолдар Мәкеңнің өмірлік кредосын айқын көрсетіп тұрғандай. «Асқар, Алтай- алтын ана есте жоқ, Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды!» деп Мағжан айтпақшы Мәлік Мұқановтың есімі де жылдан жылға ұмытылып барады. 2019 жылдан бері «Егеменнің» Солтүстік Қазақстандағы меншікті тілшісі бола жүріп, Мәкеңнің атына бір көше атын беру керектігін айтпаған, жазбаған жеріміз жоқ. Бәрі де жүре тыңдап, салғырт қарайды. Ау, Тәуелсіздіктің орнауына жергілікті жерде Мәкеңнен артық еңбек сіңірген кімің бар десең, ұққылары келмейді. Шенеуніктерге тек орден-медалі көп, қызметі жоғары, түрлі атақ алған адамдар ғана керек. Басқаларды білгісі жоқ. Әйтеуір биыл, өңірімізге өзіміздің төл тумамыз, Мәкеңнің еңбегінен хабары мол Айдарбек Сапаров әкім болып келді. Ол кісіні келмей жатып кеңірдектен ала алмадық, одан сайлаулар басталып кетті. Сайлау кезінде көше атын ауыстыруға болмайды екен. Енді тек осы науқандар өткен соң, тірі болса биыл 80 жасқа толатын асыл ағамыздың атына кем дегенде бір көше атын алып берерміз деген ойдамыз».

(«Егемен Қазақстан»., 20.02.2023 жыл)

Жалғыз бұл емес, мен Мәкең туралы мұның алдында да бірнеше рет мақала жаздым.

Қызу күрес жылдарында мен Алматыдағы Мұхтар Әуезовтың музей-үйінде ашылған Халық университетінің үлгісімен бізде де халық университетін аштым. Онда апта сайын оқулар өткізіп, «ұйықтаған ойды кім түртпек» деген сияқты ұрандармен Абай, Бауыржан Момышұлы, Мұхтар Әуезов және т.б., жергілікті ақын-жазушылардан Мүтәллап Қанғожиннің өмірі мен шығармашылығына арналған сабақтар болды. «Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ» дегендей халыққа ұлттық жетістіктерді, мақтан тұтатын адамдарымызды, осы уақытқа дейін белгісіз болып келген қазақтардың биік табыстарын білдіріп, насихаттау болатын. Негізгі баяндамашы өзім, арасында білікті адамдардан, университет оқытушыларынан спикерлер табамын. Сабақтарға апта сайын 40–50 адамнан жиналады. Өткізетін орнымыз бұрынғы партияның «Саяси оқу-ағарту үйі», өте кең, ыңғайлы, жылы орын. Оған қатысатын белсенділердің арасында Сәкен Құсайынов, Бақытжан Қозыбаев деген ағаларымыз, Ғабиден Таласбаев, Мұратбек Тәліпов, Серік Қонаев, Амангелді Сәулебаев және т.б. жігіттер болған еді.

Бірде осы университетте қызық оқиға болды. Мен облыстық «Ленин туы» газетінің шығармашылық ұжымын оқырмандармен кездесуге шақырдым. Өзіміз сол күні көп халықты жинадық. Кешке газеттің редакторы Бақыт Мұстафин ағамыз бастаған газеттің қызметкерлері тегіс келді. Арасында ән айтып, күй тартып бермек болып өнерпаздарын да үкілеп алып келіпті. Бірақ кездесу салғаннан басқа арнаға бұрылды. Негізгі баяндама жасаған мен газетті қатты сынадым. Оның өзім көрген босбеулігін, сыңаржақтылығын, азусыздығын нақты фактілермен айтып жатырмын-айтып

жатырмын. Бір қарасам Бақыт ағамыз күреңітіп кетіпті. Басқа журналистер де қатты састы. Менің сөзімді көпшілік қостап отырды. Менен кейін сөйлеген кісілер де «Ленин туына» деген өкпелерін ағын судай тасытты. Тек ақырғы жағында ғана аздап жуып-шаюға тырыстық. Сөз кезегі өзіне тигенде газеттің редакторы Бақыт ағамыз сындардың біразын мойындап, біразына тойтарыс берді. Әңгіменің бұлай өрбитінін өзі білмей қалғанын да айтып, мойындады. Осы кездесуден кейін Бақыт Мұстафин ағамыз мені ұнатпай кетті. Екеуміз кездескенде суық амандасатын едік. Есесіне «Ленин туы» газетінің бетіндегі материалдар өткір, көтерген мәселесі салмақты болып шыға бастады. Бақыт ағамыз марқұм жалпы дұрыс жан еді, ол осы газетті 15 жыл бойы үзіліссіз басқарды. Ол менің «тентектігіме» тек артынан, мен «Егеменге» қызметке барған тұстан бастап қана кешіріммен қарап, жылыұшырай қарайтын болды...

Қалалық «Қазақ тілі» қоғамының жұмысын негізінен Амангелді Сәулебаев екеуміз жүргіздік. Төрағамыз облысқа белгілі тұлға, сол кездегі политехникалық институттың ректоры Қайырбек Оразов. Қазақ тілін насихаттау, балаларды қазақ сыныбына беруге үндеу жұмыстарымен талай жатақханаларды араладық. «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны» деген конкурстар да өткіздік. Бәріне өзіміз демеуші табамыз. Мәселен, қыз сынына қатысатын 8 қыздың бәріне шетелдік туфли кигізетін болдық. Оны бір қоймада жатып қалған жерінен сауда саласын білетін бір ағайымыз тауып берді. Әрине, ақшасына, бірақ қымбат емес. Туфли береміз дегенді айтып едік конкурсқа қатысуға тілек білдіргендер көбейді. Әйтеуір, іріктеп 8-ін алдық. Туфлиден басқа жүлделі орын алғандарға да бағалы сыйлықтар бердік.

Елдегі «Азат қозғалысы» сияқты саяси ұйымдардан да тыс қалғамыз жоқ. Қозғалыс ыдырап, бір қанатынан

Сәбетқазы Ақатай бастаған «Қазақстанның демократиялық партиясы» (ҚДП) құрылғанда оған да мүше болдым. Белгілі журналист Шашубай Малдыбаев, инженер Қайырбек Сапаров, экономист Ниязбек Бекмұрзин, Сергеев ауданындағы Қаратал ауылында тұратын белсенді, аға досым – Оразай Ғайса – бәріміз облыста оның филиалын құрдық. Шашубай Малдыбаев облыс халқына жақсы танымал азамат, беделді, белсенді. Қайырбек досым білімді, Омбының политтехникалық институтын бітірген, саясатқа жүйрік жігіт. Сол кездегі Куйбышев атындағы әскери зауытта инженер болып істеді. Қайырбектің тойында оның Айдарбек, Алтынбек деген інілерімен таныстым. Екеуі де Омбының ауылшаруашылығы институтын бітірген екен. Алымды, алғыр, өткір, өтімді жастар. Екеуі де ағаларынан бұрын үйленіп алыпты. Кейін таныса келе бұлардың текті тұқымнан екенін білдім. Аталары Ноғайбай ел ағасы болған белгілі би екен. Артынан бұл жігіттер «Красный» деген ауылдарының атын өзгертіп, жерлестерінің қолдауымен Ноғайбайдың атына бергізді. Біздің облыста атауы алғашқы болып дұрысқа өзгерген де осы ауыл. Артынан Айдарбек пен Алтынбектің керемет іскерлігін де көрдім. Алған беттерінен қайтпай, талмай талаптанып өз еңбектерімен екеуі де биік табыстарға жетті. Әсіресе, Айдарбек отызында орда бұзып, қырқында қамал алды. Ал елуінде ел билеп облыстағы ең биік лауазымға қол жеткізді. Жуырда бұл бауырымыз облыс әкімінен Ауылшаруашылығы министрі болып ауысты. Бұл інімнің табысына мен әрқашан тілектес болып жүремін.

Біздің партиямыздың тағы бір мүшесі Ниязбек ағамыз марқұм түбі башқұрттан шыққан, 3–4 атада қаны араласып, қазақ болып кеткен адам. Өзі ақынжанды, көңілі сергек адам еді. Ұзақ жылдар бойы

«Облагропромстройда» ревизор болып істеді. Оразай Ғайса да еті тірі, алымды, білімі мен білігі мол азамат. Ол Шал ақын ауданындағы Есілдің бойындағы Қаратал ауылында тұрды. Бірақ саяси істерге сол жақтан араласып, бізге жиі келіп тұрған еді. Терең ойлы, ел мен жерді бек танитын, дәстүрді қате қылмайтын ел арасындағы ұлттың тірегі. Менің Шал ақын ауданындағы бір қорғаным, ат байлайтын қазығым болды ағамыз. Қазір Астанада тұрады.

Артынан біздің ҚДП партиямыз «Алаш» атын алып, қайта құрылды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында да бір әумесерлер Алматыда «Алаш» атты партия құрып, әсіреұлтшыл ұрандар көтеріп, бұл қасиетті сөзді аяқ асты еткен. Енді, араға 6–7 салып сол атауды С.Ақатай марқұм қайта тірілткені ғой. Мұны «ҚДП – республикалық партиясының» көп белсенділері қолдамай, ақыры «Алаш» партиясының орталығы Алматыдан Көкшетауға көшірілді.

Өмірде Сәбетқазы Ақатай сияқты қазақтың терең ойлы ғұламаларымен жақынырақ араласқанымды өзіме олжа санаймын. Ол ағып тұрған философ, сөзге шешен, тілі өте шұрайлы азамат екен. МГУ-дің философиялық факультетін бітірген, ғылым кандидаты, Қонаевтың өзі оны «қазақтың Демосфені» деген, Олжас Сүлейменовпен өте жақын араласқан, оның «АзиЯ»-сын қазақшаға аударған аса танымал, білікті адам. Әңгіме сұрап, ақылды ойларды білгің келсе ол ағып кететін және қаражаяу сөзбен емес, пікірін ғылыми тұрғыдан шегелеп отыратын. Бірақ ол партияның басын шеберлікпен меңгере алмады. Шығармашылық таланты зор адамға ұжымды басқару өте қиын екен, ондайдың өз шеберлері болады ғой. Сәбең төрағалықты біреуге беріп, өзі ақылшы болғаны дұрыс еді. Бірақ ол ең жоғарғы билікті бергісі келмеді, оның төрағалығы

кезінде партияның басы бірікпей шатқаяқтай берді. Ұйымдастыруды біреуге тапсырмай, өзі отырған соң оның аққөңіл, ақпейілдігін пайдаланған біреулер езулеп, партияның тұтастығын айыруға тырысты. Мүмкін арнайы қызметтер тарапынан оппозицияның арасына іріткі салып, қожырату көзделген шығар, әйтеуір біраз күрестен кейін партиямыз құрдымға құлай берді. Ақыры Сәбеңнің көзі партия басшылығына басқа адамды қою керектігіне көзі жеткен сияқты, ол партияның орталығын Көкшетауға көшіруге келіскен.

Көкшетауда «Алаш» паритиясын осы облысқа танымал азамат, оқу саласының кәсіпкері, жекеменшік университет ашқан Жанат Қасымов қолдап, орталықтың үлкен шаралары өтіп тұрды. Ал Сәбетқазы Ақатайдың өзі Алматыдан келіп, үлкен жиналыстар өткізетін. Бір жолы келгенде демограф Мақаш Тәтімовты, этнограф Жағда Бабалықұлы сияқты атақты адамдарды да ала келіпті. Мақаш Тәтімовтың мақтан сүйгіштеу, менмендеу адам екенін сол жолы танығаң едім. Ал кезінде Қытайда үлкен қызмет істеп, одан алғашқы толқынмен Советке өткен Жағда Бабалықұлы көп білетін, көпті көрген, білімді де, білікті адам екен.

Алаштың жұмысын жандандыруға Қажыбай Қабулов, Жеңіс Темірхан және т.б. белсенді ағаларымыз белсенді үлес қосты. Жанат Қасым сол жылдары білім саласының бизнесін дүрілдетіп, солтүстік өңірде бірінші болып жекеменшік мектеп, артынан жекеменшік университет ашқан іскер жігіт қой. Ол маңына көкшетаулық белсенді азаматтарды топтастырып, қоғамда беделді, салмақты орын алды. Келіншегі Гүлнәр атақты Сейтен Сауытбековтың қызы. Ол да өз тарапынан белсенді болып, Жәкеңе үлкен қолдау жасайтын.

Қажыбай Қабулов ағамыз марқұм ерекше жан еді. Өзінің принципіне берік, темірдей қатты адам болды.

Мен Көкшетауда ең алдымен осы ағамызбен танысқан едім. Ол кезде «Азат» қозғалысына қатысып жүретін едік. Қажыбай ағамыз оның солтүстік өңірдегі кураторы болды.

Сол жылдардағы Петропавлда болған қоғамдық өзгерістер, жаңалықтар оларға қуанғандар мен жарадай көргендер жайлы «Өзгеленді бұл ғаламда» жан-жақты айтылады. Сондағы оқиғалардың бәрі өмір шындығы.

Біз «Қазақ тілі» қоғамының жанына Болат Қанафин деген жігіттің «Гүлжазира» деген ансамблін қосып алып, жатақханаларға, қазақ жастарына арнап концерттер де қоятынбыз. МЛД, (завод малолитражных двигателей), Ленин, Куйбышев, Киров зауыттары, «Комсомолка» фабрикасы, теміржолшылар жатаханаларына, бір шеті түрмедегі қазақтарға дейін апарып концерт қойып, қазақ тілін таратып, ана тіліміздің жаңғырту керектігін, ұлтымыздың өрісін ашуымыз қажеттігін айтып, шырылдап жүрдік. Кейбір қуғын-сүргін көрген, жазықсыз жазаланған жастардың проблемасына араласып, олардың оң шешілуіне де көмектесетінбіз. Мәселен, МЛД зауытының жанындағы бұрынғы ЛТП (лечебно-трудовой профилакторий) деген маскүнемдерді сауықтыратын орынды қазақ жұмысшыларына тұруға беріпті. Ал оның ішінде не жылы су жоқ, не тұрмыстық бөлме жоқ, не ас дайындау орыны жоқ, бөлмелері жабылмайды, суық, есіктері аңғал-саңғал... Демалыс орыны деген қарастырылмаған, «қызыл мүйіс» жасалмаған. Ол кезде телевизор сонда ғана тұратын. Демек телевизор да жоқ деген сөз. Сол мәселелерді көтеріп, облыстық кәсіподақты да қосып алып, айналасы бір айдың ішінде жатақханаға жөндеу жүргізіп берген едік.

Осындай белсенділігімнің арқасында қаладағы қазақ қауымының зиялы өкілдерінің бәріне танылдым. Газеттерде көтерген өткір мәселелерге қарап кейбіреулер

көмек сұрап, мені іздейтін болды. Қолымнан келгенше талай адамдарға көмектестім.

Қызылжардағы біздің де, орыс шовинистері мен казактардың да белсенділігі 1993 жылдан басталған экономикалық дағдарыс шегіне жеткен 1996 жылдардан бастап тоқырады. «Ораза, намаз тоқтықта» демекші халыққа күнделікті нәпақасын табудың өзі мұңға айнала бастаған шақта саяси, қоғамдық белсенділіктер кейінге сырылды. Енді ше... Инфляцияның өсімі 4 мың пайызға жетті, дүкендерден халық түк таппай сандалды, пәтерлер барынша суық болды, ЖЭО толық күшінде от жаға алмайды, көмір жоқ, тамақ пісіретін газ жоқ, электр қуаты жетпейді, жиі сөндіріледі. Осының үстіне жұмыс істейтін халық жарты жылдап еңбекақы көрмеді, зейнетақының өзі 2–3 айда бір берілетін. Қара басының қамын ойлаған орыстар Ресейге ағылды. Олардағы дағдарыс бізге қарағанда жеңілдеу болды. Немістер мен поляктардың да көші тоқтамай өз Отандарына қарай жүріп жатты. Экономикалық жағдай осындай болған соң саяси тартыс өзінен өзі суынды. Оның үстіне 1994–96 жылдардағы бірінші шешен соғысы да орыс шовинистерінің өрекпуін басып тастады.

Жоғарыда айтқандай 1993 жылы күзге салым мен ревизорлықты қойып, облыстық телерадиокомпанияға комментатор болып ауысқанмын. Өйткені бұл кезде көлік бірлестігінің мәні қалмай бара жатты. Бірлестіктің аппараты да азайтылып, қысқартудан қысқарту болып жатты. Маған әлі тие қоймаса да тезірек орын табайын деп ТВ-ға ауысып кеткенім сол. Алдында оның жұмысына қатысып, хабарларда сөйлеп, ұсыныстар мен пікірлер жасап жүргенмін ғой, сондықтан ондағылар мені жақсы біледі. Оның үстіне 1992 жылы оған Алматыдан Толымбек Әбдірайым деген жігіт келген. Ол осында бұрыннан қызмет істейтін, белгілі

журналист Кәмилә Мұқашеваға үйленіп, Алматыдағы «Қазақ әдебиеті» газетіндегі қызметін тастап, Қызылжарға ауысып келген еді. Көп ұзамай Толымбек екеуміз танысып, дос болып кеттік. Толымбекпен аралас-құралас болып жүргенде ТВ – да жұмыс істеу менің де қолымнан келетіне көзім жетіп, осында келуімнің бір себебі сол. Мен келерден біраз бұрын Толымбек пен Кәмилә Көкшетау қаласында ашылған жаңа телевизияға ауысып кеткен.

Реті келіп тұрғанда осы жұп жөнінде де айта кетейін. Біз Толымбек екеуміз арамыздан қыл өтпестей дос болып кеттік. Екеуміздің басымызды қосып, жүрегімізді бірге толғандырған дүние – әдебиет еді. Біздің әдебиет туралы, ақындар мен жазушылар туралы әңгімелеріміз таңнан таңға созылатын. Ол жылдары мен де әдебиетке қатты ден қойып, жиі-жиі әңгімелер жазып тұратынмын. Қызылжарда болғанда, әңгімеміз аяқталмай қалса мен олардың бір бөлмелік жатақханасына қонып та қалып жүрдім. Кәмилә да ер еді, ешқашан қабақ шытып көрген емес, бара қалсам барын дастарханына қойып, төбесіне көтеріп күтетін. Мен Кәмилаға татарға шатысың жоқ па дегенді жиі айтатынмын, өйткені ол дәмді бәліш пісіруді жақсы көретін. Көп уақыт бармай қалсам олар кәдімгідей алаңдап, күтетін. Толымбек аққөңіл, артына ештеңе қалдырмай, маған бәрін айтып отырады. Ол кезде ақаңнан да тартынбай алатын. Кейін ол дін жолына бұрылып, керемет тақуа болып кетті.

Кәмилә ақынжанды, көңілі елгезек, жаны шырқырап тұратын таза адам. Өзі жомарт, ағыл-тегіл шашылып жүреді. Бірақ қолы берекелі, қанша шашса, сонша келеді.

Мен жұмысқа қабылданған күннің ертеңіне компанияның бұрынғы төрағасы Виктор Вихляев басқа жұмысқа ауысып кетті. Оның төраға ретінде берген соңғы бұйрығы да мені жұмысқа қабылдау болды. Осыны

айтып кейбіреулер маған ТВ-да төңкеріс жасауға келгендей болдың деп күліп жүретін. Вихляевтың орнына облыстық ТВ-ның 1961 жылдан бергі 32 жылдық тарихында бірінші рет қазақ төраға тағайындалды. Ол ақын ағамыз, осы орында 1966 жылдан бері істеп келе жатқан Мүтәллап Қанғожин. Бұл ағаны мен жақсы білдім және онымен жақсы қарым-қатынаста едім. Сондықтан ТВ-ға кірген бойда өзімді емін-еркін сезініп, құлшына жұмыс істеп кеттім. Мүтәллап ағамыз компиған ірі денелі, иі жұмсақ, аңқаулау, жылы жүзді, келбетті, сонымен бірге қорқақтау кісі еді. Маған жететін қулығы да бар болатын. Оның бойындағы жылылық кімді болсын өзіне тартып тұратын. Бірде, облыстық телерадиокомпанияның төрағасы ретінде облыс басшыларымен бірге бізге жұмыс сапарымен келген президент Нұрсұлтан Назарбаевты қарсы алушылардың қатарында болады. Президент сапарын аяқтап, жұрттың бәріне қолын көтеріп қоштасып, ұшағына беттей бергенде шығарып салушылардың ішінде тұрған Мүтәллап ағаға көзі түсіп, қайта бұрылып, оның жанына келіп, қол беріп қоштасыпты. Алдында бір келгенінде ағамыз президенттен сұхбат алып, көзтаныс болған ғой. Бірақ ондайлар өте көп, соның ішінен Мүкеңе ықыласы түскеніне қарағанда Қанғожин де тегін адам емес. Осыны көрген облыстың үлкен-кіші бастықтары Мүкеңе жалтақтап жүретін болған...

Мүкең мені жақсы көрді. Мен де қолымнан келген жақсылығымды одан аямадым. «Егеменде» жүргенімде мерейтойлық жастарын құр жібермей, көлемді мақалалар жазып тұратынмын. Жаңа шыққан кітабы болса да жариялап, ел-жұртқа білгізуге тырысатынмын. Соғыста қаза тауып, Псков облысының «Пушкиногорье» деген қаласында жерленген жалғыз ағасының басына барып, елден топырақ апарып салғанын, сол жердің топырағын туған ауылы Қарағашқа әкеліп, жерлеу рәсімін

жасағанын да жаздым. Жолдасы Зүбайра апайдың ащы өмірінен де ұзақ мақала жазып, оның тектінің тұяғы екенін, атасы Рысбек қажы болып, қуғын көргенін де көрсеткенмін. «Халық жауының құйыршығы» деп апамызды қорлап, пионерге, комсомолға алмағанда қалай күйзелгендігі туралы әңгімелері адамның төбе шашын тік тұрғызатын. Жас қыз өзіне өзі қол салмақ та болған. Тұранов деген аталары Қызылжардың белгілі адамы болып, патшадан түрлі сыйлықтар алған.

Астанада жүргенде Қызылжарға келсем Мүкең үйіне соғып, оған сәлем беріп шығуды ұмытпайтынмын. Ол қатты ауыратын еді, зейнетақысының біраз бөлігі дәрі-дәрмекке кететін. Бір рет соққанымда жағдайы болмай отыр екен, соған жаным шырылдап, қаладағы 5–6 танымал жазушы, журналистердің басын қосып, облыс әкімінің атына өтініш жазып, стипендия да тағайындатқан едік...

Мүкеңнің маған шығарған мына өлеңі де көп жайдан хабар береді:

Қасы биік болсын дейсің ерінің

(Жақсыбай Самрат ініме)

Маған деген ықыласың бір бөлек,
Жеткізе алман айтсам-дағы тіл безеп.
Аппақ сүттей көңіліңде мен деген
Жылылықтың нұры еседі елгезек.
Көңіліңнің сол нұрына бөленіп,
Жан рахатына қаламын-ау кенеліп.
О! Мен тіпті, жалғыздығымды ұмытам
Бауырлары көптерменен теңеліп.
Жігіті көп менің туған жерімнің,
Өзіңдей аз, бетке ұстары елімнің.
Ақ тілейсің, Жақсыбайым сен маған:
«Қасы биік болсын» дейсің «ерінің!».

Бұл ойыңда бар-ау сенің адалдық,
Өзіңді Алла жаратқан ғой адал ғып.
Тал бойыңа сыйып тұр зор қасиет –
Кішілік те, үлкендік те – адамдық.

Ағамыздың 70–75 жасына дейін шығармашылық белсенділігі төмендемеді, бірнеше жыр жинағы мен естеліктер кітабын шығарды. Өмірінің соңғы жылдарында ағамыз отбасымен Астана қаласына көшіп келді. Қызы Тоғжан мен кіші баласы Мағжан сонда тұратын. Мұнда алдымен Зүбайра апайымыз, артынан, жаман індеттің кезінде қызы Тоғжан қайтыс болды. Ал Мағжанды қызмет орыны Алматыға ауыстырып жіберген еді. Сөйтіп, ағамыз жалғыз тұрып жатты. Біз де 2019 жылы Қызылжарға ауысып кеттік, әйтпесе барып тұратын едік. Ағамыз 2021 жылы, 84 жасында Астанада өмірден өтті. Жаны жәннатта болсын!

Телевидениеге кірген бойдан жұмысқа күмп беріп кірісіп кеттім. Жалғыз жаңалықтар емес, көптеген хабарлар да ұйымдастырдым. Әлі есімде, милицияның (полицияның) бір түнгі жұмысын түсірген хабарым көптеген адамға ұнапты. Жеке адамдардан алған сұхбаттарым да және бір мәселе бойынша бірнеше адамдармен сұхбаттасқан хабарларым да сәтті шығып жатты. Милиция, сот, прокуратура құрылымдары бойынша көп хабарлар түсірдім. Ішкі істер органдарының қылмыс орындарынан түсірген оперативтік түсірілімдерін де пайдаландым. Қысқасы жап-жақсы жұмыс істеп жүрген едім, бірақ біреулерге оным жақпай қалыпты. Аяқтан шалып, сыныққа сылтау іздеп, кедергі жасайтындар да болып тұрды. Осында дарыны шектеулі болса да көп жыл істегендерін сәдеттеп, өздерін басқалардан артық санайтын өркөкірек біреулер де болды. Ондайлар алға түсіп бара жатқан адамды ұната ма? Қызғаныш та, көре

алмаушылық та болып тұрды. Бірақ ондайларға қарап жатпадық, жұмысты жандандыра бердім. Басында мені ұнатпай қабылдағандар да артынан мойындап, бірге шығармашылық одақ та құрдық. Тәжірибелі режиссер Күннәр Қабдөшевамен бірге сенбі күні шығып тұратын «Дидар» деген хабар ұйымдастырдық. Ол да көп адамдарға ұнады. Телевидениенің әлеуетін пайдаланып ақша табуды да жоспарладық. Бір-екі рет жақсы рекламалық роликтер де түсірдік. Мәселен, ТВ-ның жанындағы «Бавария» деген ресторанға жақсы жарнама жасаған едік.

Арада жиырма жылдай уақыт өткенде сол күндерді ойласам менің есіме компанияның жағымды жағынан гөрі жағымсызы көбірек оралады. Әсіресе, Амандық Жантеміров марқұммен жиі керілдесіп қалып жүрдік. Өзінің айтқан әңгімесіне өзі кеңкілдеп күле беретін, социалистік режімнің тәртібінен ауытқысы келмейтін, ескі көзқарастағы осы ағамыз әйтеуір мені өзінің қатаң бақылауында ұстағысы келді. Оған көнетін мен бе, үнемі таласып-тартысып қала беремін.

Маған қайта Сабыржан Әбілмәжінов ағамызбен жұмыс істеген жеңілдеу болған еді. Тұла бойы шенеуніктік тәртіпте қатып қалса да ол дұрыс инициативаны үнемі қолдап, іске асуына қолынан келген көмегін беретін. Өзі тура, қайсар және ешкімнен жасқанбай қазақ, орысқа батыл сөйлейтін. Бірнеше жыл партияның облыстық комитетінде алып кел-шауып кел қызметтерде жүріп ысылған, кіммен қалай сөйлесудің тәсілдерін де жақсы меңгерген жан. ТВ компанияның қарамағында теле және радио – екі бөлек студиялар болды. Сабыржан ағамыз марқұм соның телестудиясында жиырма жылға жуық директор болған. Қарамағындағы тілдері сала құлаш орыс журналистерін тыпыр еткізбейтін тәртіпте ұстаған. Сонда шығармашылығын шектемейді, тек тәртіпті болғанын қатты қадағалайды екен. Өзіне

қарсы шығатын орыс журналистеріне: «не нравится, уезжайте в Россию, Омск рядом, Курган рядом», деп бір-ақ қайырады екен. Мұндайды айтуға басқа жердің қазағының жүрегі дауаламас еді...

Орыс халқының өкілдері тура айтылған сөзге ешқашан қарсы келмейді, оларда сондай мінез бар. Сондықтан Сабыржан ағаның үстінен «ұлтшыл» деп ешкім жоғарыға жазбаған шығар. Мүмкін жазулары да ғажап емес, бірақ ол орнынан алынбай, жоғарыда айтқанымыздай, 20 жыл бойы тапжылмай істеп, зейнетке аман-есен шықты. Тіпті зейнетке шыққаннан кейін де бірнеше жыл қатардағы комментатор болып, хабарлар түсіріп тұрды. Оның сол жылдардағы еңбектерінің арасында шоқтығы биігі – Мағжанның жұртқа белгісіз біраз өлеңдерін тірілткені болды. Қасына операторды алып, ағамыз «Нива» машинасымен Мағжанның туыстары, әсіресе нағашы жұрты қоныстанған Ресейдің Омбы облысындағы қазақ ауылдарына кететін. Сол жақта ақынның өлеңдерін әлі күнге әнмен айтатын аталар мен апайлар бар екен. Міне, соларды Сабыржан аға жазып әкеліп, сенсация жасап жүретін. Осы Сәбең тапқан бірнеше өлең «кейін табылған өлеңдері» деген атпен кейін ақынның толық жинағына енгізілді. Соның ішінде «Нағашыларға» деген өлеңі де бар:

«Бір себеппен келіп қалдым бұл жаққа
Дәм жазбады, бара алмадым ол жаққа.
Көрмесем де көп кішілік сәлемім
Нағашымыз Махаң менен Қожаққа...»

– деп басталатын өлеңін өзі құдалауға түсе бастағанда «Күн туған соң етігімен су кешіп, Ел-жұртым деп сіздерді іздеп барыпты», деп інісі Мұхамеджанға қамқор болуды осы нағашыларына тапсырған екен қайран ақын...

Телевидениедегі өмірдің қызық жағы да көп. Онда түрің барынша танымал болады. Қазіргідей интернет жоқ, жұрттың бәрі телевизор қарайды. Кейде көшеде кетіп бара жатсаң телевизордан көргендер бұрылып қарап қалатын. Кәдімгі атақты әртістер секілді жұртқа танымал болады екенсің...

Шамам келгенше қызық тағдырлы адамдарды, бұрынғы өкіметтің қиянатын, қазақ мүддесінің аяққа басылуын, Кеңес идеологиясының әділетсіздіктерін телехабарларымда көрсетуге тырыстым. «Көкаралды көрген жан» деген бір хабарымда әке-шешесінің малын тартып алып, өздерін аш-жалаңаш Көкаралға жер аударған бір апайымыздың әңгімесін жазып алып, көрсеттім. Соғыс кезінде немістердің тұтқынына түскен адамның Кеңес өкіметіне келгеннен кейін жаңадан лагерьге айдалғаны туралы бір адамның тағдыры мысалында хабар жасадым. Мұндай әділетсіздік тұтқындар үшін жаппай жасалған. Осындай өтімді дүниелерді көрсетуге тырыстым.

Экономикалық дағдарыс ТВ-ны да айналып өтпеді. Мұнда да сол – еңбекақыны уақытында бермеу, бірнеше айлап ақша көрмеу жүріп жатты. Аз қаражаттың өзі көрінбей, көзден бұл-бұл ұшты. Ал қоры жоқ жас отбасыға үнемі ақша керек. Сондықтан ТВ-дан кетуді ойлай бастадым. Бір күні Жантеміров марқұммен болған кезекті таласты сылтау қылып Мүкеңе мені қысқартып жіберіңізші, мынамен мен жұмыс істей алмаймын, қысқартсаңыз тым болмаса екі айдың еңбекақысын аламын ғой деп өзім өтініш жасадым. Мүкеңе де тыныштық керек, қимаса да жарайды деп келісті. Сөйтіп, облыстық теледидардағы 3 жыл 3 ай қызметімді аяқтап, қош айтысып кеттім. Жай кетпей ұжымға шай беріп, алғыстарын алып, бетім ашық болып, жылы жүзбен аттандым.

Бизнеспен айналысуым

Ет қызуымен ТВ-дан кетіп қалсам да артынан аздап өкінуге айналдым, өйткені, дайын тұрған ақша табар әрекетім жоқ, кіре қоятын жұмысым да жоқ. Облыстағы жалғыз қазақ газеті – «Ленин туы», жоғарыда айтылған себеппен ол мені маңына да жолатпайды. Енді қайда барамын? Тек жұрттың бәрі айналысып жүрген бизнеске кірісу керек болды. Ол кезде қандай бизнес болсын, бәрі сол алыпсатарлық...

Сол жылы Петропавлда көмір қат, қыс қатты. ЖЭО соның кесірінен жылу мен электр қуатын жеткілікті көлемде бере алмай жатыр. Жекеменшік үйлер, автономды қазандықтары бар кәсіпорындар көмір таба алмай, жандары мұрындарының ұшында жүр. Көмір тек Екібастұз бен Қарағандыда. Олардағы кейбір кәсіпорындар қолындағы көмірін сата алмай, дағдарып отыр. Өйткені, алушыда ақша жоқ.

Мені осы сала қызықтырды. Қалай екені дәл қазір есімде жоқ, Теміртауда тұратын біздің ауылдың күйеу баласына шықтым. Айгүл деген құдашамыз сонда тұратын, ал Қайырбек күйеу бала сондағы, атақты «Қарағанды металлургиялық комбинатының» көлік цехында бастық көрінеді. Арамыздағы әңгіміміз былай болды:

– Сен Қарағанды маңынан көмір тауып бере аласың ба?

– Көмір жететін, тек қолма-қол ақша сұрайды, – деді ол.

– Қарызға алуға болатын шығар?

– Тым болмаса 50 пайызын төлеуді талап етеді. Ондайың болмаса есігінен де қаратпайды.

Содан не керек, біраз адамнан ақша жинап алып, Теміртауға тарттым. Келген беттен Қайырбек екеуміз бірнеше жермен сөйлескен болдық, бірақ таза көмірге қолымыз жетпеді. Ақшасы өте қымбат, оның үстіне 50 пайызын алдын ала беру керек. Сөйтіп дағдарыспен біраз жүрдік.

Өзім Қайырбектің үйінде масыл қонақпын. Гүлмира деген қызы, Балғабай деген ұлы бар. Екеуі де тек орысша сөйлейді. Балабақша да, мектеп те орысша, мұнда қазақша деген дүние жоққа тән. Ана тілін білу керек деген менің мәслихатымды балалар құлақтарын тігіп тыңдайды, бірақ орысша шыққан тілдері бұрылмайды. Кейде төргі үйде жатқан мені Гүлмира шайға шақыруға келеді. Жыбырлап, ақырын бірдеңелерді ішінен айтып келе жатады. Онысы мамасы үйреткен «аға, шай ішіңіз» деген сөздер. Бірақ дәл жаныма келгенде әлгілері бастан ұшып кетіп, «Ой, пойдемте пить чай» деп айта салады... Соған бәріміз мәз болып күлеміз.

Теміртаудың үлкендігі біздің Петропавлдан кем емес, тұрғын саны 200 мыңға таяу. Қазағының үлесі де біздікі сияқты он пайыздан аспайды. Қонаевты «40 қала салғызған» деп жерлестері мен інілерінің мақтап жүргендегі қалаларының бірі осы. Қазақстанның қақ ортасына сыпыра орысты қаптатып қойған. Бұларда қазақ тілі түгіл иісі де сезілмеген...

Экономикалық дағдарыс бұларды да айналып өтпеген, үйлері суық. Мұнда да жарықты бір мезгіл сөндіреді. Қайырбектің отбасы екі бөлмелі үйдің төргісіне бас сұқпай, тек кіреберістегі тап-тар, шағын жатын бөлмелерінде үйіліп отырады. Онда да қыздырғыш қосып қойған, әйтпесе отыру мүмкін емес. Сондай

заң бұзғанын айғақтап тұр. Енді екі жақ бірігіп, мұны түзетуіміз керек. Түзету үшін сотқа жүгіну қажет. Тек сот қана жасалған мәмілені заңды деген шешім шығара алады. Бірақ оған тағы да сатушылардың «келісемін» деген қолдары керек. Амал жоқ, бәрібір солардың алдына бару керек болды.

Сол екі арада олардың бірге тұрған баласы кісі қолынан қаза тапқанын білдік. Ал әкесі инфаркт алып орнынан қозғала алмай жатыр екен. Манар екеуміз әйеліне барып, жағдайды жұқалап айтып, мән-жайды түсіндірген соң, алып барған бір жартыға қайта-қайта жаутаңдап отырған ол қолын қойып берді. Шалы да шимайлап, қолын қойған болды. Ал тіркелімде бірге тұрып, үш бөлістің біреуіне ие болған баланың өлгені туралы анықтаманы, «жазған құлда шаршау бар ма», ұзыннан-ұзақ кезекке тұрып, нотариусқа көшірмесін жасаттық.

Осындай әуре-сарсаңмен сотқа беріп, оның шешімін де он күндей тосып, әйтеуір бір айға жақын уақытта ғана үйімнің құжатын дұрыстатқан едім. Мұның өзі біздің жүйкемізге қанша салмақ салғанын бір Құдайдың өзі білсін.

Осындай соққы алған соң мен жай жатамын ба... БТИ-дің өзіме жасаған қиянатын көрсетіп, моральдық зиян келтіргенін дәлелдеген болып, оны 200 мың теңге көлеміне бағалап, өндіріп беруді талап етіп сотқа арыз бердім. Оның да біраз әуре-сарсаңы болды. Мемлекеттік мекемеден моральдық залал өндіру қай күнде оңай емес. Сот та, прокуратура да әлі күнге атқарушы билікке тәуелді. Бірақ қоярда қоймай, сол залалдың оннан бірі, яғни 20 мың теңгесін өндіріп алдым. Мұндай ақша қазір тұк емес, ал кезінде қомақты дүние. Мысалы, менің ТВ-дағы соңғы еңбекақым 4200 теңге болған, ал мынау одан бес есеге жақын көп. Қазіргіше

айтсақ, 2023 жылғы 200 мың теңге жалақымның бес есе артықтығы, яғни бір миллион теңгедей күші бар.

Мен Теміртаудан көмірге келісіп, қалтамдағының бәрін қағып беріп келсем есепшотыма осынша ақша түсе қалыпты. Бұл да үлкен қуаныш болды. Дәл сол кезде ауылда тұратын Амангелді інім үйленіп, соның тойына басқа ауданда тұратын әке-шешемді таксимен алып келіп, одан ауылдағы тойға деп біраз дүние апарып, жақсы барып қайттық.

Келісіп кеткен көмір оңайлықпен келген жоқ. Оны Смирнов селосындағы бір тупикке түсіруге келіскен едім. Ондағы АТК-ның бастығы Ақылбек Оразалиновты жақсы білемін. Ревизияға барып жүргенде жақын танысып алғанбыз. Үйінде де бірнеше рет болдым. Айтуына қарағанда, бір кезде осы Смирновтың «сен тұр, мен атайын» деген мықты жігіті болыпты. Өзі көп ағайынды, Жұманғали деген әкесін де көргенмін. Өте іскер, алғыр жігіт, бірақ мінезі ит сияқты. Аяқ астынан бүлініп, терісіне сыймай кетеді. Үп-үлкен кәсіпорынды басқарып тұрып, соншалықты ұстамсыз болып кететініне таң қаласың.

Бұрын ревизияға барып жүргенде мінезін көрсетпей, барынша жұмсақ, жанашыр болып жүретін ағам бұл жолы салғаннан ытырынып, тырсия қалды. Тек табыстың жартысы сенікі болады деген соң ғана жібіген болды.

Қайырбек маған хабарласып, вагондардың кеткенін жеткізді, алайда алдымен бір-ақ вагон келді. Теміржолдың шығынын төлеп қойғанмын ғой, енді вагондарды ашқызу үшін әрбіреуіне «раскредитовка» деген шығынға бөлек ақша төлеуім керек екен. Оның өзі әр вагонға 8 мың теңгеден. Алғашқы вагонға табыстың жартысын сен аласың ғой, төле деп Ақылбекті зорға көндірдім. Ол бұлданып-тұлданып, әйтеуір төледі. «Раскредитовканы»

уақытында төлей алмасаң вагонды артық ұстаған күндеріңе айыппұл салып үлгереді.

Содан көмір алатын жер іздеп сабылдым. ЖЭО дегенің ұсақ көлемге қарамайды екен, оларға тек 50–60 вагонның бір-ақ келгені қажет көрінеді.

Сол жылы қыс та қатты болды. Күндер суық, боран да жиі болатын. Қаланың үйлері, жұмыс орындары да суық. «Жұт жеті ағайынды» деген емес пе, қар да сол жылы қалың. Кейде қаладан шығатын жолдарды жол сақшылары жауып тастайды.

Смирновпен екі ортаға сабылып, бүрсеңдеп 2–3 күн сайын бір қатынаймын. Кейде такси жалдап, кейде автобуспен, кейде тіпті поездбен барамын. Барған сайын бір проблема шығады. Вагонның «раскредитовкасы», түсіру, сақтау шығындары... Ақылбектен қайран жоқ, бастық болып үйреніп қалған басы тек айғай-ұйғай, берекесіздікті біледі. Өзі Құдай бермей жатқан берекені бір жағынан сол алады. Негізі, «ит өлгенде жолдас болатын адам» екен. Бұрын да болмашыға шашын жұлып, есі шығатын шат-шәлекей берекесіздігін көріп жүретін едім, енді сонысы тура өз басыма түсті.

Әйтеуір, ес кетті, жан шықты дегенде көмірдің бәрін Бескөлдегі құс фабрикасына беретін болдық. Сол жылдарда оның бастығы Серік Біләлов болған. Бұл да сол Оразалиновтың ар жақ-бер жағындағы берекесіз адам. Артынан ол құс фабрикасын жекешелендіріп алып, қатты байып, алдымен аудан, артынан тіпті бес жыл бойы облыс әкімі болды.

Біздің облысқа президент Назарбаев әлдебір себеппен, Мәскеуде елші болып ысылған, партияның билік баспалдақтарынан өткерілген, экономиканы ғана емес, саясат пен руханиятты да жақсы біліп, көзден таса қылмайтын, бұрынғы компартияның белді функционері Тайыр Мансұровты 2003 жылдың аяғынан 2007

жылға дейін әкім етіп қойды. Ол провинциялдық өлкені шырқ үйіріп, кадрларды судай сапырылыстырып, ешкімге дес бермей, мұндағы мықтымсынғандардың аузын ашырмай, өзіне де, елге де біраз жұмыс істеді. Осындағы тың ресурстардан ақшаны біраз жинап алған болуы керек, сосын ЕврАзЭҚ-тың (Евразиялық экономикалық қауымдастық деген ТМД мемлекеттерінің арасындағы халықаралық статусы бар экономикалық ұйым) төрағалығына ауысып, Мәскеуге бір-ақ тартты. Білетін адамдар бұл төрағалыққа оны Назарбаев емес, Ресейдің президенті Путин ұсынғанын айтады.

Бізден ол жай кетпей, өзінің орнына, облысты уысында ұстап отыру мақсатымен, айтқанын екі етпей орындап, шаш ал десе бас алуға дайын тұратын Біләловты қонжитып кетті. Алайда, Мансұров кетіп, біраз уақыт өткен соң Серік Біләлов өзіміздің елден Ахметжан Есімов, Қанат Саудабаев секілді Назарбаевтың оң қол, сол қолдары арасынан жаңа қожайындар тауып, Тайырды «лақтырып жіберіп», әкім болып отыра берді. Назарбаев оны алып тастауға талай рет оқталса да өзінің інілерінің «қой-қойлығымен», Солтүстікке осы да жарайды деп ойлаған болу керек, орнында қалдыра берді. Мұның білігі де, білімі де облысты басқаруға жетпейтін. Бірақ тықылықтаған тыңғылықтылығымен, берген тапсырмасының орындалуын қатты қадағалайтын ұқыптылығымен бес жыл бойы облыстың басында отырды ғой... Ал өзіндік бір бастама көтеріп, үлкен іс тындыра алмады. Қарамағындағыларды түкке тұрмайтын нәрсеге бола орындарынан алып, қуып жіберіп отырды. Оның сол «өнерінен» қорыққан бағыныштылары үркіп жүретін. Бірде қала әкімі етіп өзі тағайындаған және Назарбаевтың жұмыс сапарымен келуіне орай мақтанып көрсету үшін халыққа тауарларын жеңілдеу бағамен сататын «Шапағат» рыногын ұйымдастыруды тапсырып, оны қысқа мерзімде

мүлтіксіз орындап шыққан Ерік Нұрақаевтың үстінен іс қозғалғанда қорғап қалу түгіл араласуға жарамады. Асығыс істің бәрі қағаздағы талаптардың бәрін орындай ала ма, «Шапағатты» президенттің келу сапарына дейін ұйымдастыру үшін қағаздағы нормалар толық сақталмаған екен, соған шұқшиған салық полициясы іс қозғап, азаматты соттап жібере жаздады. Әйтеуір, шындықты көзге көрсетіп, қорғаушы азаматтар табылған соң ғана іс зорға деп жабылған еді. Соның ішінде біз де бұл іс туралы «Егеменге» ақтау мақаласын жазған едік.

С.Біләловтың өзі жоғарыға да жұғымсыз болды. Бес жылда бір министрмен жақындасқан емес дейді білетіндер. Тіпті қай министрдің қайда отыратынын да білмейді екен.

Негізгі әңгімемізге оралайық. Біләлов бізге көмірдің ақысын бірден бермей, біраз уақытқа созды. Оның да жартысын ғана ақшалай, қалғанын өзінің тауық еті, жұмыртқа сияқты өнімдерімен берді. Ақылбек ақшалай бергеннің өзіне тиесілі үлесін алды да көзден ғайып болды, ал мен сорлап енді тауық пен жұмыртқа сатуға кірістім.

Ебі жоқ адамға сауда қылу да бір сор. Қолым жүрмейді, азық-түлік дүкендерінің қасында жұмыртқамды жайып, «берите, берите свежее» деп тұрғаным. Біреулер алмақ болып келеді де, айнып кетеді. Тағы біреулер жұмыртқаны ұстайды да, не ғаламаты барын кім білсін, қайта қойып жүре береді. Менен гөрі Манардың қолы өтімді. Ол бір лотокты (30 дана) алады да киім-кешек сатып тұрған әйелдерге өткізіп келеді.

Өз қолымнан сату еш өнбеген соң тауықтың бағасын түсіріп, ет сататын дүкендерге тапсырдым. Оның да өнгені шамалы, дүкендерге өткізген соң ақшасын күтіп жүргенің. Көктемге қарай, күн жылынғанда біразы қарайып та кетті. Әйтеуір зорға деп арзанға өткізіп,

ақшасын алдым. Табысым шамалы болды. Қайырбек тағы да көмір жиналып, бірнеше вагон болып қалды десе де, сақылдаған сары аязда өткізе алмаған көмірді енді күн жылына бастағанда өткізе алмаспын деп бас тарттым. Алған қарыздарымнан толық құтылып, үш-төрт ай бойы бір тынбай тыртыңдаған басым, қатты шаршап бұл бизнесті доғардым...

Бизнес дегеніңнің өзі жұрттың бәрінің қолынан келе бермейтін нәсіп екен. Оған жүйкесі мықты, мойнына талай мыңдаған қарыздарды алып жүре беретін, төзімді адамдар ғана шыдай алатын көрінеді. Ал мен сияқты күйгелек, біреуге қарыз болса қайтарғанша асығатын шыдамсыз әрі қолы жүрмейтіндер әуре болмай басқа кәсіпті қалауы керек сияқты. Алла маған бақты ала қағаздан берген шығар, соны құнттайын деген ойға келдім.

Жалпы, 1996 жылдың аяғы жалғыз маған емес, бүкіл елге ауыр тиді. Экономикалық дағдарыс өз алдына, сол жылы газ балондары да жарылып, үйлер де құлап жатты. Көп қабатты үйдегілер пәтерлеріне газ балонын қойып, жылытып жүрген ғой, солардың арасынан ыстыққа қызған балондар атылып кеткен... «Жұт жеті ағайынды» дегендей тағы бірде Ленин атындағы зауыттың жатақханасы да жартылай опырылып түсті. Әйтеуір адам шығыны болған жоқ. Туалет пен жуынатын бөлме жақ бұрышының кірпіші суықтан ажырап кетіп, бес қабат түгел шашылып қалды. Мұндай сұмдықты кім көрген?.. Жұрттың бәрі арнайы барып, оны қызықтап көретін болды.

Облыс әкімі Владимир Гартман еді. Жазған «я вам пыяямо скажу» дегенді ғырылдап айтып, телевизордан түспейді. Бірақ дағдарысқа қарсы еш қайран қыла алмады. Үкімет те дотациялық өңір ретінде біздің облыстың қажеттілігін жабатын қаражатты уақытында тауып бере

алмады. Бүкіл ел бойынша жаппай дағдарыс қой. Экономика тұралап қалған, кәсіпорындар істемейді, салық түспейді, сондықтан бюджеттің түбі тесік. Сол жылдарда Назарбаев кен орындарын қалталы алпауыттарға амалсыз, арзанға сатып жібергені және оларға салық және басқа төлемдер бойынша шексіз преференция бергені артынан белгілі болды. Алайда соның арқасында ғана экономикада болар-болмас қимыл болып жатты.

Халық керосинмен жылытатын Қытайдан келген жылытқыш сатып алып күнін көрді. Алайда, жыпжинақы, қып-қызыл бұл керогаздың жылуы шамалы. Тамақ қойсаң бірнеше сағаттан кейін бір-ақ піседі. Керосиннің де күші аз болды ғой деймін, сатушылар «авиакеросин» десе де қоспасы көп болса керек, қызуы өлместің күнін көрсететін. Сөндіргенде, тұтатқанда далаға, кіреберіске шығармасаң үйдің ішін керосиннің иісі алып кетеді.

Сол жылы соғымды әкімдікте қызмет істейтін Мұратбек Тәліповпен бірлесіп алғанбыз. 16 мыңға сатылған бір тайдың бір сирағын ол, бір сирағын мен алдым. (Биылғы, 2023 жылғы соғымға алатын тайдың бағасы 500 мыңға жетті). Сол соғымнан біздің үйде қуырдақ жеген соң Мұратбек мынадай бата беріп еді:

Соғымдарың семіз болсын,
Көңілдерің теңіз болсын.
Аспаннан бұлт төнбесін,
Светтерің сөнбесін.
Көңілдерің тарылмасын
Газ балондар жарылмасын.

Мұратбек бірқақпайдың шебері. Үнемі көңілді жүретін, жібі түзу, жақсы жігіт. Өмір бойы мемлекеттік қызметте істеп, зейнетке шықты.

«Бизнесім» тоқтаған соң біраз уақыт үйде жаттым. Осы кезде көркем әдебиетті көп оқыдым. Бұрын қолым тимей, көңіл аудармай жүрген едім, енді әлемдік классиканы қолға алып, оқи бастадым. Соның ішінде Лев Толстойдың «Анна Каренина», «Война и мир» романдарын, А.Чеховты, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын және басқа дүниелерді қайта оқып шықтым.

Сол екі ортада біреулерге ақша таппақ болып, көмек қолын бергенім есімде. Көкшетауда тұратын туысымыз Құлизаттың Ләззат деген қызы бар еді. Сол бір «АХСА» деген компанияда жұмыс істейтін Мамед деген түрік жігітіне күйеуге шығып, шетелден электр станса жеткізумен айналысуда екен. Соған Қызылжар өңірінен рынок табуға келіпті. Біраз адамдарды білетін болғандықтан менің көмек беруімді сұрады. Ол кезде ақшалы деген компаниялар саусақпен санарлық қана. Соның бірі Қайранкөл элеваторы еді. Оның бастығы біздің ауылдың жігіті, аталас ағамыз – Мәлік Дүйсенбеков. Өте іскер, тиянақты, жұмысты тасқаяқтай қағыстыратын жан. Артта қалған элеватордың жұмысын жандандырып, оның үстіне сол жылдардың өзінде ауылдың әлеуметтік мәселелерін де шешіп, көшелеріне дейін самсатып, жарық жағып қойған еді.

Мен «АХСА-ның» кісілерін сол кісімен таныстырдым. Ар жағын анық білмеймін, әйтеуір электр стансасын түрік фирмасы жеткізіп берді, бірақ уақытынан біраз кешіктіріп, бидай берген Мәлік ағамыздың жүйкесін біраз жұқартып барып әкелді. Ал делдал ретінде маған береміз деген ақшасын тіпті «ұмытып» та кетті...

Тағы бірде Қызылжардан Қарағандыға моншаның жапырағын (веник) апармақ болдым. Бізде қайыңның жапырағы дегенің ырғын ғой, ал Қарағандыда ол жоқ деп ойлаймын ғой, баяғы. Осы ой басыма келген беттен Қарағанды университетінде сабақ беретін Боранқұл

досыма хабарласып, Қарағанды моншаларында қайыңның жапырағын алатындар бар ма екен, соны біліп беруді өтіндім. Ол 2–3 күннен кейін хабарласып, алатын монша тапқанын айтты. Қуанып кетіп, енді жапырақ дайындау қамына кірістім.

Делян (қазақшасы қалай екенін білмеймін, әйтеуір халыққа отын беруді осылай атайды) берген ормандардың жапырағын сыртқа шығарып, далаға үйіп қояды. Қала іргесінен осындай 4–5 орын таптым. Енді жапырақты буатын адам керек.

Біздегі әскери бөлімнің (ол кезде бригада) бастығының орынбасары Нағашыбай деген подполковник бізге құда және жақсы араласып жүрген жігітім. Мінезі нағыз әскери адамдікі, нақты және қысқа ғана айтады. Соған барып бизнес идеямды айттым.

– Біздегі тегін дүниенің әрқайсы Қарағандыда 300-ден екен. Сенің солдаттарыңа бір мыңдай жапырақ таңғызып алсақ, 300 мыңдай ақша табуға болады. Соның үштен бірі сенікі болады, – деп соқтым. Ол біраз ойланып, келісті. Солдаттарды таңертеңнен жапырақ буатын жерге апаруды да өзі ұйымдастыратын болды.

Ал мен болсам Қарағандыға жеткізетін машина табудың міндетін мойныма алдым. Ол үшін әрине, ақша керек. Нияз досымның бизнесі жүріп, жақсы табыс тауып жүргенін білетінмін. Салып ұрып соған бардым. Обалы не керек Нияз маған сөз айтпай 10 мың теңге берді. Сол ақшаға машина жалдап, солдаттар буған жапырақты Қарағандыға жеткіздім. Қалаға жеті түнде кірдік. Қас қылғандай сол түні Боранқұл бір жаққа кете қалыпты. Ол кезде әр күнді біліп отыратын сотка жоқ, мен жақында келемін деп қана айтқанмын қалааралық телефонмен сөйлескенде. Ал ол мені әзірге келе қоймас деп ойласа керек, бір шаруасымен Қарағандының сыртына кетіпті.

Оның екі үйі бар-ды, бір үйі көпқабатты үйдегі жайлы пәтер, екіншісі бұрын тұрған жекеменшік үй. Сол соңғы үйін біреулерге жалға берген екен, әйтеуір кетерінде соларға жапырақ келеді деп тапсырып кетіпті. Содан бір КамАЗ жапырақты жалғыз өзім Боранқұлдың сарайына түні бойы түсірдім ғой. Не деген азап, сор десеңізші? Шопыр бір оңбаған екен, көмектесуді білмеді.

Бірақ не керек, сол азаптан түк шықпай, Боранқұл тапқан адам бізді сазға отырғызып кетті. Дәл сол кезде моншасын басқа біреу тартып алды деді ме, әйтеуір бос әурешілік болды. Басқа моншалармен сөйлесіп көріп едік, құлшынып тұрған көңіл таппадық. Өзіміз сатуға тырысқан едік, өтімі шамалы болды. Ақыры барлық жапырақты Боранқұлдың үйінің шатырына үйіп, ауылға сымпиып, бос қайттым. Бәрінен де менің сөзіме сенген Нағашыбайдан ұят болды. Нияздың қарызын артынан қайтармақ болдым.

ТВ-дан жақсы атпен кеткенім абырой болды, қашан барсам да бетім ашық. Сондықтан операторды алып, бірнеше ақылы хабарлар түсірдім. Алдымен «Сұлтан» макарон фабрикасымен келісіп, ақылы материал жасадым. Олар ақысын макаронмен беріп, үйдің іші қап-қап макаронға толған күндер де болды... Тимирязев ауданы туралы да сол кездегі әкімі Төлеген Закирьяновпен келісіп, ақылы хабар түсірдім. Тағы да осы тәріздес бір бизнестер жасадым. Бірақ бәрібір ісімді өндіре алмадым. Бір жағынан кірген дүние құтаймай бір жағынан тұрақтамай кетіп жатты. Құтты «желмен келген желмен кетті» деген қазақтың нақыл сөзі сияқты болды.

Бізбен қызметтес болған режиссер Күннәр Қабдөшева «Күннәр ТВ» деген студия ашпақ болып, оның жұмысын жүргізуді маған тапсырған. Одан да мән шықпады, өйткені біздің жасаған фильмдерімізді алғысы келген ТВ болмады.

Осы «Күннәр ТВ»-да жүргенде «Абылайдың ақ үйі» туралы да хабар түсірдім. Ханның үйі туралы әңгімені маған Кенжебек Әбішев ақсақал айтып берді. Өзі қалада туып өскен жан еді, жасы сол кезде сексенге жақын, бірақ тың болатын. «Көктемде Есіл тасығанда әкеміз ат жегіп бізді өзеннің биік жарына әкеліп, тасығанын балаларына көрсететін. Ағып бара жатқан сеңдердің үстінде қоралы қой, қасқыр, түлкі де кетіп бара жататынын көзіммен көрдім. Сонда әкем басқа биік жардың үстінде жалғыз тұрған үлкен үйді көрсетіп, анау Абылай ханның үйі дейтін. Ал оның ар жағындағы қосқабат үлкен үйді НКВД-ның үйі, талай жанның қаны төгілген үй ол. Қасынан өтсеңдер шуламай, ақырын сөйлеңдер дейтін», – деп Кенжебек ағамыз нешетүрлі әңгіменің шетін шығаратын...

Делдалдықпен жүргенде бірде қатты ұтылып та қалдым. Содан кейін бизнесті де, делдалдықты да түпкілікті қойдым, оған да еп керек екен. Сонымен тағы бір 2–3 ай жұмыссыз жүріп қалдым. Биржадан болар-болмас бірдеңені үш ай алғанмын, артынан ол да тоқтады. Әйтеуір Манар жұмыс істейді. Ол маған қысым көрсетіп, «ақша неге таппайсың, семьяңды асырамайсың ба» деп қинайтын, онсыз да шағылып жүрген миды жейтін әйел емес. Сонысына да рахмет. Керісінше ол мені қолдап, «Уайымдама, мұның бәрі уақытша. Ертеңақ бәрі орнына келеді, бір жұмысқа кіріп кетесің» деп жұбатып қояды. Әйелімнің осы ерлігіне әрқашан риза боламын. Айтқандай сол қыста ол да қатты ауырып, отаға түсе жаздады. Әйтеуір, дер кезінде диагнозы басқа екені анықталып, ауруханаға жарты айдай жатқан соң аман-есен жазылып шықты.

Енді бизнес дегенді біржола қойып, бір үкімет жұмысын іздеуге кірістім.

Қайтқан малда қайыр бар

Сөйтіп, жазға жеттік. Бірде қаржы бақылау басқармасына жаңа штаттар ашылыпты дегенді естідім. Ол кезде мемлекеттің мүддесі сақталатын, тексеру органының беделі әлі бар еді. Біраз уақыт осындай жағдай болды да артынан Назарбаевтың өкіметі өздеріне ұрлауға кедергі жасаған тексеру органдарының бәрін құртты ғой...

Әйтеуір, мен өліара кезеңге ілегіп, Петропавл қалалық қаржы бақылау басқармасына бөлім бастығы болып кіріп кеттім. Ревизор болып сегіз жыл істеген өтілім бар, жоғары білімдімін, алмайтын несі бар. Сөйтіп, арада төрт жылдай уақыт өткенде ревизорлық жұмысқа қайта оралдым. Бұрын экономиканың бір саласының, яғни автокөлік кәсіпорындарын ғана тексеретін болсам, енді барлық саланы қамтитын, маңызы зор тексеріс орнына орналастым.

Осы жерде тағдыр мені Григорий Николаевич Курбекомен екінші рет тоғыстырды. Петропавл қалалық қаржы бақылау басқармасының бастығы сол екен, ол мені құшақ жая қарсы алмағанмен, жатсынбай қабылдады. «Үйреніскен жау атыспаққа жақсы» демекші оған бұрын білмейтін адамнан гөрі «өз адамын» алған әлдеқайда ұтымды ғой.

Атыңнан айналайын, шіркін Тәуелсіздік-ай, саған мың мәрте бас иіп, мың мәрте алғыс айтып, тәу етсек артық емес-ау. Сенің арқаңда қазақтарға одыраңдай

қарайтын баяғыдағы талай орыстың жүні жығылып, біршама жуасып қалыпты. Соның ішінде орыстарға жағынып, «үлкен інісі» болып жүретін украин халқының өкілі Курбеко да көп өзгеріпті. Бұрын қазақтың сөздеріне менсінбей қарайтын неме енді «ана сөз нені білдіреді, мына сөздің қандай мағынасы бар» деп сұрап отыратын болыпты. Жалғыз Курбеко емес, басқа басшылар тарапынан да сондай мінез көрдім. Әсіресе, бәрін қызықтыратын Назарбаевтың орысша баяндама жасап тұрып кейде қазақша сөйлеп кететін кездері екен. Шалымыз Жолдау жасап тұрғанның өзінде арасында қазақша бірдеңелерді қосып, дауысын тым ащы немесе төмен түсіріп, қазақтарға ғана ұғынықты болғандай сөйлеп қалатыны болушы еді ғой. Орыс бастықтар әсіресе осындай сөздердің не туралы болғанына қызығатын көрінеді.

Украин мақамымен балпылдап жүретін Курбеко осындайларды қағас жібергісі келмейді. Бастастар өзара кездесіп, ондайда не айтылғанын талқылайтын да сияқты. Әйтеуір, сол сөздердің мағынасын менен бір сұрап, басқадан және сұрап, анықтап жүргені.

Әттең... Назарбаев ақша ұрлап, дүние жиюға ғана емес, ана тіліне, ұлтына жаны ашыған жан болса сол жылдардың өзінде қазақшаны дамытып, ашық қолдануды арттыра берсе ғой өзгелердің ана тілімізді үйренуге жығылуы да арта берер еді. Үйткені, жұрттың бәрі соның сөзіне ғана елтіп, қатты еленделп отыратын. Экономикалық дағдарыс болып жатқанның өзінде оны беделі керемет болды. Бірақ ұлттық ұстанымы жоқ, білімі тайыз, білігі төмен шал өзінің қыздары мен жиендерінің, достарының, туыстарының ғана қамын ойлап, орыс тілінің басымды қалпын бұзғысы келмеді. Кейде тіпті көріне көзге ұлтын сатып, аналарға жағымпазданып, солардың шашбауын көтеріп кететін.

Григорий Курбеко бұл жолы менімен сақтықпен сөйлеседі, құрмет көрсетіп тұрады. Жалпы, өзі де жаман адам емес, тек бір қызбалығы ғана болатын. Енді сонысын да тежепті. Соны пайдаланып мен онымен еркінірек сөйлесіп, батым талаптар жасайтын болдым.

Ақырында ұжымда қазақ тілі сабағын жүргізуді де бастадым. Манар ұлттық банктың филиалында аудармашы әрі сонда қазақ тілін оқытушы еді. Мен соның кітаптарын, сөздіктерін әкеліп, 20 шақты адам істейтін ұжымның қазақ тілін үйренуіне белсенді кірістім. Республика, Тәуелсіздік күні және Наурызда қазақша дастархан жайғызып, әр бөлімге қазақша дәм жасатып, өзара жарыстар да ұйымдастырдық. Сөйтіп, қазақ тілінің қадырын, ұлтымыздың ұстынын арттыруға тырыстық.

Шыққан хаттардың орысша ғана емес қазақ тілінде жазылуын да қадағаладық. Кадр бөлімінде бір орыс боп кеткен шырылдаған қазақ келіншек бар еді, сол жазған ескі кеңестік қалыппен адамның аты-жөнін жазғанда «ФИО»-ны толық көрсететін. Бір күні мен соны әңгіме қылып, «отчество» деген орыстардың ғана салты, қазір ондай жазылмайды деп дауластым. «Ол артта қалғандықтың белгісі. Бүкіл әлем тек адамның аты мен фамилиясын ғана көрсетеді. Қарасаңыздаршы: Билл Клинтон, Маргарет Тэтчер», -деп әлгі дауласқан әйелді Курбеконың алдында жеңіп кеткен едім. Содан бастап бізден шыққан барлық хаттарда адамның аты мен тегі ғана жазылатын болды.

Бірақ, бір өкініштісі сол, «ФИО»-ны әлі күнге кейбір қазақтар қолдана береді. Тіпті заңға да кіргізіп қойыпты. Ол ол ма кейбір айтулы тұлғаларымыздың өзіне «фамилия», «отчество» іздейтінін қайтерсің. Басқа-басқа Абайдың көшесінің өзін «Құнанбаев көшесі» деп жазып жүреді. Жуырда әнші Майра Уәлиқызын «Майра

Шамсутдинова» деп жазған топастықты да жетінші сыныптың оқулығынан көрдім... «Фамилия», «отчество» дегендер орыстың бұрынғы колониалдық басқару кеңселерінен қалған салт, одан кеңестік колониалдық кеңселерге жалғасты. Бұл да шовинистік саясаттың барлық халықты өзіне бейімдеуінің бір көрінісі. Оған тек Балтық бойы елдері, Қап тауының өжет ұлдары ғана қарсы тұра алды. Қазақ өзінің сүйікті ұлдары мен қыздарын қысқа-нұсқа, әдемі атаумен ғана атағанынан да айрылып, ФИО-ға көшті. Мысалы, ешқашан фамилиясымен атамаған Майраның өзін енді ешкім білмейтін «фамилиямен» жазатын болыпты...

Қалалық қаржылық бақылау басқармасында бірінші тексеруге барған кәсіпорным «Колос» АҚ деген облыстағы ең ірі астық комбинаты болды. Мен барған кезде оның директоры 2–3 ай түрмеде отырып шыққан, елге белгілі Сайлау Ғаббасов деген азамат еді. Сәкең Ресейдің бір алаяқтарына алданып, сегіз мың тоннадай астықтан айрылып қалыпты. Әлгілердің мөр басылған сенімхаттары жасанды, өтірік болып шығады. Өйткені, сатып алушы фирманың Владивостоктағы мекенжайында мұндай ұйым мүлде жоқ, тіпті болған да емес екен. Сөйтіп, Сәкеңді аса ірі алаяқтар «отырғызып» кетіпті. Соның кесірінен Сәкең де 2–3 ай түрмеде отырып шықты. Әрине, бұл төңіректе пыш-пыш әңгімелер айтылмай қалған жоқ. Ондай әңгімелер сонша астықты беріп жібергенде өзіне де бір қомақты кесек алмауы мүмкін емес дегенге сайды. Бірақ дәлел болмаған соң бұл сөздер тек пыш-пыштың төңірегінде ғана қалған...

Сайлау ағамыздың бір ерекше мінезін жазудың да сәті түсіп тұр. Біз кәсіпорынның асханасындағы веб бөлмесінен бірге тамақ ішіп жүрдік. Жасыратыны жоқ, алдымызға жүз грамм да келіп қалады. Сайлау ағамыз марқұм өзі аузына татып алмайды, ал біреуге ішкізуге

келгенде... осы күнге дейін ондай адамды көрген жоқпын. Сонда кейбіреулер секілді қылқылдап, өлердегі сөзін де айтпайды, жалынбайды, бірақ құйып келіп жібереді де алмасыңа болмай тұрып алады. Бойы екі метрге жуық, зор денелі, тау тұлғалы адамның өзіңе төніп, «ал, енді, ал енділеп» үстіңе құлап кетер таудай болып тұрғанында алмай көр... Сонымен бірге Сәкең жігіттерге қойдың құйрығын да жұтқызушы еді. Мен де оның бұл әдетінен құтыла алмадым. Әдемілеп тіліп, күректей алақанын аузыңа тосып тұрғанда амалсыз жұтып жібересің...

1997 жыл менің өмірімде де, отбасында да, туыстар арасында да, елде де көп оқиғаға толы, ерекше жыл болды. Осы жылы Назарбаев Көкшетау, Семей, Жезқазған, Торғай, Талдықорған облыстарын жауып, жанындағы ірі облыстарға қосты. Бұл бір жағынан бәленбай мың шенеунікке еңбекақы, сыйақы ретінде төленетін бюджет шығындарын азайтқан экономикалық үнемдеу болса, екінші жағынан сепаратистердің толқуына соққы берген көреген саясат болды. Осының арқасында Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарындағы орыс ұлтының үлесі сәл азайып, керісінше қазақтардың саны артты.

Назарбаев астананы да Алматыдан Ақмолаға осы жылы ауыстырды. 1996 жылы Жоғары Кеңестің келісімін алып, бір жарым жыл Ақмолаға құрылыстар жүргізіп, ақыры 1997 жылдың 10 желтоқсанында астананы Ақмолаға көшірді. Бұл Қазақстан үшін айта қаларлық оқиға болды. Елде экономикалық дағдарыс болып жатқанда Назарбаевтың астананы көшіремін дегені не сөз дегендер де көп болды. Бірақ осының өзі дұрыс екен, Ақмолаға шетелдік инвестициялар құйылды. Аз уақыттың ішінде Ақмола осы заманғы тамаша қалаға айналды. Бұрын саз, батпақ болып жататын, сұр күйлі,

сұрқай тірлікті провинциалды қала – Ақмоланың көшелері айнадай жарқырады. Бірақ соның бәрінен Назарбаевтың мақтаншақтығы асып кетті, ол астананы көшіруді өзінің ең үлкен ерлігіне балап, барлық насихат құралдарын да осы бағытта жалаулатқызды. Артынан қазақстандық БАҚ-ты місе тұтпай мәскеуліктерді, одан әрі ағылшынның, Американың және т.б. елдердің публицистерін сайратты. Олардың бәрі еврей тектестер ғой, ақшаны жақсылап төлеген сайын Назарбаевтың «ерлігін» аспандатып жіберді. Оның жарнамасы тіпті Ресейдің астанасын Санкт-Петербург деген су жаңа қала салып көшірген Петр Біріншіден, Бразилияның астанасын Рио-де-Жанейродан Бразилиаға көшірген Жуселин Оливейродан, Түркияның астанасын Ыстамбұлдан Анкараға көшірткен Мұстафа Кемал Ататүріктен асып кетті...

Көкшетауды бізге қосудың арқасында Петропавл тұрғындарының, соның ішінде, әсіресе шенеуніктер қатарында қазақтар көбейді. Билік басында өзіміздің қазақтардың көп жүргені сепаратистік пиғылдағы адамдардың екпінін азайтты. Өйткені, барлық мекемеуйымдардағы сепаратизмге құмар орыстар, казактар өздерінің бастықтарына жалтақтамай қоймайтын. Қалай болғанда да адам өзінің бастығына тәуелді, егер бастығы қазақ болып, оның оғаш қылығын көріп қалса, кім де болса ығысады емес пе? Сондықтан сепаратизмге шақыратын әңгімелерді айтуға, сөйлеуге біршама тиым болды.

Облыс үлкейген соң біраз уақыттан кейін әкім ауысып, біздің өңірге Павлодардың бұрынғы әкімі Даниал Ахметов тағайындалды. Бұл кезде үздіксіз жылу, тұрақты жарық дегенді көре алмай, халық әбден қалжырай бастаған. «Е, неміс істей алмағанды қазақ қайдан істесін, одан әрі үси түсетін болдық қой» деген сөздерді

қазақ-орыстың бәрі айтты деуге болады. Бірақ Ахметов іскер болып шықты. Жаман ойдың бәрін ол қабырғасынан қақыратып, жарық та жақты, жылу да әкелді. Адамға керегі де сол екен-ау, бақыт дегеннің өзі көп нәрсе де емес екен. Аз уақытта жүздеріне қан жүгірген халық бақыттың бағына енгендей болды...

Алайда іскер Ахметовты Назарбаев Солтүстікте көп ұстамай, айналасы екі жылға толмайтын уақыттың ішінде қайта әкетті. Бұл жолы оған премьер-министрдің орынбасары орынтағы ұсынылды. Ахметовты әкететін хабарды естіген қазақ-орыстың кемпір-шалы көшеге шығып, «не отпустим!» деп айғай салып, шулағаны – Тәуелсіз Қазақстандағы барлық деңгейдегі әкімдерге көрсетілген жалғыз құрмет шығар. Басқа жерде ондайды естіген емеспіз. Шын мәнінде халық барынша іскер Ахметовты қимаған еді... Өзіміз де қазақ жігітінің немістің қолынан келмегенді істегеніне мақтаныш сезіммен жүрдік.

Көкшетау облысы жабылған соң облыстық ТВ да тарап, біздікіне қосылды. Осында қызмет етіп жүрген Толымбек те отбасымен Астанаға көшіп кетті. Жақын жерден тым жиі болмаса да анда-санда көрісіп тұратын едік, енді аралас-құраласымыз қиындады.

Осы, 1997 жылғы өте өкінішті оқиғаның бірі – Жолдыбай ағамның үлкен ұлы, сүйікті інім Алтай ауырып қалды. Әжемнің бауырында бірге өсіп, туғаннан артық болған бауырым еді. Аяқ астынан көтеріліп ауырды. Бойына бір қасиет қонғысы келді ме, басқа ма, әйтеуір түк түсінбей қалдық. Көріпкелдік қасиеттің ұшқыны да сезіліп қалды. Соның ішінде ауылда фельдшер болып жүрген Үмітжан деген келіншекке жолдасы Қайырдың қайтыс болатынын айтып қалған. Айтқаны айдай келіп, жарты жылдан кейін тепсе темір үзетін жігіт аяқ астынан қайтыс болды. Інісі Асқардың тұла-бойынан бір

сипап талдырып тастап, артынан өзі тұрғызып алған. Сондықтан оның бойына келген кеселді тек психиатриалық науқас деп айта алмас едік. Аяқ жетер жердегі бірнеше емшілер мен балгерлерге де апардық. Соның ішінде біреуінің шипасы тигендей болды, бірақ ол кісі үйлеріңде ешқашан арақ болмасын, отбасы жандары аузына алмасын деген шарт қойды. Бірақ ондай шарт сақталушы ма еді, кешікпей Асқар інім үйленіп, той болды, Алтайдың ауыратыны ұмытылып, арақ деген ағыл-тегіл ішілді...

1997 жылы біздің, 1960 жылы туған құрдастар арасында 37-ге толған жасты атап өту деген бір үрдіс пайда болды. Сол үшін дағдарысқа қарамай шабылып, барды салып той жасайды. Алда-жалда атамағандар болса, күнәлі адамдай қарап жүргендері. Қайынағам Жеңістің, досым Абайдың, кластасым- қайын ағам Ибрагимнің және тағы басқалардың тойларына барғаным есімде. «Юпи» деген бояулы тәтті ұнтақты суға салып жіберіп, қызыл-жасылды сусындар дайындалатыны есте қалды. Сосын спиртке су қосып арақты қолдан дайындайтын едік. «Рояль» деген спирт болатын, әсіресе соны суға араластырып, арақ қылатынбыз. Бірақ өз басым 37-ні атағаным жоқ, әр жағында толық 40 келеді, соны атармын деп ойладым.

Келер жылы күйеу бала Нұржанның, Зәуреш жеңгеміздің 37-сін атаған тойларына бардым. Тойға құр бармайсың, қолыңнан келгенше біраз дүние ала барасың. Осы жылы Амангелді інім де үйленіп, соның тойына да артынып-тартынып, машина жалдап барғанымызды жоғарыда айттым. Сол күні боран еді, жалдап бара жатқан машинамыз ауылға жете алмай, Мерекеге тоқтадық. Онда Көкеш ағамыз тұратын, соның үйіне барып едік, баласы Талғат жай да тойға барғалы отыр екен, соның шанасына мініп, атпен тойға жеттік.

1997 жылы Тауағашта Сембай тәтеміз бен Сафуан ағайымыз қайтыс болды, екеуі де пысық жандар еді, өмірден бір айда өтіпті. Келесі, 1998 жылы шап-шағын Тауағаштан бұлардан басқа бірнеше адам өмірден өтті. Соның ішінде өзіміз Серән ағай дейтін мұғалімміз – Сергали Кәкімжанұлы, Есімсейітов Қайыр, Мәкішев Бәйзүкен (Файзолла), Жәнібеков Бақыт, Балғожин Мұрат, Асайынов Нұрбай, Дәкін шешеміз, Бостанов Ақылтай, Қазыбеков Кенжебай ағамыз – бәрі бір жылдың ішінде кетті. Жүз отыздай ғана түтіні бар шағын ауылда бір жылда тоғыз адамның қайтыс болғаны ерекше оқиға. Әйтеуір бәрінің себебі әртүрлі болған соң үндемейсің, әйтпесе тосыннан бір кесел келіп қалғандай болып тұр. Алайда соның ішінде Бәйзүкен, Серән мен Кенжебай ағаларымыз ғана жасы жеткеннен кетті, қалғандарынікі тосыннан келген ажал болды. Қайыр мен Нұрбай марқұмдар қан қысымынан, жап-жас Мұрат суға кетті, Ақылтай өзіне-өзі қол салды...

Ал Дәкін шешеміз тосыннан келген кеселден кетті. Ешқашан күтінбейтін еді, жарықтық. Отынды үнемдеп, суық үйде көрпе төсемей отыра беретін. Бір барсам үй сұп-суық, жалаңаш сәкіге отырып алып, май былғап отыр. Сондайда суық тимейді дейсің бе... Бұл жолы қатты ауырып, Ағыбай ағам ауылдан бір машинамен әкеліп, қаланың ауруханасына салды. Шегі түйілген деді ме, әлде басқа ма, әйтеуір оған ажал тым жедел келді. Ағыбай ағам сол күні біздің үйге түнеп шыққан, Алла сездірді ме немене, қатты қысылып, арасында айғайлап шықты. Оятып жіберсең қойған болады да, көзі ілінген бойында қайта тынышсызданады. Манар екеуміз оның айғайынан көз ілген жоқпыз. Ертесіне Ағыбай ағам екеуміз ауруханаға барып едік, анамыз сәл тыныштalып, басын көтерген екен. Алайда бізді кіргізбеді. Тек сәлем айтқан медбикеден немеремді ешкім

ренжітпесін (пусть не обижают внука) депті. Мұны біз әзілге жорып, е, жарайды немересін ойлап жатса аман болар деп үйге қайттық. Немересі – Амангелді інімнің баласы Арман еді.

Екі-үш күннен соң біз Манар екеуміз де кіріп шықтық. Тауықтың сорпасын ғана ішеді деген соң соны апарғанбыз, зорланып отырып 2–3 ұрттады да қайтарып берді. Соған да риза болып, батасын берді. Тағы бір күн өткенде ауылдан бір топ адамды алып Ағыбай ағам келді. Қан беру керек екен, соған келіпті. Бәріміз қан бердік. Бірақ алдында жасалған отадан оңалмады. Айналасы бір аптадай ғана жатып, қатты әлсіреген соң үйге шығарған еді, ауылға жетпей жолда үзілді. Ауылға кетерде бәрін біліп жатты, мен келіп едім, Шынар қарындасым басында отыр екен, «міне, Жақсыбай келді, жаңа сұрап едің ғой», деді. Әз ана кетерінде мені іздеген екен, басын сәл көтеріп, «Жақсыдан қалған жалғызым сен аман бол, бақытты болыңдар», деді үні тұншығып...

Тамаша кісі еді, марқұм. Өте еңбекқор еді, ешқашан бос қарап отыра алмайтын. Қай жерде бітпей жатқан шаруа болса, сол жерден табылатын. Мені қатты жақсы көретін. Қыздарын аса ұнатыңқырамайтын. Амангелдіні қатты еркелетті, мейлі еркелей берсін, көп балам жоқ деп бір-ақ қайыратын. Бөтен үйде тұрса да әжемді қалай күтті десеңші, біздің үйдің барлық кір-қоңын сол жуатын, тамақ істесе алдымен бізге татыратын. Кейде келіп, үйді де жуып беретін. Жаны жәннатта болсын.

Дәкін шешеміз наурыздың 30-да дүниеден өтті. Ал оның алдында, үш-ақ апта бұрын Асқар інімнің үйлену тойы болған. Онда мен Теміржол колледжінде ревизияда едім, солардың автобусын алып, Серік Майлин деген оператор ағамызды алып, тойға бардым. Алдымен Николаевка селосына бардық. Асқар мен Жанар келін осындағы мектепте мұғалім еді. Жанардың шешесі

Күлбарам құдағи завуч. Мектеп мұғалімдері өздерінше сценарий жасап, үйлену тойын бастап берді. Бірақ жарық жоқ, күңгірт, қараңғылау бөлмеде мұғалімдер ән салып, би билеп жатты. Оның бәрін Секең видеоға түсіріп алды.

Одан әрі Спасовка арқылы Тауағаш қайдасың деп тарттық. Біздің автобусқа біраз адамдар отырды. Күн боран, жолда қар үйінділері бар, зорға жүріп келеміз. Қыз-күйеу мінген жеңіл машина алдымызда кетіп бара жатыр еді, біраз барған соң автобустың артына түсті. Наурыз деген біздің жақта тұрақты боран айы. Әйтеуір, аман-есен Спасовкаға жетіп, одан әрі Тауағаштың жолына түстік. Автобусымыз біраз уақыт қалың қарды тіліп, ыңылдап барды да бір жерге жеткенде тұрды да қалды. Ауылға әлі 7–8 шақырымдай қалған, Жолдыбай ағам, Ілияс, Алтай үшеуі жаяу, ауылға трактор әкелуге кетті.

Шамасы бір сағаттан соң бізді құдалардың үсті кенеппен қапталған жүк машинасы қуып жетті. Шопыры бір есерлеу жігіт екен, жұрттың бәрін жиып, автобусты жолдан итергізіп, озып кетпек болды. Е, жарайды, күшті болсаң бара ғой деп біз отырмыз. Қатты күшенген машина шамасы 40–50 метрдей ғана барды да, біраз изеңдеген соң тұрып қалды.

Ашық машинада тоңған құда-құдағилар біздің жылы автобусымызға келіп отырды. Арада 3 сағаттай өткенде Тауағаштан жол аршитын К-701 тракторы келе қалды. Ол осы жерге дейін жол ашып келген ғой, соған түсіп алып, біз де ауылға жеттік.

Құдаларды алдымен Бәкөш ағам үйіне түсіріп, сол үйде шай беріп, құйрық–бауыр жегізді. Тойдың өзі Жолдыбай ағамның үлкен үйінде болды. Аяған екеуміз жүргіздік. Құдалар арасынан келін Жанардың әкесі, тән құдамыз Тұрсын домбырамен тамаша ән салады екен, соны тыңдағанымыз есімде. Кісіні өте көп шақырыпты,

басында сыйдыра алмай қаламыз ба деп едік, әйтеуір бәріне орын табылды. Бір кезде жарық өшіп қалып еді, Қайырбай Балғожиннің тракторын әкеліп қойып, соның фарымен тойды жалғастырдық. Сол жылдардың суретін толығырақ беру үшін жазып отырмын.

Жаңа жұмысым бірқалыпты жүріп жатты. 1998 жылдың мамырында Алматыға жарты айлық курсқа барып қайттым. Ол кезде Алматыда базарлар көп, жұрттың бәрі тауарды сонан тасымалдайды. Алматы рыноктық қатынасқа бірден кірісіп кетіпті. Тауарларды Қытай мен Түркиядан жеткізеді екен. Біздің провинциалды қаламызға қарағанда мұнда тіршілік қыж-қыж қайнап жатыр.

Курсқа келгендердің көбі орыстілдес пысықай әйелдер, аса көп ұжымдаса алмадық. Арамызда бір дүнген де болды, әлгінің түр-түсі, жүріс-тұрысы өзімізден аумайды, Жамбыл облысынікі екен. Алайда Қазақстанда туып, қалың қазақтың ортасында өссе де әлгі бір ауыз қазақша білмейді, о, ғажап! Оңтүстіктегі орыс, неміс, түрік, күрд – бәр-бәрі қазақша сөйлеп жатқанда мынанікі қызық екен деп ойланумен болдық. Сөйтсек, бұлар өздерін бізден артық санап, тілімізді үйренгілері келмейді екен-ау. Оны, ұзақ жылдар өткеннен кейін Қордай оқиғасы болғанда көрдік қой...

Қолына бірдеңенің ұшы тисе, «шаш ал десе бас алуға» дайын тұратын топас қазақтар болады. Біздің топтың старостасы да сондай болып шықты. Ол біздің сабаққа кешігіп қалғанымызды, ерте кетіп жүргенімізді көрсетіп, текешік болып секектеп жүрді. Соның кесірінен де шығар, жарты айға оқуға келіп, тым болмаса бірігіп бір фотоға түсе алмадық... Бастық болуға, бұйрық беруге осындай надандар неге құштар болады екен?

Көкшетаудан барған Решетняк деген жігіт екеуміз бірге тұрдық. Көбіне екеуміз бірге қыдырып, қаланы

бірге аралайтынбыз. Базарлардың бағасы төмен, біздегі бағаға мұнда сондай тауардың екі-үшеуін алуға болады. Аралап жүріп мен де біраз дүниелер алдым.

Қаржылық бақылау комитетінде осылай қызмет етіп жаттық. Миллиондап ұрланған ақшаны әшкереледік, біршама жемқорлардың жегенін желкесінен шығарып, түрмеге отырғыздық.

Сол жылдарда алған еңбекақы орташа күн көруге жетпейді. Сондықтан ақша табу үшін қосымша бірдеңе іздейсің. Ревизор екеніңді пайдаланып, құрып жатқан кәсіпорындардан ескі-құсқы бірдеңені сатып алып, оны басқа жерге өткізесің. Мен де бір кәсіпорыннан қалдық бағасымен бір КамАЗ сатып алдым, енді сатайын десем әлгі итаяқтың моторы істемейді екен. Көп қиналып жүріп, әйтеуір бір жерге өткіздім-ау. Тапқаным шамалы болды, бірақ соның өзіне мәз болдым.

Осы жылы күзде әкемнің 60 жылдығын атап өтіп, ауылдан көп адамды тойға шақырдық. Олар 1995 жылы Қымбат қарындасым тұратын М.Жұмабаев ауданындағы Лебяжье селосына көшіп кеткен. Тойды сондағы үйде жасадық.

Бір қызығы, өмірде қысылтаяң болып жатса той, қаза сияқты шығындар көбейіп кете ме деймін. Әйтеуір сол, 1997–98 жылдары бір тойдан соң бір той, бір қазадан соң бір қаза болып еді...

Сөйтіп жүргенде өкіметке, мемлекетке қаншама пайда келтіріп жатқан біздің қызметті қысқартады екен деген әңгіме шықты. Сол кездерде біз, республика бойынша қызмет ететін қаржы бақылау қызметкерлерінің өзіне кететін барлық шығынын 17 рет ақтайтынын есептеп шығарған едік... Амал қанша, біздің өкіметке мұндай тиімді қызмет керегі жоқ екен. Өйткені, жоғарыдағылардың, Назарбаевтың ағайын-туыстары мен достарының, құдаларының, қыздары мен күйеу

балаларының мемлекеттік бюджетке қолды емін-еркін салуына кедергі жасайды екенбіз... «Қазаншының еркі бар – қайдан құлақ шығарса» дегендей мемлекетті жеке дара, өз меншігіндей баурап алған Назарбаевтың тобы ойына келген істі ақыры жасап тынды, қаржы бақылау комитетін сол жылғы жазда таратты...

Сол жазда тағы бір қызық болды. «Авангард» стадионының жақындығын пайдаланып, таңертең жүгіретін болдым. Таңғы таза ауа, күн жылы, көңілің көтеріліп, жай да жүгіргің келіп кетеді. Қатты жүгірмеймін, ақырын-ақырын жүгіретін әдіс таптым. Онда да өзімнің методымды ойлап шығардым. Спорттық күртешемнің ішінен денеме целлофан қағаз орап алатынмын. Оның көп терлеудің амалы. Дегенмен оның да пайдасы болды, көп терлеген сайын денемдегі артық майлар кетіп, жеңіл жүретін болдым... Стадионның айналасы 300–400 метрдей болатын шығар, ақырын жүгіріп соны 4–5 рет айналатын едім.

Біздің жұмыстан қысқартылып, таратылуымыз да қызық болды. Күнде жұмысқа келіп, біраз отырып кетеміз. Еңбекақымыз жүріп жатыр, не істеуді білмейміз. Республика бойынша 5 мыңдай адамбыз, соның бәріне жайдан-жай ай сайын орта есеппен 50 миллионнан 4–5 ай ақша төленді. Осынша қаражатты желге шашты деген сөз ғой. Өзі дағдарыстың кезі, ол кезде миллион деген көп ақша, содан біздің өкімет қайдан оңсын?

Өкімет әуелі тарату туралы президенттің шешімін шығартып алып, енді бізді қайда жіберерін білмей сасқан сияқты. 4–5 ай дегенде ғана біздің жартымызды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне, жартымызды қазынашылыққа қосты. Сөйтіп, өзіміз тексеруге тиісті жұмыс орындарына енді өзіміз кіріптар болып ендік... Амалың болса, істе. Сол жылдарда барлық жемқорлық, ұрлық жекешелендіру саласында

болып жатты. Миллиондаған доллардың дүниелері тиын-тебенге сатылып, қолды болды. Ал оны қадағалайтын біз... сол жекешелендіру ұйымның бір бөлімі болғандықтан ештеңе істей алмаймыз.

Турасын айтқанда бұл – ешқандай сұраныс, тексеріс деген болмасын, қолы жеткеннің бәрі өкіметтің дүниесін оңды-солды ұрласын деген сөз еді. Шын мәнінде де солай болды, жекешелендірілді деген дүниеге болар-болмас бірдеңе төленіп, қалғанын «артынан төлеуге» рұхсат беріп, бағасы сол кездің нарығымен 20–25 млн. доллар тұратын зауыт-фабрика, кәсіпорын, сондай-ақ сауда орындары, дүкендер және басқа дүниелер ұрып-періп жеке адамдардың меншігіне кетті. Және олар сырттан келгендер емес, сол кәсіпорындардың басында отырғандар.

Олар қолдарына тиген сол мүлікті ұқсатты ма? Қайдағы ұқсатқан, айналысқа салатын капиталы болмағандықтан ішіндегі дүниелерін бөліп-жарып Ресей мен Қытайға тасыды. Жеке қара бастарына жететін қаражат жинап алды. Кейбіреулері тіпті байыды да... Ал жекешеленген дүниенің қарызын қайтаруды ойға да алған жоқ. Ондайларды толық есептен шығару үшін банкроттық деген заң қабылданып, кезінде талай мың адамға жұмыс беріп тұрған кәсіпорындар конкурстық басқарушының қолына берілді. Ол қарыздарын жапқанның сылтауымен жекешелендіруден қалған дүниелерді, оның ішінде қалқиған корпустарына дейін сатып, кеше ғана дүрілдеп тұрған зауыт-фабрикалар мен кәсіпорындарды жер бетінен жоқ қылды...

Бұл уақытта инфляция да ауыздықсыз асау аттай босып, емін-еркін шарықтап кеткен еді. Сатып алушы алдында келісім-шартпен төлеуге тиісті міндетті қарыз да тез арада тиынға айналып кетті. Сондықтан қарызданушыларды да ешкім іздеген жоқ.

Ең өкініштісі сол, күрт жекешелендірудің кесірінен жеке қолдарға кеткен осынау мол дүниенің, менің санауым бойынша, кемінде 80 пайыздайы келімсектердің еншісінде кетті. Өйткені, сол жылдары барлық тиімді жерлерде, жоғары және жұмсақ орынтақтарда солар отыратын. Ірілерін айтпағанның өзінде орта және шағын кәсіпорындардың бәрінің бастықтары Ресейге ағылып, бізбен шекаралас аудандары мен қалаларында сырты қызыл кірпішпен өрілген, жұтынған қос қабатты үйлер салып алды...

Осыны өкімет білмеді деп айта алмаймын, білген болуы керек. Бірақ басқа істейтін амалы болмағанға ұқсайды. Жекеге берсек, бірдеме қылып, өздері жүргізіп кетер деген ой болған сияқты. Дұрысы – өздерінің баюын көздеген болу керек.

Жекешелендіруді тезірек жүргізу үшін ваучер дегенді ойлап шығарды. Оларды біріктіретін инвест-компаниялар құрылды. Сол компаниялар біраз дүниелерді сатып алды.

Назарбаевқа жекешелендіру туралы ақыл салған бізге рыноктық қатынастарды енгізу үшін шақырылған шетелдік кеңесшілер болу керек. Еркіндікке жіберсе, әрбір кәсіпорын өзінше еңбек етіп кетеді деген ақыл тек солардан ғана шығуы мүмкін. Бірақ біздегі, жоғарыдан түскен команданы ғана орындауға шегеленіп қалған «қызыл директорларда» іскерлікке ептілік мүлде жоқ еді. Ондайды тіпті білмейтін... Жалпы, ондайға біздің адамдар дайын емес еді. Сондықтан... Қаңырап, жұмыс істемей, бос тұрған зауыт-фабриканы жекешеге бермей, тым болмаса ішіндегі қымбат дүниесін өкімет өзі алып, Қытайға сатуына болушы еді. Мысалы, сүт өнімдері зауытының ішіндегі қымбат дюралюминийлерден тұратын жабдықтарды Қытайға сатып жіберсе, бюджетке бірдеңе түспес пе еді? Басқа зауыт-фабрикалардағы

сондай заттарды да ұйымдасқан түрде Қытайға өткізуге болатын. Бірақ ол кезде сондайды ұйымдастыра алатын өкіметте қаумет те болмады.

Жекешелендіру комитетіне әрқайсысы 18 адамнан тұратын екі бөлім құрылған еді, соның біріне мен, екіншісіне Куприенко Ольга Ивановна бастық болды. Ең үлкен бастығымыз Павлодардан, Ахметовтың командасымен келген Сәрсенбаев Нұрлан Рамзаевич деген азамат. Ана тілін білмесе де қанында қазақылық, жілігінде намысы бар жігіт. Ол мені қатты қолдап, мекемеде қазақ тілінің қолдануына жақсы ықпал етіп отырды. «Наурыз» мерекесінде әр бөлім қазақша дастархан дайындап, өзара конкурс өткіздік. Барлық дастархандарға екеуміз баға бердік. Барлық қазақы әрекеттерді жасауды ол маған жүктеп қойды. Аптасына бір рет қазақ тілін де оқытатын едік.

Ілездемеде мені үнемі қолдап, басқалардың көзінше көтеріп отыратын. Жалғыз мені қолдағанынан мақтап отырған жоқпын, жалпы мінезінде бір ірілік, өрлік, тектілік болатын. Жұмысты да тасқаяқтай қағыстырды, алайда бір жылдай бірге істегеннен кейін бұрынғы БТИ, кейін жылжымайтын мүліктерді тіркеу орнына бастық болып ауысып кетті.

Нұрекең өзімен бірге бізге Қарағожинова Шәкира Кәрімқызы деген заңгерді де ала келген. Бұл кісі өзінің жұмысын тастай қатыратындығымен қатар әдебиетке, өнерге де құштар еді. Менің жазған мақалаларымды оқып, риза болып отыратын. Адамгершілігі де зор, шыққан тегі де мықты. Атақты академик, философ Жабайхан Әбділдинге туыстығы бар болатын.

Біздің жұмысымыз ақырын жүріп жатты. Бұрынғыдай емес азусызбыз, актілер формальды түрде жазылады, үлкен нәрселерге көңіл аудармаймыз. Менің әріптесім Куприенко пысығырақ, үнемі Шәкира Кәрімқызының

кабинетінен шықпайды, екеуінің әйелдік әңгімелері де таусылмайды, ал мен өзіммен өзім кеттім. Өйткені... Мен бұл уақытта өзімнің өмірімнің мұраты болған жазушылықпен айналыса бастаған едім. Сондықтан маған ештеңе өнбейтін ревизорлық қызықсыз болып қалды...

1999 жылдың басынан Желтоқсан оқиғасы туралы бір үлкен дүние жазуды қолға алдым. Қырық жасқа енді шыққан кезім ғой, бұған дейін әңгіме, мақалалар жазып жүрсем де күрделі дүниеге қол созбаған едім. Ал мына еңбегімді бірден роман деп атап кірісіп кеттім.

Материалды зерттеп, ұзақ жылдар бойы айналысқан соң ба кітап жылдам жазылды. Күніне 10–12 беттен жазып отырдым. Менің мақсатым Желтоқсан оқиғасына қатысқан жігіттер мен қыздардың жағымды бейнесін жасау болды. Олар аспаннан түскен жоқ, жерден шыққан жоқ, өзіміздің арамызда жүрген ақжүрек, қарапайым, арасында білімділері мен білгірлері көп, өткір, өжет азаматтар деген оймен халыққа жақындатуды көздедім.

Жалпы, желтоқсан оқиғасы туралы жазылған дүниелер баршылық. Бірақ бәрі де негізінен фактілерге сүйенген деректер еді. Ал бағдарының бәрі пессимистік сарынға ұрынған жылап-сықтаулар болды. Олар желтоқсанға қатысқан жастарды, алып империя диірменінің тасы сияқты уатқыш жернауасына қарсы бас көтерген жүрек жұтқан, өжет жастар емес, бәрі де бір жуас, аңқау, «алаңға аңдамай барып қалған» бозөкпе ретінде сипатталып, солардың таяқ жегеніне, ұрылып-соғылғанына жанашырлық білдіріп, жыламсырайтын. Мен керісінше, трагедиялық сәтке емес, көбінесе жастардың қайсарлығы мен ерлігіне мән бергім келді. Оқиғаның көзсіз ерлік екеніне халықтың көзін жеткізбек болдым.

Кітапты түнде қолмен жазамын, күндіз сол жазғандарымның біразын компьютерге теремін. Жаңа ойлар келіп қалса, оны да жалғастырып, қосып отырамын.

Арасында өзімнің жұмысымды да атқарып тастаймын. Ол аздай маған қосымша ақша төлеп, комитеттің тағы бір жұмысын жүктеді. Сату жөніндегі келісімшарттардың бәрі тек орыс тілінде жасалып, қазақ тіліне бұрын аударылмайтын. Енді мемлекеттік тілдің талабы бойынша қазақшаға аударылатын болып, сол аударманың бәрі маған жүктелді. Ол кезде мемлекеттік қызметкерге сабақ беруден басқа қосымша қызмет атқаруға болмайды деген заң әлі қатаң орындалмайтын, сондықтан аудармашылықпен қосымша табыс тауып тұрдым. Осының үстіне аптасына екі рет ұжым мүшелеріне қазақ тілін үйретемін. Оған да бірдеңе төлейді, әрине көп емес, сонда да ақша...

Өткен жылы вокзал маңындағы Теміржол колледжіне тексеріске барып, оның тамаша еңбек ұжымымен жақсы танысып алғанмын. Бірде солардың директорының орынбасары Курбанова (әзірбайжан қызы еді) деген әйел адам хабарласып, бізге аптасына 24 сағат аудит және салықтар деген екі пәннен сабақ беріңіз дейді. «Сабағаңызды сіздің түскі асыңыздың уақытына белгілейміз және сенбі күні екі пар оқытасыз» деп барлық жағдайды жасап тұр. Мұндай жерден қалай бас тартайын, оған да келістім. Сөйтіп, түстік уақытында екі шақырымдай жердегі колледжге шапқылап, сенбі күні және барып жүрдім.

Азды-көп болса да төрт жерден ақша тауып, оның үстіне үзіліссіз кітап жазып жатқан адамды көргіңіз келсе, біз боламыз деп айта аламын. Мақтанғаным емес, менің жұмысқа қабілеттілігім кейін де айта қаларлықтай болды. «Егеменде» жүргенде жанымда отыратын Александр Тасболатов та таң қалатын. Мойындағы міндетті ғана емес, реті келіп жатса тапсырыспен келетін жұмыстарды да тез атқарып тастайтынмын. Қазір республикалық Ардагерлер

ұйымының төрағасы болып жүрген белгілі қоғам қайраткері, тарихшы Өмірзақ Озғанбаев ағамызбен бір кезде шығармашылық ынтымақтастықта болдым. Ол өзінің жарыққа шығарғысы келетін дүниелерін менімен ақылдасып, қандай дүниелерді қамтығысы келетінін, мақалаларының мақсаты не екенін айтатын. Соның бәрін мен 1–2 тәуліктің ішінде артығымен қағазға түсіргенімде таң қалатын. «Сіздің еңбекке қабілеттілігіңіз таң қалдырады» дейтін еді ол.

Бастықтарымның да бір аптада дайын қыларсың деген дүниелерін екі күннен артық уақытқа созып көргенім жоқ. Бірақ соның бәрі 1999 жылы жекешелендіру комитетінде атқарған істерімдей бола алмайды.

Кітапты түні бойы жазып, 3–4-терге дейін отырамын, таңертең тоғыздан қалмай жұмыстан табыламын. Қолмен жазғандарымды компьютерге теріп, баптау барысында жаңа ойлар да туып, оларды да жалғастырып кетемін. Сол екі ортада өзімнің негізгі жұмысымнан бір шаруалар болып қалады, оны да лезде істеп тастаймын. Түске қарай екі-үш келісімшартты аударуды сұрап сату бөлімінің қызметкері келіп тұрады. Түске дейін оның шаруасын жартылай бітіріп, түстік уақытында далаға, автобусқа жүгіремін. Вокзалға апаратын автобустардың аялдамасы да бір кварталдай жерде, оған жүгіре басып жетемін. Әйтеуір ол кезде вокзалға баратын автобустар көп, оның үстіне троллейбус та жүріп тұратын. Төртінші аялдама вокзал, көшеде кептеліс жоқ, он-он бес минөтте ғана вокзалға жетіп, жанындағы колледжге жүгіремін.

Менің тобымда оқитындардың көбі қыздар, ұлдар әр топта 3–4-еуден ғана болады. Қазақ студенттер шамалы, көбісі орыс балалары. Жастық жадылары сұмдық, кейде оқыған лекциямды бір сөзін де айнытпай қайталап беретін қыздар болады. Соған таң қалатын едім. Қолына шпаргалка ұстап тұрған жоқ па екен деп

ақырын қарап қоямын. Бірақ ондайды бірде-бір рет көрген емеспін.

Түстікке кейде үлгеріп, кейде үлгермей қаламын. Біз қызмет ететін ғимаратта жақсы кафе болды, соған барып, болса бір-екі самса жей саламын.

Түстен кейін бітірмей кеткен келісімшарттарды алдымен аударамын, ол екі ортада өзімнің жұмысымнан да бір шаруалар шығып қалады. Қарамағымдағыларға берген тапсырмалар болады, солардың орындалуын баяндауға кіретіндер болады. Бөлімнің қызметкерлері ревизия жасап жатқан жерден де хабарласып, кейбір нәрсені анықтап жатады. Кейде бір қысыр кеңес іздеген әріптестерің де кіріп, кем дегенде 15–20 минөт уақытыңды алады. Оларға қабағыңды бермей, шаруаңмен айналыса берсең ғана шығып кетеді.

Аздап ертеңгі сабаққа дайындаламын, ертесіне ұжымға қазақ тілін оқыту керек болса, оның сабағын да бірыңғайлап қоямын. Сөйткен күйбеңмен жұмыс уақыты аяқталуға жақындағанда кітабымды жалғастырамын...

«Бітеу жара» және басқалар

Кітабымның атын «Бітеу жара. Желтоқсан-86» деп қойған едім. Арасында анықтайтын деректер, ой туғызатын дүниелерді іздеп жолдың ар жағындағы кітапханаға да соғып тұрамын. Кітап жазған адам біледі, адамның ойы кітап оқығанда өсіп отырады. Оны да ұмытпай осы «Бітеу жараны» жазу барысында бірнеше кітапты қоса оқып шықтым. Соның ішінде А.Рыбаковтың «Дети Арбата», «Страх» және тағы басқа кітаптарды қайталап оқығаным есімде. «Бітеу жара» тек көркем емес, саяси көркем шығарма ғой. Сондықтан белгілі ұстанымнан да айнымай отыруым керек.

Төрт жұмыспен айналысқан басым, сағат кешкі сегізге қарағанда, кейде одан да кеш үйге аяңдайтын едім.

Бірде кешқұрым, Манар жұмысынан келе жатып маған соқты. Ол бір нәрседен кешігіп шыққан екен, мен жолда болған соң кіріпті. Қыс кезі еді, дала қараңғы. Екеуміз аяңдап жұмыстан шығып келе жатқанбыз. Енді бір қарасам көшенің төрінде өте үлкен бір дөңгелек шам жанып тұр. Мына шам қалай үлкен деп Манарға қарасам, ол күледі. Сөйтсем шам дегенім толған ай екен... Маған дөңгелек шам болып көрініпті. Өзімнің қатты шаршап, жұмыстың қызығына батып кеткенімді сонда ғана сездім.

Өстіп жүріп туған-туыстардың мәселелерін де шешіп жүремін. Біреуді жұмысқа орналастыру, біреуді ауруханаға жатқызу т.с.с. Ревизор болған соң әйтеуір,

біраз адамдарды білесің ғой, сондықтан өтімдімін. Тіпті танымайтын жерге барғанда өзімді таныстырып аламын да, шаруамды айтамын. Бір әдіс тауып алдым. Кез келген мекеменің бас бухгалтеріне барып, танысамын, сосын шаруамды айтамын. Қай бухгалтер ревизормен жаман болғысы келеді дейсің, керісінше танысып, білісіп қалғанына қуанады. Сондықтан мәселемді де шамасына қарай шешіп береді.

Туыстардың, таныстардың жабдықтарынан да мүмкіндігінше қалмаймын. Тіпті жол болмай қалғанда да «ұят болар» деп тәуекелге бел байлап, көлік тауып шығып кетеміз.

Наурыз айы біздің жақта «боран айы» болып есептелетінін айттым ғой. Қар аз жауса да қаңтар, ақпанда түскен қарды үрлеп, борап тұратын қатты желдер болады. Сол жел ақырында қарды әкетіп, қара суыққа айналады. Оңтүстік халқы қарды әкететін желді «алтын күрек» деп атайды. Біздің жақ ондай сөзді қолданбайды, өйткені қар бірден кетсе де артынан тағы да қалың жауып есіңді шығаратыны бар. Оны «қардың басын қар алар, ханның басын хан алар» деп айтамыз. Сондықтан қар кеткеннен кейін тағы бір жауатын қалың қар болатынын білеміз. Осы әдеттен табиғат тек кейде ғана ауытқиды. Соңғы қардың өзінде жол атаулының бәрі жабылып, адамға да, шаруаға да қолайсыз сәт туады.

1999 жылғы наурыз айында Манардың Ақтас ауылында тұратын бір ағайыны – Айтмырзаның әйелі қайтыс болып, соның жаназасына бардық. Сондағы май боран есімнен кетпейді. Мінгеніміз телестудияны техникалық жағынан жарақтандыратын мекеменің «УАЗ» автомашинасы еді, басқа көлікпен мұндайда шығу да қиын. Боран сол «УАЗ-дың» көзін ашырмады ғой... Әйнек сүрткіші тазалап үлгере алмады, соның

кесірінен барынша ақырын жүріп, әйтеуір жеттік. Өзіміз де далаға шықсақ көзімізді ашырмайды.

Қайтар жолда боран жолды әбден жауып тастапты. Бұл жолы боран болмаған соң әйтеуір қатпаған қалың қарды біздің «УАЗ-ымыз» тіліп отырды. Ауылға бізден бұрын барған жеңіл машиналардың бәрі бізден оза алмай, ізімізбен тізіліп жүрді.

«Сәуір болмай-тәуір болмас» деген мақал да біздің жақта туса керек. Өйткені, түстікте бұл уақытта жаз әлдеқашан шығып, көк қаулап тұрады. Тек бізде ғана соңғы қар еріп, еңсеміз енді ғана көтерілетін. Сондықтан бұл сөздің төркіні де біздің жақта сияқты.

Жекешелендіру комитетінде жақын танысқан адамымның бірі – Жақсылық Ысқақов ақсақал болды. Оны бұрын да танитын едім, оның үстіне менің қайынатама туыстығы бар кісі. Ал жекешелендіру комитетінде тіпті жақын таныстым. Ол біздің облыстың, кейін Павлодар облысының көлемінде аса ірі қызметтер атқарып, зейнет демалысына шыққан соң біздің комитетте бөлім бастығы болып жүрді. Көп нәрсе білетін, көп нәрседен құлағдар адам. «Бітеу жараны» жазып жүргенде Д.Қонаевтың кабинетінің ішкі интерьерін, Орталық комитет дегеннің ішкі тәртіптерінің біршамасын осы кісінің аузынан біліп алып едім.

Ұлғайған жасына қарамай Жәкең – үнемі ізденіс үстінде жүреді. «Егемен Қазақстанға» я басқа газеттерге шыққан деректі мақалаларды теріп алып, қыздарға ксероксын жасатады, сосын кітап қылып, тіктіріп алады. Жұмысқа қабылеттілігі өте жоғары, көп оқиды, көп тоқиды. Бір дерек тауып алса маған хабарласып, менің де оқуымды қалап отырады. Жарнамасы күшті болса қандай дүниені болсын, түбіне дейін оқып шығады. Мен бірде Алматыға іссапарға барып, оған Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» атты көп мақталған

кітабын сатып әкелдім. Әлгіге тісің батпайды, тартпайды, тек бір ой үшін жазылған, көркем шығарма деңгейіне келмейтін, тек автор өзінің өмірден түйген дүниелерін тізбелеп, ішкі дүниесін күрделендіріп, кейіпкерлері өзін-өзі қазып, ақтарған бірдеңе. Ондайлары және қызғылықты да емес, сарыуайымшылдық сарынына маталған іш пыстыратын мардымсыз жазбалар. Мен оның біраз жеріне ғана барып, ары қарай ұнатпай тоқырадым, ал Жәкең соны аяғына дейін табандап отырып, оқып шықты. Оған басқа жақтардан да дерегі мол кітаптар келіп жататын. Араласатын орыс, қазағы өте көп, көбі білімді. Қашан барсаң алдында бір салауатты, салмақты кісі отырады. Бірде оның қоржынынан Мұрат Аджидің «Полынь половецкого поля» және тағы басқа кітаптарын алып оқыдым. Тағы бірде одан Петропавлда туып-өскен, қазір Мәскеуде тұратын Сергей Баймұхаметовтың нашақорлар туралы жазылған «Сны золотые» деген кітабын алдым. Сергей Баймұхаметов оның деректерін нашақорлардың өз ауыздарынан жазып алған екен, кезінде өте жоғары бағаланып, 18 рет басылыпты. Бірақ бір сыйлық, атақ алғанын естіген емеспіз.

Бұл жерлесіміз орыстарға әбден сіңіп, соларша ғана ойлап, соларша өмір сүріп, соларша ғана сөйлеп кеткен орыстанған адамның бірі. Солардың тарихы туралы да бірнеше кітап шығарды. Қызылжарға бір келгенде танысқанбыз, арқасынан үлкен жол сөмкесі, оның ішіндегі арақ фляжкасы да үзілмейді екен... Бұл да оректердің бойына сіңген әдет. Бірде-бір қазақтың арақ құятын фляжкасын жамбасына іліп алып, анда-санда бір ұрттап тұрғанын көрген де, естіген де емеспіз. Қазақстандық орыс жазушысы, біздің жерлесіміз Иван Шухов бірде, Алматының ызғарлы суығында, жұртпен бірге 7-ші қарашадағы мерекелік шеруге шығып,

тоңған сайын жұрттың көзін ала беріп, флягісінен бір ұрттап қойып тұрған екен. Соны байқап қалған ақын Ғафу Қайырбеков:

Иван Шухов дегенің мына кісі,
Қалтада сылдырлайды флягісі.
Қазақ ішпей тұрғанда орыс ішіп,
Адамның келеді екен жылағысы...

– деген бір ауыз өлең шығарған екен. Сол айтпақшы флягі тасу да тек орыстың әдеті. Сергей (шын есімі Серік екен) де осы әдетті де бойына жұқтырыпты.

Мен оның «Сауран» деген бір ұзақ әңгімесін аударған да едім, бірде Мәскеуге барғанда хабарласып, кітапқа шыққан аударманы тапсырмақ едім, аса керек қылған жоқ...

Арғы атасы бай болған екен, оның мүйізден жасалған орынтағы облыстық музейде тұр... Бірақ байдың бәрі текті деймісің. Жәкеңнің айтуына қарағанда мұның атасы аталы бай емес, өзінің пысықтығының, алаяқтығының арқасында ғана байлыққа қол жеткізген біреу екен. Бір орыстың байына приказщик болып жүріп, Ресейге мал айдап бара жатқанда, жолда арақ ішкен бай мас болып, ұйықтап қалғанда әлгінің бір дорба ақшасын ұрлап алып, тығып тастаған көрінеді. Есін жинаған орыс қанша іздесе де таппайды, қанша қысса да бұл айтпайды. Малын жәрмеңкеге апарып өткізген соң орыс көпесі мұны қасынан қуып жібереді. Ал бұл болса қайтып келе жатып, ақшаны тыққан жерден алып: «Здрасти байлық, прощай жарлылық» деп шауып кетіпті. Орыс байының сол ақшасы бұған құт болып дарып, біраз уақыттан кейін байып шыға келген екен...

Жақсылық аға жастардың мінезінің бұзылып бара жатқанына қатты қынжылатын. Базарда тауар сатып

тұрған жас қазақ келіншектерінің бейпіл сөйлеп, кейде шылым тартып тұрғандарына қарадай күйінетін. «Бұл жоқшылықтан емес, ниеттері бұзылып бара жатқаннан» дейтін ағамыз. Шынында сол жылдардан қазақтың жас әйелдері арасында неше түрлі көрініс шықты. Тіпті жезөкшелікпен айналысып кеткендерді де көрдік. Қызмет етіп жүрген әйелдер арасынан да армян, әзірбайжандармен кетіп, солардың қолбаласы болып жүргендерді де білеміз.

Мен сол төрт жұмысты қатар атқарып, кітапты да жалғастырып, жүріп жаттым. Өзім күнделік те жүргізетінмін. 1999 жылдың 2 қазанында «жаңа ғана романымды толық аяқтап, соңғы нүктесін қойдым» деп жазыппын. Демек, осы күн мен үшін тарихи күн болған екен...

Одан әрі: «сөйтіп, менің 8,5 ай бойғы еңбегім аяқталды, әрине жұмысы әлі жетерлік: «Қырнау керек, қосу керек, толықтыру керек. Спонсор тауып, бастыру керек» деп жазылыпты...

Кітаптың көбі қолжазбада, үйде отырып сүйкей бергенмін ғой. Әлі күнге машинкаға аз бөлігі ғана бастырылған. Енді соны толықтай бастырудың қамына кірістім. Осы күндердің бірінде Көшкәман деген әжеміз түсіме кірді. Аяған бауырымның шешесінің анасы ғой. Ол ел анасы еді. Адуынды, айтқыш, ызғарлы адам болатын. Сол кісі түсімде маған өз әжем Балаудың: «саналы еңбекпен мұратқа жетесің, санасыз еңбекпен ұятқа қаласың» дегенін жеткізді. Бұл сөздер де көп уақыт маған қатты әсер етіп жүрді.

Алла сәтін салатын істердің жолын күтпеген жерден келтіреді. Облыстық полиграфияға менің қарамағымдағы бір әйел ревизия жасаған еді, сол мекеменің газет қана шығармай, кітап басуға да мүмкіндіктері бар екенін біліп берді. Мұны естіген соң өзім барып сөйлескен едім, кітап шығара алмаймыз, біз тек брошюра

ғана дайындай аламыз деді. Бірақ полиграфияның бастығы біздің табанды өтінішімізден бас тарта алмай, біраз ақшаға бастырып беруге келісті. Сөйтіп, «Бітеу жараның» басылған беттерін әкеп тұрдым, басылмаған беттерін өзім теріп жүрдім. Қорғасынмен теріп, басады екен, жұмысы өте ауыр көрінді. Терімші әйел Тыныштық деген бір қырсықтау жан екен, маған «неге сонша жаза бергенсіз» деп кінә да тағып қояды. Онымен тәжікелескеннен түк шықпасын білген мен үндемей құтылып, айтқанына көне беремін. Корректорым Дина (шын есімі Дәмет).

Сөйтіп, «Бітеу жараны» бастыруға кірістім. Ешкімге айтпай, жасырын, тек басып шығаруды ғана ойлап, тыныш жүріп жаттым. Өйткені, сол жылдарда менің кітап бастырып жатқанымды білсе қызғаныштан жарылып – өлуге бар «достарым» көп еді. Кейбіреулері менің жазған мақалаларыма да жармасып, олардың халық жүрегіне жеткенін қызғанып, күндеп жүретін. Өзіме тура айтпаса да сырттан болған әңгімелерде әйтеуір мені қыжыртуға тырысатын. Ондайды біліп қалса Назымбек Оразымбетов ағам менің жағыма шығып, үнемі таласып, тартысып жүретін еді, марқұм. Өзім ондайды елемейтінмін, қайтемін сол деңгейі төмен, түсінігі аздармен жауласып деп қоя салатынмын. «Мені қапты екен деп мен де итті қапсам – аузымда не қасиет қалады» деп Абай айтқандай ұсақ пенделерден ірі болуға тырысатынмын.

Егер білсе солар мені жасырын түрде кітап бастырып жатыр деп тиісті жерге жазудан да қашпас еді. Оның үстіне кітап оқиғалары өте күрделі, қазақ әдебиетінде тұңғыш рет Қонаевтың, Колбиннің, Назарбаевтың, Горбачевтің, Лигачевтің, Камалиденовтың, Меңдібаевтың әдеби көркем образдары жасалды. Және Қонаевтан басқасының бәрі тірі адамдар... Есімдері де өзгертілмеген,

бәрі де өз аттарымен жүр. Елдің ең жоғары билігіндегі қарым-қатынастар мен диалогтар берілді. Олардың ой-армандары, пікірлері, сөздері, қылықтары нанымды көрсетілді. Артынан бірде-бір адам бұл дұрыс емес деген емес. Сондықтан мен кітаптың басылып жатқанын ешкімге білдірмеуге тырыстым. Терімші мен корректорыма да ешкімге айтпауын өтініп, оларға арасында сыйлықтар да апарып тұратынмын.

Өкінішке орай «Бітеу жараның» сол, алғашқы нұсқасы өзімде қалмады да... Әріп қатесі өте көп еді. Демеушілерім қатарында Нұрлан Сәрсенбаев, Марат Ысқақов, Марат Сәрсенбаев және т.б. бірнеше жігіт болды.

Осы арада Тауағаштан бірге түлеп ұшқан Назымбек ағам жөнінде де айта кетейін. Ол біздің ауылдан шығып, облысқа танымал болған аз азаматтарымыздың бірі. Ұзақ жылдар қазақ интернатында директордың орынбасары болған, кісіге жақын, әзілқой, айтқыш ашық мінезімен талай адамдармен дос, жолдас болған жан. Ол мені үнемі қолдап, қорғап жүретін жанашырым еді. Айықпас кеселге ұшырап, өмірден ерте кетті. Аға алдындағы парызымды орындайын деп, Гүлнәзия жеңгейдің бастамасын қолдап мен ол туралы «Арыстан еді-ау, Назымбек» деген жинақ құрастырдым. Алла жәннаттың төрінен орын берсін, ағамызға, жақсы адам еді.

2000-шы жылдың 5 ақпанында «Бітеу жараны» толық басып бітірдім, 430 бет болды. Басылған беттерімді баспада тергізіп те жатырмын дедім ғой, бірақ терімші әйел біресе ауырып қалып, біресе тағы бірдеңесі шығып, жұмысы өніңкіремей жүрді. Осы жұмыстың өзі қызық болды. Әдетте, кітап бастыру үшін ол қағазға толық теріліп, редактор оқып, қол қойғаннан кейін ғана бастыруға жібереді ғой. Ал менде екі жұмыс қатар жүрді және ешкімді редактор қылған жоқпын. Даулы дүниені тағы біреуге білдіріп қайтейін? Мұндайды көрмеген

корректор Дәметтің өзі қорқа соғып, «Жақсыбай, сенің мына кітабың атыңды аспанға шығарар немесе керісінше болар. Әйтеуір сойқан» деп таң қалып жүретін...

Ақшасын да бірден төлей алмай, үзіп-созып, бірдеңе түсіп қалғанда ғана төлейтінмін. Ондай да бола бермейді, бірақ Алла ретін келтіреді ғой. Ара-арасында біреуге мақала жазып беремін, біреудің жұмысына көмек беремін... Әйтеуір, қолым құр отырмайды. Осындайларды білген енем «Жақсыбай ойдан орады, қырдан қырады» деп мақтайды екен.

18 ақпанда 40-қа толып, оны да өз арамызда атап өттік. Ресми түрде қазанның 20-да толамын ғой, сол кезде тағы да атармын деп жүрдім.

Жекешелендіру комитетінде жүріп бар көрген пайдам – Корнеевка селосынан Жеңіс қайнағама дүкен алып бердім. Ол дүкеннің жұмысын басқа біреу осы уақытқа дейін жүргізіп тұрған екен, бірақ рәсімдемеген, соны аукционнан сату кезінде Жеңістің пайдасына шешіп, орыс жігітін жеңіп бердік. Бұл да сол тәуелсіздіктің арқасы ғой, әйтпесе бұрын орыс пен қазақ таласқанда қазақ қашан жеңіп еді?..

13 маусымда «Бітеу жараның» алғашқы екі данасын алдым. Өзіңнің сөзіңнің тасқа басылып, кітап болып шыққанына мәз болады екенсің, жаңа туған балаңды көргендей қызығып қарай беремін. Сапасы әрине төмен, беттері тігілмей, жіппен шандып, бекітіліпті. Бұларда беттейтін аппарат та болмағаны ғой. Ең қырсығы сол, әріп қатесі өріп жүр. Тіпті кейбір сөйлемдерді түсіну де қиын. Соның өзінде қуанышым шексіз, айналдырып қарай беремін...

Шілдеде демалысқа шыққан едім, өзіміздегі турагенстволардың бірінен Бурабайдың маңындағы «Қотыркөл» деген жердегі демалыс орнына жолдама сатып алдым. Манар алдында Қорған облысындағы

«Медвежье» деген санаторийден дем алып келген, енді мен де белсенді түрде дем алмақ болдым. Биылғы еңбегім қандай демалыс болса да тұрарлық еді. «Бітеу жара. Желтоқсан – 86» толық атауымен шыққан кітабымның 30 данасын қолыма алдым. Оның 10 данасын өзіммен бірге алып шықтым. Қотыркөлде дем алған соң ар жағында Астанаға барып, біраз адамға өз қолыммен бермекпін...

Қотыркөлдің «Спутник» деген демалыс орнында бір аптадай болдым. Бір тыныш, ауасы таза, тамаша жер екен. Шағын көлі де бар. Бір аптадай рахаттанып дем алдым. Бірақ осында көп қыздырынып қойып, күн тигізіп ауырып та қалдым...

Толымбек пен Кәмилә Астанадан бір бөлмелі пәтер типті үй алған. Толымбек республикалық «Қазақ әдебиетінің» Астанадағы тілшісі болыпты, Кәмила базарға шығып, түрлі тамақ өнімдерін сатады екен. Ерасыл кісіге ежелден жақын, сол үйден бір достар тауып алып, ойнап жүретін көрінеді.

Мен Төкеңнің пікірін білмек болып «Бітеу жараның» 25 беттейін бастырып, алдында апарған едім, алайда одан ауыз тұщынтарлық пікір ала алмадым. Әлеуметтік, саяси бағытты ұстаған күрделі роман оның қолайына келмеді-ау деймін, тек «жақсы-жақсы» деген ғана пікір айта алды.

Кейде, керемет бір жетістікке жеткенде адамның басына эйфория деген бір бәле қонады. Өзінің жеңісінен басқа ештеңені сезбей, дүниенің бәрі соған байланып қалғандай көретін бір ессіз шаттану, масаттану сәтін осылай атайды екен ғой. Мен де соны бастан кештім. «Бітеу жараны» бәрі жабысып оқитындай, бәрі таң қалып тамашалайтындай, жапатармағай талқылап, пікір айтатындай көрдім. Сол ет қызуымен Алматыдағы Хасен Қожахметке, Мұхтар Мағауинге, Мұхтар Шахановқа

және т.б. жібердім. Өзіміздің қаладағы есті-басты деген адамдардың біразына ұстаттым. Соның ішінде облыс әкімінің бірінші орынбасары қызметіндегі Құдайберген Қалиев ағама да бердім. Ол кісі мұндай еңбектің тұсаукесерін өткізу керек қой, Майра Қажыбаевнаға айту керек деді. Оның айтып отырғаны әкімнің идеология жөніндегі орынбасары Майра Қанафина ханым. Ол мені маңына жолатпайтын адам, әбден орыс болып кеткен жазған қазақы дүниенің бәрін өзі ұқпаған соң қауіпті көретін. Менің белсенділігімнен де әсіресе қатты қорқатын.

Бірде қазақ азаматтары мен әзірбайжандар төбелесіп, біздің бір жігітке пышақ ұрылған еді. Бұл 1992 жылы болған оқиға. Сонда қазақ атаулы көтеріліп, бізге кейбір орыстарымыз да қосылып, әзірбайжандарды қаладан қууға тырысқанбыз. Бізді облыстың ішкі істер басқармасының бастығы, генерал Баранов пен Майра Қанафина көшеге шығармай, облыстық филармонияның ішінде ұстап, тыныштандыруға тырысқан. Сол жиында мен орысша сөйлеп, Баранов мырзаның тәртіпті қамтамасыз ете алмай отырғанын, сондықтан біз өзімізді басынғандарды өзіміз құрықтауға мәжбүрміз деп айғайлағанмын. Сол кезден Майра Қанафина мені жақсы біледі, үнемі маған қауіппен қарап жүретін. Артынан, бірнеше жылдар өткен соң, «Елім-ай» деген тәуелсіз газет шығарғым келгенде де аяқтан шалып, газетті тіркеуден өткізбей қойды. Сондықтан Майра Қанафинаның мені қолдайтындығына шүбә келтіріп, мен оған барған жоқпын. Менің кітабымның тұсаукесерін өткізуге қаражатты Құдайберген Қалиевтің өзі тауып берді.

Астанада өз қолыммен «Егемен Қазақстан» газетінің сол кездегі бас редакторы Ержұман Смайыл ағама, ақын Серік Тұрғынбековке, жерлестеріміз Мырзатай

Серғалиевке, Нұрғожа Оразовқа, Ербол Шәймерденовке, жазушы, бұрынғы КГБ қызметкері Амантай Кәкенге және т.б. Толымбекті ертіп жүріп, өз қолыммен сыйладым. Әйтеуір өзім білетін атақты адамдарды қалдырған жоқпын.

Қызылжардың политехникалық институтының ректоры, қалалық «Қазақ тілі» қоғамының бұрынғы төрағасы Қайырбек Оразов ағамыз Парламентке депутат болып кеткен. Олардың шақырылымын Назазарбаев таратқаннан кейін Үкіметке жұмысқа кірген еді. Сол жылдары ол Үкіметтің парламенттегі өкілі қызметін атқаратын. Толымбек екеуміз оның жұмыс орнына барып, кітапты өз қолыммен бердім. Қауқылдаған ақжарқын, ақкөңіл адам еді, ағамыз. Толық денелі, дөңгелек бет, маймұрын, кішкене көкшілт көзді болатын. Ол алдымен мұндағы қызметіне көңілі толмайтынын айтты.

– Техника ғылымдарының докторы, профессор адамға мұнда істейтін жұмыс жоқ екен,- деді ол. Қағаз сапырыстырып, бастықтың бетіне қарап, қалай жағуды ойлайтын адам болмағандықтан шенеуніктік жұмыс шынында да оған жат еді.

Адамдардың өзі әртүрлі болады ғой, біреулер тас шауып, мұз жарып жол салады, адамзатқа пайда келтіруге тырысады. Екінші біреулер оның салған жолын тегістеп, ұшқан тас пен мұзды жинайды, артын сыпырады. Біріншілердің бойында қажырлы қуат болады, олар үнемі бір жақсылық, жаңалық жасауға құштар болып тұрады және соның бәрін халыққа жеткізуге, таратуға тырысады. Сондықтан да ондай адамға халық әрқашан да риза, есімдерін ауыздарынан тастамай айтып жүреді. Ал екіншілері мықтының артын жинап жүріп оған жағуға тырысады. Басқалардың өзіне бәсеке болмағанын қалайды, сол үшін неше түрлі айла-шарғыға, интригаға әуес болады.

Қайырбек Оразов марқұм бірінші типтегілерге жататын жан еді. Оның бойындағы жаңа жол салуға, жаңа істер жасауға бастайтын шексіз қуат шенеуніктің тар қарымды кабинеті мен ұсақ тірлікке сыйғызбады. Сол кезде оның әлеуетін президент пайдалы іске жұмсайтын болса министр қылмаса да кемінде көп ЖОО-лардың біріне ректор етіп жіберуіне болатын еді. Бірақ өзінің ағайындары, қайын жұрты, құдалары, достары және солардың ұсынған адамдарынан басқаны керек қылмаған Назарбаев нағыз іскер адамдарды, ақын Шаханов айтқандай «ат қорада ұстап» келді. Қайырбек Оразов ағамыз да соның бірі болды. Ағамыздың бойына кірген дімкәс осы себептен болды ғой деп ойлаймын. Денсаулығы мықты жан кейін дертке ұрынып, ақыры алпысқа жетпеген жасында жүрек талмасынан дүниеден өтті.

«Бітеу жараны» ол ашық-жарқын қабылдағанымен оның техникалық жағынан нашар шыққанына қынжылып қалды.

– Жақсыбай бауырым, мына кітабыңды мен тегіс оқып шығамын деп айта алмаймын, қағаздан қол тие бермейді. Күніне осындай кітаптың жартысына жуық қағаздарды оқып шығып, қорытынды жасаймын. Енді, тек сенбі-жексенбідегі демалыстарымның арасында оқуға тырысармын, – деп алып қалды.

Демалысым аяқталып, жұмысқа шыққан соң кітаптың қалған бөлігін алып, Алматыдағы Сәбетқазы Ақатай, Алдан Әйімбетов, Темірхан Медетбек, Сафуан Шәймерденовке және «Қазақ әдебиеті» газетіне салып жібердім. Әрқайсына жазған арнаулы хатымды да ішіне салдым. Әсіресе, Сафуан ағама жазған хатымда елде болған аса маңызды оқиға туралы жазған еңбегімді қолдап, баспасөзде бір пікір айтуыңыздан үміттімін деген сөздер де айтқан едім... Оның үстіне кітапта Сафекеңнің өзі

туралы да айтылған ғой, оның Желтоқсанда айтқан сөзі туралы да пікірімді айтып кеткен едім.

Айта кететін жайт, бұл уақытта біздің жекешелендіру комитетін өкімет тағы да быт-шыт етті. Республикалық және жергілікті муниципалдық меншік басқармалары деп екіге бөліп тастады. Соның республикалық меншігіне 14 адамды ғана қалдырды, ал екіншісіне 30 шақты адам қалдырып, барлық қызметкерлердің 40 пайызын қысқартқан. Біздің ревизиялық бөлімізден де 5–6 адам ғана қалдырды. Сөйтіп, тексеріс, бақылау дегендерді мүлде жоюға бет алды. Мұның өзі ұрлықтың қадамы қарыштай бастағандығының көрінісі еді.

Маған республикалық меншік басқармасының аудармашылығы ғана ұсынылды. Соны қанағат тұттым, өйткені жергілікті муниципалдық меншік басқармасының аудармашылығы да өзімде қалды. Оның үстіне темір жол колледжіндегі оқытушылығым бар, сондықтан үш орыннан табыс тауып, ақша жағынан тапшылық көрген жоқпын.

Нұрлан Сәрсембаев мүліктерді тіркеу мекемесіне (БТИ) директор болып кетті, Шәкира Кәрімовна да оның орынбасары болып аттанды. Біздің басқармаға Виктор Бланк, муниципалды меншік басқармасына Серік Ыбыраев бастық болды.

Бір күні колледждегі жұмысымнан асыға басып, жұмысқа кіріп жатыр едім, жұрттың бәрі үрпиісіп маған қарайды. Ол кезде бухгалтерлермен бірге отыратынмын, бас бухгалтер:

– Сізге жаңа ғана Қазақстан өкіметінен бір адам хабарласты. Біз қазір келеді деп едік, жақсы, мен кейінірек хабарласамын деді, – дейді.

Жүрегім бір жақсылықты сезгендей, өрекпіп кетті. Көп кешіккен жоқ, телефон тағы шыр етті. Паралельді сыммен байланысқан бір нөмір ғой, мен өз үстелімдегі

тұтқаны көтерген едім, ар жақтан құлаққа жағымды, гүрілдеген дауыс саңқ етті. Бұл – марқұм Қайырбек Оразов ағамыз еді. Ағамыз өзінің «Бітеу жараны» толық оқып шығып, керемет әсер алғанын айтты. «Сен «просто» нағыз талант екенсің ғой, білмей жүріппіз. Мынауың бір ғажайып кітап екен, әттең грамматикалық қателері өріп жүр. Ана Қонаев, Колбиндердің іс-әрекетін, ойларын қалай дәл бергенсің. Назарбаевтың пленумда талып қалғаны рас па? Мына кітапты міндетті түрде қайтадан шығару керек. Мен мында мәдениет министрлігімен хабарласамын. Сапалы етіп шығарса, мына кітапқа баға жетпейді» деп ақпейіл ағамыз өзінің жүрегіндегі бар шындығын айтып, бір-ақ ақтарылды. Қазақ мектебін алтын медальмен бітіріп, Мәскеудің «ВТУ им.Баумана» деген престижді оқу орнын бітірген, кейін техника ғылымының докторы атағын қорғаған өте білімді адам ғой, кітаптың жетістіктері мен кемшілігін дәл басып айтты. Өзі бірдеңеге таңырқағанда «просто» деген сөзді жиі айтатын еді. Бұл жолы да онысын аямай төкті.

Қайырбек ағаның бағасы менің төбемді көкке жеткізгендей болды. Шіркін-ай, әлеуметтік маңызы зор дүниені бағалай білетін, сөз танитын адамдар бар екен-ау деп қатты қуандым. Ағаның кітапты «министрлік арқылы қайта басылып шығаруға күш саламын» дегені де қатты қуантты. Әттең, дүние-ай, асыл ағамыз сол оқиғадан кейін бір жылға жетпейтін уақытта өмірден қол бұлғап кете барды, әйтпесе айтқанын орындайтын еді. Жаны жәннатта болсын, батамнан ешқашан қалдырмаймын.

«Бітеу жараға» барынша таң қалып, ой-пікірін жеткізуге асыққан адамның тағы бірі Қабдырақым Жақыпов марқұм. Ол біздің жекешелендіру комитетінде алғашқы бастық болған адам ғой, сондықтан мындағылар оны жақсы біледі. Қабекең марқұм да көзі ашық, көңілі жүйрік адам еді. Мәскеудің Қоғамдық ғылымдар академиясын

үздік бітіріп, экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғаған адам. «Бітеу жараны» оқып болған соң ол менің жұмыс орныма келіп, қызметкерлердің көзінше жақсы пікірлерін біраз ақтарды.

Өкінішке орай, бұл кісінің де өмірі қысқа болды. Аяқ астынан, күтпеген жерден, ауырмай-сырқамай қазаға ұшырады. Орыстар айтатын «глупая смерть» деген осы кісінің басына келді. Біздің жақтың көптеген пысық қазақтары орыстардан қалмай, саяжай ұстайды. Қолы жеткендер су сақтау үшін оның басына ауыр чандар (сыйымдылығы үлкен темір ыдыс) апарып қояды. Күз бен қыста саяжайларды кезіп жүретін маскүнемдердің қыстырып кетуінен сақтанып, темір күрек, тырнауыш деген сияқты заттарды сол чанның астына тығып кетеді. Ауыр чанның өзін домкратпен көтеріп, астынан шағын ұра қазып, құрал-жабдықтарды сонда жасырады. Ал ерте көктемде, саяжайды жинауға келгенде чанды қайтадан домкратпен көтеріп, құрал-жабдықтарын алады. Қабекең де пысық қазақтың бірі еді, жер құрғаған бойында жалғыз өзі келіп, чанды домкратпен көтеріп, құрал-жабдығын алғалы жатқанда домкрат тайып кетіп, оны басып қалыпты. Жанында көмекке келетін жан жоқ, ағамыз ауыр жағдайда солай мерт болған...

Алматылықтардың арасынан Хасен Қожахмет кітабымды мақтап, өзінің де соңғы шыққан бір кітабын салып жіберді. «Қазақтың дисседенті» атанған бұл кісінің пікірлері кейін өзі қатысатын орыс-қазақ тіліндегі «Доживем до понедельника» газетіне шықты. Мұхтар Шахановқа өзім хабарластым. Ол кітапты оқығанын, риза болғанын, осы уақытқа дейін желтоқсан оқиғасы туралы жазылған дүниелердің ең жақсысы екенін айтты.

Ал Мұхтар Мағауин ағамыз 2001 жылы, өзі басқаратын «Жұлдыздың» он екінші нөміріне «Бітеу жараны» басып шығарды. Артынан, рахметімді айтып

хабарласқанымда, тынысым кең, үлкен жазушыға лайық екенімді айтып мақтады.

Осы арада тағы бір адамның пікірін де айта кеткім келіп отыр. Ол біздің облыстан шыққан екі мықты болса бірі, жалғыз болса соның өзі деп айтуға болатын – Бүркітбай Аяған. Республика көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде танылған тарихшы ғалымымыз. Ол кісі туралы төменде тағы тоқталармын, бұл жерде тек «Бітеу жара» туралы пікірін айта кетейін. Рас, мен оған кітабымның бірінші нұсқасын бере алған жоқпын, ол кезде таныс емес едім, ал келесі нұсқасын ол оқыды. Ағамыздың ең бірінші айтқан сөзі: «Маған кітабың өте ұнады, елдің бір түкпіріндегі Тауағаштың баласы осындай кітап жазады деп ойламаған едім. Мына еңбегіңді жазғанда саған бір академик консультант – кеңесші болған сияқты. Қарапайым адамдар біле бермейтін дүниелер өте көп екен», деді. Түсінген жанға осының өзі үлкен баға. Артынан ол мені ойын-шын аралас «тірі классик» деп атап кетті. Мақтанып, өтірік айтып отыр дегендер болса көзі тірі ағамыздан сұрауына болады.

Бүкіл елімізге белгілі тағы бір күрескер ағамыз, мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт жанашыры, парламент сенатының алғашқы депутаттарының бірі Сабыр Қасымов ағам да «Бітеу жараны» жоғары бағалады. Ол кітап оқиғаларының қайшылығына, күрделі шешімдеріне қызығушылық танытып жүретін. Осының бәрін қалай зерттегенсіз деп таң қалатын еді.

Өзім кітап берген адамдардың арасында көңілімді қалдырған жалғыз адам Сафуан Шәймерденов марқұм ғана болды. Бір күні республикалық ТВ арналардың бірінде ол сұхбат беріп отыр екен. Көп әңгіменің басын шалып, қазіргі шығып жатқан кітаптар туралы да айтты. Соның ішінде, нақты айтпаса да, менің кітабымның техникалық жағынан нашар екендігіне көңіл аударып,

кейбіреулер сапасы төмен кітаптар шығаратын болыпты деген сыңайда түйреп өтті. «Ондайларға жол бермеу керек» деген қатаң байламын да айтып қалды. Оны жақсы пікір білдірер, қолдар деп жүрсем «сенген қойым сен болсаң күйсегеніңді ұрайын» дегендей керісінше мазмұнына мән бермей, формасының нашарлығын айтып жатыр...

Республикалық «Егемен Қазақстан» газеті де жақсы пікір жазылған үлкен мақала берді. Облыстық теледидардан Жарасбай Сүлейменов ағамыз «Ой толқын» деген авторлық хабарына Қызылжардағы қазақ зиялы қауымының бір тобын қатыстырып, кітапты талдап, онда нешетүрлі оң пікірлер айтылды. Соның ішінде Жақсылық Ысқақов, Зарқын Тайшыбай, Сабыржан Әбілмәжінов, Қайролла Мұқанов, Зейнолла Олжабаев, Ораз Жақсыбаев, Назымбек Оразымбетов, Өмір Есқали, Амангелді Сәулебаев және өзім де қатысқан едім. Осы талдаудың бейнекөрінісі менде сақталған.

Ербол Шәймерденов ағамыз да «Бітеу жара» туралы жақсы пікір білдіріпті. Оны маған артынан Ержұман Смайыл ағам айтты. «Сені «Егеменге» шақыруға Ерболдың мақтаған сөзі себеп болды» деді ол бірде. Бірақ Ерағаң өзімен бірге оқыған адамдардың бәрін көтеріп, мақтап жүретін. Ербол ағамыз екеуі де ҚазМУ-де бірге, бір топта оқыған ғой. Сондықтан Ербол ағамыз туралы да жақсы пікір тарату үшін ғана айтты-ау деймін. Өйткені, Ербол ағамыз сарабдал, сөзге сараң жан еді.

Жарнамасы осылай, біраз жерге барған соң оны іздейтін адамдар да көп шықты. Облыстық кітапханалардан алып оқитындар да көбейді. Өзімді де мектептер, кітапханалар, басқа да оқу, жұмыс орындары кездесулерге шақырып жатты. Желтоқсанның батыры аяқ астынан мен болып кеткендей болдым.

Сол жылғы қараша айында облыстың зиялы қауым өкілдерін, өзімнің туыстарым мен достарымды, әріптестерімді шақырып, кітаптың тұсаукесерін жасап, әрі 40 жасқа толуымды «Батыр» деген ресторанда кеңінен атап өттім. Үйленгеннен басқа өзімнің өмірімдегі ең үлкен тойым да осы болды. Шашубай ағам жүргізіп, тойды қыздырды. Бұған дейін Қызылжарда кітап тойы болып көрмеген екен, сол жағы баса айтылды. Осы тойда «Қаламгер» қорының да тұсаукесерін жасадық. Оны жергілікті қаламгерлерді қолдау үшін өзім ашқан едім, демеуші жағы тапшы болып, мардымды болмады.

Тойға шақырылғандар арасында Тауағаштың сол кездегі басшысы Еркеұлан Қазыбеков ағам да әйелімен болған еді. Өзіне сөз тигенде ол туған ауылымыз Тауағаш туралы да кітап жазшы деп өтінді. Сол күнге дейін мұндайды ойлап көрмеген едім, бұл идея маған дұрыс көрінді. Өзі «ауылдың атынан» деп сол кездің нарқымен 50 мың теңге көлемінде үлкен сый-құрмет көрсетті. Ең бастысы оның ауыл туралы кітап жазшы деген сөзі қамшы болды. Жатсам-тұрсам осы идеяны ойлайтын болдым, ақыры 2001 жылы ауылымыз туралы еңбек жазуға талпындым.

Кітап тойы тамаша өтті, оны жұрт көп уақыт еске алып жүрді. Тойға Қызылжарда қалам ұстайтын жандардың көбі қатысты. Соның ішінде облыстық ТВ бастығы Кәрібай Мұсырман, журналистер, режиссерлер Меңсұлу Бейсенова, Баян Баймұқанова, Күннәр Қабдөшева, Кәмилә Әлібаева, Асхат Сағындықов марқұм, облыстық газеттен бас редактордың орынбасары Болат Қожахметов, Мұрат Нұрмұқанов, Әскер Әбілқайыров, Құрман Шүленбайұлы, Өмір Есқали, Назымбек Оразымбетов, Мұратбек Тәліпов, демеушім Марат Сәрсембаев, корректорым Дәмет, Астанадан Толымбек досым және өзімнің барлық туыстарым болды.

Осы тойдан кейін көп ұзамай ауылым туралы кітап жазуға ниеттеніп материал жинамақ болып ауылға келдім.

Көптеген адамдармен кездестім, көбінің сөздерін жазып алдым, фотографияларын жинадым. Шынында ауылдың тарихы өте күрделі әрі қызық екен. Бұрын көп нәрсені білмейтін едім. Бәрін бір сапарда біліп кетпейсің ғой, сондықтан ауылға баруды жиілеттім.

Тағы бірде барғанымда Ағыбай ағам бір қағазды көрсетіп еді, одан мен Тауағаш ауылы тұрғындары өздеріне тиесілі жер үлесін «Голден Грейн» деген фирмаға он бес жыл бойы бөліп төлеумен сатып жібергенін білдім. Осы сату келісімшартына сәйкес он бес жыл бойы фирма ауылдастарыма еккен егіннің болар-болмас бөлігін «пай» деп беріп тұрады екен де, ар жағында осы пайдың есебінен жерді өздерінің атына толық аударып алады екен. Содан кейін ауылдықтардың тіпті мал жаятын жерінің өзі жаттыкі болып шыға келмек. Тіпті шабындықтарды да қалдырмай, тегіс жыртып тастауы да мүмкін, өйткені, жерді пайдалану құқын сатып алған фирма енді оны өзінің қалауынша пайдаланады.

Осы оқиғаның шиеленісуі мен шешілуін мен «Тауағаш деген ел едік» деген кітабымда толық жаздым. Сондықтан оны бұл арада қайталамай-ақ қояйын. Әйтеуір, ауылдастарымды 8 рет сот процесіне бастап барып, жерін де, құрал-саймандарын да қайтарғанымды еске салайын. Бұл жұмыс менің жүйкеме ауыр салмақ салды, алдағы болатын айқастарды ойлап, кейде үйқым шайдай ашылып, көрер таңды көзіммен атқарған күндерім де болды. Оның үстіне жол да жоқ, астымда өзіндік көлігім де жоқ, қыстың бораны, көктемгі лайсаң, күздің қара суығы мен сазында ауылмен екі ортада сабылу әбден діңкелеткен еді.

Жер дауына байланысты Тауағаштың көрген құқайын талай қазақ ауылдары да тартқан. Олардың біразы әлі

күнге дейін соттасып жүр. Кейбір ауылдардың өкілдері маған келіп ақыл-кеңес те алып жатады.

Туған ауылымның жерін алпауыттан қайтарумен екі жыл бойы алысып жүргенде қызықты да, қиын да оқиғалар болып жатты. Соның ішінде бір үйде өскен Балғабай (өзіміз Бәкөш дейміз) ағамның 50 жылдығын тойладық. Қар енді еріп жатқан, жолсыз уақыт еді. Мініп барған машинамыз тағы да сол Мереке (Оседлое) ауылында тұрып қалып, мен елге жаяу барып, трактор әкелдім. Жеңгеміз, Нағима марқұм жақсы дайындалған екен, оның үстіне біз ағама өлең дайындап барып, оны әнмен айтып, жақсы сыйлығымызды беріп, жиналғандардың арасына бір жылылық аурасын орнатып, тойшылар өте көңілді болды.

Дәл осындай көңілді жайт сол жылдың күзінде болды. Қазанның 1-де Қарттар күні тойланады ғой. Жерінен айрылып қала жаздаған қам көңілді тауағаштық ақсақалдар мен әжелерді Қарттар күнімен құттықтамақ болып Манар екеуміз шамамызша дайындалып, ауылға бардық. Облысқа белгілі, атақты әнші Кәмилә Әлібаеваны да ала барғанбыз, жиын өте тартымды, көңілді болды. Оның үстіне аудандық мәслихаттың сол кездегі хатшысы Бауыржан Шерияздановты да шақырған едік, оның құттықтауы жергілікті өкілді билік тарапынан болғандықтан халықты тіпті қуантты. Көптен қымыз ішпеген ақсақалдар біз апарған екі бидонды да тауысып, күрең қызыл бауырсақты, өрік-мейіз, қымбат кәмпит-шоколадтарды мақтап отырып жеп, шай ішкен еді. Бәрін жеке-жеке мақтап, әйелдердің басына орамал, еркектерге тебетей кигіздік. Бұл кризистен әлі толық арылмаған жылдар ғой, соның өзіне қарттар мәз болып қалды. Оларды әсіресе қатты қуантқан Кәмиланың тамаша әндері болды. Әуелетіп шырқаған оның дауысы Тауағаш аспанында ұзақ уақыт сақталған шығар.

Ақсақалдардың бізге берген алғыстары мен батасы сол жолы шексіз болған еді.

Жоғарыда айтылған «Тауағаш деген ел едік...» атты кітабым 2003 жылы жарық көрді. Сол жылдарда «Қазақстанның демократиялық партиясы», артынан «Алаш» атанған партияның бір белсендісі болып жүргенімді жоғарыда жаздым. «Алаштың» орталығы Көкшетауда болып, оның төрағалығына Жанат Қасым сайланғанын еске сала кетейін. Ол исі терістік өңірлерінде алғашқы жекеменшік қазақ мектебін, артынан «Сана», одан «Көкше» академиясы» деп атын өзгерткен жоғары оқу орынын ашқан іскер жігіт.

Мен онымен жақсы араластым. Ол мінезі салмақты, ортадан төмен бойы бар, нығыз, ауыр атлетикамен айналысқан көп қырлы азамат. Физика ғылымынан кандидаттық та қорғаған. Әйелі Гүлнәр Сейтен Сауытбеков деген атақты адамның қызы. Екеуі жоғары оқу орнының ауыр жүгін бірлесе арқалап, биік табыстарға да жеткен еді.

Сейтен ағамыздың тағдыры да өте қызық. Ол ескіше оқыған, терең білімді адам болған. Өзінің ауылы Балуанда ұзақ жылдар мектеп директоры болып, нешетүрлі инициативаның бастамашысы болады. Мысалы, шыны төбелі жәшік істетіп, оның ішіне қарындаш, қалам, дәптер сияқты дүниелерді салып қояды. Әрбір бала өзіне керек затты ақысын жәшіктің жанындағы қобдишаға тастап, алып отырады екен. Ашпа-жалап Кеңестің тек ұрлыққа бейімделген балалары мұндай тегін дүниені босатар ма, бәрі де жұрттың көзін ала беріп, керек дүниесін тегін алып кетіп отырады. Ал Сейтен аға ақысы салынбаса да келесі жолы жәшікті тағы толтырады және салған дүниенің бәрін өз ақшасына сатып алады. Осылай бірнеше қайталанған соң ақыры

ол балалардың ұрлыққа құнығуын тыйып, саналарын өзгертіп, тегін алмай, ақшасына алатын қылады...

Зейнет демалысына шыққан соң ағамыз Алматыға қоныс аударып, республикалық кітапхананың сирек қолжазбалар қорына жұмысқа тұрып, Қазақстан туралы, қазақтар туралы оғыз, шағатай, араб тілдерінде жазылған қолжазбаларды қазіргі қазақ тіліне түсірген. Ағамыз осы тілдердің бәрін білгенге ұқсайды.

Жанат Қасым өзінің шағын баспаханасында ол кісінің бірнеше кітапшаларын шығарды. Мен де өзімнің «Тауағаш деген ел едік...» кітабымды осы баспаханада шығарттым. Өкінішке орай, бұл баспахананың техникалық мүмкіншіліктері төмен болып, өнімі сапасыз болып шығатын. Менің екінші кітабым да соның кебін киді.

Сол жылдарда Қызылжардағы қазақ орталығының ең үлкені және тіпті жалғызы деп санауға болатын «Солтүстік Қазақстан» газетінің редакциясы туралы да бірер ауыз сөз жазбай кетуге болмайды. Мен ол редакциямен тығыз байланыста болдым, өйткені жазған мақалаларым мен әңгімелерімді шығаруым керек қой. Редакция ұжымы мүшелерінің бір-бірімен байланысы тығыз болған жоқ, сыртқа білдірмеуге тырысқандарымен бір-бірімен айтысып қала беретін. Сол мінездерін авторларына да жасайтын. Мені біреуі ұнатса, бірі ұнатпай, аяқтан шалғысы келеді. Таным деңгейі, журналистік қабілеті төмен кейбіреулері сырттан келетін бір автордың жазғандары өзінікінен әлдеқайда артық болғанын көре алмайтын, іштарлығы да мен мұндалап тұратын.

Бұрын мен мәдениет бөлімінің бастығы ғой деп жазған-сызғандарымды әдебиет пен мәдениет, тіл мәселесіне жақын болғандықтан Зейнолла Әкімжановқа апарып беретін едім. Әжептәуір ақындығы бар, білімі де біршама терең, естіп-білгені де көп, есте сақтау

қабілеті де күшті болған бұл жігіттің, қара жер хабар бермесін, іші барынша тар еді. Өзінікінен басқаның бәрін мансұқ қылуға тырысатын еді, марқұм. Оның ойынша жазылған дүниенің, айтылған ойдың бәрі тек соның қаламынан туғандай болуы керек, қарымынан аспау керек, басқа дүниенің бәрін ол мойындамайтын. Жақындап кетсең болды, қалам ұстаған әріптестерінің бәрін жамандауға тырысатын, тіпті, тыңдауға ұяласың. Оның аузынан бірде-бір адамды мақтағанын, риза болғанын ешқашан естімеппін. Бірақ артынан, көп жылдар өткен соң, мен Астанадан Қызылжарға ауысып келген соң ол менімен пікірлесуге құштар болды, телефонмен жиі хабарласып тұратын. Жазғандарымды да мақтайтын. Бұл жылдарда ол зейнетке шыққан, баяғы белсенділігі төмендеп, шау тартқан шағы ғой, соның өзінде басқа біреулерді қыжыртып, қатты сынап отыратын еді, марқұм.

Сол жылдарда мен жазғандарымды түзетуге, шимайшатпақ қылуға құштар қолдарға тигізбей, бірден оқып, орынбасарларға тапсыратындарға беруге тырыстым. «Өзім де қумын, қазақтың революцияға дейінгі тарихына жоламаймын» деп ақын Тайыр Жароков айтқандай мен де ондай іштарларды айналып, жазғандарымды өткізудің оңай жолын тауып алдым. Алдымен Мәлік Мұқанов ағаммен байланыстым. Бұл кісіні мен қатты сыйлайтын едім. Оның жазу қабілеті де, білімі де, түсінігі де өзгелерден әлдеқайда озық. Жоғарыда молырақ жазғандықтан бұл арада ол пікірлерімді қайталамай-ақ қояйын, бір сөзбен айтқанда оның иығына «Солтүстік Қазақстан» газеті тарлық ететін. Ақырында ол жаңадан ашылған республикалық парламенттің «Халық Кеңесі» газетінің меншікті тілшісі болып кетті, артынан «Егеменнің» де тілшісі болды. Мен оның талантын мойындағаннан жақындасқан едім, Мәкең де мені

қолдап, жазған-сызғандарымның бәрін еш кедергісіз өткізіп беретін.

Мәкең кеткен соң Шашубай Малдыбаев ағаммен жақындастым. Бұл кісі саясатқа аса белсенділігі жоқ болса да әлдебір себеппен бір кезде «Қазақстанның демократиялық партиясы» (ҚДП) облыстық филиалының төрағасы болып сайланды. Ал мен осы партияның мүшесімін, сондықтан ол кісімен жиі араласып кеттік. Не жазсам да газетке өткізу үшін соған әкеліп беретінмін. Шәкең редакцияның ішкі тартысымен жұмысы жоқ, ешкіммен ұстаспайды, өзін үнемі автономды түрде ұстап жүретін. Сондықтан оған жауығатындар аз, ал бастықтарға сөзі өтімді. Сөзі өтімді болатыны – ол сыртпен байланысы мықты, ірі бастықтармен тікелей сөйлесе алады. Олардың той-томалақтары болса жүргізіп береді. Шәкең сол жылдары облыстағы ең танымал тамада. Қазіргілердей миллиондап таппайтын шығар, бірақ Шәкең де осы кәсіппен өзіне қосымша табыс тауып жүретін.

Кейбір мақалаларыма Шәкеңнің де қолы тиіп, осындағы кейбіреулер секілді түзеткіштікке салынатыны болды, бірақ бәрібір көп қидаламайтын. Өзі оқыған дүниені ол емін-еркін өткізе алды. Біраздан соң Шәкең мемлекеттік қызметке ауысып кетті. Енді кімге жақындармын деп ойланып жүргенде Әскер Әбілқайыров ағамызбен жақындасудың сәті түсті. Ол Шәкеңмен отыратын еді, мен редакцияға жиі келіп жүргенде онымен әңгімелесіп қалатынмын.

Әсекең марқұм да өте қызық кісі еді. Байсалды сөйлегенде одан ақылды кісі жоқ, бірақ аяқ астынан әзілі ме, шыны ма, жұртқа өзін жексұрын көрсететін бір татымсыз сөздерді айта салатын. Сонысы не екенін мен біле алмай кеттім. Мінезі осындай, ойнамалы болған соң жұрттың бәрі оған жоламай, тек алыстан

сыйласып жүреді. Ол ол ма, онымен жақын жүргеніме қарап, маған да тіксіне қарайтындар шықты. Бірде, осындағы журналистердің бірі, өзімнің жерлесім, Сарман ауылының жігіті, аққөңіл Құрман Рамазанов маған осыны тура айтып, Әскер Әбілқайыровқа жоламауды мәслихат етті. Ал Құрекеңнің өзіне мақалаларымды берейін десем, ол мұндағы тұзы жеңіл, беделі төмендеу жігіт, сондықтан менің материалдарымды өткізіп бере алмас еді. Марқұмның аздаған ақындығы да бар еді, мақалалары да мәнді болатын, тек анда-санда ащы суға алдырып қойып, әңгімеге қалып жүретін.

Әсекең марқұм екеуміз, газет тілімен айтқанда, ұзақ уақыт, мен Астанаға кеткенше шығармашылық бірлестікте болдық. Әйтеуір ол менің мақалаларымды кідіріссіз өткізіп беретін. Бірақ тіліндегі ілгешек екеуміздің арамызды да суытып жіберді. Ол уақытта мен «Егеменде» қызмет етіп жүргенмін, мақалаларым бұрқырап шығып жатады, соның ішінде президенттің, парламент пен өкіметтің іс-әрекеттері мен сапарларын да жазып отырамын. Сараптамалық, публицистикалық ойлы дүниелерім де үздіксіз шығып жатады. Отбасым ол кезде Қызылжарда, екі аптада бір келіп тұрамын. Келген бойда қаладағы ақсақалдардың, жора-жолдастардың, таныстардың бәріне телефон шалып, сәлем беріп шығатынмын. Осы әдетпен Әсекеңе де амандасқанмын, ол маған жоқ жерден «Егеменді» жамандай жөнелді. Сендер түк жаза алмайсыңдар, жазғандарыңды халық оқымайды, әйтеуір өкіметтің ақшасын судай шашудасыңдар деген сияқты ауыр сөздер айтты. Тырбаңдап, еңбектеніп жүрген дүниелеріңнің бәрін жоққа шығарғаны батып кетсе де әзілдеп тұрған шығар деп алғашында мән бермеп едім, ол барған сайын үдетіп барады. Айналып келіп біздің журналистерді де жамандап, тіл тигізе бастады. Облыстағы меншікті тілшіміз

Өмір Есқали еді, оның адресіне де біраз жағымсыз сөздер айтты. Шыдай алмай мен де біраз қарсылық айтып қалдым, не дегенім дәл қазір есімде жоқ, бірақ жеке басына тіл тигізгенім жоқ, әйтеуір осыдан кейін мен оған хабарласпайтын болып кеттім... Артынан, көп уақыт өткен соң, бірде Әсекеңнің өзі түк болмағандай хабарласып, баяғыша емен-жарқын сөйлеспек болып еді, мен шешіле алмадым. Жалпы, қайталап айтамын, өте қызық кісі еді Әсекең, оның қасында да үнемі біреулер жүретін, ал қайтыс болғанда Фейсбукте қаншама адам көңіл білдірді. Бірақ солардың бірін де тани алмадым. Демек, оның да сыйласатын адамдары көп болғаны ғой...

Әрине, «Солтүстік Қазақстанда» жақсы сыйласып, түзу сәлемдесіп жүретін ағаларым да болды. Мысалы, Мұрат Нұрмұқанов, Болат Қожахметов, Зарап Құсайынов, Жоламан Шаханов сияқты ағаларыммен жылы амандасып, сыйласып жүретінмін.

2002 жылы Ғабит Мүсіреповтың 100 жылдығы болды. Соның құрметіне «Егемен Қазақстан» газетінің Алматыдағы қосынының төрағасы Мамадияр Жақып ағамыз келіп, «Ұлылыққа тағзым» деген акция бойынша жазушының ауылына жаяу барамыз деген бастама көтерді. Бұрын осы акциямен Абайдың, Шәкәрімнің, М.Әуезовтың, Түркістан қаласының мерейтойларына жаяу сапарлар жасаған екен. Енді Ғабеңнің туған жеріне де жаяу барып, жазушының рухына тағзым еткіміз келеді, халықтың да назарын аударғымыз келеді деп облыстық әкімшілікке шыққан ғой. Ол кезде халықтың рухын көтеруге жан тәнімен кірісетін Қуат Есімханов сияқты басшы бар. Облыс әкімінің орынбасары болып қызмет ететін ол бұл істі қуана қолдап, Алматыдан келетін төрт адамның жанына біздің облыстан үш адам қосылатын болды. Инициативаның өзі «Егемен Қазақстаннан» шығып отырған соң біздің облыстан

қосылатындар арасында облыстағы меншікті тілші Мәлік Мұқанов ағамыз да баруы керек еді. Бірақ ол кезде Мәкең сырқаттанып жүретін, өзінің орнына ол маған ұсыныс жасады. Мен бұл уақытта Тауағаштың жерін құтқаруға байланысты жекешелендіру комитетіндегі жұмысымды қойып, тек темір жол колледжінде ғана сабақ беретінмін. Уақытым бар, сондықтан қуана келістім.

Біздің облыстан жаяу жүргіншілерге менен басқа Қайролла Мұқанов ағамыз бен сол кезде әкімшілікте қызмет істейтін Сағындық Салмұрзин қосылды. Жолдың ұзақтығы 240 шақырым екен, оны жол бойы бес жерге қонып, еңсеретін болдық. Мамадияр ағамыз жол жүруге не қажет екені туралы біраз әңгімелер айтып, біздің мұқият болуымызды ескертіп, Алматыға қайтып кетті.

Жүрек күпті, алыс жолға шыдай аламын ба, жоқ па, орта жолдан тастап кетсем ұят болады-ау деп біршама толғандым. Манар екеуміз жолға деп лайықты киімдер де сатып алдық. Мүмкіндігінше қаланың ішінде біршама жаяу жүріп көруге де тырыстым. Ол кезде денем біршама толық-ты, стадионға барып, жаратылатын ат құсап, кешкісін жүгіріп те көрдім. Оңай болмасын ішім сезіп тұр, алайда уәде беріп қойғаннан кейін жолдан қалмауым керек, соны ескеріп, қиналып та жүрмін. Алайда, сол жылы 70 жасқа толатын Қайролла Мұқанов ағам шыдағанда мен де қалмаспын деп өзімді-өзім қайрап қоямын.

Әлі есімде, алтыншы маусым күні кешкі пойызбен Алматыдан бізбен бірге жүретін Мамадияр Жақып ағамыз бастаған төрт адам келді. Мамадияр ағадан басқа олар – филолог ғалым Зейнолла Серікқалиев, Семейден Балтабек Ерсәлімов пен Дәулет Сейсенұлы. Бұлар бұдан бұрынғы сапарларда да бірге жүрген екен, сондықтан тәжірибелері бар. Осылардың ішіндегі Дәулет

Сейсенұлы «Егеменнің» Семей қаласындағы меншікті тілшісі. Кезінде Семей облысы жабылғанымен облыстағы тілшіні «Егемен» қысқартпаған екен...

Қонақтарды сол күні кеште қалалық әкімдік қонақ етіп, дастархан жайды. Ертесіне де дем алғызып, Қызылжардың біраз жерін аралатып, қыдыртты.

Бізді ұзақ жолға Қарасай мен Ағынтай батырлардың ескерткішінің түбінен бір топ адам шығарып салды. Жаяу жүріс деген үрдіс бұрын-соңды бізде болып көрмеген екен, сондықтан көп адамға қызық көрінді. Бәріміздің кеудемізде алдында «Ғ.Мүсірепов – 100 жыл», артында «Жаңажол – 240» деген эпикировкамыз бар.

Жаяу жүрісті қаланың ішінде емес, «Жаңажолға» шығаратын үлкен жолдың үстінен бастадық. Ол жерге дейін өзімізге арнайы бөлінген «Газель» микроавтобусымен келдік. Қаланың шегінен шығып, үлкен жолға жеткен соң «Жаңажол» қайдасың деп тартып бердік. Алдымызда МАИ машинасы жүріп отырды.

Бұл да менің өмірімдегі бір айта қаларлық, ұмытылмас оқиға болды. Ондайды бастан кешкен де, кешпеген де бар. Жаяу жүріп көргендер бар-ақ шығар, бірақ бес күн бойы үдеріс жүргендер сирек...

Ең бірінші тоқтаған жеріміз – қаладан 17 шақырым жердегі Петерфельд селосы болды. Жергілікті биліктің ұйымдастыруымен бізді ұлттық шапан киген ақсақалдар қарсы алып, ауылға алып жүрді. Түскі асты осы жерде іштік. Аяқ киімдеріміздің табаны жұқа екендігі осы жерде білінді, қарсы алушылар бізге ұлтарақ әкеліп бергені де есімде...

Сол күні 40 шақырым жердегі Мамлют қаласына жетіп, қондық. Мұнда да бізді қарсы алып, қонақ қылып күтушілер дайын тұр екен, кешкі асымызды осында іштік. Осыған дейін өзімнің өмірімде Көбеш (Николаевка) пен Қоржынкөл (Спасовка) деген екі селоның

арасын ғана көлік болмай жаяу басып өткен едім. Оның қашықтығы 18 шақырым ғана болған, мынадан екі есе аз. Мұндай үрдіс жүрісті көрмеген оң аяғымның тобығы ісіп кетті. Машинада бірге жүрген дәрігеріміз оны қатты таңып байлап беріп еді, жүріс біршама жеңілдеді.

Осы, «Петропавл – Жаңажол» бойындағы жолдарда орналасқан ауылдардың бәрі, тегіс орысша аталады ғой. Алыстан келген қонақтар бұған таң қалып келеді. Амал қанша, жол ежелден казак станицаларының бойымен жүргізілген, ал олардың атауларын өзгертуге ешкімнің батылы бармаған.

Бұл мезгіл жазтоқсанның басы ғой, айнала сурет секілді, дала жап-жасыл, жайқалған ормандар, жалтыраған көлдер, шөкімдей бұлты жоқ көк аспан... Отыра қалып, суретін салса да болатындай. Біздің қонақтарымыз да бұл суретке қатты таңырқап келеді. Тіпті президент Назарбаев та жердің суретіне таң қалып, «мына жердің байлығы астында емес, үстінде тұр ғой» деген екен бір кезде.

Бұл сапар туралы мен облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің екі нөміріне мақала шығарған едім. Материалым үш нөмірге жеткенімен газеттің редакторы Бақыт Мұстафин марқұм екі нөмірге дейін қысқартып тастаған...

Жолда бес жерге қонып, алтыншы күні Жаңажолға жеттік. Біздің арамыздан жүрістің соңына дейін шыдай алмаған Сағындық Салмұрзин ғана болды. Аяғы жараланып қалған ол Преснов селосынан әрі микроавтобустың ішінде отырып қана бара алды... Абырой болғанда, менің денем ширап, етім қатып, екі-үш күннен кейін желе жортатын болдым. Бірақ үйге қатты шаршап келген едім, бірнеше күн бойы сілейіп ұйықтап, есімді зорға жинадым. Ал сүйегі асыл Қайролла Мұқанов ағамызды қалаға келген соң үйінен ұстау қиын болды.

«Дачамның шөбі өсіп кетіпті» деген ол мен есімді жия алмай жатқанда бірнеше күн қатарынан арамшөп жұлумен айналысыпты...

Осы күндерде мен тағы бір оқиғаға араластым. Құдайберген Қалиев ағамыз он жыл бойы облыс әкімінің бірінші орынбасары болып, осы қызметте біршама беделге ие болған. Біздің облыстан Сенатқа сайланған Тасбай Симамбаев екеуі басында өте жақын қарым-қатынаста жүріп, артынан бір нәрседен ұстасып қалады да, соңғысы Қалиевтің бір ісін Сенаттың мінберінен айтып, бүкіл республика бойынша үлкен резонанстық шу көтерді. Мәселе, мемлекеттің Солтүстік Қазақстан облысындағы материалдық резервіне сақталған жанар-жағар майға байланысты еді. Бір жылы облыс басшылары басқа еш жерден таба алмағандықтан астық егуге осы қордағы жанар-жағар майды алмақ болады. Ал оны алу тек қана премьердің рұқсатымен болатын. Өзіне мәселені түйінді түсіндірген соң сол кездегі премьер-министр Сергей Терещенко ЖЖМ бір жылда қайтару шартымен алуға рұқсат береді. Оның нақты қанша екенін ұмыттым, әйтеуір операторлығына (таратушылығына) бірнеше жекеменшік кәсіпорын белгіленеді. Олар шаруаларға болашақ астықтың төрт тоннасына бір тоннадан ЖЖМ бермек болып, заңды түрде келісімшарт жасайды. Бірақ сол жылдары астық шығымсыз болып операторлар қарызды уақытында қайтара алмай қалған. Т.Симамбаев сол операторлардың Қ.Қалиев пен ауылшаруашылығы басқармасының бастығы Р.Сюникаевтың адамдары екенін көрсетіп, өздері пайдалану үшін қарызды уақытында қасақана қайтармады, сөйтіп мемлекетке зиян шектірді деп шулатты. Әрине, қарыз артынан қайтарылған ғой, оны біз қаржы бақылау басқармасында жүргенде анықтағанбыз. Бірақ сенатордың дабылы сенсация туғызып,

сол шудың дүмпуімен Құдайберген ағамыз арызын жазып, қызметтен кетті. Нешетүрлі сары басылымдар оны қызметінен «жеп қойған соң кетті» деп жалаулатып жатты. Ол кезде сыбайлас жемқорлықтың көлемі де шағындау еді, сондықтан Құдайберген ағамызға бұл айыптаулар қатты тиді. Сол кезде ол жүрегінен ауырып, ауруханаға да түскен. Мәселенің мәнісін білетін болғандықтан мен қарап қала алмадым да, газетке ол кісінің ісінде «ішіп-жеп қойғандық»» жоқ екенін дәлелдеп мақала жазбақ болдым.

Менің облыстық газетке зорға бастырған «Нақақтан күймесін...» деген сол мақалам ол кісіге қуат бергендей болды. Оны артынан өзі де, бәйбішесі де айтқан еді. Ал мақаланы газетке бастыру оңай болған жоқ. Соның алдында ғана Қажымұрат Нағманов кетіп, орнына Анатолий Смирнов әкім болған. Газеттің редакторы Бақыт Мұстафин ағамызға да жан керек, жаппай жамандалып жатқан адамды ақтаймын деп жаңа бастыққа жақпай қалармын деп ойлаған болуы керек, мақаланы зорға басқан еді. Әйтеуір сол кезде Құдайберген ағамызды қолдауға, ақтайтын мақаланы бастыруға Айдарбек Сапаров інім екеуміз көп күш жұмсап, біраз еңбек сіңірдік. Бақыт ағаның соңынан қалмай, тіпті үйіне дейін барып, азаматымызды ақтау үшін фактілерге негізделген мақаланың маңызды екенін түсіндірдік. Қалай десек те сол мақала Құдекеңе күшті қуат болып, қолдау жасап, халықтың алдында да жүзі жарқын жүрді. Талай адам сол мақаланы іздеп жүріп оқығанын көрдік. А.Смирнов та қолдау білдіріп, Ғабеңнің тойында ол кісіге ат спорты ойындарын өткізуге жауапты адам қылды. Құдекеңнің жолдасы Қайрат Шәймергенов деген ағамыз марқұм мені көрген жерде осы оқиғаны еске алып, ризашылығын білдіріп жатушы еді. Кейін ол Астанаға көшіп барған. Сонда жиі кездесіп тұратын едік.

Бір қызығы маған сол жылдарда бір төтенше жұмыстар табыла кететін. Соның бәріне қолымнан келгенше араласып, дұрыс шешілуіне ат салысатын едім. Мысалы, Ресейден көшіп келіп, Жамбыл ауданындағы ауылдардың біріне қоныстанған бір азаматтың бойжеткен қызын сондағы бір мықтысымақ зорламақ болып, қыз одан шошына қашып, екі күн орманда түнегені туралы «Елім деп келгенде еңіреп қалды» деген мақала жазып едім, ол да сенсация тудырып, сол кездегі облыс әкімі А.Смирновқа жетіп, үлкен шу болып, ақыры ана бұзық айыппұл төлеп, зорға құтылған. Ал облыс басшылығы оларға оралман ретінде қаладан үш бөлмелі пәтер бергізді... Осындай мысалдар көп болып тұрды, бірақ оның бәрін еске түсіріп, теріп жазу өзімді өзім мақтағандай болар деп осыдан әрі қарай доғарамын.

2003 жылы, Мағжанның 110 жылдығы облыс көлемінде кеңінен аталып өтті. Соған арнап, облыстағы ақын-жазушылардың жинағын шығармақ болдық. Оның жұмысын да негізінен мен атқардым. Мүтәллап Қанғожин мен Болат Қожахметов шығарушылардың арасына енгізілген еді, бірақ барлық салмақ маған түсіп, қала мен аудандардағы қаламгерлердің шығармаларын жинау оңай болған жоқ. Бірақ кітапты уақытында шығарып, тойға үлгерттік.

Осы той негізінен облыс әкімінің орынбасары Қуат Есімханов марқұмның басшылығымен өтті және оған үлкен пиар-акция жасады. Барлық қонақтың аузында оның есімі жүрді. Бәйге де, мүшәйра да, күрес те, концерт те болып, облыстың аудандарынан жиналған халық риза болып аттанды.

Келген жанның бәрі риза болды. Тойға келген ақын-жазушылар ғана емес өлең оқыған барлық дерлік жергілікті ақындарға да сый-сияпат жасалды. Ұйымдастырушыларға да құрмет көрсетілді. Тек мені ғана ешкім

атаған да жоқ, қаншама істелген жұмысқа да еш ілтипат та білдірілген жоқ. Неге екенін білмеймін, мен соған ренжіген де жоқпын, біреулерге шағынған да жоқпын, үнсіз жүре бердім.

Тойдың тарқар сәті еді. Жергілікті ақын-жазушылар тегіс тарамай бір киіз үйде әлденені күтіп отыр. Оларға Қуекең көмекшілер арқылы өзім келіп, айтатын сөзім бар десе керек. Ақын жазушылардың ішіндегі ең үлкені де, беделдісі де Мүтәллап ағамыз, одан басқа Зейнолла Әкімжанов, Болат Қожахметов, Құрман Рамазанов, газет пен ТВ басшылары, жергілікті журналистер және т.б бар. Мәртебелі қонақтарын шығарып салып, осылар отырған киіз үйге келген Қуат Есімханов ағыл-тегіл сөйлеп, өздерінің қаншама кедергілерді жеңіп, тойды жасағанын, Мағжанның өмірі мен шығармашылығын, облыс басшылығының еңбегін, тіпті ел президентінің жетістіктерін де қосып, керемет сөйледі. Айтары жоқ, ол шешен кісі еді және сөзіне халықты ұйыта білетін. Отырғандардың бәрі бас изеп, оның сөздерін қолдап, қолпаштап отырды. Жұрттың ықыласына риза болған Қуекең тамадалық рөлді өзі алып, жұртқа кезекпен сөз бере бастады. Үлкен тойды көрген, оның үстіне жүлде алып, қалталарын да қомпитқан ақын-жазушылардың бәрі оған алғыстарын жаудырып, мінсіз қызметіне ризашылығын білдіріп жатты. Тек... тек сөз кезегі өзіне келгенде аққөңіл Құрман ағам марқұм ғана «бүлдірді». Ол да мүйшәйраға қатысқан, ол да шағын болса да жүлде алған, бірақ бір нәрсеге қапалы екенін бірден аңғартты да, сөз ауанын жай отырған менің атыма бұрды. Алдымен осы тойға қаншама еңбек сіңіргенімді, ақын-жазушылардың жинағын шығарғанымды айтып, оның тым болмаса аталмағанын да айтты. Одан «Абылайдың ақ үйін» тірілтемін деп жатпай-тұрмай шырылдап жүргенімді айтып, оны да қолдамайсыңдар деп Қуат

Есімхановқа тура айтып, тарпа бас салды. Және оны ақырын да емес, қатты ашумен зіркілдеген дауыспен айтты. Басқалардың бәрі қипақтап, Есімхановты ашуланып қалмас па екен деп қозғалақтап қалды. Кейбіреулер тіпті жуып-шайған болып, үн қосып жатыр. Құрекеңнің кейде артығырақ алып қоятыны болатын, соған сайғызбақ болғандар сипақтатып, сол ойларын да жорғалатып айтып қалды...

Бағанадан бері гүжілдеп, жұрттың бәрін өзінің ығына үйіріп, көсемсіп отырған Қуекең шын састы. Дегенмен ерте күннен бастық болған, партияның тәрбиесінен өткен жан ғой, өзін өзі ұстай біледі екен, ашуын тежеп, сабырға жеңдірді. Сосын Құрекеңе жауап беріп, «біз неге Жақсыбайды қолдамаймыз, қолдаймыз. Жақында оны Санкт-Петербургке жіберейін деп отырмыз. Жол қаражатын да шешеміз», деді ақталған дауыспен...

Сөйтіп Мағжан ағамыздың тойының қорытындысында менің Санкт-Петербургке бару мәселем де шешілетін болды. Егер Құрман Рамазанов ағам марқұм қозғамаса – ол бәлки шешілмес те еді. Сонымен біз – облыстық архивтік директоры Жұқаш Қосыбаев екеуміз «Абылайдың ақ үйінің» құжаттарын іздеп Санкт-Петербургке сапар шектік... Жолақысын Қ.Есімханов тауып берді.

Осы жылдарда «Абылайдың ақ үйін» қорғауды қалай бастағаным, оны қалай қолға алғаным жөнінде осы аттас кітабымда толық айтылған, сондықтан оны бұл жерде қайталамаймын. Бұл да менің өмірімнің бір белді белесі болған оқиға еді. Абылайдың үйін қалпына келтіру барысында талайлармен таластым, талайлармен жағаластым, бірақ талай жақсының аузына ілектім, талай мықты азаматтармен таныстым. Ел тарихы үшін істеген ісім көзге көрінбей қалмады. «Абылай ханның резиденциясы» деген сол үй тамаша музейге айналдырылып, исі терістіктің алдымен ауызға

алып, мақтан тұтатын тарихи ескерткіші ретінде Қызылжардың төрінде қазір жарқырап тұр. Бірақ өкімет, жергілікті билік тарапынан ешқандай марапат, алғыс алған емеспін. Тек 10 жыл өткен соң ғана осы кездегі облыс әкімі Құмар Ақсақаловтың қолынан облыс әкімінің Құрмет грамотасын алдым. Бары сол...

Бірақ мені өкімет емес, Аллатағаланың өзі жолымды ашып, қолдаған еді, ал оған не жетуші еді? 2004 жылы «Егемен Қазақстанның» – еліміздің бас газетінің Бас редакторы үйіме өзі телефон соғып, жұмысқа шақырды. Қарапайым журналист үшін бұдан үлкен дәреже де, атақ та жоқ... «Егеменде» істеген жылдарым туралы осы кітаптың екінші томында толық айтылады. Сондықтан қазір оған бөгелмеймін.

50 жасқа толған тойымды жүргізген, белгілі журналист, қоғам қайраткері, экс-Мәжіліс депутаты, «Солтүстік Қазақстан» газетінің сол кездегі бас редакторы Кәрібай Мұсырман былай деген еді:

Таудай пана ағашы,
Тауағаштың баласы.
Тау тұлғалы Ер десем
Бар ма жұрттың таласы?!

Әділдікті іздеді,
Әсте күдер үзбеді.
Жылағанды жұбатқан
Жаны қандай ізгі еді?!

Туған жігіт ел үшін,
Атамекен жер үшін.
Алпауытпен айқасып,
Атқарды бір ер ісін.

Аулына ақыл үйретті,
Сотқа бәрін сүйрепті.
Алған жерін қайтартып,
Алпауытты күйретті.

«Абылайдың ақ үйі» –
Қызылжардың бақ үйі.
Болған мұнда деп көнбей
Тұрды жалғыз қасқиып.

Хан алдында парызды,
Терең ұққан тәрізді.
Айналдырды ақыры
Ақиқатқа аңызды!

Аруақ па жебеген?
Алғыс па әлде демеген?
Құшақ жая қарсы алды
Ел газеті «Егемен».

Бақ құсы тұр басында
Елу деген жасында.
Ел тарихын жазып жүр
Елбасының қасында.

Кәрекең бәрін де байқағыш, көңілге бәрін тоқып жүретін сұңғыла жігіт. Журналистігі де бекем, ақындығы да осал емес. Мына шағын өлеңде де бәрін дөп басып айтыпты.

Осымен өмірімнің Қызылжарда өткізген 44 жасқа дейінгі кезеңіне шолуымды осы бөлімде аяқтап, «Егемен Қазақстан» газетіне ауысып, Астана қаласында қызмет еткен жылдарым туралы келесі бөлімде баяндайтын боламын.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз 3
Балалық шақ 10
Мектепке бардым, ұстазды көрдім 22
Интернат наны 33
Алғашқы мамандық 67
Дербес өмірдің деректері 87
Туған жердің төсінде 116
Алматыны алуым... 133
Студенттік жылдар 152
Қызылжарға қайтуым 169
Серілік құрған сертшіл жылдар 203
Қоғам өміріндегі күрестер 216
Бизнеспен айналысуым 238
Қайтқан малда қайыр бар 253
«Бітеу жара» және басқалар 274

Жақсыбай САМРАТ

Өмір жолы - тар соқпақ

Бірінші том

Редакторы: Ж.Атымтаев
Корректоры: Е.Қуанышбаев

Баспаға 22.09.2023 қол қойылды.
Қағазы офсетті.
Қаріп түрі «PT Serif».
Бағасы келісімді. Таралымы 100. Тапсырыс № 349

Книга отпечатана в типографии ТОО «Издательство «Северный Казахстан».
Адрес: 150001, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область,
г. Петропавловск, ул. Кошукова, 5.
Тел. +7 (7152) 31-07-72, e-mail: iim@izdatelstvo-sk.kz